



**ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН
ҚОЛДАУ ҚОРЫ**



**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ**

ХАДИС – ҒҰРПЫМЫЗ, СҮННЕТ – САЛТЫМЫЗ

Шәмшат Әділбаева

Алматы, 2011

УДК 297
ББК 86.36
Ә 25

***Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының
Сараптау комиссиясы мақұлдаған***

Пікір жазған: *Дәуренбеков Әбдімүтәлі Қайназарұлы*
Діни уағыз, оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі

ӘДІЛБАЕВА Ш.

Ә 25 Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз - Алматы; «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011. – 280 бет.

ISBN 978-601-7271-36-7

Қолдарыңыздағы кітап хадис пен сүннеттің дініміздегі орны мен қазақ халқының дүниетанымындағы, тұрмыс-тіршілігіндегі, рухани құндылықтары мен көркем мәтіндеріндегі мән-маңызын саралайды.

Бұл кітап ұлт тағдыры, ділі мен мәдениетінің жанашырларына және барша оқырман қауымға арналған.

УДК 297
ББК 86.36

ISBN 978-601-7271-36-7

© «Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры», 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим!

Әл-хамду лиллаһи раббил аламин, уассалату уассаламу ала саййдина уа хабибина уа шафиһина Мұхаммад уа ала алиһи уа асхабиһи әжмайин!

Ислам діні – адамзат тарихы мен өркениетіне айрықша үлес қосқан ең ұлық дін. Оның туы желбіреген жерлерде әрдайым білім мен ғылым дамып, адамзат адамгершілік пен парасаттың шыңына көтерілген. Шөліркеген даладай қуаңсып, суалған көлдей құлазыған мекендер мұсылманшылықтың аяқ басуымен көгалды шалғын, көк майсалы жерге айналды.

Мұсылмандық Орта Азияға, оның ішінде қазақ еліне біздің дәуіріміздің VIII ғасырында ене бастады. 751 жылы Талас бойында қарақытайлар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқаста мұсылмандардың жеңісі бүкіл Орта Азиялық аймаққа Ислам дінінің ғана емес, сондай-ақ оның мәдениетінің де еркін таралуына жол ашты. Қасиетті Құран Кәріммен бірге қазақ даласына үлкен ислам өркениеті келді. Ғылым, білім жанданды. Көптеген қалалар салынды. Онда медреселер мен ғылыми ошақтар жұмыс істеді. Жергілікті халық арасынан Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири секілді өз шығармаларында гуманизмді марапаттаған терең ойлы ғұламалар шықты. Олар тек қана қазақ елі немесе Орта Азия ғана емес, бүкіл мұсылман шығысы мәдениетінің мақтанышына

айналды. Олардың есімдерімен көшелер мен даңғылдар, университеттер мен институттар аталады. Біз олармен мақтанамыз. Олар қалдырған игі мұраларды үлгі етеміз. Бабалар мұрасы бізді қашан да рухтандырып отырады.

Біз өзіндік ділі, тамыры терең құндылықтары, сүйенер, қуат алар бай рухани мұрасы бар халықпыз. Солай бола тұрса да, соңғы кездерге дейін қазақтар көшпелі болды, жазу-сызу дамымады, олардың арасында мұсылмандық жақсы тарамаған деген жаңсақ пікір қоғамымызда үстем боп келді. Соның салдарынан ұлы далада туып өсіп, дүниежүзілік өркениетке үлес қосқан көптеген мұсылман ғалым бабаларымыздың аттары ғасыр парақтарында қалып қойды. Жаратқан бізге тәуелсіздік сыйлап, өз елімізге тән рухани, діни, мәдени жәдігерлерімізді қайта жаңғыртуға қол жеткізіп, олардың біразын анықтап маңдайымыз жарқырап жатқаны да бар. Иә, ілгеріде өткен бабаларымыз бізге рухани мол мұра қалдырып кетті. Оларды игеріп қана қоймай, зерделеп, қастерлеуіміз керек. Өйткені Ислам – қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-санасының мызғымас бөлігі, тірегі. Тіпті Ислам дәстүрлерінсіз қазақ мәдениетін елестете де алмаймыз. Сол себепті әркезде де Ислам біздің рухани дамуымыздың негізгі ұйытқысы боп келді және де солай бола бермек.

Патшалық Ресей кезінде «бұратана халықтардың өткені, яғни ежелгі мәдениеті жоқ» делінсе, Кеңес дәуірінде «олардың көзін Қазан төңкерісі ашты» деген жалған идеология үстемдік етті. Сол себепті де біз халқымыздың көптеген жақсы қасиеттерінен, рухани мұрасының біразынан айрылып қалдық.

Әйтсе де біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихы тым тереңде жатыр. Әдебиетіміз бен мәдениетіміз ғана емес, сондай-ақ әдет-ғұрпымыз бен мінез-құлқымыз, халықтық болмысымыз, өмір салтымыз, тәрбиеміз, менталитетіміз де Қазан төңкерісі әкелген жасанды арзан құндылықтарға емес, Ислам мәдениеті негізінде қалыптасқан. Олай болса Ислам біз үшін тек дін ғана емес, рухани мұрамыздың қайнар көзі, тіпті елдігіміз, бүгінгі тәуелсіздігіміз де.

Тарихқа үңілсек, Ислам деген даңғыл жолдың Құраннан кейінгі негізі Мұхаммед Мұстафаның (с.а.с.) хадистері мен сүннеті аясында қаланғаны шындық. Ал осы даңғыл жолдың жолаушылары – мұсылмандарға хадис пен сүннеттің әсері өте зор. Мұның ең жарқын үлгісін алғашқы мұсылмандардан көруге болады.

Осы алып көштің ішіне қазақ халқы да өз ықыласымен қосылып, мұсылмандық өмір салтына Құран мен сүннет дәстүрлерін нақыштай білген. Ата-бабадан қалған жәдігерлердің ішкі сырына үңіліп, тілін түсіне білген жан әлгі нақыштардың ізін айқын көре алады. Осы орайда ата-бабамыздың тыныс-тіршілігін кейінгі ұрпаққа таныту, халқымыздың өмір белестеріндегі хадис пен сүннеттің орнын зерттеу – бүгінгі күннің талабы.

Қолыңыздағы кітап – осындай ізгі мақсаттан туған дүние.

Кітапта қазақ даласына Ислам дінінің сіңуі, халықтың дүниетанымымен сабақтасуы мынадай екі тарауға бөліп қарастырылған:

I. Мұхаммед (с.ғ.с.) және хадис пен сүннеттің мұсылмандардың өміріндегі маңызы

II. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі хадис пен сүннеттің рөлі.

Сондай-ақ Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йасауи, Ахмет Иүгінеки сынды қазақ даласында дүниеге келген үш алыптың шығармаларына талдау жасалып, ондағы исламмен қабысқан ойлар мен кестелі сөздері екшеленген. Мұсылман ойшылдары ретінде ала отырып, халықтың рухани келбетін айшықтауда әрі діни ағарту еңбектерінде қолданған хадистерін анықтауға, сол кезеңде қазақ жерінде өмір сүрген халықтың хадис пен сүннет жайлы пайымын баяндауға тырысқан.

Мәселен, Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» кітабында «Пейіл бұрдым енді оның жолына» деп Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жолы адамдарды бақытқа жетелейтінін, «Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына» дей отырып, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистері мен сүннетін ұстануды халыққа уағыздайды. Ахмет Иүгінеки болса «Ақиқат сыйында» «Білімді ізде, жалықпа, хақ Расул айтқан: «Білімді Қытайда болса да іздеңіз», – деп» деген сөзімен Пайғамбарымыздың «Білімді Қытайда болса да іздеңіз» деген хадисін меңзеген. Ал Ахмет Йасауи болса «Диуани хикметінде» «Ұят барда иман бар», – Расул айтты»; «Кәззаптар – үмбетім емес» деді Расул сізге» деген өлең жолдарымен «Ұят – иманның бір бөлшегі», «Бізді алдаған бізден емес (яғни, үмбетім емес)» деген хадистердің ішкі мазмұнын ел ішінде өлең түрінде кеңінен насихаттаған.

Міне, осы алыптардан бергі қазақ даласындағы дарқан даналардың қай-қайсысын алсаңыз да олардың хадис пен сүннетке көп көңіл бөлгені, құрметпен қарағаны байқалады. Одан берідегі ақын-жыраулар, ақындар, «Аллаһ мінсіз, әуелден пайғамбар хақ, мүмин

болсаң үйреніп, сен де ұқсап бақ», – деген ғұлама Абай Пайғамбардың хақтығын растап, содан үлгі-өнеге алуға шақырған.

Түркі халықтары Ислам дінін VIII ғасырда қабылдай бастаған. Тіпті келе-келе Ислам діні Қарахан, Ғазнауи, Селжұқ, Хорезмшаһ, Алтын Орда сияқты мемлекеттердің ресми дініне айналған. Қазақ даласында исламның кең тарауына атсалысқандар қатары көп болды. Солардың қатарында Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, Ахмет Иүгінеки, Ахмет Йасауи, Бақырғани секілді алып тұлғаларды атауға болады. Кейіннен бұл дәстүр шешендік сөздер, жыраулар поэзиясына т.б. жалғасты.

Қолыңыздағы Шәмшат Әділбаеваның «Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» атты зерттеу жұмысы кең байтақ қазақ даласына Ислам діні мен мәдениетінің қаншалықты дәрежеде әсер еткендігін айшықтай түседі. Бұл өз кезегінде «қазақтар шаман болған, отқа табынған, буддист болған, көк тәңірге табынған» деген сияқты көзқарастарды желеу етіп, елімізде Ислам дінінің қанат жаюына тосқауыл жасамақ жат пиғылдарға тұшымды жауап. Қазақ даласында басқа діндердің болғандығы тарихи шындық десек те, олар қазақ болмысына жат болғандықтан Ислам діні секілді таралып, сіңіп кете алмады. Аталарымыз осыдан мың жылдай бұрын тек қана Исламды таңдаған. Олай болса сол асыл діннен бізді ешкім ажырата алмайды. Ол біздің қанымызда, жанымызда. Ислам діні – біздің өмір салтымыз. Мәдениетіміздің терең тамыры. Біз Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «тегіміз – түрік, дініміз – Ислам» екенін ешқашан ұмытпаймыз. Сол себепті рухани мұрамызды да осы тұрғыдан зерделеу қажет деп

есептейміз. Олай болса Исламның інжу-маржан асыл құндылықтарын ардақтау, оны игеру, қорғау, ілгері дамыту, халықтың дүниетанымы мен салт-дәстүріне қаншалықты сіңісті болғанын зерделеу – бүгінгі ұрпақтың үлкен міндеті.

Қазақы бояуы қанық, ғылыми астары қалың, берері мол «Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз» кітабы осы саладағы олқылық орнын толтыруда ел кәдесіне жарайтын еңбек деп ойлаймын.

*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасы мен Орта Азия мұфтилері
кеңесінің төрағасы, Бас мұфти,
шейх Әбсаттар Дербісәлі*

АВТОРДАН

Күллі мадақ пен мақтаулар әлемдерді жаратып, сәнін асырып күдіретімен айшықтаған, рақымы мен мейірімін төккен, бізді жоқтан бар еткен, бар етіп қана қоймай шексіз нығметтеріне бөлеген Ұлы Жаратушы Аллаһ тағалаға тән. Мейірімді Жаратушының «*Біз Сені ғаламға рақым етіп жібердік*» (Әнбия сүресі, 107) деген мадағына ие болған Мұхаммед пайғамбарға және оның пәк отбасына, ардақты сахабаларына сәлем жолдап, сансыз салауат айтамыз!

Адамзатта ең терең құрмет пен тағзымға лайық – хазірет Мұхаммед пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм). Ол әлемнің түңлігін түріп, жер мен көк арасындағы нәзік байланысты қайта жандандырып, жанды-жансыз барлық мақлұқатты танып, көкірек көзімен оқи білді. Танып-білгенін адамзатқа сөздің нағыз асыл маржанымен жеткізіп, сырлы сандықтың кілтін ашты. Көкірегіміз көр, көңіліміз шөл кезінде Раббымызды сол арқылы таныдық. Ағыл-тегіл, ас та төк нығметтерді оның ғаламға күндей жарқырап, сәуле шашқан нұрлы елшілігінің арқасында сездік. Нығметтерге шүкіршілік етіп, Аллаһ тағалаға мадақ айтуды содан үйрендік. Екі жиһан Сәруарының (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тәлімімен Жаратушы мен жаратылғанның арасындағы қарым-қатынасты Жаратушының ұлылығы мен біздің құлдығымызға жарасар негізде өрбіттік. Ол өмірге келмей тұрғанда айнала қара түнек, сұлулық пен сұмпайылық бір қатарда, жер беті қасірет мекені, аспан үрейлі бос

әлем, рухтың аты бар да, заты жоқ, көңіл тәннің көлеңкесінде еді. Көкірегімізге енген иман нұрымен қараңғылық көз алдымызда жарыққа жол беріп, ескілік пен кертартпалықтың күні бата бастады. Ардақты Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ, адам және әлем жайлы үйреткен сабақтарының арқасында ғалам мағыналы бір кітапқа айналды. Заттар мен оқиғалар бейне бір бақтағы сайраған бұлбұлдай әлемнің мәні мен сәнін келтіріп, шырайына шыр бітірді. Әрбірі – Хаққа шақырған, ұлы Жаратушыны әнге қосқан, Аллаһ тағаланың жаратушылық дастанын жырлаған бұлбұл еді.

Міне, осылай жаратылыс деген тылсым сырдың бетін тұмшалап тұрған қараңғылық пердесін айқара ашып, Ұлы Жаратушыға қарай баратын жолды көрсеткен Аллаһ елшісі Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сөздері мен іс-әрекеттерін білдіретін хадис пен сүннет Ислам деген даңғыл жолдың Құраннан кейінгі негізі болып қаланды. Ал осы даңғыл жолдың жолаушылары – мұсылмандарға хадис пен сүннеттің әсері өте зор. Мұның ең жарқын үлгісін алғашқы мұсылмандардан көруге болады. Қыз бала туылса отбасының беделіне дақ түскендей намыстанатын, отбасы деген пәк ұғым аяқ астында тапталып, арақ, құмар ойындар, пайыз, өсім алу секілді кеселдер елді жаппай жайлап, адамдықтан алшақтап, құлдырап бара жатқан қоғам Ислам дінінің сәулесімен шуақтанған соң Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) басшылығы арқасында қысқа уақыт ішінде ғаламшарға мәңгі үлгі боларлық дәрежеге көтерілді. Мұндай оң жетістіктерді Ислам дінін қабылдаған елдердің бәрінен көруге болады. Түркі халықтарының өзінде Қарахан, Ғазнауи,

Селжұқ, бертін келе Осман мемлекеті тәрізді мемлекеттер өздерінің аты мен даңқында Ислам дініне борыштар екені ақиқат. Осы алып көштің ішіне қазақ халқы да өз ықыласымен қосылып, мұсылмандық өмір салтына Құран мен сүннет дәстүрлерін нақыштай білген. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін шаңырағымызда атеизмнің туын желбіреткен саясаттың жетегінде кеткен бүгінгі ұрпақ «халқымыз Ислам дініне етене берілмеген, аты мұсылман болғанмен заты мұсылман емес» деп өткенге күйе жағып келдік. Тіпті, солақай саясаттың үйреткендерінің бойымызға сіңіп қалғаны сонша, ата-баба мұралары жаңғырып, қазақ тарихындағы Исламға байланысты жаңсақ айтылған болжамдардың қате тұстары дәлелденіп жатса да, кейбіреулеріміз әлі де бұған сеніңкіремей, теріс бұрылып кетеміз. Алайда, атабабадан қалған жәдігерлердің ішкі сырына үңіліп, тілін түсіне білсек әлгі нақыштардың ізін айқын көре алар едік. Осы тұрғыда, ата-бабамыздың тыныс-тіршілігін кейінгі ұрпаққа таныту шеңберінде жүргізіліп жатқан іс-шараларға аз да болса өз үлесімізді қосу ниетімен халқымыздың өмір белестеріндегі хадис пен сүннеттің орнын зерттеуді мақсат тұттық. Қолдарыңыздағы еңбек осындай ниеттің нәтижесі.

Кітап кіріспе және екі тараудан тұрады. Кіріспеде кеңес дәуірінің содыр саясаты мен қатаң қыспағының салдарынан ұмыт бола жаздаған дініміздің негіздерін меңгеруге құлшыныс танытқан халқымызға түсініктірек болу үшін хадис пен сүннеттің сөздік және терминдік мағыналарын, олардың Ислам дінінде алатын орнын қысқаша баяндауға тырыстық. Бірінші тарауда мұсылман халықтардың Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алайһи уә сәлләм) соңынан неліктен ергенін, Оның хадисі

мен сүннетінің мұсылмандарға ықпалының себептерін түсіну үшін Аллаһ Елшісін ерекше қырларынан танытуды мақсат еттік. Сол ниетпен біріншіден, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлық міндетін атқару барысында Құран Кәрімнің басшылығымен алғашқы мұсылман қоғамының құрылуы мен оның рухани өмірі мен материалдық дүниесіне енгізген реформалары мен табыстарын сөз еттік. Ислам діні келмей тұрып қараңғылықтың шырмауында тұншығып жатқан қоғамның қалай иман нұрымен нұрланып, сәулелі өмірге бет бұрғанын баяндадық. Екіншіден, Аллаһ Елшісінің көркем мінезін бейнеледік.

Екінші тарауда қазақ халқының өмір салтында, тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрінде Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және оның хадисі мен сүннетінің рөлін айқындауға тырыстық.

Егер бұл еңбегіміз мәдени мұрамыздың бір қырын ашып, халқымыздың рухани дүниесінің сырлы пердесін саралауға өз үлесін қосып жатса, мақсатымыздың орындалғаны. Талпыныс бізден, жетістік Ұлы Жаратушыдан!

КІРІСПЕ

ХАДИС ЖӘНЕ СҮННЕТ ДЕГЕН НЕ?

Хадис пен сүннеттің сөздік мағынасы

Хадис сөзі сөздікте «хабар, мәлімделген және айтылған нәрсе, жаңа» деген мағыналарға саяды. Құран Кәрімде хадис сөзі «сөз, хабар» мағыналарында қолданылған. (Ағраф сүресі, 185; Уақиға сүресі, 81)

Сүннет болса сөздікте «жол, жүріс-тұрыс, әдет, адам табиғаты, мінез-құлқы» дегенді білдіреді. Құран Кәрімде ол жекеше түрде 14, көпше түрде 2 жерде кездеседі. Сүннет сөзі көбінесе «сүннәтуллаһ» (Ахзаб сүресі, 62; Му'мин сүресі, 85), «суннәтунә» (Исра сүресі, 77), «суннәту мән...» (Исра сүресі, 77), «суннәтул-әууәлин» (Әнфәл сүресі, 38) сияқты сөз тіркестерінде қолданылған. Құранда бұл сөздің негізінен екі мақсатқа орай қолданылғанын көруге болады: 1) Бұрынғы үмбеттердің, қауымдардың жүрген жолдары, қарым-қатынастары, үкімдері, жаза түрлері; 2) Аллаһтың заңы, бұлжымас қағидасы.¹

Хадистерде де *сүннет* сөзі әртүрлі сөз тіркестерінде, көбінесе «жол, әдет» мағыналарында берілген.²

¹ Ө. Өзсой, Сүннегуллаһ, бір Куран ифадесинин каврамлашмасы, 45-б, Анкара, 1994.

² Ахмад б. Ханбәл, Муснәд, V, 246-б, (I-VI том), Мысыр, 1313. (Келесі сілтемелерде бұл кітап қысқаша Муснәд деп беріледі); Муслим б. Хажжаж әл-Кушәйри, әл-Жамиус-сахих, 'Илм, 6, 15, (I-VIII том) Стамбул, 1329-1333 (Келесі сілтемелерде қысқаша Муслим деп беріліп, кітаптағы тараудың аты мен баптың нөмірі көрсетіледі).

Хадис және сүннет сөздерінің терминдік мағынасы

Термин ретінде *хадис*: хазірет Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сөзі, іс-әрекеттері және жүзеге асуын мақұлдаған өзге де әрекеттер.³

Хадис сөзінің термин ретінде қолданылуы Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кезеңінде-ақ басталған. Бір күні сахаба Әбу Һурайра Пайғамбарымызға келіп: «Қиямет күні сенің шапағатыңа ие болатын ең бақытты адам кім, ей, Аллаһтың Расулы?» – деп сұрағанда, хазірет Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «*Сенің хадис үйрену талабыңның кереметтігін білгендіктен бұл хадисті ешкімнің сенен бұрын сұрамайтынын сезген едім. Қиямет күні менің шапағатыма ие болатын ең бақытты кісі – «Лә илһә иллаллаһ» деген адам*», – деп жауап қатады.⁴

Хадис ғалымдары *хадис* пен *сүннеттің* мағынасын бір деп қабылдап, олардың синоним екенін айтқан. Алайда кейбір ғалымдар олардың мағынасы бір еместігін, *хадистің* мағынасы сүннетке қарағанда ауқымдырақ екенін айтады. Екеуінің арасындағы айырмашылықты хадис әдіснамасының ғалымы Субхи ас-Салих: «*Сүннет* – негізінен хадистің синонимі емес. Ол сөздік мағынасы есепке алына отырып, Аллаһ Расулының (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) күнделікті тұрмысында жүрген діни жолы мағынасында қолданылған. Себебі,

³ Субхи ас-Салих, Хадис илимлери ве хадис ыстылахлары, 4-б, (ауд: Й. Кандемир), Анкара, 1981.

⁴ Бухари, Мұхаммад б. Исмаил, әл-Жамиус-сахих, 'Илм, 33, (I-VIII том), Стамбул, 1315. (Келесі сілтемелерде қысқаша Бухари деп беріліп, кітаптағы тараудың аты мен баптың нөмірі көрсетіледі).

сүннеттің сөздік мағынасы «жол» дегенді білдіреді. *Хадис* – Аллаһ Елшісінің сөзін әрі іс-әрекетін қамтып, жалпы мағынаға ие болса, *сүннет* – Пайғамбарымыздың тек қана іс-әрекеттерін білдіріп, шектеулі мағынаны көрсетеді»,⁵ – деп топшылайды.

Ислам ғалымы Ибн Хажәр: «*Хадис* дегеніміз, Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қатысты барлық нәрсе», – деген. Олай болса, Пайғамбарымыздың сөздері, іс-әрекеттері, мақұлдағандарымен қоса өмірі, түр-сипаты, өміріне қатысты мағлұматтардың бәрі хадис деп аталады. Кейінірек, хадис өз алдына Аллаһ Елшісінен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келген сөздер мен ол туралы баяндалған хабарлардың бәрін зерттейтін ғылыми бір сала ретінде қалыптасып, бұл салада атақты ғұламалар жетіліп, том-том кітаптар жазылған.

Ал, он төрт ғасырлық Ислам мәдениетінде *сүннет* сөзінің төрт анықтамасының кең жайылғанын көруге болады. Бұл төрт анықтама хадис, фикһ (Ислам құқығы), фикһ методикасы, кәләм сияқты салалардағы мұсылман ғалымдардың берген анықтамасы:

1. Хадис ғалымдары: «*Сүннет* – шариғат үкімдерін қамтамасыз етсе де, етпесе де Пайғамбарымыздың айтқан барлық сөздері, іс-әрекеттері, мақұлдағандары, яғни оның өміріне қатысты мәлімдемелер»;⁶

2. Фикһ ғалымдары: «*Сүннет* – парыздар мен уәжіптердің тысында Пайғамбарымыздан келген нәрселердің бәрі»;⁷

⁵ Субхи ас-Салих, Хадис илимлери ве хадис ыстылахлары, 3-б.

⁶ Мустафа ас-Сибай, әс-Сунна уа мәкәнатуһа фит-тәшри'ил-И - лам, 47-б, Бейрут, 1396/1976.

⁷ Ж.к.к., 43-б.

3. Фикһ методикасының ғалымдары: «Сүннет – Құранның тысында Аллаһ Елшісінің шарифат үкімдерін қамтыған сөздері, іс-әрекеттері мен мақұлдағандары»;⁸

4. Кәләм ғалымдары: «Сүннет – бидғаттың антонимі»,⁹ – дейді.

Сөздікте «жол», «бағыт», «әдет» және «мінез-құлық» мағыналарын беретін сүннет кейін әр түрлі ғылым салаларының мамандары ұсынған терминдік мағыналармен байи түсті. Фикһ ғалымдары оған нәпіл ғибадат мағынасын таңса, методика саласындағылар шарифаттың бір дәлелі ретінде қарап, Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сөзі, іс-әрекеті және мақұлдағандарымен шектеген.¹⁰ Хадисшілер болса Ардақты Елшінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өмір жолына қатысты мағлұматтардың бәрін қамтып, хижраның 463 жылынан кейін өмір сүрген хадисшілер (мутааххирун мухаддистер) сүннет пен хадисті синоним ретінде қабылдаған.

Сүннет сөзі термин ретінде сахабалар дәуірінде-ақ қолданыла бастаған. Бұл жерде сахаба Сәһл б. Сад әс-Саидидің: «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жанында жасалған іс-әрекеттер де сүннет деп қабылданатын»,¹¹ – деген сөзін дәлел ретінде келтіруге болады. Яғни, Пайғамбарымыздың ой-елегінен өтіп, оның мақұлдағандарын, құптағандарын да сүннет деп

⁸ Т. Кочийгит, Хадис Усулу, 15-б, Анкара, 1993.

⁹ Мұхаммад Әли әш-Шәукани, Иршадул-фухул ила тахкикил-хаққ мин илмил-усул, 31-б, Мысыр, 1327.

¹⁰ Сәйфуддин әл-Амиди, әл-Ихкам фи усулил-ахкам, I, 290-б, (I-IV том), Каир, 1914.

¹¹ Әбу Дәуд Суләймән б. Әшаси әс-Сижистани, әс-Сүнән, Талақ, 274, (I-IV том), Бейрут (Келесі сілтемелерде қысқаша Әбу Дәуд деп беріліп, тараудың аты мен хадистің нөмірі көрсетіледі).

санау сахаба дәуірінде-ақ басталған-ды. Исламнан бұрынғы жәһилдік дәуірінде көбінесе «аталар сүннеті» мағынасындағы *сүннет* сөзін сахабалар енді тек қана хазірет Пайғамбардың сүннеті үшін қолданған.

Сүннет сөзінің термин ретінде қалыптасу кезеңдері жайында хадис ғылымдарының докторы Б. Ерул: «*Сүннет* ұғымының термин болып қалыптасуы мен халық арасында кең таралуы хазірет Айша, Абдуллаһ б. Аббас, Абдуллаһ б. Омар сияқты жас сахабалар кезеңінде солардың қолдауымен дами түскен. Яғни, *сүннет* сөзінің термин болып қалыптасуының іргетасы үлкен сахабалар кезеңінде қаланса, кіші сахабалар осы құрылысты толығымен аяқтаған. Жәһилдік дәуірінде «аталар сүннеті», «қауым сүннеті» деп қолданылған сүннет сөзі – Құранда «сүннетуллаһ» (Аллаһтың сүннеті), «сүннету-әууәлин» (алдыңғылардың сүннеті), ал Расулаллаһтың хадистерінде «сүннен» (сүннеттер), «сүннет», «сүннетіміз» деп қолданылса, үлкен сахабалар кезеңінде (м. 632-661) «сүннету Расулиллаһ» (Расулаллаһ сүннеті), «сүннетун-Нәби» (Пайғамбар сүннеті), кіші сахабалар кезеңінде (м. 661-691) «әс-сүннә» (сүннет), «сүннетун-Нәби» деп қолданылып, осы кезде «сүннет» деген кезде тек қана Пайғамбарымыздың сүннеті меңзелетін еді»,¹² – деген.

Расулаллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистерінде сүннеттің орны мен маңызы айтылып, оған үлкен мән берілген. Мысалы, бір хадисінде Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

¹² Б. Ерул, *Сахабенін сүннет анлайышы*, 78-б., Анкара, 2000.

«Маған бағынған Аллаһқа да бағынған болады, маған қарсы шыққан Аллаһқа қарсы шыққан болады»,¹³
– деп айтқан.

Ал жалпы үмбет Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келген сөздерді – *хадис*, оның Аллаһтың әмірлеріне сай орындаған әрбір ісін, өмірін, тұрмыс-тіршілігі мен жүрген жолын *сүннет* деп қабылдап, сол *сүннет* бойынша жүруді мойнындағы борышы деп санаған.

Аллаһ тағала адамзат үшін Құран Кәріммен жаңа жүйе құрып, осы жаңа өмір салтында адамдарға үлгі, әрі жол көрсетуші етіп Мұхаммед пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жіберген. Яғни, сүннет – Аллаһ тағала тарапынан түсірілген кітаптың Оның пайғамбары арқылы іс жүзіне асқан жарқын көрінісі. Демек, хазірет Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) – Құранның тіршіліктегі тәпсірі. Оның сүннеті – әрбір мұсылман және әрбір қоғам үшін өмірдің бәр саласын қамтыған егжей-тегжейлі жоба іс-петтес. Сондықтан, пайғамбар жолы – Аллаһтың жолы. Ардақты Пайғамбарымыздың жолымен жүру – Илаһи әмірлердің сәулесіне шомылу деген сөз. Ал сүннетті қабылдамай, оған қарсы келу Аллаһқа қарсы келумен тең. Бір күні Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қарсы шыққан адамдарды есептемегенде үмбетімнің бәрі жәннатқа кіреді», – деген. Сонда сахабалар: *«Қарсы шығушы кім?»* – деп сұрағанда, *«Маған бағынған жәннатқа кіреді, маған бағынбаған адам да қарсы шығушы болады»,* – деп жауап берген екен.¹⁴

¹³ Бухари, Ахқам, 1; Ибн Мажә Мұхаммад б. Язид, әс-Сүнән, Муқаддимә, 1, (I-II том), Каир (Келесі сілтемелерде қысқаша Ибн Мажә деп беріліп, кітаптағы тараудың аты мен хадис нөмірі көрсетіледі).

¹⁴ Бухари, Итисам, 2; Муснәд, II, 361-б.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тағы бір хадисінде сүннеттің маңызын:

«Үмбетім бұзыла бастаған кезде (яғни, діннің негіздері аяқ асты болып, үмбеттің ауызбірлігі кетіп, ислами мәселелерде әлсіздік көрсетіп, бидғаттар жер жүзін қаптаған кезде) кімде-кім менің сүннетіме жүгінсе, шәһид сауабын алады»,¹⁵ – деп көрсеткен.

Сахабалар Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сүннетіне жан-тәнімен берілген болатын. Мысалы, хазірет Әбу Бәкір (р.а.) халифа болып тағайындалған кезде: «Уа, жамағат! Мен ең қайырлыңыз болмасам да, басшыңыз болып тағайындалдым... Аллаһ пен Расулына бағынышты болған кезімде сіз де маған бағыныңыз. Егер Аллаһқа және Расулына қарсы келсем, маған бағынудың керегі жоқ»,¹⁶ – деген-тұғын. Хазірет Әбу Бәкірдің Пайғамбарымыздың сүннетіне деген көзқарасын мына оқиғадан да көруге болады: Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өмірінің соңғы күндерінде мұсылмандарға соғыс ашқалы жатқан византиялықтарға қарсы әскер жасақтайды. Әскердің қолбасшысы етіп, бір кездерде «балам» деп бауырына басқан, Мута шайқасының қаһарманы Зәйд ибн Харисаның сүйікті ұлы Усаманы тағайындап, қарамағына хазірет Әбу Бәкір (р.а.), Омар (р.а.), Осман (р.а.) сияқты алып тұлғаларды қосып береді. Алайда, әскер енді жорыққа шыққалы тұрған сәтте ардақты Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дүниеден өткені жайлы хабар келіп, бәрі сең соққандай болады. Қайғылы

¹⁵ Дәйләми Әбу Ширауәйх б. Шәхрәдар, әл-Фирдәус би мәсурил-хитаб, IV, 198-б, (I-V том), Бейрут, 1986.

¹⁶ *Ибн Хишам, әс-Сиратун-нәбәуия, IV, 311-б, (I-IV том), Бейрут, 1391/1971*

хабар жүректі езгілеп, қабырғаны қайыстырды. Жорық тоқтатылады. Пайғамбарлар сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл дүниедегі міндетін тамамдап о дүниеге аттанады. Алайда, ол артында мұрасына нағыз өкілдік ететін, ісін жалғастыратын адал да ардақты достарын қалдырып кеткен еді. Әбу Бәкір (р.а.) халифа болып тағайындала салысымен адамдардың бәрі қаралы қайғыдан әлі естерін жинай алмай есеңгіреп жүрген осы бір қысылтаяң күндерде, Пайғамбарымыздың бастаған ісін аяқсыз қалдырмау үшін дереу Усаманың әскерін жорыққа аттандырады. Алайда, дәл сол кезде Мәдина қаласының өзіне де үлкен қауіп төніп тұрған-ды. Әлі де болса мұсылмандықтары шикі кейбір топтар діннен шығып жатқан қарбалас кезеңде, осындай ұтымды сәтті пайдаланып қалуға тырысқан жалған пайғамбарлар да дереу өздерін пайғамбармын деп жариялап, айналасына қолдаушыларын жинай бастайды. Сонда халифа Әбу Бәкір Сыддық: «Уаллаһи, жан-жағымызды жыртқыштар қоршап, үстімізге қара бұлттай үйіріліп, қауіп төндірсе де Аллаһ Расулының желбіреткен туын жерге түсірмеймін», – деп әскерге аттануға әмір береді. Сахабалар міне осындай қысылтаяң шақта да Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннетінен бас тартпаған. Хазірет Әбу Бәкір Хақ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннеті жайлы: «Пайғамбарымыздың жасаған бір нәрсесін тастамаймын, оны міндетті түрде мен де жасаймын. Тіпті, мен оның жасағандарын жаңылысып жасамай қалудан қорқамын»,¹⁷ – деген еді.

Хазірет Омардың (р.а.) сүннет жайлы пікірі Әбу Бәкірмен (р.а.) бірдей болатын. Бір күні ол саусақтардың

¹⁷ Муснәд, I, 6, 10-б.

күн төлемі (диет), яғни біреудің саусағын сындырған жағдайда өтелетін ақыға байланысты үкім шығарған кезде бір сахаба қарсы шығып: «Ей, мұсылмандардың халифасы! Мен Аллаһ Расулының былай айтқанын естіген едім: «екі қолдың он саусағы жалпы қол үшін айтылған төлем не болса, соны тең түрде бөліседі. Екі қол толық бір төлем, бір қол оның жартысы болса, әрбір саусақ үшін он түйе төлем керек».¹⁸ Бұл хадисті естіген хазірет Омар төбесінен жай түскендей: «Ей, Хаттабұлы! Аллаһ Расулының айтқан сөзі тұрғанда сен қалайша үкім шығарасың?» – дейді. Сахабалар сүннетке осындай адалдықтарымен берілген-ді. Сүннет тұрған жерде, басқа үкім шығарып, сол бойынша әрекет ету – олар үшін өліммен пара-пар. Хазірет Омардың (р.а.) Қағбадағы қара тасты сүйіп жатып: «Әй, қара тас! Сенің тас екенінді білемін. Пайдаң да, зияның да жоқ. Егер мен сені Пайғамбарымыздың сүйгенін көрмесем, сені сүймеген болар едім»,¹⁹ деп айтқан сөзі осының айқын дәлелі. Міне, осылайша сахабалар жандарынан да артық жақсы көрген пайғамбары хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ізгі құрметтерін, сүйіспеншіліктерін оның жолымен жүріп, оның жасағандарын жасау арқылы паш еткен болатын.

Аллаһ елшісін (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осылайша жақсы көрген сахабалар Құранмен қатар оның сөздерін, тыйым салғандарын, іс-әрекеттерін жаттап, бір-біріне үйретіп, хадис пен сүннеттің кең қанат жаюына жағдай жасаған. Бұл әрекетті Пайғамбарымыз да қолдап:

¹⁸ *Муснад, IV, 403-б.*

¹⁹ Бухари, Хажж, 160-161.

«Сөздерімді тыңдап, есіне сақтаған және сол есіне сақтаған күйінше басқаларға жеткізгендердің Аллаһ Тағала жүздерін жарқын етсін»,²⁰ – деп батасын берген еді.

Алғашқы кезеңде сахабалардың арасында саусақпен санарлық адам ғана оқып-жаза алатын еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) оларға тек қана Құранды жазуға ғана рұқсат берген болатын. Сахабалардың бәрі Аллаһ Елшісінің сөздерін ауызша жаттап үйренетін. Бір жағынан олардың есте сақтау қабілеттері күшті болғандықтан, жаттауға еш қиналмайтын. Оқу-жазу білетіндердің саны артқан сайын кейбір сахабалар Пайғамбарымыздың рұқсатымен жаттаған хадистерін парақтарға түсіре бастайды. Мысалы, Хазірет Әбу Бәкір (р.а.), Абдуллаһ б. Мәсуд (р.а.), Әли б. Әби Талиб (р.а.), Әбу Әниуб әл-Әнсари (р.а.), Айша анамыз (р.а.), Әбу Һурайра (р.а.), Абдуллаһ б. Амр ибнил-Ас (р.а.), Абдуллаһ б. Аббас (р.а.), Абдуллаһ б. Зубәйр (р.а.), Абдуллаһ б. Омар (р.а.), Жабир б. Сәмура (р.а.), Әбу Саид әл-Худри (р.а.), Әнәс б. Малик (р.а.) секілді сахабалар жаттаған хадистерін парақ бетіне түсіріп отырған. Тіпті Әбу Һурайраның «әс-Сахифатус-Сахиха», Абдуллаһ б. Амр ибнил-Астың «әс-Сахифатус-Садиқа», Сәмура б. Жундәбтің «Сахифа»²¹, Абдуллаһ б. Аббастың «Сахифа» және Жабир б. Абдиллаһтың «Сахифа» атты хадис жазған парақтары

²⁰ *Әбу Дәуд, Илм, 10; Тирмизи Әбу Муса Мұхаммад б. Сәурә, әл-Жамиус-Сахих, Илм, 7, (I-V том), Каир, 1935-1975. (Келесі сілтемелерде қысқаша Тирмизи деп беріліп, тараудың аты мен баптың нөмірі көрсетіледі).; Ибн Мажә, Муқаддимә, 18.*

²¹ Сахифа – Аллаһ Елшісінің хадистері жазылған парақтар.

болған.²² Алайда сахабалардың жазған бұл парақтары бізге жетпеген.

Табиғин дәуірінде, яғни сахабалардың көзін көрген мұсылмандар дәуірінде бұл қарқын одан сайын артып, олар да сахабалардан үйренген хадистерін парақтарға жазып, кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған. Сол кезеңде жазылған парақтардың кейбіреулері күні бүгінге дейін жеткен. Мысалы, сондай парақтардың бірі – сахаба Әбу Һурайраның (р.а.) шәкірті Хәммам б. Мүнәббихтің «Сахифасы». Проф. М. Хамидуллаһ бұл парақтардың Берлин және Шам нұсқаларын салыстырып, алғаш рет Мәжәлләтул-Илмиюл-Арабиде 1953 жылы толық нұсқасын жариялаған.

Алғашқы кезеңдерде осылайша парақтар және кітапшалармен басталған хадис жазу шаралары одан кейінгі дәуірлерде қарқынды түрде дами түседі. Хадистерді жинақтау үшін өте үлкен еңбектер атқарылды. Хадисті жинақтаумен шұғылданған ғалымдар тіпті Ислам дінін тарату мақсатымен жан-жаққа сапар шегіп кеткен сахабалардың арттарынан іздеп барып, өз ауыздарынан тыңдап, білетін хадистерін жазып қайтатын. Кейде бір хадис үшін айлар бойы сапар шегіп, сол хадисті білетін адамды іздеп тауып, жазып келген кездері де болған. Тіпті олар хадис мәтініндегі бір әріптің дұрыс-бұрысын анықтау үшін сапарға шығудан да тайынбаған. Алайда хадиспен шұғылданған бұл ғалымдар кез келген адамның аузынан естіген хадистерін жаза бермеген. Ол үшін мына шарттарды қойған болатын: хадисті риуаят етуші, яғни хадисті жеткізуші адамның міндетті түрде есте сақтау қабілеті жақсы болуы; жалған сөйлемейтін

²² М. Уғур, Хадис илимлери едебиаты, 8-9-б, Анкара, 1996.

адам болуы; жеткізген хадисінің рауилері, яғни бір-бірінен естіген адамдары міндетті түрде бір-бірін көрген адамдар болуы және хадистің мәтінінде ақылға қонбайтын, қисыны келмейтін оғаштық болмауы керек. Әсіресе хижраның үшінші ғасыры – хадис әдебиетінің алтын ғасыры деп саналып, бұл кезеңде қазіргі таңға дейін өз беделін жоғалтпай, Ислам дініне қатысты зерттеушілердің бәрінің Құраннан кейінгі ең басты қайнар көзі саналатын, «Кутубу ситтә», яғни «алты кітап» деп аталатын Имам Бухари және Имам Муслимнің «Сахих» атты кітаптары мен Тирмизи, Әбу Дәуд, Ибн Мажә мен Нәсаидің «Сүнән» атты хадис жинақтары дүниеге келді.²³ Бұл кітаптардың маңыздылығы сонша, Имам Бухаридің «Сахих» атты хадис жинағының өзіне жүзден аса түсіндірме кітаптары жазылған. (Бір түсіндірме кітабының өзі бірнеше томнан құралған, мысалы Бухаридің «Сахихына» арналып жазылған Ибн Хажәрдің «Фәтхул-бари» атты түсіндірме кітабы 14 томнан тұрады). Осылайша XIV ғасырлық Ислам тарихында хадис саласының өзінде мыңдаған кітаптар мен ғылыми жұмыстар жазылып, мұсылмандар Аллаһ Елшісінен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келген аманатты, яғни хадистер мен сүннеттерді осылайша сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған. Бұл да болса үмбеттің ардақты Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) алдындағы бір борышы, оған деген сүйіспеншілігінің жарқын көрінісі болса керек.

²³ Бұл авторлардың толық аты-жөндері мен еңбектері «Пайдаланылған әдебиеттер» бөлімінде берілген.

Хадис пен сүннеттің Ислам дініндегі орны

Ислам дінінің өркендеуі мен қысқа уақыт ішінде кең жайылуында хадис пен сүннеттің атқарған ролі зор. Ислам мемлекеті 622 жылы мұсылмандардың Меккеден Мәдинаға хижретінен кейін құрылған. Алайда, ол құрылған кезінде Мәдинаның тек қана кішкентай бөлігін иеленген. Қаланың қалған бөлігінде мүшірік арабтар мен еврейлер тұратын. Мәдинада иләһи жүйеге негізделген жаңа мемлекеттің іргесі қаланып жатқанда, арабтар әлі де қараңғылықтың шырмауынан шыға алмай бәдәуилік өмір салтын ұстанып, тағылық тірліктің соңында салпақтап, сайда саны, құмда ізі жоқ, мәнсіз, мағынасыз күн өткізіп жүрді. Олардың белгілі бір басқару жүйесі, заң жобасы жоқ болатын, тек қана тайпалық дәстүрмен күн кешуде еді.

Меккеден бастау алып, Мәдинада құрыла бастаған Ислам мемлекеті сол кезеңге дейін бәдәуилік күй кешіп, кейін мұсылман болған тайпаларға жаңа өмір жүйесін ұсынды. Бір жағынан некелесу, ажырасу (талақ), саудасаттық, қылмыстық істер (адам өлтіру, ұрлық) сияқты адамдардың қарым-қатынасына қатысты мәселелерде мұсылман қоғамының әдет-ғұрып нормаларының шекарасы белгіленіп жатты, екінші жағынан Мекке кезеңінде қысқаша баяндалып өткен сенім мен құлшылыққа байланысты діни мәселелер қайтадан қолға алынып, нақтылана түсті.

Мұсылмандар осы жаңа жүйеге тез бейімделіп, жылдам үйренді. Олардың бұл жүйені тез үйренгендігі соншалық, қазірге дейін адамзат бұған таңғалады. Әрине, мұның себебін Ислам дінінің сол кезеңдегі

адамдардың бойына сіңірген қасиетті рухынан және адамдардың бұл дінге деген ыстық ықыласынан, сол ыстық ықыластағы шын пейілінен іздеген жөн. Себебі, қыз баланың дүниеге келуі маскаралық саналып, “отбасы” ұғымы аяқ астында тапталып, ішкілік, құмар, пайыз, өсімқорлық секілді рухқа қаскөй жаман әрекеттер жеке тұлғалардың жан-дүниесін кеміріп, солуына жол ашып, елді аздыратын азулы аурулар кең етек жайып, солардың салдарынан белі бүгіліп, құлағалы тұрған қоғамның кенеттен аяғынан тік тұрып, қысқа уақытта көптеген елдерді өзіне қаратып, белесі жоғары беделге ие болуының басқа себебі де жоқ болса керек. Жаңа құрылған мемлекеттің шекаралары аз ғана уақыттың ішінде Оңтүстік Африкадан Испанияға, бір жағынан Амудария мен Мәуереннәһрге дейін созылып, бір ұшы Үндістанға, келесі ұшы Арменияға дейін, тіпті одан да ары кеңейе түскен. Олар қысқа уақыт аралығында осындай жеңіске жеткізген күшті қайдан алған?! Арабтар гректер мен парсылар сияқты соғыс өнерін білмейтін әрі олардың қару-жарақ пен әскери күші де жоқ еді. Бар білгендері көшпелі өмір салты, ру-руға бөлініп, бір-бірінің малын барымталау, елін шабу, яғни жай ғана басқыншылық болатын. Қараңғылық дәуірде арабтардың соғыс саласындағы бар “өнері” осы-тұғын. Әрине, бұл “өнермен” мемлекеттерді өзіне қаратуы мүмкін емес-ті. Демек, мұсылмандарды жеңіске жетелеп, табысқа кенелткен буырқанып тасқан имандары болатын. Бұл иман ең әуелі Құран мен сүннеттен қуат алып жатты.

Хазірет Пайғамбар кезеңінде сахабалар Исламға қатысты мәселелерді Құран Кәрімнен алатын еді. Көбінесе түскен аяттар қысқа әрі нұсқа болатын.

Мұсылмандар бұл аяттарды түсіне алмаған кездерінде Аллаһ Елшісіне (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) барып, аяттың мағынасын түсіндіруін өтінетін. Мысалы, Құран мұсылмандарға намазды белгілі уақыттарда оқу парыз болғандығын айтып,²⁴ намаз оқуды көп жерде әмір етеді. Сахабалар бұл әмірдің мәнін түсінгенімен, намаздың қай уақытта, қалай оқу керектігін Пайғамбарымыздан үйренген. Ардақты Елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) намаздардың бес уақыт: бесін, екінді, құптан намаздарының 4 рәкаттан, ақшам намазының 3 рәкат, таң намазының 2 рәкат оқылатынын түсіндіріп, қалай оқу керектігін артындағы жамағатқа *«Менің оқығанымдай етіп оқыңдар!»*,²⁵ – деп көрсеткен. Ал өзі намаз оқуды Жебірейіл періштенің артында тұрып үйренген.²⁶

Құран Кәрім *«Ей, иман еткендер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде дереу Аллаһты еске алуға (намазға) ұмтылыңдар және сауда жасауды сол уақытта доғарыңдар»*²⁷ деген аятымен мұсылмандарға жұма намазының парыз екенін білдірген, алайда бұл намаздың қалай оқылатынын баяндамаған. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оларға жұма намазының 2 рәкат оқылатынын және құтба айтылуы тиіс екенін үйреткен.

Сондай-ақ, Құран Кәрімде мұсылмандардың зекет беруі керек екені бірнеше жерде мәлімделген.²⁸ Оларға қай малдан қанша көлемде зекет берілу керектігін Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) толық түсіндіріп берген.

²⁴ Ниса сүресі, 102.

²⁵ Бухари, Азан, 18.

²⁶ Бухари, Мауақитус-салат, 132.

²⁷ Жұма сүресі, 9

²⁸ Бақара сүресі, 43, 83, 110; Тәуба сүресі, 103.

Құранда шамасы келетіндер үшін қажылық жасаудың парыз екендігі баяндалған, ал оның уақытын, киімін, тауап жасау, Арафат пен Муздалифадағы қажылыққа қатысты амалдарды мұсылмандарға түсіндірген – Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) еді.

Міне, осы сияқты Құрандағы көптеген мәселелер Хақ жолының хабаршысы Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үйретуі мен түсіндіруі арқылы мұсылмандардың көкірегіне қонған. Әрине, ол бұл істі Аллаһ тағаланың әмірімен орындады. Құранда Аллаһ: *«Біз саған Құранды адамдарға түсіндірсін деп түсірдік»*²⁹; *«Біз саған Кітапты адамдардың бір шешімге келе алмаған мәселелерін түсіндіруің үшін және мұсылмандарға тура жол мен рахымдылық көзі болсын деп түсірдік»*,³⁰– деп бұйырады.

Аллаһ тағала хазірет Пайғамбарға Құранның аяттарын мұсылмандарға жеткізу мен түсіндіруді жүктеген, мұсылмандарға да Пайғамбарға бағынып, оның жолымен жүруді әмір етіп: *«Расулдың сізге үйреткендерін алыңдар, тыйым салған нәрселерінен де бойларыңды аулақ ұстаңдар»*³¹, *«Аллаһқа және Оның елшісіне мойынсұнып бағыныңдар»*³², *«Кім Аллаһ Елшісіне бағынса Аллаһқа бағынған болады»*,³³– деген.

²⁹ Нахл сүресі, 44

³⁰ Нахл сүресі, 64

³¹ Хашр сүресі, 7

³² Әл-и Имран сүресі, 32

³³ Ниса сүресі, 80

I ТАРАУ

ХАДИС ПЕН СҮННЕТТИҢ МҰСЫЛМАҢДАР ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ЖАСАҒАН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Жеке тұлғаларға қатысты

Хақ елшісі Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Ислам діні ұсынған жаңа тәрбие мен сол күнгі қоғамның бұрын-соңды еш хабары болмаған ізгі мәдениеттің асыл дәнін мұсылмандардың бойына егу үшін үлкен қайрат көрсетті. Ислам дінін қабылдаған әрбір тұлғаның мұсылман болып қалыптасу жолында барлық күш-жігерін жұмсады. Бір жағынан, олардың сол күнгі қоғамға сіңісті боп қалған әртүрлі күнәлар мен жамандықтардан арылуына, екінші жағынан жаңа болмысқа ие болуына көмектесті. Кейде насихат арқылы, кейде іс-әрекетімен мұсылман тұлғаның қалыптасуына және негізгі адамдық болмысына қайта оралуына қолынан келгенінің бәрін жасады. Осылайша мұсылмандарға сөз бен іс-әрекеттері арқылы үлкен ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде тұла бойлары асыл қасиеттерге толы сахабалар үмбеті пайда болды.

Пайғамбарымыздың әрбір тұлғаның ислами болмысқа ие болуы үшін жол көрсетуші, мұғалім, тәрбиеші ретінде қандай тәсілдерді қолданғанын, осының нәтижесінде қандай қоғам қалыптасқанын білу үшін Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) нұрлы бейнесімен шуақтанған бақыт ғасырын, яғни алғашқы ғасырды көз алдымызға елестетейік. Әрбір тұлғаның тәрбиесі үшін Рақым Пайғамбары (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)

алдымен олардың бойындағы жаман әдеттердің теріс әсерлерін түсіндіріп, олардан бас тартуына қол жеткізді. Мысалы, бір күні мұсылмандықты қабылдағанымен қараңғылық дәуірде бойына сіңіп қалған зинақорлық секілді жиіркенішті әдетінен арыла алмаған бір жас жігіт Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келіп:

– Ей, Аллаһтың Расулы, маған зина жасау үшін рұқсат берсең?! – дейді. Пайғамбарымыздың жанында отырғандар жігіттің әбес өтінішін ести сала, оған бірден дүрсе қоя береді. Сонда Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жігітті қасына шақырып:

– Осындай нәрсенің сенің анаңа жасалғанын қалар ма едің?– деп сұрайды.

Жігіт:

– Әке-шешем сенің жолыңда құрбан болсын, ей, Аллаһтың Елшісі, әрине қаламаймын! – дейді тіксініп.

– Ешқандай адам анасына мұндай жиіркенішті әрекетті қаламайды. Сенің қызың болса, оған осындай нәрсенің жасалғанын қалар ма едің?

Жігіт:

– Жаным саған құрбан болсын, ей, Расулаллаһ, еш қаламас едім! – дейді тұла бойы түршігіп.

– Ешбір жан да қызына мұны тілемес еді. Ал әпкелеріңе осындай нәрсе жасалғанын қалар ма едің?

– Жоқ, Пайғамбарым, мұны да қаламаймын.

– Ешкім де әпкелеріңе мұндай сорды қаламайды. Қарындастарыңа ше, оларға осындай жамандық жасалғанын қалар ма едің?

– Жо-жоқ, қаламаймын.

– Ешкім де қарындастарың қасіретке душар еткісі келмейді, – деген Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қолын әлгі жігіттің жүрек тұсына қойып: «Аллаһым, бұның

күнәсін кешір, жүрегіндегі жамандықтарды тазала, намысын сақтауға жәрдемші бол!», – деп дұға етеді. Міне осылайша, жігітке ашуланбай, оның көңілі жай табатындай етіп зинақорлықтың жиіркеніштілігін өмірдегі мысалдармен түсіндіріп, соңында әкелік мейірім танытып, жанын құрттай жеген әлгі күнәдан құтылуы үшін дұға етеді.³⁴ Мұсылмандыққа бет бұрғандарды осындай парасаттылығымен, кемеңгерлігімен күнә батпағынан құтқара бастайды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамның пәк болмысын қарайтатын басқа да жаман әрекеттерді хадистерінде ескертіп, үмбетіне олардан бойын аулақ ұстауына жәрдемдеседі. Сондай хадистердің кейбіреуін келтіре кетуді жөн санап отырмыз:

*«Кімде-кім зорлықпен біреудің бір қарыс болсын жерін тартып алса, қиямет күні сол жердің жеті есесі оның мойнына жүктеледі»;*³⁵

*«Біреудің ақысын жеуден қашыңдар, себебі хақсыздық еткен адамға қиямет күнінде қараңғылық төнеді. Сараңдықтан да қашыңыздар, өйткені сараңдық сізден бұрынғы адамдардың жойылуына, олардың бір-бірінің қанын төгуге, Аллаһтың харам деген нәрсесін адал деп қарауға әкеп соққан.»*³⁶

Қоғам мүшелерінің ыстық қарым-қатынасын жоятын қасиеттердің бірі – өркөкіректік. Бұл жайында Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Ей, сахабаларым! Жақсылап тыңдап алыңыздар, сіздерге тозақ халқы туралы айтайын. Олар – тас

³⁴ Муснәд, V, 256-257.

³⁵ Бухари, Мәзалим, 13; Муслим, Мәсафә, 142.

³⁶ Муслим, Бирр, 56; Муснәд, I, 160.

жүрек, өркөкірек, қу және кекірейіп жүретіндер»,³⁷
– деген.

Қоғамды кеміріп, жегідей жеп бітірген осындай әділетсіздіктерге тыйым салумен қатар, олардың орнын ізгі қасиеттермен толықтыруға тырысқан еді. Ол (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылмандардың арасындағы бауырластықты тіпті хижрадан бұрын Мекке кезеңінде-ақ жолға қойды. Шынайы адамдыққа негізделген осы бауырластық Мәдинаға хижреттен кейін де жалғасын тауып, бұл жерде Меккеден көшіп келген (муһажир) мұсылмандар мен мәдиналық мұсылмандар (әнсарлар) бір-біріне бауыр деп жарияланды. Бұл – Аллаһты бір деп танитын, жақсылықты жайып, жамандыққа тыйым салу принциптерін негізге ала отырып, құрылатын жаңа қоғамның әлеуметтік саладағы алғашқы қадамы болатын. Осы бауырластық арқылы адамдардың жауапкершілігін ояту көзделген еді. Бұл туралы Ақиық Елші (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мұсылман мұсылманның бауыры, оған зұлымдық жасамайды, оны жәрдемсіз қалдырмайды, оны дұшпан қолына бермейді. Мұсылман мұсылман үшін кірпішпен өрілген қабырға іспеттес. Олардың бірі екіншісін байлайды» немесе:

«Барлық мұсылмандар бауыр әрі тең, сондықтан бірі басқасына жамандық жасап, оны төмен санай алмайды»,³⁸ – деп айтқан.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ҚОҒАМДЫҚ салалардың негізін қалау барысында әрбір

³⁷ Зейнуддин Ахмад Зәбиди, Сахих-и Бухари мухтасары ве те - рид-и сарих тержемеси, XI т., 1752, (ауд: К. Мирас, А. Наим), (I-XII том), Стамбул, 1936.

³⁸ Бухари, Мәзалим, 98; Муслим, Бирр, 10.

мұсылманның өзін сол қоғамның бір бөлшегі ретінде сезінуін, қоғамның бақыты мен алға басуы үшін еңбектенуін өзіне міндет деп санауын да қарастырған-тұғын. Хижраның 10-жылында жасаған атақты «Уәда» (қоштасу) құтпасында Ол (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, адамдар! Раббыңыз бір, аталарыңыз бір. Бәріңіз де Адам пайғамбардан тарағансыздар. Адам пайғамбар болса топырақтан жаралды. Аллаһтың алдында ең қадірлілеріңіз – Одан қорқып, тартынғандар. Арабтың араб еместерден ешқандай артықшылығы жоқ, артықшылығы болса ол тек қана тақуалығында ғана... », ³⁹ – деген.

Отбасына қатысты

Ислам діні отбасына үлкен мән береді. Көптеген аят, хадистер адамдарды үйленіп, отбасы құруға шақырады. Өйткені, отбасы – адамның өз бақытын табатын орта, ұрпақтың жалғасуына себеп әрі дініміз бойынша күнә деп саналатын жаман әрекеттерден қақпайлайтын алтын қазық. *«Сендердің өз табиғаттарыңа үйлестіріп (өз қастарыңнан) әйел жынысын жаратқаны да, оларға тіршілік ләззаты етіп, сүйіспеншілік, мейірім бергені де ұлылықтың белгісі. Ой жүгіртіп, гибрат алыңдар»⁴⁰*. Хазірет Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) халыққа жеткізуі міндет етіп жүктелген Құран Кәрім әйел мен еркектің жақсы амалдарда, оның нәтижесі – ақыреттегі сыйда бір-біріне тең екенін, сонымен қатар перзенттің әке-шешесі алдындағы борыштарын ескертеді:

³⁹ Муснәд, V, 441-б.

⁴⁰ Рум сүресі, 21

«Сендер үшін Аллаһ өз нәсілдеріңнен әйел затын жаратты. Әйелден бала, баладан немере көрдіңдер. Сендерге ризық етіп алуан түрлі шырынды жеміс өсірді. Сонда да болса олардың өтірікке бой ұрып, Аллаһ берген игілікке күпірлік ететіндері қалай?»⁴¹.

«Сендерге Аллаһ тек өзіне ғана бойсұнуды бұйырды, ата-аналарыңа жақсылық жасауды өсиет етті. Олардың біреуі немесе екеуі бірдей қартайып (қалжырап) қалса «тұһ» деуші болмаңдар, зекін ұрыспаңдар. Екеуіне де ізетті болыңдар. Екеуіне де зор мейіріммен, кішіпейілмен бас иіңдер. «Аллаһым, олар мені бала кезімде қалай мәпелеп өсірсе, Сен де оларға сондай рақымдылық ете гәр!» – деп айт»⁴².

Осы аяттың тәпсірін жасаған Сәйид Кутуб әке-шешеге құрмет жайлы Хафыз Әбу Бәкір Бәззардың мына риуаятын мысал ретінде келтіреді: *«Бір адам қажсылық кезінде анасын арқалап алып Қазбаны тауап етеді. Бір кезде хазірет Пайғамбардан «Оның ақысын өтей алдым ба?» – деп сұрайды. Сонда Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Анаңның жүкті болған кезінде алған бір тынысының да ақысын өтей алмадың», – деп жауап береді»⁴³.*

Көптеген қоғамдағы сияқты Ислам дінінде де патриархаттық отбасы құпталады. Бұл бұрынғы араб тайпаларының үрдісінен өзгеше еді. Оның мүшелерін басқаруда отбасы иесінің құқығы бұрынғыдай бей-берекет емес, белгілі нормалармен шектелді. Мысалы, әкенің балалары алдында әкелік жауапкершілігі бар.

⁴¹ Нахл сүресі, 72

⁴² Исра сүресі, 23-24

⁴³ Сәйид Кутуб, Фи Зылалил-Куран, VII, 29-б, (ауд: С. Учан, В Инже, М. Иолжу), (I-X том), Стамбул, 1991.

Алайда, оларды сату, өмір сүруі мен өліміне шешім қабылдауға еш құқы жоқ. Осыған байланысты ежелгі араб тайпаларында орын алған жас сәбиді өлтіру әдетіне тыйым салынды. Ерінің зайыбы алдындағы құқығы да тек қана отбасы бірлігін жалғастыру негізіне сүйенеді. Ал әйел күйеуінің алдында экономикалық әрі жеке көзқарасы жағынан тәуелсіз. Алайда, еркекке отбасын асырау, басқару жауапкершілігі жүктелгендіктен қоғамдағы арқалар жүгі ауыр. Ата-бабаларымыздың да «Еркек – бас, әйел – мойын» дегендей осыған орай кейбір мәселелерде ер кісілердің әйел алдында үстемдігі бар екенін Аллаһ тағала:

«...Дегенмен еркектер әйелдерден бір саты жоғары үстемдікке ие. Осының бәрі Аллаһтың құдіреті, данышпандығы арқылы орындалып жатады»,⁴⁴ – деп білдірген.

Сонымен қатар Ниса сүресінің 34-35 аяттарында отбасы өмірін сақтау, әйел мен ердің орнын белгілеу, жазалау түрлері, т.б. мәселелер айтылады. Осылайша Аллаһ тағала Құран Кәрім мен ардақты Пайғамбардың сүннеті арқылы отбасы мүшелерінің лайықты орындарын айқындап көрсетіп берді. Ислам діні келген соң ескі әдеттердегі жиіркенішті іс-әрекеттердің бәріне тыйым салынып, жеңіл жүріс пен көңіл көтеру, зина сияқты жамандықтардан пәк, белгілі бір тәртіпке бағынған, намысты отбасы қалыптасты.

Тарихта қараңғылық, надандық деген атқа ие болған жаһилия кезеңінде әйелдің қоғамда ешбір орны жоқ еді. Хазірет Омар (р.а.) бұл жайында: «Аллаһтың атымен ант етейін, біз жаһилия кезеңінде, былайша

⁴⁴ *Бақара сүресі, 228*

айтқанда Аллаһтың діні келгенге дейін әйелдерді адам деп санамайтын едік»,⁴⁵ – деп баяндайды. Ислам діні келген соң уахи арқылы оның орны мен құқықтары белгіленді. Әйелдің қоғамдағы орны мен құқықтарына ең көп құрметпен қараған – әлемдердің рақым нұры Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Әйелдеріңіздің сіздерде, сіздердің әйелдеріңізде хақтарыңыз бар»,⁴⁶ – деп таразының екі басын теңестіреді.

Қоғамға қатысты

Аллаһ Расулының (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әлеуметтік жаңартуларының ең маңызды ерекшелігі – осылардың бәрін жақсылықтар мен ақиқаттардың қайнар көзі – тәухид принципімен ұштастыруында болатын. Себебі, тәухид (бір ғана Аллаһты жаратушы деп мойындау) принципінің мән-мағынасын түсінбеген адамның жақсылыққа түбегейлі бет бұруы мүмкін емес. Адам баласы Аллаһтың разылығы және қалауымен жүрген кезде ғана турашыл, ізгі қоғам қалыптасады. Яғни, Ислами қоғамның ерекшелігі – кісінің амалдарында Аллаһтың ризашылығын басты мақсат тұтуында.

Барлық пайғамбарлардың ең басты мақсаттарының бірі – келген ортасын жөнге салу. Хазірет Мұхаммед пайғамбар да (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осы міндетті орындау үшін жіберілген-ді. Ол пайғамбарлығының алғашқы он үш жылын жеке тұлғалардың тәрбиесіне сарп етті. Күнәлармен тас болып, қатып қалған жүректерге сәуле болып кіруге тырысты, сондай-ақ ойларындағы арам пиғыл мен бойларындағы жаман қасиеттерді бақыт

⁴⁵ Бухари, Либас, 46; Муслим, Талақ, 188.

⁴⁶ *Ибн Мажә, Никая, 3.*

нұрын шашқан тәухид сенімімен алмастырды. Осындай тәлім-тәрбиеден кейін әлеуметтік, экономикалық, моральдық тұрғыдан алға қарай дамуға ынталы бір қоғам пайда болды. Аллаһтың үкімдері мен жол-жобасы бойынша әрекет еткен хақ Елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл қоғамды рухани әрі материалдық жағынан ілгері дамыта түсті.

Қоғамның қайта қалыптасуы

Исламнан бұрынғы араб қоғамында адам айтқысыз азғындықтар өршіп тұрған еді. Ұл баланың дүниеге келуі бақыт саналып, қыз баланың туылуы сүйекке таңба, бетке шіркеу болып қабылданатын. Әйелдер мал секілді сатылатын. Әкесі қайтыс болса, оның орнын ұлы басып, өгей шешелеріне үйленетін. Зина жасау күнделікті әдетке айналған-тұғын.

Аллаһ тағала осындай жаман әдеттердің бәріне тосқауыл қойып:

«Келіңдер, Аллаһ тыйым салған нәрселерді оқып берейін, – де, Аллаһқа ешнәрсені теңдестірмеңдер, ата-аналарыңа жақсылық жасаңдар. Кедейлікті күйттеп, балаларыңды өлтірмеңдер. Біз оларға да, сендерге де ризық береміз. Ашық түрде болсын, жасырын болсын – жаман қылыққа жуымаңдар. Аллаһтың әміріне қиянат жасап, нақақ адам өлтірмеңдер...»⁴⁷;

«Зинаға жуымаңдар, себебі ол – анық азғындық, өте жаман жол»⁴⁸;

«Көздерің жетпеген нәрсені (біреудің кемшіліктерін) тіміскілемеңдер»⁴⁹;

⁴⁷ Әнғам сүресі, 151

⁴⁸ Исра сүресі, 32

⁴⁹ Исра сүресі, 36

«Кеуде керіп өркөкірекке салынба»⁵⁰;

«Аллаһ зинаға, жаман әрекеттерге, азғындыққа тыйым салады»⁵¹ – деген.

Осылайша Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құранның басшылығымен қоғамда түсінбеушілік тудыратын іс-әрекеттерді жойып, бәрі бір-бірімен тең, әрі бауыр саналатын, ауқаттылары кедейлерін қамқорлығына алып, жәрдемдесетін, бір-бірінің ақысын жемейтін қоғам құрды.

Ислам қоғамының ерекшеліктері

Мұсылман қоғамының әрбір мүшесі жақсылық пен туралықты бұйырып, жамандық пен әділетсіздікке қарсы тұруы қажет. Аллаһ тағала Құран Кәрімде:

«Сендер адамдар үшін шығарылған ең қайырлы үмбетсіңдер. Жақсылықты бұйырып, жамандыққа кедергі боласыңдар және Аллаһқа иман етесіңдер»⁵²;

«Осылайша сендерді басқа адамдарға куә болу үшін орта жолды таңдаған үмбет еттік»⁵³ – деген.

Бұл қоғамның негізгі мақсаты – салиқалы, игілікті, ізгі амалдар жасап, әділеттілікті орнату және жамандықты жою. Мұсылман ерлер мен мұсылман әйелдер – бір-бірінің досы және жәрдемшісі, әрдайым жақсылық пен әділдіктің нышаны. Басқалардың да тура жолда болуы үшін қажырлы қайрат көрсетеді. Олардың көздегені – тек қана Аллаһтың разылығына бөлену.

Тайпалық дәстүрден діни өмірге бетбұрыс

Ислам әкелген иман түсінігі

⁵⁰ Исра сүресі, 37

⁵¹ Нахл сүресі, 90

⁵² Әл-и Имран сүресі, 110

⁵³ Бақара сүресі, 143

Тайпалық өмір кешіп жатқан арабтардың Ислами қоғамға өтуіне бірден-бір әсер еткен күш Ислам дінінің иман түсінігі болғаны анық. Олардың жаһилия дәуірінде де өздерінің жергілікті наным-сенімдері бар еді. Алайда, бұл сенімдері өте тұрпайы болатын. Олар өздері қолдан жасап алған пұттарына табынып, соларға сиынатын. Бұл пұттарды көпшілігі кәдімгі қамырдан илеп, кептіріп, үйінің бір бұрышына әспеттеп қоятын. Алайда, тіске сыздық қылар нәр таппай қысылғанда әлгі пұт-құдайын өңешіне жытырып, бір-ақ қылғытып жоқ қылатын. Ақыретті, сауап, азап деген нәрселерді мүлдем ойламайтын. Адамдардың Ислам шуағына кенелуі үшін алдымен Ислам иманын толық меңгеріп, көкіректеріне тоқуы керек болды. Себебі, көңілі қараңғы адамдарға мұрагерлік, сауда-саттық мәселелері үйретілгенімен, пайда бермесі анық. Алдымен өршіп тұрған пұтқа табынушылық пен азғындықтың тамырына балта шауып, оларды күнә батпағынан шығарып алу қажет болатын. Сол үшін Аллаһ тағаладан келген алғашқы аяттарда Аллаһ пен ақырет сенімдері туралы баяндалған. Демек, адамдардың Ислам дініне мойынсұнуы үшін алдымен осы сенімдерді саналы түрде қабылдауы қажет. Ал Ислам иманының не екенін сүйікті Елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Аллаһтың жалғыз екеніне, Оның періштелеріне, уахи етілген кітаптарына, жіберген пайғамбарларына, ақырет күніне, тағдырға, жамандық пен жақсылықтың Аллаһтан екеніне (яғни, жамандықтың да, жақсылықтың да жаратушысы Аллаһ екеніне, алайда оны өз қалауларымен адамдардың жасайтынына) сену»*,⁵⁴ – деп баяндайды.

⁵⁴ Муслим, Сахих-и Муслим ве тержемеси, I, 63-б, (ауд: М. Софуоғлу), Стамбул, 1967.

Осы иман негіздерінің әрқайсысын өз алдына бөлек қарастырайық:

Аллаһқа деген сенім жаһилия дәуірінде де бар еді. Арабтар пұттарға табынумен қатар, осы әлемнің жаратушысы Аллаһ екеніне сеніп, қажылық кезінде Оның атын атап, «ләббәй, Аллаһым, ләббәй» дейтін. Ислам діні оларға Аллаһқа сену – сенімдердің ең негізгісі, Аллаһтың жалғыз және серіксіз екенін, бәріне күш-күдіреті жететінін, ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ, керісінше бәрінің Оған мұқтаж екенін, Оның туып-туылмайтынын, ешбір ұқсасының жоқтығын үйретті. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде:

«Аллаһты – жаратушы, Исламды – дін, Мұхаммедті – расул деп қабылдаған адам иманның дәмін татқан болады»,⁵⁵ – деген.

Бір сахаба келіп: «Уа, Расулаллаһ, маған сенен кейін ешкімнен сұрамайтындай етіп Ислам туралы бір сөз айтшы», – деген кезінде Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған: *«Аллаһқа иман еттім, – де және турашыл бол»,* – деп қысқа да нұсқа сөзімен сахабаның өмірінің соңына дейін жетерлік өсиетін айтқан.⁵⁶ Демек, Аллаһқа сенім мұсылмандар үшін бірінші орында тұру керек.

Хақ Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айтқанындай, Аллаһ тағала тоқсан тоғыз сипаттан туындайтын 99 көркем есімнің (әл-Әсмаул-Хусна) иесі: Ол бәрін жаратушы Хаким (хикметпен жаратушы, асқан дана), Адил (әділетті), Қадир Мутлақ (шексіз күдірет иесі), бәрін білетін, бәрін де көретін, өмір мен өлімді беретін, өлгеннен кейін тірілтетін тек қана Ол.

⁵⁵ Сахих-и Муслим ве тержемеси, I, 97-б.

⁵⁶ Бұл да сонда, I, 98-б.

Періштелерге келетін болсақ, олар – адамдардың көзіне көрінбейтін болмыстар. Жаһилия дәуіріндегі адамдардың періштелер жайлы азды-көпті сенімдері бар еді. Алайда, олар періштелерді Аллаһтың қыздары деп білетін. Құран Кәрімде бұл туралы былай баяндалады:

«Ұлды Аллаһ сендерге тән етіп, періштелерді өзіне қыз етіп алды ма?! Шынын айтайық бұл сендердің астамшылықтарың»⁵⁷;

«Аллаһтың қыздары бар, – деседі олар. Аллаһ одан пәк»,⁵⁸ – деп баяндайды.

Ислам діні олардың осы жаңсақ пікірлерін түзетіп, періштелердің де басқа жаратылғандар сияқты Аллаһқа құлшылық ететінін, Оның әмірін орындайтынын, Аллаһтан қорқатындықтарын:

«Жер мен көктегі мақұлықтың бәрі, періштелер де бір Аллаһқа сәжде етеді, астамшылық жасамайды. Олар өздерінен үстем құдірет иесі Аллаһтан қорқады, өздеріне бұйырылған нәрсені ғана орындайды»⁵⁹;

«Періштелердің Аллаһты дәріптеп, Оған мадақ айтқан күйде ғарышты айнала қоршап тұрғанын көресің»,⁶⁰ – деп мәлімдеген.

Осы сенім негізімен тығыз байланысты келесі сенім тірегі – Аллаһтан келген кітаптарға иман. Тығыз байланысты деуіміздің сыры – бұл кітаптарды адамдарға Жебірейіл періште жеткізген. Пайғамбарлар падишасына (саллаллаһу алейһи уә салләм) уахи етілген кітап – Құран Кәрім. Аллаһ тағала ол жайлы:

⁵⁷ Исра сүресі, 40

⁵⁸ Нахл сүресі, 57

⁵⁹ Нахл сүресі, 49-50

⁶⁰ Зумар сүресі, 75

«Рамазан айында адамзатқа тура жолды көрсеткен, хақ пен батылдың ара жігін айырған, айқын дәлелді Құран түсті»,⁶¹ – дейді

Пайғамбарымыз бір хадисінде Құран оқуды үмбетіне:

«Үмбетімнің ең игі ғибадаты – Құран оқу», – деп көрсеткен.

Алайда, Пайғамбарымыз баяндаған иман негіздерінде көпше түрде «кітаптар» деп айтылған. Құран Кәрім де бұл туралы:

«Мұсылмандардың бәрі Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, олардың арасын бөліп-жармай бәріне бірдей иман етті»,⁶² – дейді.

Сонымен қатар, Құран Кәрімде алдыңғы пайғамбарларға келген кітаптар жайлы да мағлұматтар берілген. Мысалы, Құранда Ибраһим пайғамбарға (а.с.) келген парақтар жайлы, Мұсаға (а.с.) Тәураттың, Дәуітке (а.с.) Зәбурдың, Иса пайғамбарға (а.с.) Інжілдің келгенін айтады.

Пайғамбарларға иман келтіру де – Ислам сенімдерінің бір негізі. Аллаһ тағала бұрынғы қауымдарға пайғамбарлар жіберіп тұрған. Пайғамбарлардың жіберілуі туралы Имам Ғазали: «Пайғамбарлардың жіберілуі тегін емес. Себебі, ақыл өздігінен адамға пайдалы дәрі-дәрмектерді таба алмайтындығы сияқты, ақыретте ауыр азаптан құтқарылуына себеп болатын шараларды да таба алмайды. Адамдардың пайғамбарларға деген мұқтаждығы аурулардың дәрігерлерге деген мұқтаждығы секілді. Тек қана медицинаның

⁶¹ Бакара сүресі, 185

⁶² Бакара сүресі, 285

дұрыстығы тәжірибе арқылы, пайғамбарлардың хақ екені муғжизалары арқылы білінеді»,⁶³ – деген.

Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) – адамзатқа жіберілген соңғы пайғамбар. Құран Пайғамбарға бағынып, әмір еткендерін орындап, тыйым салғандарынан да қашуды иманның негізі ретінде ұсынады. Сахабалар да Құранның осы әмірін орындап, Аллах Елшісіне шын жүреппен берілді. Бұрынғы пайғамбарларға да иман етті.

Мүшірік арабтардың көп қарсы шыққан мәселелерінің бірі ақырет өмірі еді. Құран Кәрім оны былай баяндайды:

«Олар: «Өмір тек қана осы дүниемен шектеледі. Біз қайтадан тірілмейміз», – деді»⁶⁴;

«Біз өліп топыраққа, үгінді сүйекке айналған соң қалай ғана тірілеміз? Жасырары жоқ мұндай ескертуді біз ғана емес, біздің ата-бабаларымыз да естіген. Бұл дегенің тек бұрынғылардан қалған ертегі ғой», – дейді де отырады»⁶⁵;

«Өмір деген тек бұл дүниеде ғана. Өлеміз, туыламыз, бізді тек қана уақыт жоқ етеді», – дейді. Бірақ бұл жерде ешқандай дәлелдері жоқ, тек қана болжам жасайды»,⁶⁶ – деп баяндайды.

Олардың адамдардың өліп, топыраққа айналғаннан кейін қайта тірілетініне, осы өмірде жасаған жақсылығынан, жамандығынан, сауабынан, күнәсінен, иманынан, күпірінен, қысқасы әрқайсысынан жеке

⁶³ Әбу Хамид Мухаммад б. Мухаммад Ғазали, Ихия улумид-дин, I, 29-б, (ауд: А. Сердароғлу), (I-IV том), Стамбул.

⁶⁴ Әнғам сүресі, 29

⁶⁵ Му'минун сүресі, 82-83

⁶⁶ Жасия сүресі, 24

жауапқа тартылатынына ақылдары жетпейтін. Құран Кәрім мен хадис бүкіл адамзаттың көңілін күпті еткен осы күрделі тақырыптарға қатысты көңілге қонарлық жауаптар келтірді. Осы дүниенің бір күні жоқ болатынын, Аллаһтың адамдарды қайта тірілтетінін, кейбір жандарға жәннат сыйға тартылатынын, кейбіреулердің тозаққа түсетінін паш етті.

Ардақты Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) иман негіздері жайлы мәлімдемесінің ең соңында тағдырдың, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан келетінін айтқан. Құран Кәрім де адам баласының әрбір ісіне жауапты екенін, жақсылы-жаманды жасаған барлық әрекеттеріне есеп беретінін баяндаумен қатар, әлемде не болып жатса да зәредей бөлшегіне дейін Аллаһтың білімі мен күдіретінен тыс қалмайтындығын ескертеді.

Ислам құлшылығы

Тайпалық дәстүрден Ислам қоғамына өтуге жол ашқан екінші мәселе – Ислам құлшылығы. Себебі, Ислам тек қана иманнан тұрмайды. Оның құрылымында сол иманнан туындайтын амалдар да бар. Яғни, иманның табиғи нәтижесі құлшылық болып саналады. Ислам құлшылығы да тәухид принципіне сүйенеді. Ислам діні келген соң пұттарға байланысты барлық әдеттер жойылып, орнына тәухид шеңберіндегі амалдар қаланды. Мысалы, бұрынғы кезде пұттарға арнап құрбан шалынса, енді тек қана Аллаһ разылығы үшін шалынатын болды.

Ислами ғибадаттар жүйесінің ішінде бұрынғы пайғамбарлардан қалған, бірақ уақыт өте келе ұмытыла бастаған кейбір құлшылықтар қайтадан жанданып, нақты қағидалармен шектері сызылды. Мысалы, ораза

ұстау рамазан айына тән етіліп, ережелері бекітілді. Қажылықтың рәсімдері де қайта жаңғыртылып, тек Аллаһ үшін жасалатын құлшылыққа айналдырылды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) уағыздаған негіздердің арасында ең маңызды орынды күндік ғибадат – намаз алатыны белгілі. Намаз – мұсылманның миғражы. Аллаһ пен адамның арасын байланыстыратын рухани көпір. Осы көпір салынған соң құлдың жамандықтарға қарай бет алуы, күнәларға ұрынуы азаяды. Себебі, намаз оны жамандықтардан сақтайтын қалқан іспеттес. Күніне бес мәрте өзінің Аллаһтың құлы екенін сезінген адам Оның қойған ережелерімен өмірін өріп, кемелдіктің шыңына ұмтылады. Осындай қасиеттерімен ерекшеленетін намаз алғашқы мұсылман қоғамының адамгершілік тұрғысынан кемелдене түсуіне өз үлесін қосты.

Ислам дініндегі маңызды құлшылықтардың бірі – зекет. Зекет – Исламнан бұрынғы қоғамда болып көрмеген материалдық құлшылық түрі. Тіпті, мұндай құлшылық түрі тарихта алғаш осы Ислам арқылы әлеуметтік өмірге енді деуге болады. Зекет арқылы байлар кедейлерді қамқорлыққа алып, оларға материалдық көмек көрсетсе, ал кедейлер олардың жәрдеміне риза болады. Міне, осылайша зекет арқылы мұсылман қоғамындағы бай мен кедейдің қарым-қатынасы қайырымдылыққа негізделіп, ерекше арнаға түсті.

Жоғарыда айтылған иман және ғибадат негіздерінің бәрі де адамдардың ауызбірліктерін арттыратын, әлеуметтік өмірді реттейтін, салауатты өмір салтын ұстанатын қасиеттерімен ерекшеленеді.

Тәлім-тәрбиедегі реформалары

Әлеуметтік салада реформа жасау үшін ең алдымен тәлім-тәрбие жүйесін қайтадан қолға алып, ұйымдастыру керек болды. Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үнемі:

*«Аллаһ мені мұғалім (үйретуші) етіп жіберген»,*⁶⁷
– дейтін.

Құран Кәрім де осы мәселеге қатысты бірнеше аяттарда ескертіп, Пайғамбарымыздың діни міндеті туралы айтылған кей жерлерде бұл істің үйретуден тұратындығын айтады. Әрине, бұл жердегі үйрету Ислам дініне қатысты, бірақ Ислам дінінің өзі рухани өмірмен қатар күйбең тіршіліктің барлық қатпарын камтиды. Сондықтан Аллаһ Расулының жүргізген тәлім-тәрбиесін тек рухани өмірмен шектей алмаймыз.

Ардақты Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жаңа қоғамның кірпіштерін қалау барысында тәлім-тәрбиені қоса жүргізді. Ол бұл іске адамдардың бәрін тартқан болатын. Қоғамның әрбір мүшесін Ислами тәлімнен нәсіпкер болуын қадағалап, сол жолда қолдан келген мүмкіншіліктердің бәрін жасады. Тәлім-тәрбиедегі алғашқы қадамдар тіпті жолдың басы деп саналатын Мекке кезеңінде басталып, Мәдинадан келген бір топ адам иман мәселелерін үйренгісі келетіндіктерін айтқанда Құранды жетік білетін Мусаб б. Умейр Құран мен Ислам ұстанымдарын үйрету үшін Мәдинаға жіберілді. Осылайша алғашында талайлы қадамдармен басталған тәлім-тәрбие Мәдина кезеңінде бір жүйеге келе бастады.

⁶⁷ Ибн Мажә, Муқаддима, 299.

Суффа және басқа мектептер

Хижрадан кейін Мәдинаға бара салысымен Нәби (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) күндік намаздарды жамағатпен оқу және Ислам дінін үйрету үшін баспана құрылысын бастатты. Оған арнап бір жер сатып алынды. Бүгін Мәжидун-Нәби аталған осы мекен үш бөлікке бөлінді: намаз оқу үшін бос алаң, Суффа немесе Зулла (үсті жабық бастырма) деп аталатын, оқу қажеттілігіне арнайы қолданылатын орын және Расулаллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жұбайларына арналған бөлмелер.⁶⁸ Әлгі Суффа деген бөлім Исламның алғашқы мектебі болды. Бұл жерде Пайғамбарымыздың өзі сабақ берді. Оқу-жазу, Құран және басқа пәндер үшін де мұғалімдер жұмыс істеді. Хақ Елшісі оқу-жазуды үйренуге ерекше көңіл бөліп, Бәдір соғысында қолға түскен тұтқындарға 10 мұсылман балаға оқу-жазуды үйрету шартымен бас бостандығын берді.⁶⁹ Кейбір сахабаларға да шет тілдерді үйренуді бұйырды.⁷⁰

Мәдинада баспанасы болмағандарға Суффа әрі жатақхана еді. Ислам дінін үйрену үшін сырттан келгендер де осы жерде жататын. Мысалы, бір рет бұл жерде Тәмим тайпасынан дінді үйренуге келген 80 адам қалған болатын.⁷¹ Сонымен қатар, мәдиналық жомарт сахаба Са'д б. 'Убадә күнде мектептегі 80 шақты шәкіртті тамақтандыратын.⁷² Суффа шәкірттерінің саны

⁶⁸ М. Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, II, 768-б, (ауд: С. Туғ), (I-II том), Стамбул, 1993

⁶⁹ Әбу Убәйд әл-Қасым б. Сәллам, Китабул-Әмуал, 308-309-б, Каир, 1353.

⁷⁰ Әбу Дәуд, Илм, 318.

⁷¹ Муснад, III, 371-б.

⁷² Ибн Хажар әл-Асқалани, Тәхзибут-Тәхзиб, III, 475-б, (I-XII том), Хайдарабад, 1325.

400-ге жеткен кездері де болған.⁷³ Пайғамбарымыз Суффада жатып, су тасып, отын шабумен күн көріп жүрген шәкірттердің қажеттіліктерін өтеу үшін мәдиналықтарды жәрдемге шақырып, уағыз айтатын. Өзі де Суффа саңлақтарын үйіне дастарқан жайып, қонаққа шақыратын. Осы себеппен Пайғамбарымыздың отбасы кей кездерде бірнеше күн азықсыз қалатын.⁷⁴ Суффа шәкірттерін мұғалім, иман дәнін шашушылар ретінде Араб түбегінің төрт бұрышына қызмет бабымен аттандыру мақсатында біліммен қаруландыратын. Суффадағы шәкірттердің ең негізгі сабақтары Құран Кәрім болып, түлектердің бәрі қари (Құранды мәнері мен ережелеріне сай оқитын адам) болып шығатын.⁷⁵

Хижраның екінші жылында Мәдинада Мәкрәмәт ибн Нәуфәлдің үйінде Дарул-Қурра деп аталатын Құран Кәрімді үйренуге арналған жаңа мектеп ашылды.⁷⁶ Сонымен қатар, Мәдинада жаңадан салынған әрбір мешіт мектеп міндетін қоса атқарған.⁷⁷

Аллаһ Елшісі жаңа құрылған Ислам қоғамында білім үйренуге аса мән беріп, Ислам дінін қабылдаған жерлердің бәрінде оқу-ағарту жұмыстарының жүргізілуін орнықтырған. Мұсылман болған тайпаларға мұғалімдер жіберіп отырған. Мысалы, Муаз б. Жәбәлді Йемен мен Хадрамаутқа мұғалім етіп аттандырған.⁷⁸

⁷³ М. Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, II, 769-б.

⁷⁴ Афзалур-Рахман, Сирет Ансиклопедиси, II, 126-б, (I-VI том), Стамбул, 1988-1996.

⁷⁵ М. Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, II, 770-б.

⁷⁶ М. Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, II, 771-б.

⁷⁷ Субхи ас-Салих, ән-Низамул-Исламия, 62-б, Бейрут, 1968.

⁷⁸ *Табари Әбу Жафәр Мұхаммад б. Жәрир, әл-Жамиул-Бәйан, IV, 1852, (I-XXX том), Мысыр, 1373-1377.*

Сондай-ақ, діни ілімдермен қоса басқа да пайдалы білімдерді үйренуді құптап, дәріптеген.

Ілім мәжілістері

Ислам қоғамының алғашқы мүшелері – сахабалар көбінесе намаздан кейін хақ Елшінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айналасын қоршап отырып, оның сөздерін, насихаттарын зер салып тыңдайтын. Құран Кәрім мен Ислами негіздерден білмегендерін жалпы осылайша үйренетін. Олар өзара да осындай мәжілістер өткізіп, білімдерін шыңдайтын. Әнәс б. Малик (р.а.): «Таң намазынан кейін сахабалар шоғырланып отырып Құран Кәрім оқып, діни парыздарды, сүннеттерді үйренетін»,⁷⁹ – дейді.

Тирмизидің кітабында сахаба Жабир б. Сәмураның (р.а.): «Аллаһ Расулының мәжілісіне жүзден де көп мәрте қатыстым. Сахабалар оның қасында отырғанда кейде өлең оқитын, кейде бұрынғы жаһилия кезіндегі іс-әрекеттері жайлы сөз ететін. Ол көбінесе үндемейтін, кейде олармен бірге күлімсіреп езу тартатын»,⁸⁰ – дегені келтірілген. Демек, бұл мәжілістерде сахабалар да сөйлеу мүмкіндігіне ие болған.

Рақым Пайғамбардың мәжілісінде ұстамдылық пен байсалдылық орын алған еді. Ол сөйлеп жатқанда сахабалар тыңдап, әңгіме желісін үзбейтін. Тыңдаушылары жақсы ұғуы үшін асықпай айтып, үш мәрте қайталайтын.⁸¹ Тіпті, айтқан сөздерін санауға болатын еді.⁸² Кей кездері бір тақырыпты бастап, сол

⁷⁹ Нуруддин әл-Хәйсәми, Мәжмауз-Зәуаид уа Мәнбаул-Фәуаид, I, 132-б, (I-X том), Бейрут, 1969.

⁸⁰ Тирмизи, Әдеп, 70,

⁸¹ Бухари, Илм, 32.

⁸² Муслим, Зухд, 229.

туралы сахабалардың білімін тексеретін.⁸³ Көбіне сұрақтарға артығымен жауап беретін.⁸⁴ Бұл мәжілістер үшін сахабаларға қолайлы сағат пен күн белгіленетін.⁸⁵

Әкімшілік басқару жүйесінде

Ғасырлар бойы Араб түбегі әкімшілік жүйесінен мақрұм қалған еді. Арабтар тайпа мен руға бөлініп, әр тайпаның өз көсемі болатын. Меккедегі билік құрайыш тайпасының қолында тұғын. Тайпалар арасында жиі-жиі қақтығыстар орын алып, оның өрті кейде аймақты түгелдей шарпитын. Араб түбегіне көршілес елдерде де жағдай мәз емес-ті. Бұл жөнінде Ж. Денисион: «Бесінші және алтыншы ғасырларда мәдени әлемнің тіндері бырт-бырт үзіліп, адамзаттың қажетін өтей алмайтын жағдайға жетті. Мәдениетті ұстап тұрған ескі әдеттер бұзылып, оның орнын толтыратын жаңа нұсқасы жоқ-тұғын... Жер бетіндегі тайпалар бір-біріне жауығып, заң мен жүйесі жоқ жабайылыққа қарай құлдырауда болатын... Барлық шығыс пен батыс елдерін біріктіретін кісі осы адамдардың (арабтар) арасынан шықты»,⁸⁶ – деген.

Осындай ортада пайғамбарлық қызметін бастаған Аллаһтың сүйікті Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бөлшектеніп кеткен осы қоғамға 23 жыл ішінде бірлік әкеліп, адамзат тарихында алғаш рет орталық басқару жүйесін енгізді.⁸⁷ Парасат Падишасы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Ислам мемлекетінің басқарушысы ретінде ішкі және сыртқы

⁸³ Бухари, Илм, 22.

⁸⁴ Бухари, Илм, 42

⁸⁵ Бухари, Илм, 25.

⁸⁶ Сирет Ансиклопедиси, V, 70-75-б.

⁸⁷ Сирет Ансиклопедиси, I, 353-б.

қауіпсіздікті сақтау, басқа тайпалармен және мемлекеттермен келіссөз жүргізу, әділетті орнату, бейбітшілік сақсатты ұстану, сондай-ақ соғыс тұтқындарына қатысты үкімдерді қосқанда басқарудың ең озық үлгісін танытты.

Араб түбегінде Исламды қабылдаушылар көбейіп, территория кеңейген сайын Пайғамбарымыз халық істерімен айналысатын көптеген әкімдер мен зекет жинаушыларды, қазыларды сайлап, оларды әр жерге қызметке аттандырды. Алаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә салләм) қызметкерлерді таңдаған кезде көбіне мына ерекшеліктерді ескеретін:

1. Сол аймақта тұратын біреу болуы керек;
2. Жақсы мінез-құлыққа ие болуы тиіс;
3. Сенімді, өтірік сөйлемейтін кісі болуы керек;
4. Мұсылман әрі басқаруға қабілетті болуы тиіс.

Пайғамбарымызға келіп өздері осындай лауазымды қызмет сұрағандарға оның жауабы нақты:

«Біз бұл істерді сұрағанға және жанталасқанға бермейміз»,⁸⁸— деу болатын.

Тағайындалған қызметкерлер әр алуан жұмыстарды атқарды. Жауапкершілігін мойындарына алған аймақта олар белсенді түрде басқару шараларын ұйымдастырды. Салықтар мен зекетті жинап, келіспеушіліктерді шешіп отырды. Жамағатқа намаз оқытып, тәлім-тәрбие шараларын жолға қойды.⁸⁹ Пайғамбарымыздың өзі де осы қызметкерлерге жиі-жиі насихат айтатын. Мысалы, Йеменге әкім әрі қазы сайланып, жолға шыққалы тұрған Муаз б. Жәбәлге: *«Ей, Муаз! Йемендіктерді алдымен*

⁸⁸ Бухари, Ахкам, 107.

⁸⁹ Мужтеба Уғур, Хижри биринжи асырда Ислам торлumu, 142-б, Стамбул, 1980.

Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық тәңірдің жоқ екенін және менің де Аллаһтың пайғамбары екенімді біліп, тануға шақыр! Егер осы екі куәлікті қабылдаса онда оларға күнде бес уақыт намаздың парыз екенін үйрет. Егер мұны мойындаса, Аллаһтың оларға малдарынан зекет беруді парыз еткенін жеткіз. Зекет байлардан алынып, кедейлеріне беріледі»,⁹⁰ – деп насихат айтқан.

Қызметкерлердің пара алуына қатаң тыйым салып:

«Мен сендерден біреуіңді Аллаһтың маған жүктеген бір ісіне тағайындасам, ол адам келіп: «Мыналар сізге тиесілі, ал мыналар маған берілген сыйлықтар», – дейді. Егер әлгі адам дұрыс айтқан болса, сол сыйлықтар әкесінің үйінде отырғанда неге келмейді?! Уаллаһи, кімде-кім хақсыздықпен (пара ретінде) бір нәрсе алған болса міндетті түрде қиямет күні Аллаһтың алдына соны мойнына асып алған күйде шығады...»,⁹¹ – деген.

Хақ Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) басқару жүйесінде кеңес жұмыс істейтін еді. Құран Кәрімнің үкімдері бойынша (Бақара сүресі, 159, Шура сүресі, 38) қолға алынған бұл негіз әкімшіліктегілердің зұлымдыққа иілуіне тосқауыл әрі қол астындағыларға да пікірін айтуына мүмкіндік беретін нағыз демократиялық шара болатын. Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) барлық әскери, саяси және мемлекетке қатысты оқиғаларда сахабаларымен ақылдасып, кеңесетін. Ал бұл өз кезегінде сол кезеңдегі Ислам мемлекетіндегі ауызбірліктің кілті-тұғын. Яғни, Пайғамбарымыздың алғашқы Ис-

⁹⁰ Бухари, Сахих-и Бухари ве тержүмеси, Тәухид, 1, (ауд: М. Софуоғлу), (I-XVI том), Стамбул, 1989.

⁹¹ Муслим, Имара, 26,

лам қоғамын басқару үшін енгізген негіздерінің бәрі әлеуметтің бірлігін сақтауға арналған-ды. Осы бірлік сақталған дәуірде мұсылмандар шын мәнінде бақытты болды. Ал, ол бұзылған күннен бастап бастарынан бак ұшып, құт-береке де алшақтай түсті.

Құқық саласында

Жаһилия дәуірінде бір ретке келтірілген құқық жүйесі жоқ еді. Үкімді тайпа көсемі, палшылар мен білгір кісілер шығаратын. Ол үкімдер тайпа әдеттеріне негізделетін. Пайғамбарымыздың үкімдері болса, Құран Кәрімге негізделгендіктен онда нақты жүйе бар еді. Себебі, Аллаһ тағала Құран Кәрімде адам өміріндегі әрбір құбылыс үшін үкімдер қойған. Әрі ардақты Елшісіне де үкім айтуына мүмкіндік берген:

«Расулаллаһ сізге нені әмір етсе соған бағынып, тыйым салған нәрселерден де қашыңыздар.»⁹²

Аллаһ тағала сүйікті Пайғамбарын (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамдар арасында әділеттілікпен үкім шығару үшін жіберген. Оның тура үкім шығаруын:

«Шүбәсіз, Аллаһтың саған көрсеткеніндей адамдарға үкім айтуың үшін Біз саған Кітапты (Құранды) хақ етіп жібердік. (Байқа) залымдардың қорғаушысы болма. Және Аллаһтан кешірім тіле. Шындығында Аллаһ өте кешірімді. Өздеріне қиянат жасағандарды жақтап тартысқа кірме. Аллаһ қиянат жолындағы күнәларды жақтырмайды»,⁹³ – деп ескертті.

Ислам құқығындағы кейбір негіздерді Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) енгізген. Мы-

⁹² Хашр сүресі, 7

⁹³ Ниса сүресі, 105-107

салы, қаралатын шағымдарда екі жақ та бірдей тыңдалмайынша үкім шығаруға болмайтындығы Аллаһ Елшісінің сүннеті бойынша белгіленген.⁹⁴

Пайғамбарымыз сахабаларға Құран мен сүннетте таба алмаған үкімдерді өздерінің білімдері бойынша шығаруына рұқсат берген. Мысалы, Муаз б. Жәбәл Йеменге кетер алдында одан:

– Қандай негізге сүйеніп үкім бересің, ей, Муаз?
– деп сұрайды.

- Аллаһтың кітабына.
- Одан таба алмасаң ше?
- Пайғамбардың сүннетіне.
- Егер одан да таба алмасаң ше?
- Өзімнің біліміме.

Бұл жауапқа сүйсінген Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Елшісінің елшісін Оны риза ететіндей қабілетке жеткізген Аллаһқа мадақ пен шүкірлік айтамын»,* – дейді.⁹⁵

Қылмыстық құқыққа қатысты кейбір мәселелерді Жаратқанның хикметіне сай Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шығарған. Мысалы, арақ ішу мәселесінде оның берген жазасы – арақ ішкен адамды көпшіліктің алдына шығарып аяқ киіммен, таяқпен немесе қолмен ұру.⁹⁶ Ал көпшіліктің алдында осындай жаза алған адамның бұл күнәға қайта беттеуге жүрегі дауаламайтыны белгілі.

Азаматтық құқық саласында да көптеген заңдар Пайғамбарымыздың сүннетіне сүйенеді. Оның ішіндегі ең таңдандыратыны – мұрагерлікке байланы-

⁹⁴ Сирет Ансиклопедиси, III, 16-б.

⁹⁵ Муснәд, V, 230-б.

⁹⁶ Сирет Ансиклопедиси, III, 620-б.

сты үкімдер. Исламнан бұрын арабтар немесе араб емес халықтарда дүние-мүліктің ұрпақтан ұрпаққа қалдырылуы үнемі келіспеушіліктерді, ренішті тудыратын. Көбінесе мұрадан ерлер үлес алып, қыз балалар, жесірлер, сәбилер үлессіз қалып жататын. Олардың мұра үлестірудегі негізгі принципі алушының отбасы абыройын қорғай алатынына қараумен шектелетін. Әйелдерге қатысты осы теңсіздіктер Ислам үкімдерімен жойылып, мұра олардың жақындық дәрежесіне қарай бөлінді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құран Кәрімдегі мұрагерлікке қатысты қысқа әрі нұсқа берілген аяттарды халыққа кеңірек түсіндіріп, қысқа үкімдерден ауқымды мағыналар шығарып беріп отырған. Құран мен Пайғамбарымыздың осы мәліметтері Исламның мұрагерлік құқығын қалыптастырған. Мысалы, Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Өлтірген адамға мұрадан үлес жоқ»,⁹⁷ – деген. Осылайша адамдардың мұра үшін бір-бірін өлтіруіне жол бермеген.

Сонымен қатар, оның айтқан кейбір үкімдерінде ата мен әжеге мирастың алтыдан бірінің берілуі, бір шешеден туылған балалардың бір-біріне мұрагер болуы, бірақ, бір әкеден туылып, шешелері бөлек болса, олардың да, некесіз туылған баланың да мұрагер бола алмайтыны, т.с.с. мәселелер айтылған.⁹⁸ Пайғамбарымыздың кезінде үйлену, ажырасу, сауда-саттық, қарыз алу, жалға беру, құн төлеу сияқты мәселелер нақтыланған. Сонымен бірге ауыл шаруашылығына, жер-суға қатысты үкімдер шығарылған.

⁹⁷ Тирмизи, Фәраиз, 17.

⁹⁸ М. Уғур, Хижри биринжи асырда Ислам топлуму, 126-б.

Құран үкімдерінде, сондай-ақ Алаһ Елшісі айтқан үкімдердің қай-қайсысында да әрбір істі жеңілдету көзделеді. Құран Кәрімде Аллаһ тағала құлдарына қиындық тудыруды емес, керісінше, тек жеңілдікті қалайтыны айтылған.⁹⁹ Сонымен қатар, Аллаһ тағала ешкімге күші жетпейтін жүкті артпайтынын білдіреді.¹⁰⁰ Осындай принциптер рақым Пайғамбардың сүннетінде де негіз боп алынған.¹⁰¹

Исламның құқық негіздерінде жеке тұлғаларға «кісі ақысы» деген түсінікті қалыптастыру бар. Мысалы, біреудің жанына, малына, арына қол сұғу – харама. Сонымен қатар, Ислам құқығы ниетке де үлкен мән береді. Ал бұл – зұлымдыққа тосқауыл. Сондай-ақ, қоғамның ең маңызды тірегі – адамдар арасындағы тепе-теңдік. Пайғамбарымыздың шығарған заңдарында бұл мәселеге айрықша орын беріледі. Заң алдында адамдардың бәрі бірдей, сол үшін ешкімнің ешкімде ақысы кетпеуі, қылмыс жасаса жазасын тартуы қажет.¹⁰²

Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат

Ардақты Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жергілікті тайпалармен, сондай-ақ Араб түбегімен шекаралас мемлекет басшыларымен келіссөздер жүргізген. Келіссөзді бұзбай мүлткісіз орындау – оның ең негізгі ұстанымы болатын. Бұл тұрғыда Пайғамбарымыз былай дейді:

⁹⁹ Бақара сүресі, 185, Әл-и Имран 159

¹⁰⁰ Бақара сүресі, 286

¹⁰¹ Бухари, Илм, 25; Муслим, Жиһад, 141.

¹⁰² М. Уғур, Хижри биринжи асырда Ислам топлуму, 129-б.

«Иман еткен адам уәде бергенде орындайды, екіжүзді (мұнафық) болса сөзінде тұрмайды», – деген. Құран Кәрімде де:

*«Ей, иман еткендер, берген уәделеріңді орындаңдар»,*¹⁰³ – деп уәдеде тұрудың парыз екенін көрсеткен.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға келген кезде шешімін таппаған ішкі және сыртқы мәселелер көп еді. Құрайыштықтардың мұсылмандармен жауластығы өршіп, Мәдинадағы еврейлер мен мұнафықтар да қарсылығын күшейтті. Аллаһ Елшісі Мәдинаға жақын тайпалармен барынша достық келіссөздерін жүргізуге тырысты. Ең құрығанда екі жақта соғыс шыға қалған күнде олардың қарсы жаққа болысып кетпеуін қадағалайтын келісімшарттар жасалды.¹⁰⁴ Ең маңызды келіссөздердің бірі меккеліктермен жүргізілген Худәйбия бейбіт келіссөзі болды. Сырттай қарағанда құрайыштықтардың пайдасына шешілген тәрізді болып көрінгенмен бұл келіссөз Пайғамбарымыздың соғыспен емес, бейбіт жолмен қол жеткізген ең үлкен жеңісі еді. Кейбір яһуди және христиан тайпаларымен де келіссөздер жүргізілді.

Ардақты Елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көрші тайпа, мемлекеттермен саяси қарым-қатынастар орнатуда өте сақтық танытты. Келген елшілерді құрметпен қарсы алды. Осы әрекеті сахабаларға да әсер етіп, олар да мұсылман еместермен жүргізген келіссөздерін еш уақытта бұзбай, үнемі олардың ала жібін аттамауға тырысқан. Мысалы, мұсылман мемлекетінің қол асты-

¹⁰³ Маидә сүресі, 1

¹⁰⁴ Сирет ансиклопедиси, I, 439-441-б.

на қарайтын мұсылман емес халықтар мемлекетке «жизия» деген салық төлеуі тиіс. Бұл салық алынған соң мұсылман басшылар олардың тыныштығын қорғауы керек. Мұсылман әкімдер сол кезеңде өзінің қол астындағы христиан немесе басқа дін өкілдерінің амандығын сақтауға мүмкіншіліктері болмаған кезде бұл салықты кері қайтарып берген. Мысалы, Сирияда мұсылмандар византиялықтармен соғыс кезінде Хумус деген жерден кері шегінуге мәжбүр болғанда, қолбасшы Әбу Убәйда б. әл-Жәррахтың осындай салықты халыққа қайтарып бергені тарихтан мәлім.¹⁰⁵

Пайғамбарымыздың Араб түбегінде бірлік орнатып, бейбіт өмірге қол жеткізуі әрі мұны он жылдан аспайтын аз уақыт ішінде жүзеге асыруы Аллаһ тағаланың Оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бойына дарытқан кемеңгерлігінің нәтижесі болса керек. Бес жыл ішінде құрайыштардың жаугершілігін тоқтатты. Мүшіріктердің барлық шаралары таусылып, соңында Исламның үстемдігін мойындауы, міне, осының бәрі хақ Пайғамбардың саяси алаңдағы үлкен жеңісі еді.

Экономика саласында

Сауда

Сауда дегеніміз – адамдар арасындағы ақшалай әрі заттай айырбас. Құран Кәрімде Аллаһ тағала:

«Ей, адамдар! Мүліктеріңізді араларыңызда әділетсіздікпен емес, ризашылықпен жасалған сауда-саттықпен жеңіздер»,¹⁰⁶ – деген.

Аятта айтылғандай сауда-саттық әуелі екі жақтың өзара ризашылығына негізделуі тиіс. Сонымен қатар,

¹⁰⁵ Сирет ансиклопедиси, I, 458-б.

¹⁰⁶ Ниса сүресі, 29

сауданың адал жүргізілуі, алушы мен сатушының бір-бірін алдамауы, екі жақтың да туралықты ұстануы, таразыдан жемеуі – Ислами сауданың талаптары. Осының бәрін қадағалау үшін Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кей кісілерді базар істерін басқарушы етіп тағайындаған. Олар базардағы қулықтар мен алдау-арбаудың алдын алып, саудадағы келіспеушіліктерді реттеп, үкімдерін белгілеп әрі салық жинаумен шұғылданды.¹⁰⁷

Құран Кәрімнің көптеген аяттарында «таразыдан жемендер» деген бұйрық бар. Мутаффифин сүресінің соңғы аяттарында таразыдан жеген саудагерлерге қатаң ескертулер жасалған. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамдарды еңбек етіп, маңдай терімен табыс табуға шақырып, өзгелерге масыл болып, біреудің арқасында күн көруді хош көрмеген. Ал қайыршылықты – жағылған күйесі қияметке дейін өшпейтін дақ деп санаған. Оның еңбекті қастерлегенін мына хадистен көруге болады. Сахаба Әнес б. Малик (р.а.): «Аллаһ Елшісінің жанына әнсарлық бір адам қайыр сұрап келді. Аллаһ Елшісі одан үйінде несі бар екенін сұрады. Қайыршы үйінде бір ғана төсеніштерінің барын, оның бір жағын астарына төсеп, қалған жартысын жамылғыш ретінде пайдаланатынын және су ішетін бір ыдысының бар екенін мәлімдеді. Аллаһ Расулы: «Оларды маған әкел», – деді. Өлгі адам заттарын дереу жеткізді. Аллаһ Елшісі бұл заттарды қазіргі тілмен айтқанда аукционға шығарды. Бір сахаба оларға бір дирхам, екінші біреуі екі дирхам берді. Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оларды екі дирхамға сатып, ақшасын қайыршыға беріп: «Мұның бір дирхамына отбасыңа қажетті азық-

¹⁰⁷ М. Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, II, 959-б.

түлік ал, қалғанына бір ара сатып ал да маған әкел», – деді. Қайыршы айтқанын екі етпеді. Аллаһ Расулы араға сап жасап, егесіне қайтарып, ендігі жерде ағаш аралап, отын жинап, соны сатып күн көруін, он бес күннен кейін қайта келуін бұйырды. Әлгі адам, отын жинап, оны сатуға кірісті. Бірнеше күннен кейін хазірет Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келіп, 10 дирхам табыс тапқанын қуана айтты. Пайғамбарымыз бұл ақшаға киім-кешек, азық алуына кеңес беріп: *«Осылай еңбек етуің қиямет күні маңдайыңа жағылған қайыршылық дағынан әлдеқайда қайырлы. Қайыршылық тек қана қолдан шара келмейтін, мәжбүр боп қалған пақырлық жағдайда, ауыр қарыз немесе адамды құрдымға сүйреген кісі өлтірудің ақысын төлейтін жағдайларда ғана болады»*,¹⁰⁸ – дейді.

Исламда ең адал табыс – еңбектеніп, тер төгіп тапқан табыс. Аллаһ Елшісі: *«Ешкім маңдай терімен тапқан табыстан күшті табыс тапқан емес. Адамның өзі, отбасы, қызметшісі үшін жұмсағандары оған садақа ретінде жазылады»*.¹⁰⁹ *«Аллаһтан қорқыңдар, ризықтың жақсысын іздестіріңдер. Ешкім де маңдайына жазылған ризықты тауыспайынша өлмейді. Ризығы кешіксе де, әйтеуір оны іздеп табады. Олай болса Аллаһтан қорқыңдар. Ризықты жақсылықпен табуға талаптаныңдар, адалын алып, харам болғанын тастаңдар»*,¹¹⁰ – деген. Саудадан түскен табыс құптарлық болуы үшін онда кісінің табанақы, маңдай тері, еңбегі болуы қажет. Ешқандай еңбек етпестен сатушы мен тұтынушының арасына

¹⁰⁸ Әбу Дәуд, Зекет, 126, Ибн Мажә, Тижара, 25.

¹⁰⁹ Ибн Мажә, Тижара, 1.

¹¹⁰ Ибн Мажә, Тижара, 2.

кіріп, жоқ жерден табыс табуды, жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүруді Аллаһ Елшісі құптамаған.

Өсімқорлықтың жойылуы

Пайғамбарымыздың экономика саласында жасаған қадамдарының ең маңыздысы, тіпті негізгі реформа деген бағаға ие болатыны – пайыз, өсім мәселесіндегі жаңалықтары. Ислам діні қарызға берілген ақшадан өсім алуға тыйым салған. Себебі, пайыздың кесірінен қолында ақшасы барлар байыған үстіне байып, халық бірте-бірте кедейленіп кетуі мүмкін.¹¹¹

Пайыз – *артық және несие пайызы* болып екіге бөлінеді. *Артық пайыз* – көлемі мен сапасы бірдей заттардан айырбас жасалғанда артылып қалған мөлшерді алу. *Несие пайызы* – бір затты қарызға белгілі бір мерзімге дейін бере отырып, сол қарыздан үстеме алынған ақша немесе зат.

Хақ Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Ислам дінін уағыздаған тұста несие пайызы кең етек жайған болатын. Мал иелері уақытша қарыз беріп, уақыты толғанда ақшаларын үстеме ақшамен қайтарып алатын. Егер қарыз уақытында төленбесе мерзімі ұзартылып, сондай-ақ пайызы да көтерілетін. Осылайша бір топ ауқаттылар халықтың қанын сүліктей сорып жататын. Ислам діні осы қанаушылықты тоқтатты. Бірақ, бұл бірден емес, бірте-бірте жасалды. Алдымен пайыздың мал-мүліктің берекетін кетіретіні айтылды: *«Біреуге көмектескен болып (қарызға) бергендеріңнен артық өсім алмаңдар. (Сен қанша алғаныңмен, Аллаһ құрамаса, ол саған байлық болып қосылмайды). Одан гөрі зекет берсеңдер, оның қайыры екі есе артық*

¹¹¹ М. Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, II, 961-б.

болмақ». ¹¹² Осылайша сырттай қарағанда мал-мүлікті арттыратындай көрінген пайыздың негізінде оның берекетін қашыратыны мәлімделді. Бұл – пайыз бен өсімқорлықты жою жолындағы алғашқы қадам болатын. Одан кейін түскен аяттарда:

«Ей, иман еткендер, пайызды жемеңдер! Аллаһтан қорқыңдар! Сонда есендікке ерген боласыңдар»; ¹¹³

«Әй, иман еткендер! Аллаһтан қорқыңдар! Шынымен иман еткен болсаңдар пайызды тәрк етіңдер»; ¹¹⁴
– делінді.

Пайыздың анық харам екендігі мына аятта да мәлімделген:

«Пайыз жегендер (ақыретте) жын соққан адамдардың түрегелгеніндей түрегеледі. Бұл олардың «сауда-саттық та пайыз секілді» деп айтқандарының кесірі. Әйткенмен Аллаһ сауданы адал, пайызды харам еткен. Кімге Раббыңнан насихат келіп пайыздан бас тартса, өткендегі істеген күнәлары кешіріліп, ісі Аллаһқа қалған болады. Кім қайтып пайызға бет бұрса, олар – тозақ отының халқы. Ол жерде мәңгілікке қалады. Аллаһ пайызды жойып, садақаларды арттырады. Аллаһ ешқандай күнәар кәпірді жақсы көрмейді». ¹¹⁵

Арабтар осы аяттар келмей тұрып пайызды сауда-саттық секілді адал табыс, тіпті оны сауданың бір түрі деп санайтын. Мекке мүшріктерінің табыстарының бір қайнар көзі осы пайыз болғанында сөз жоқ. Мәдинада болса ауқатты яһудилер алғашқы жылдары

¹¹² Рум сүресі, 39

¹¹³ Әл-и Имран сүресі, 130

¹¹⁴ Бақара сүресі, 278

¹¹⁵ Бақара сүресі, 275-276

мұсылмандардың кедейлерін пайдаланып оларға пайызбен қарыз беретін. Тіпті, қарыз алушылар қысылған кезде пайыздың көлемін арттырып жіберетін.¹¹⁶ Аллаһ тағала жоғарыдағы аяттар арқылы қоғамдағы осы қанаушылықты тоқтатты.

Әлеуметтік салада

Зекет

Мұсылмандардың әлеуметтік-тұрмыстық өмірінде әділеттің туын желбірететін шаралардың бірі – зекет. Зекет дегеніміз ауқатты адамдардың жылына бір мәрте байлықтарынан белгілі бір мөлшерін пақырларға жәрдем ретінде беруі. Бірақ, зекетті беретін адамның оны беруі үшін алдымен күнделікті тіршілікте қолданатын негізгі қажеттер мен қарыздарынан тыс, нисап көлеміне жететін байлығы болуы тиіс. Ал нисап дегеніміз – Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) белгілеген байлық мөлшері. Нисап көлемі алтын, күміс, мал, сауда заттары, бау-бақша мен егіс өнімдеріне қарай өзгереді.¹¹⁷ Құран Кәрімде зекет жайлы Аллаһ тағала:

«Намаз оқыңдар, зекет беріңдер...»,¹¹⁸

«Олардың күнәларынан тазаланып, малдары көбейіп берекеттенуі үшін олардың (мұсылмандардың) малдарынан садақа (зекет) ал...»,¹¹⁹

«Шын мәнінде садақалар (зекеттер) кедей-кепшіктерге, түгі жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілі жібітілуі мақсат

¹¹⁶ И. Дербезе, Курана гөре Хз. Мухаммедин хаяты, III, 391-б, (ауд: М Йолжу), (I-III том), Стамбул, 1995.

¹¹⁷ Толық мәлімет үш. қар-з: М Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы, Ислам ғылымхалы, 2- басылым, 269-б., А., 2005.

¹¹⁸ Бақара сүресі, 34, 83

¹¹⁹ Тәубе сүресі, 103

етілгендерге (жаңа мұсылмандарға т.б.), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Аллаһ тарапынан пaрыз етілді»,¹²⁰ – дейді.

Негізінен Құран Кәрімнің зекет жайлы аяттары Мекке дәуірінде келе бастаған-ды.¹²¹ Бұл аяттарда баяндалғандай, бай мұсылмандар байлықтарының белгілі мөлшерін кедей мұсылмандарға беруі қажет. Сол заманда кедей мұсылмандардың көптігі және олардың үнемі мүшріктердің жәбірлеуіне ұшырауы сияқты жағдайларда зекет құтқарудың бірден-бір жолы еді. Сонымен қатар, ол Ислам дінін насихаттау жолында материалдық көмектің қайнар көзі-тұғын. Мәдина кезеңінде зекет ресми түрде белгіленіп, мемлекет қаржысының негізгі тірегіне айналған. Зекет әр жылдың соңында Пайғамбарымыз тағайындаған қызметкерлер тарапынан жиналып, қажетті жерлерге жұмсалған. Ал бұл қажетті жерлер Құранның белгілеуі бойынша кедей-кепшік, түгі жоқ міскін, зекетті жинауға тағайындалған адамдар (оларға жинаған зекеттерінен айлық төленеді), көңілдері жібітілуі мақсат етілгендер, құлдарды азат ету, қарызға батқандар, Аллаһ жолындағылар және ақшасы таусылып жолда қалған жолаушылар болды.

Зекет ғибадаты қоғамда бай мен кедейді жақындастырып, байлардың кедейлерге астамси қарауын жойып, керісінше оларға көмекші ретінде мейіріммен қарайтындай, ал кедейлердің байларға қызғанушылықпен қарағанын тоқтатып, қайта оларды

¹²⁰ Тәубе сүресі, 60

¹²¹ Зарият сүресі, 16-19; Фатыр сүресі, 29; Нәмл сүресі, 2-3; Мүминун сүресі, 1-4, т.б.

өзіне қамқоршы санайтындай етіп бауырмашылыққа жетелей түсті. Осылайша мұсылмандардың бір-біріне деген сенімі артып, достықтары нығая берді. Зекет арқылы әлеуметтік өмірде теңдік пен әділет орнықты. Зекеттің негізгі мақсаты да сол болатын. Қоғамның күш-қуаты байлықтың әділетті түрде үлестірілуіне байланысты. Егер кейбіреулер аз уақыттың ішінде байып, халықтың көбісі кедейлене түссе, қоғам әлсіреп, дұшпандарына оны құлату оңай болары сөзсіз. Қоғамның тепе-теңдігін сақтауда кедей-кепшіктерге жәрдем ету үшін зекет беру – байлардың парызы. Осылайша зекет – капиталдың тек қана байлардың арасында айналып тұратын күш болуына бөгет жасап, әділеттің туын көтерді. Зекет – мұсылман қоғамының әрбір тұлғасы үшін өте маңызды сақтандыру тетігі. Қарызға батқандарға, жолда қалған жолаушыларға, кедей-кепшік, пақырлар секілді ақшаға мұқтаж жандарға зекет беру олардың дерттеріне дауа болады. Сондықтан зекет – қысылтаяң кезеңдерде шарасыздықтан туындайтын ұрлық-қарлық, адам тонау, кісі өлтіру сияқты жаман қылықтарға бөгет және қоғамдағы әлсіздерді қорғап, анархияның етек жаюына тосқауыл болды.

Садақа

Ислам діні халықтың байлығын қоғамның ортақ пайдасына жұмсағанда ғана әлеуметтік әділеттілік орнатуға болатындығын алға тартады. Бұл жолдың зекетпен ғана шектелмейтінін білдіреді. Жомарттықтың жаршысы Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Бір құрманың жартысындай болса да садақа беріңдер»*,¹²² – деп айтқан.

¹²² Бухари, Зекет, 7.

Құран Кәрімде байларға кедей-кепшікке көмектесуді үгіттейтін, олардың жанашырлығын оятып, жомарттыққа жетелейтін көптеген аяттар бар. Мысалы, Аллаһ тағала былай дейді:

«Жақсы көрген нәрселеріңнен сарп етпейінше жақсылыққа жете алмайсыңдар. Садақа ретінде не берсеңдер де міндетті түрде Аллаһ оны біледі»,¹²³

«Ізгілік деген тек жүздеріңді шығысқа немесе батысқа қаратып, құлшылық ету ғана емес. Ол – Аллаһқа, қиямет-қайымға, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға сену, иман келтіру. Сонан соң туыстарға, жетімдерге, міскіндерге, жолаушыларға, қайыршыға садақа бергендер және құлдарды азат етуге шын ниеттерімен көмегін аямағандар, намаз оқу, зекет беру, уәдеде тұру, кедейлікке, кемтарлыққа және (Аллаһ үшін) күреске шыдау, міне, осылар нағыз ізгілік. Тақуа деп, міне, осындайларды айтады»,¹²⁴– деген.

Құран Кәрім мұсылмандарды қоғамдағы кедей мен мұқтаждарға жәрдем беру үшін қолдарынан келгенінің бәрін жасауға шақырады. Байлығын Аллаһ жолында жұмсамайынша ешкімнің де туралыққа жете алмайтынын білдіреді.

Өзара жәрдем

Мейірім Пайғамбары (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әнсар мен муһажирлердің бір-біріне ыстық ықыласын қалыптастыру үшін оларды бауырластырды. Бұл шешімге оң рай танытқан мұсылмандар қолдарынан келгенше бір-біріне жәрдемдесе бастады. Хақ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға келген муһажир Абдур-

¹²³ Әл-и Имран сүресі, 92

¹²⁴ Бақара сүресі, 177

рахман б. Ауф пен әнсарлық Сад б. әр-Раби екеуін бір-біріне бауыр етіп жариялағанда Сад Абдуррахманға «Ей, бауырым! Мен Мәдинаның ең ауқаттыларының бірімін. Мал-мүлкімнің жартысын саған берейін. Сонымен қоса екі әйелім бар. Ұнатқаныңды таңда, мен онымен ажырасайын, сен оған үйлен»,¹²⁵– деп бұл істе шын пейілдігін танытқан.

Өзара жәрдем қоғамның бір бөлшегі – отбасы мүшелері, туысқандар, көршілер және жеке тұлғалар арасында бой көрсетті. Себебі, Құран: *«Мұсылмандар – бауыр»* (Хужурат сүресі, 10) деп айтқан. Осы аяттың мағынасын аша түскен Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Мұсылман – мұсылманның бауыры. Мұсылман бауырына қастандық жасамайды, оны дұшпанға тастамайды. Кім мұсылман бауырына жәрдем етсе және оның кем-кетігін толықтырса, Аллаһ та оған жәрдем етеді. Кім бір мұсылман бауырын қиыншылықтан құтқарса, Аллаһ тағала осыған сай қиямет күні оның қиыншылықтарының бірін жояды. Кім мұсылман бауырының бір кемшілігін жасырса, Аллаһ тағала ақыретте оның да кемшілігін жауып жібереді»,* – деген.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өзі де мұқтаж жандар мен пақырларға үнемі жәрдем беріп, ауру, ғаріп пен жұмысқа жарамайтындарға мемлекет қазынасынан ақшалай жәрдемақы бөліп отырған. Тіпті, қарызын төлей алмай қалған адамдарға қарызын төлеуге көмектесе, тікелей өзінен жәрдем талап еткен жандарға көмегін еш аямаған.

¹²⁵ Ибн Сад Мұхаммад б. Сад, әт-Табакатул-Кубра, III, 89-б, (I-VIII том), Бейрут, 1958-1960.

Осылайша Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өмірдің әр саласында Аллаһ тағаланың жетекшілігімен жемісі мол жетістіктерге қол жеткізіп, үмбетін кемелділікке қарай жетелеген. Қараңғылықтың қара пердесін серпіп тастап, шұғылалы, салауатты өмір салтына жол ашқан. Алғашқы мұсылман қауымда орныққан бұл жетістіктер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мұсылмандық қауызынан сусындаған елдердің бәріне жөн сілтеп, бағыт-бағдар көрсеткен.

АРДАҚТЫ ЕЛШІНІҢ ТЕНДЕССІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Көркем мінез-құлық Ұлы Жаратушы тарапынан адам бойына бейне бір тұқым болып себілгендей. Пенденің хас табиғаты, пәк жаратылысы, ішкі жан дүниесінің сыртына теуіп, сәуле шашуы, әлгі тұқымдардың сүмбілденіп бүршік жаруы дегенді білдіретін көркем мінез-құлықтың ең басты шарты – тәрбие мен тәлім. Адамдарға барлық салада басшы мен үлгі болуы үшін көркем мінезді Пайғамбарымыздың бойына (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кім нақыштап, оны кім тәрбиелеген? Жауабын өзінің дүр-ғауһар сөзімен берейік: *«Раббым мені Өзі тәрбиеледі және тәрбие болғанда да ең керемет үлгіде!»*¹²⁶

Ұлы Жаратушының тәрбиесінен өтуі оны кемелденген ғажайып тұлғаға айналдырды. Айша анамыздың Пайғамбарымыздың мінез-құлқы жайлы сұраған

¹²⁶ Ажлуни Исмаил б. Мұхамад, Кәшфул-хафа уа музилул-илбас аммаштәһәрә минәл-әхадиси алә әлсинәтин-нас, I, 72-б, (I-II том), Каир, 1324.

сахабаларға «Оның мінез-құлқы – Құран еді»,¹²⁷ – деп жауап беруі Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өнегелі мінезі мен асқақ рухын, биік арын, кемелденген адамгершілік қасиетін паш етеді.

Ислам дінін жеткізу мен оның өмірдегі тәжірибелік көрінісін көрсету міндеті Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жүктелген болатын. Дағуаты адамдардың ақылына қонып, ыстық ықыластарына бөленуі үшін тұрмыс-тіршілігінде, мінез-құлқы мен ұстанымдарында өнегелі болуы қажет еді. Ол сенімімен, адамгершілігімен, дін жолындағы қажыр-қайраты, іс-әрекеттерімен адамдарға жол көрсетіп, сол жолды өзі бірінші болып жүріп өткен. Нәтижеде халыққа тікелей әсер етіп, әлемге шырақтай жанған бір қауым пайда болды. Мұны өзі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Адамдардың ең қайырлысы менімен бір кезеңді бөліскендер»,¹²⁸ – деп баяндайды.

Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тамаша ахлақ иесі. *«Ей, Мұхаммед, шүбәсіз Сен керемет мінез-құлыққа иесің»*, – деп Құранда арнайы мадаққа кенелген ол әрі көркем ахлақты толықтыру үшін жіберілген болатын. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде бұл жайлы:

«Мен әсем ахлақты толықтыру үшін жіберілдім»,¹²⁹ – деген.

Оның бойындағы осы әсем ахлақтың Ислам қоғамының алғашқы тұлғаларына әсері үлкен болған.

¹²⁷ Муслим, Салатул-мусафирин, 139.

¹²⁸ Бухари, Фәдаилул-асхаб, 1; Муслим, Фәдаилус-сахаба, 212.

¹²⁹ Имам Малик б. Әнәс, Муатта, Хуснул-хулқ, 8, (I-II том), Мысыр, 1318.

Енді осы қасиеттердің кейбіреуіне қысқаша тоқтала кетейік:

Сабыр

Кісіні бойында дағды боп қалыптасқан немесе қоғамға сіңісті жаман әдеттерден бас тартқызу – қиынның ең қиыны. Әсіресе, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне, ата-бабаларынан қалған наным-сенімдеріне құлай берілген арабтардағы бұл түсінікті, әдеттерді түбегейлі өзгерту Аллаһ Елшісі үшін одан да қиын еді. Осыған қарамастан ол алдынан шыққан түрлі қиындықтарға сабырлықпен төтеп берген. Қасынан өтіп бара жатып түкіргендер де, намазда сәждеге барған кезінде басына түйенің қарнын ақтарғандар да, жолына тікен шашып, тас лақтырғандар да, келеке етіп мазақ қылғандар да, отбасына адам жаны түршігерлік жала жапқандар да, жанындай жақсы көретін достарын өлтіріп, жанын сыздатқандар да болды, бірақ Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) еш мойымай, бәріне төзімділік танытты. Себебі, Аллаһ тағала:

*«(Расулым) қазір сен сабыр ет. Аллаһтың уәдесі шындық екенін біл. Ал бұған сенбейтіндер сені мойытпасын»;*¹³⁰

*«Рабыңның үкімдеріне сабырлық таныт. Себебі сен біздің көз алдымыздасың. Орныңнан тұрар кезде де Аллаһқа шүкірлік айтып ұлықта»;*¹³¹

*«(Расулым) сен олардың айтқандарына сабыр ет»;*¹³² – деп әмір еткен-ді.

¹³⁰ Рум сүресі, 60

¹³¹ Тур сүресі, 48

¹³² Сад сүресі, 17, Қаф сүресі, 39

Сахаба Әбу Һурайра Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) басынан өткен мына бір оқиғаны былай баяндайды: *«Аллаһ Расулы сахабаларымен мешітте сұхбаттасып енді ғана бөлмесіне қарай жүре бергені сол еді бір бәдәуи келіп, шапанынан тартып: «Ей, Мұхаммед! Маған ақымды бер. Қазынадан мал алып, екі түйеме арт. Себебі, бұл сенің, яки әкеңнің малы емес!» – деді дөрекіленіп. Хазірет Омар мұндай бейбастыққа шыдай алмай: «Пайғамбарым! Рұқсат ет, мен мынаның басын жұлайын!» – деп орнына атып тұрды. Бірақ, Аллаһ Расулы сахабаларына бұрылып: «Мына адамның сұрағанын беріңдер», – деді».*¹³³ Осы секілді тағы бір оқиға болғанда Аллаһ Елшісі:

*«Мұсаға бұдан да көп жәбір көрсетілді, бірақ ол сабыр етті»,*¹³⁴ – деген екен.

Адамзаттың Ардақтысы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өзіне жәбір көрсетіп, жапа шектірген адамдарға еш уақытта жаза қолданбаған. Мағриб ғалымдарынан Қады Ияд бұл жайында: *«Пайғамбарымыз өзіне жасалған жамандықтарды жазалауға шамасы келсе де сабырлық танытып, кешірім жасауды дұрыс көргені жайында өте көп деректер бар. Жетістікке жеткенге дейін құрайыштың көрсеткен қорлықтарына, қараңғылық дәуірдің надандығын паш ететін жәбірлерге сабыр етіп, шыдамдылықтанытқаны жөнінде кітаптарда бұлтартпас дәлелдер көптеп кездеседі»,*¹³⁵ – деп айтқан.

¹³³ Әбу Дәуд, Әдеп, 1.

¹³⁴ Бухари, Мәғазы, 105, 106; Муснәд, I, 380-б.

¹³⁵ Қады Ияд, әш-Шифа би тарифи хуқукил-Мустафа, I, 84-б, Ста - бул, 1325.

Туралық

Туралық – пайғамбарлықтың негізі. Пайғамбарлар әрдайым туралықтың туын желбіретіп, тұла бойларымен оның рәмізіне айналған. Құран Кәрім олардың осы қасиетін бізге:

*«Кітаптағы Ибраһимді есіңе ал. Ол турашыл пайғамбар еді»;*¹³⁶

*«Кітапта Исмайылды есіңе ал. Шынында ол уәдесіне берік еліі әрі пайғамбар еді»;*¹³⁷

*«Кітаптан Ыдырысты есіңе ал. Ол турашыл пайғамбар еді. Оны жоғарғы орынға көтердік»;*¹³⁸

*«Ей, сөзі мен өзі турашыл, Жүсіп!»;*¹³⁹ – деп мәлімдейді.

Турашыл болу пайғамбарларға ғана емес, сонымен қатар бүкіл жұртшылыққа айтылған әмір:

*«Ей, иман еткендер! Аллаһтан қорқып, турашылдармен бірге болыңдар».*¹⁴⁰

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл илаһи әмірге мойынсұнбауы мүмкін емес. Абдуллаһ б. Амр: *«Мен Аллаһ Расулынан естігендерімнің бәрін ұмытып қалмайын деп жазып жүретінмін. Құрайыштың алдыңғы қатарлы кісілері маған: «Сен естігеніңнің бәрін жазасың ба? Алайда, Аллаһ Расулы қуанған сәтінде де, ашуланған кезінде де сөйлейтін пенде ғой», – деп, жазуыма қарсы шықты. Мен жазуды доғарып, болған жайды Аллаһ Расулына баяндадым. Сонда ол*

¹³⁶ Мәриям сүресі, 41

¹³⁷ Мәриям сүресі, 54

¹³⁸ Мәриям сүресі, 56-57

¹³⁹ Жүсіп сүресі, 46

¹⁴⁰ Тәубә сүресі, 119

саусағымен аузын меңзеп: «Жаз! Аллаһқа ант етейін, бұл жерден тек қана ақиқат шығады»,¹⁴¹ – дейді.

Аллаһ тағала да осыған орай:

«Егер (Пайғамбар) біздің атымыздан кей нәрселерді ойдан шығарғанда міндетті түрде оны ұстап алып, күре тамырын үзер едік, сендер ешқайсың да бұған тосқауыл бола алмас едіңдер»,¹⁴² – деген.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) туралықтан айнымай, үмбетіне де соны өсиет еткен:

«Маған мына алты нәрсені уәде етсеңдер, Мен де сендерге жәннатқа кіруге кепілдік берейін: 1. Сөйлеген кезде турашыл болыңдар; 2. Уәде берген кезде сөзде тұрыңдар; 3. Аманатқа қиянат жасамаңдар; 4. Намыстарыңды қорғаңдар; 5. Көздеріңді харамнан сақтаңдар; 6. Қолдарыңды харамға қарай ұзатпаңдар».¹⁴³

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) атылған оқтай туралықтан еш уақытта таймаған. Адамдық қасиеттердің бір иірімі болып саналатын туралық жайында тағы да былай дегені бар еді:

«Туралықтан айырылмаңдар. Туралық сізді жақсылыққа, ал жақсылық сізді жәннатқа жетелейді. Адам әрдайым шынышыл болып, туралықты іздесе Аллаһтың жанында сыддықтардың (турашылдардың) тізіміне жазылады...»¹⁴⁴

¹⁴¹ Әбу Дәуд, Илм, 3.

¹⁴² Хакқа сүресі, 44-47

¹⁴³ Муснәд, V, 323-б.

¹⁴⁴ Бухари, Әдеп, 69.

Кішіпейілділік

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) атақ-данқы шартарапқа жайылып, пайғамбарлығын қабылдағандардың саны артқан сайын кішіпейілділігі тереңдей түскен болатын. Ол өзін үнемі айналасындағы адамдармен бірдей көріп, ешқашан олардан өзін артық санамаған. Жанындағыларға да:

«Мені христиандардың Мәриям ұлы Исаға жасағандарындай шектен тыс мадақтамаңдар, себебі мен бір құлмын, олай болса маған Аллаһтың құлы және елшісі деңдер», – деген.¹⁴⁵

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кішіпейілділігі соншалық, біреу келіп, «Менің үйімдегі мына жұмысқа көмектесіп жібер», – десе, барып көмектесетін.¹⁴⁶ Айша анамыз (р.а.): «Аллаһ Расулы үйінде қарапайым адамдар секілді киімін жамап, аяқ киімін жөндеп, үй шаруасында да әйелдеріне жәрдем ететін»,¹⁴⁷ – деп айтқан.

Мешіт құрылысында бәрі бір кірпіштен тасып жатқанда екі кірпіш тасып, ор қазу ісінде бәрі бір тас-тан тасығанда беліне екі тас-тан байлап тасыған, алдына келіп айтқысы келген сөзін жеткізе алмай дірілдеп отырған адамға: *«Бауырым қорықпа, мен де сен сияқты қара нан жеп өскен бір ананың баласымын»*¹⁴⁸, – деген Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамзаттың ең сыпайысы-тұғын. Қады Ияд Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осындай тамаша қасиеті жайында: *«Хазірет Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кішіпейіл-*

¹⁴⁵ Бухари, Бәдул-халқ, 1.

¹⁴⁶ Қады Ияд, әш-Шифа, I, 131-133-бб.

¹⁴⁷ Тирмизи, Шәмаил, 78.

¹⁴⁸ Ибн Мажә, Әтима, 30.

ділігіне келетін болсақ, Аллаһ тағаланың оған нәсіп еткен жоғары дәрежесіне қарамастан ол өте кішіпейіл еді. Өркөкіректік оның табиғатына жат болатын. Ешқашан тәкаппарланбайтын. Солай болғандықтан атына мінгенде артына адам отырғызып, кедей-кепшіктің үйін аралап, пақырлармен отырып әңгімелесетін. Құлдардың шақыруын қабылдап, қонаққа баратын. Сахабаларымен араласып, бір жиынға барғанда басқа адамдарды орындарынан тұрғызып әуреге түсірмеу үшін шеттегі бос орынға жайғасатын»,¹⁴⁹ – дейді.

Баршаны бауырына басқан мейірім

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құран Кәрімде баяндалған өнегелік қасиеттерінің бірі – мейірімділігі, рақымдылығы және жұмсақтығы. Осы жайында мына аяттарға назар аударайық:

«Ей, адамдар! Сендерге өз араларыңнан бір пайғамбар келді. Сендер бір қиындыққа ұшырасаңдар – оған ауыр тиеді. Сендерді өте жақсы көреді. Мұсылмандардың бәріне тегіс мейірімді әрі рақымды»,¹⁵⁰

«(Ей, Мұхаммед!) Өзіңе Аллаһ берген мейірімге орай сен де адамдарға сыпайы, жұмсақ қарымқатынас көрсеттің. Егер сен дөрекі, жүрегің қатыгез болғанда, олар сенің маңыңнан безіп кеткен болар еді»,¹⁵¹

«Біз сені ғаламға тек қана рақым етіп жібердік»,¹⁵²

¹⁴⁹ Қады Ияд, әш-Шифа, I,101-б.

¹⁵⁰ Тәубе сүресі, 128

¹⁵¹ Әл-и Имран сүресі, 159

¹⁵² Әнбия сүресі, 107

«Өзіңе ерген мұсылмандарға мейірім құшағыңды аш». ¹⁵³

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ тағаланың мейірімі мен рақымдылығының жер бетіндегі дара өкілі ретінде осы екі қасиетті шебер қолданып, барлық жүректерге жол тапқан. Өйткені, мейірім, жұмсақтық, шын пейіл мен ықылас сияқты қасиеттер жұртшылыққа тікелей әсер етеді, көңілдеріне толқын тудырып, ақиқатты мойындатып, қабылдаттырады. Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мейірімі мен рақымдылығы арабтармен немесе мұсылмандармен шектелмейтін, сенімі, түр-түсі, ұлты, атағы немесе тегі қандай болмасын Аллаһ тағала жаратқан барлық мақлұқатқа арналған еді. Ешкімді бөліп-жармай бәріне мейірім шуағын төгетін. Өзіне қастандық жасап, өлтірмек болғандар үшін де «Аллаһым, бұларды кешір, себебі олар мені әлі толық білмейді», ¹⁵⁴ – деп, рақымдылығымен Аллаһ тағалаға жалбарынып дұға еткен.

Кәпірлерге қарғыс айтуын сұрағандарға берген жауабы да адам баласын терең ойға жетелейді:

«Мен азап үшін емес, рақым үшін жіберілдім». ¹⁵⁵

Хақ Елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бүкіл әлемге рақым ретінде жіберіліп, мұсылман, кәпір, мұнафық, бәрі де оның мейірімінен үлес алған бейне бір рақымдылықтың жер шарындағы қазығы сияқты еді. Өзімен бір кезеңді бөліскен мұсылмандарға байланысты:

«Кімде-кім артында бір мал қалдырса, ол оның туыстарына тиесілі. Алайда, кімнің артында төленбей

¹⁵³ Шуара сүресі, 215

¹⁵⁴ Бухари, Әнбия, 54.

¹⁵⁵ Муслим, Бирр, 24.

қалып жатқан қарызы болып, өзі о дүниеге аттанса, ол қарызы менің мойнымда»,¹⁵⁶ – деген.

Кәпірлер кесірін тигізіп жатса да оларға еш қарғыс айтпаған. Қайта Құран Кәрім кәпірлердің бұл дүниеде азапқа ұшырамай тыныш өмір сүруін былай түсіндіреді:

«Сен олардың ішінде жүрген кезде Аллаһ оларға азап төндірмейді».

Бір хадисте Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Мен намаз оқуға тұрғанда, кейде намазды ұзақ оқығым келеді. Алайда, сол арада баланың жылаған даусын естісем, анасы баласын уайымдап, алаңдай бастайтынын білгендіктен дереу намазды тездетіп оқып бітіремін»,¹⁵⁷ – деп айтқан.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көбінесе намаздарын мешітте оқитын. Ол намазға тұрғанда артындағы жамағатын да ойлап, баласы жылаған ана болса, сол ананың көңілі алаңдамасын деп намазын тез бітіруге тырысатын. Баланың да жылап, мазасызданғанын қаламайтын. Бала мен ананың жағдайын осылай ойлаған Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйел қауымына да мейіріммен қарайтын. Айналасында үнемі ер кісілер жүргендіктен әйелдер оны (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тыңдап, сұрақтарын қоюға қысылатын. Сол себепті әйелдер Пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өздеріне бір күн арнауын өтінді. Рақым Пайғамбары бұл өтінішті қабылдап, олар үшін аранайы бір күн белгіледі. Осы нәзік жанды қауымға Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ерекше көңіл бөліп, сұрақтарын

¹⁵⁶ Муслим, Бирр, 87.

¹⁵⁷ Бухари, Азан, 65.

бар ықыласымен тыңдап, биязылықпен жауап беретін. Сондықтан әйелдер өздерін мазалаған сұрақтарын қысылмай еркін қоя алатын. «(Ей, Мұхаммед!) *Өзіңе Аллаһ берген мейірімге орай сен де адамдарға сыпайы, жұмсақ қарым-қатынас көрсеттің...*» деп аятта айтылғандай, Пайғамбарымыздың жұмсақ мінезі, мейірімі мен сыпайылығы оның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлық міндетін жетістікпен атқаруда маңызды рөлге ие болған. Тіпті бағзы адамдардың Ислам дінін қабылдауына осы қасиеттері тікелей әсер еткен. Сахаба Зәйд б. Сан'ан өзінің мұсылман болғанын: «Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) менен қарыз алған болатын. Мен ол күндері әлі мұсылман емес едім. Әдейі қайтарып берем деген күнінен бұрын келіп қарызымды сұрадым. Тіпті оны ашуландыру үшін: «Сендер, Абдумутталиб әулеті қарызымды беруге келгенде өте селқоссындар», – дедім. Бұны ести сала Омар (р.а.) айбарланып: «Әй, Аллаһтың дұшпаны! Егер яһудилермен жасаған келіссөзіміз болмағанда басыңды кесер едім! Аллаһ Елшісімен дұрыстап сөйлес!» – деді. Мейірім Пайғамбары (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса жүзін жылытып, Омарға: «Ей, Омар, мына адамның ақысын бер. Ал қорқытқаның үшін де жиырма са¹⁵⁸ қос», – деді», – деп баяндайды. Оқиғаның жалғасын енді Омардың (р.а.) аузынан тыңдайық: «Мен Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұйрығымен орнымнан тұрып, Зәйд б. Сан'анды ертіп, ақысын беру үшін сыртқа шықтым. Жолай кетіп бара жатқанда Зәйд маған: «Ей, Омар! Менің әрекетіме ашуланғаныңды білемін. Мен Тәуратта айтылған соңғы пайғамбардың сипаттарының бәрін оның бойынан

¹⁵⁸ са⁷ – салмақ өлшемі.

көрдім. Тек қана Тәуратта бір аятта былай делінген еді: «Оның жұмсақтығы оқу-жазу білмейтіндігін басып озады. Надандардың қатыгездігі оның мейірімін одан сайын арттыра түседі». Мен оның жұмсақтығы сол Тәуратта айтылғандай ма екен, соны тексергім келді, әлгі сөздерді сол үшін сарп еттім. Дәп қазір мен оның Тәуратта сүйіншіленген пайғамбардың тура өзі екеніне көзім жетті. Ендігі жерде мен де оның соңғы Пайғамбар екеніне иман келтіріп, кәлима шәһәдатты айтамын»,¹⁵⁹ – деді.

Мекке жеңісі күні де осындай оқиғалар болған еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мекке кезеңінде көп қиыншылықтар көрді. Келеке-мазақтар, оған қарап түкіру, тас ату, жолына тікен төсеу. Тіпті ыстық ұясынан қуылып, Мәдинаға хижрет етті. Сонда да меккеліктер тыным таппай, одан сайын өршіге түсіп, оған қарсы соғыс жариялады. Оны өлтірудің сәті түсті деп соғысқа жан-тәндерімен кірісті. Бірнеше мәрте адам жалдап оның жанын қимақ болды. Ақырында қараңғылықтың еріксіз жарыққа жол беретіні секілді меккеліктер Аллаһ елшісінің алдында дәрменсіздіктерін сезінді. Бірнеше жылдан соң Аллаһ Расулы әскерімен келіп Қағбаны алғанда, меккеліктер оның алдында еріксіз бас иді. Сонда ақиық Елші (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оларға қарап: «Мен сендерге не істейді деп күтесіндер?» – деді. Бәрі бір ауыздан: «Әкең пейілі кең, мәрт кісі еді. Сенен де тек қана мәрттік күтеміз», – деп жауап берді. Ол болса Жүсіп пайғамбардың (а.с.) Құранда бауырларына айтқанын қайталап: «Бүгін сендерге реніш жоқ. Аллаһ сендер-

¹⁵⁹ Ибн Хажәр әл-Асқалани, әл-Исабә фи тәмиизис-сахаба, II, 606-607-б (I-VIII том), Каир.

ді кешірсін. Ол рақымдылардан да асқан рақымды», – деп оларды кешіргенін баяндады. Оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осы жұмсақтығына тәнті болған меккеліктердің көпшілігі сол арада Ислам дінін қабылдайды.

Құлшылығы мен тақуалығы

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) құлшылық қасиеті жағынан да ең биік шыңда болатын. Пайғамбарлыққа қадам басқаннан шартарапқа даңқы жайылып, дүниенің салтанаты аяғына келіп тұрғанда да бұл қасиетінде зәредей өзгеріс болған жоқ. Ол (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) құлшылығын терең тебіреніс ішінде жан-тәнімен атқаратын. Бірақ, шектен де шықпайтын. Толығымен құлшылыққа беріліп, уақыттарын тек қана Аллаһқа ғибадат етуге арнамақ болған сахабаларға Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Аллаһты ең жақсы білетін және Одан ең көп қорқатын менмін. Алайда, мен ғибадатымды жасаймын. Әйелдеріме уақыт бөлемін. Дем алып, түнде құлшылығымды да атқарамын. Ораза да ұстаймын, тамақ та жеймін. Бұл – менің жолым. Кім менің жолымнан бас тартса менің үмбетім емес...»,¹⁶⁰ – деген болатын.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ши төсектің үстінде жатуы, үйде садақа мен зекет малы бар деп таңға дейін ұйықтай алмай дөнбекшіп шығуы, Құран Кәрімнің ақырет жайында айтқан аяттарын тыңдаған кезде жылауы, бірнеше күн аш қалып, бұған сабыр етуі тақуалығының айқын көріністері. Ал мұндай тақуалығымен Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) халыққа қаншалықты әсер еткені айтпаса да түсінікті.

¹⁶⁰ *Бухари, Никаһ, 1.*

Сахабалары да сол жолмен жүріп, қысқа уақыт ішінде әлемнің ең бай, ең күшті мемлекетін құрған.

Пайғамбарымыздың отағасылық сипаты

Жаңа құрыла бастаған бір қоғам өмірдің әрбір сәтінде өзіне бір үлгі қажетсінеді, әсіресе отбасылар бұған өте мұқтаж. Себебі, жеке тұлғалардың, қоғамның салауаты үнемі отбасына келіп тіреледі. Адам – отбасының бір мүшесі болса, отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Сондықтан адамға және қоғамға қатысты мәселелердің бәрі отбасын айналып кете алмайды.

Жаңа қоғам ретінде қалыптаса бастаған уақытта сахабаларға үлгі боларлық отбасы – Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) отбасы еді. Бұл өнегелі шаңырақтың отбасылық өмірі, отағасы әрі әке ретінде Хақ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) рөлі қандай еді, енді осы мәселелерді қарастырайық.

Адамзаттың Ардақтысы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) алғаш рет 25 жасында Хадиша Хуайлидқызымен үйленген. Хазірет Хадиша (р.а.) өте салиқалы әйел болатын. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) пайғамбарлық өмірінің ең қиын кезеңдерін Хадиша анамызбен бөлісті. Қиыншылықтарға мойымаған бұл жұп бақытты отбасын құрды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ардақты Хадиша анамыз қайтыс болғанға дейін, яғни 23 жыл бойы екінші рет үйленуді еш ойлаған емес-ті. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Ибраһимнен басқа балаларының бәрі де осы Хадиша анамыздан (р.а.) еді. Ұлдары Қасым мен Абдуллаһ сәби кездерінде шетінеп, ал қыздары Зейнеп, Рұқия, Үмму Күлсім мен Фатима бойжетіп, тұрмысқа шығып, балалы-шағалы бола-

ды. Пайғамбарымыздың адал жары Хадиша хижрадан үш жыл бұрын өмірден озған.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көп әйелге үйленуі Мәдина кезеңінде басталған. Меккеде Сәуда бинт Зәм'амен (р.а.) үйленіп, Айша анамызбен некесін ғана қидырған еді. Одан кейін Умму Сәләмә (р.а.), Хафса (р.а.), Зейнеп б. Хузәймә (р.а.), Зейнеп б. Жашх (р.а.), Жуәйра (р.а.), Сафия (р.а.), Умму Хабибә (р.а.), Мәймунә (р.а) аналарымызға үйленген. Алайда, бұл некелерінің бәрі діни, саяси қажеттіліктен туындағанды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үйленген кезінде сол кезеңнің дәстүрі бойынша әйелдерінің бәріне «мәһир» (әйел адамның өзіне берілетін мал) төлеген. Тек қана құлдыққа түскен хазірет Сафияны мәһир ретінде бостандыққа қауыштырған.¹⁶¹ Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Хадиша анамызбен отасқан 23 жылдық өмірі өзінің абыройлығымен, пәктігімен бір әйелмен некелі отбасылар үшін үлгі-өнеге. Діни және саяси қажеттіліктен туындаған көп әйелмен некелі өткен өмірі де әйелдерінің әрқайсысының мінез-құлқы, әдеттері, көрген тәрбиесі басқа болғанымен, бәрінің тілін тауып, бір шаңырақта тату-тәтті ғұмыр кешуі, бәріне әділдікті теңдей бөлуі, тіпті бір оқиғаға байланысты Пайғамбарымыздың жұбайларына Аллаһ Тағаладан әмір келіп: *«Ей, Пайғамбар, жұбайларыңа айт: «Егер осы дүние мен оның зейнетін қаласаңдар, сендерге соны беріп, сендерден ажырайын, ал егер Аллаһты, Пайғамбарын және ақырет өмірін қаласаңдар, онда біліп қойыңдар, Аллаһ сендердің араларыңда жақсылықпен әрекет еткендерге өте үлкен сый*

¹⁶¹ Сирет Ансиклопедиси, II, 191-б.

дайындаған», – де»¹⁶² деген қалау мүмкіншілігі берілгенде бәрінің бір ауыздан Аллаһты, Пайғамбарымызды және ақырет өмірін қалаулары Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) теңдессіз отағасы екенін танытады.

Хақ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйелдерінің материалдық қажеттіліктері, киім-кешектері мен сәндік бұйымдарына қыспақ көрсетпеген. Сонымен қатар, әрбір әйелі үшін жеке баспана жағдайын қарастырған. Отағасы ретінде ең көп мән берген нәрсесі – отбасы мүшелерімен сұхбат болатын. Сұхбат екі түрде өтетін. Әрқайсысымен бөлек және отбасы мүшелерінің бәрінің басын қосып сұхбаттасуы. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кей істерінде әйелдерімен де кеңесіп отыратын. Қараңғылық дәуірде адам қатарына қосылмаған әйелдер Исламның нұрымен «Жәннат аналардың аяқтарының астында» деген марапатына ие болып, өзінің лайықты болмысына қайта оралды.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйелдерімен қарым-қатынасында әрдайым сыпайылық танытатын. Олардың нәзік жаратылыстарын үнемі естен шығармай, оларды шыныдан жасалған құмыраға теңейтін. Олардың қателіктеріне де сабыр мен сыпайылықпен жауап беретін. Сахабаларына да әйелдерге қол жұмсамауды, жәбірлемеуді өсиет ететін. Өзі де әйелдеріне әділдікпен қарап, жорыққа шыққан кезде қасына ертетін әйелін жеребе тастап таңдайтын. Өмірінің соңғы күндерінде әйелдерінің үйін аралауға шамасы келмей ауруы асқынған кезде хазірет Айшаның үйінде қалу үшін басқа әйелдерінен рұқсат алған. Осылайша ауыр халде жатқанның өзінде әйелдерінің құқығын аяққа тап-

¹⁶² *Ахзаб сүресі, 28-29*

тамай, артында қалған мұсылман қауымына әйелдерді құрметтеуде өнегелі бір жол ұсынған.

Отбасылық өмірдің реңін кіргізетін маңызды бір мәселе – отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметі. Пайғамбарымыз:

«Мұсылмандардың ішінде ең жақсысы – мінезі жақсы болғаны. Қайырлысы – жұбайына қайырлы болғаны»,¹⁶³ – дейді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі де жұбайларын ешқайсысын бөліп-жармай, олардың біреуі бай отбасынан, біреуі кедей отбасынан шықса да, біреуі жас, біреуі кәрі болса да, бәріне бірдей құрметпен қараған. Мысалы, Аллаһ Расулының жұбайларынан Сафия анамыз яһуди отбасынан болатын. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) онымен үйленгенде, Сафияны (р.а.) көруге келген хазірет Айшадан ол жайлы пікірін сұрайды. Сонда Айша анамыз қызғанышын жасыра алмай: «Жай ғана яһуди қызы», – деп жауап береді. Пайғамбарымыз: «Ей, Айша, олай деме, ол Исламды қабылдады, оның мұсылмандығы қандай тамаша!» – деп тіл қатқан. Бір күні Пайғамбарымыздың жұбайларынан Хафса (р.а.) да Сафия анамызға «Яһуди қызы» деп айттып салады. Сонда жылап отырған жұбайын көрген Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хазірет Сафияға: «Сен пайғамбар қызысың, (яғни пайғамбар ұрпағысың) ағаң пайғамбар еді (Мұса пайғамбарды (а.с.) меңзейді (ав.)), өзің болсаң Пайғамбардың жұбайысың, ал олар сенің алдыңда несімен мақтан етеді», – деп жұбатады. Ал хазірет Хафсаға: «Аллаһтан қорықпаймысың, ей, Хафса!» – деп ескерту жасайды. Сахабаларына да: «Ешкім әйелін жек көріп, кек сақтамасын. Оның бір мінезін жақсы

¹⁶³ Әбу Дәуд, Сүннет, 14.

көрмесе, басқа мінезін ұнатар», – деп өмірлік мәні бар уағызын айтқан. Себебі, кемшіліксіз пенде жоқ. Кемшілікке кешіріммен қарап, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп атам қазақтың да айтқанындай, отбасы мүшелерінің бір-бірінің жақсылықтарын көруге тырысуы – отбасы бірлігін сақтап қалатын ең маңызды қасиет. Пайғамбарымыздың отағасы ретінде осы қасиетті бойына сіңіруі – оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жұбайларына деген құрметін асыруға, жұбайларының да айлар бойы аш қалып, дастарқандарында қара нан мен кепкен құрмадан басқа дәм-тұзы болмай қалған күндерде де отағасына деген сүйіспеншіліктерін бір сәт те жоғалтпай, оны мен дүние-мүлік арасында таңдау берілгенде, еш ойланып жатпай өмірлік жолдастарын таңдауына сеп болған еді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әке ретінде де адамгершіліктің заңғарында болатын. Үнемі таң намазына мешітке кетіп бара жатып, жолай қызы Фатиманың (р.а.) үйіне соғып, қызы мен күйеу баласы хазірет Әлиді таң намазына оятып кететін. Үлкен қызы Зейнеп мүшірік күйеуі Әбул-Аспен Меккеде қалып қойып, кейіннен Мәдинаға келген кезінде сүйікті қызын көріп қатты қуанады. Хазірет Османмен (р.а.) үйленген қызы Рұкия Хабәшістанға hijрет еткенде, ұзақ уақыт қызының хабар-ошарын біле алмай жүргенде, бір әйелдің келіп, олардың дін-аман екенін білдіргенде қуанышқа кенелуі, қызы Үммү Күлсім қайтыс болғанда қабірінің басында жылауы – міне, осының бәрі оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әкелік сүйіспеншілігінің жарқын көріністері. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) немерелері Хасан мен Хүсейнді (р.а.) құшағына басып сүйетін. Немере қызы Умамә намаз оқып жатқанда келіп, үстіне шығып

алса оны арқалаған күйінше намазын жалғастыратын. Үйінде немерелерін ойнататын. Бір күні әдеттегідей өзі ат болып Хасан мен Хүсейінді (р.а.) арқасына мінгізіп, ойнатып жүргенде ішке кірген хазірет Омар (р.а.) мына көрініске таң-тамаша болып, Пайғамбарымыздың немерелеріне: «Сіздің қандай тамаша сәйгүлігіңіз бар!», – дейді. Пайғамбарымыз да кідірместен: «Бұл сәйгүліктің қандай тамаша шабандоздары бар!» – деп үстіндегі немерелерін меңзеп, оларға деген құрметін көрсетеді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өзінің Тәңірі берген парасаттылығымен жаңа құрыла бастаған қоғамға осылайша өнегелі отағасы ретінде де үлгі бола білген хақ Пайғамбар еді.

Пайғамбарымыздың басшылық қасиеті

Мәдинаға һижрет етумен қатар басталған жаңа қоғамдық құрылыстың өзіне тән қиындықтары бар болатын. Бұл қиындықтарды жеңу белгілі бір ұстанымдарды негізге алуды қажет етті. Осы ұстанымдардың бірін Құран Кәрім:

*«Аллаһ сізге жеңілдік тілейді, қиындықты қаламайды»,*¹⁶⁴ – деп белгілейді.

Әлгі ұстанымдардың ішінде ең маңыздысы – жеңілдікті таңдау болатын. Сол үшін де Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үнемі қолайлы жолды қалайтын. Оның осы таңдауы пайғамбарлық міндетінің сәтті жүзеге асуына жағдай жасады. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларына үнемі шамалары келетін міндетті жүктейтін. Хазірет Айша анамыз:

¹⁶⁴ Бақара сүресі, 185

«*Расулаллаһ* (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) *сахабаларға бұйрық бергенде әрдайым атқарылуы оңай істерді әмір ететін*»,¹⁶⁵ – деп баяндайды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сөзінде:

«*Сіздерге бір нәрсені тыйым салсам міндетті түрде одан қашыңыздар, бір нәрсені бұйырғанымда шамаңыз келгенше оны орындауға тырысыңыз*»,¹⁶⁶ – деген.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үнемі айналасындағы адамдардың жағдайын ойлап жүретін. Әнәс б. Малик бұл жайында:

«*Расулаллаһ* (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) *адамдардың ішінде намазды өте жеңіл оқытатыны еді. Расулаллаһ намаз оқытып жатқанда анасының жанында жылаған бір баланың даусын естісе қысқа сүре оқитын*»,¹⁶⁷ – деп айтқан.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл ұстанымды мұсылмандарға:

«*Оңайлатыңыз, қиындатпаңыз; қуантыңыз, жерітпеңіз*»,¹⁶⁸ – деп өсиет еткен.

Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басшылық қасиетін бекіте түскен тағы бір ерекшелігі – оның әділ болуы еді. Адамдардың арасында мал-мүлік, атақ-даңқ, тегі мен ұлтына, нәсіліне, тіпті дініне қарамастан бәрін тең санап, аққа жақ болып, кінәліні керегінше жазау – оның әділеттілігінің көрінісі болатын. Мысалы, бір күні сахаба Әбу Зәһр (р.а.) ашу үстінде тіліне абай бола алмай, қара нәсілді сахаба Білалға (р.а.) «Ей, қара

¹⁶⁵ Сахих-и Бухари ве тежрит тержемеси, I, 36-б.

¹⁶⁶ Бухари, Итисам, 2.

¹⁶⁷ Бухари, Азан, 65.

¹⁶⁸ Бухари, Илм, 11.

әйелдің ұлы», – деп айтып қалады. Сонда сахаба Әбу Зәрге Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Сенде әлі қараңғылықтың қалдығы бар!» – деп қысқа да нұсқа бір ескерту жасайды. Бұл Исламның шуағымен нұрлы бір өмірге кенеліп, қараңғылық тұзағынан құтылғанына күніне мың мәрте Аллаһқа шүкірлігін айтатын саңлақ сахаба үшін өмірінің соңына дейін жетерлік бір ескерту еді.

Пайғамбарымыз өмір бойы мұсылман қоғамында ақиқат пен теңдіктің туын тігуді мақсат етіп алға қойған. «Уәда» құтпасында:

*«Ей, адамдар! Бәріңнің Раббың бір, аталарың бір. Бәрің де Адамнан тарағансыңдар. Адам болса топырақтан жаралған. Аллаһтың алдында ең қадірлі, ең ұнамды – Одан қорқып, аяқ тартқандар. Бір арабтың араб еместен ешқандай үстемдігі жоқ, бар болса бұл тек қана тақуалық жөнінен ғана», – деген.*¹⁶⁹

Жомарттық, жәрдемге асығу, бір істі бастағанда соңына дейін жеткізу, қажымай еңбек ету – оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) басшылық қасиетінің көркем жақтары.

Мұсылмандар мен мүшіріктердің арасында өткен соғыстарда ардақты Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Өзінің кемеңгер қолбасшы екенін де көрсеткен. Алайда соғысты, соғысуды жаны жақтырмайтын. Амалы таусылғанда ғана соғысқа шығуға шешім қабылдайтын. Жалпы Ислам діні бойынша соғыс мұрат емес. Бірақ, кей жағдайларда соғысты айналып өту мүмкін емес кезеңдер болады. Осындай жағдайларда Аллаһ жолында жиһад ету – шамасы мен күш-қуатына қарай әрбір мұсылманға парыз болған. Сонымен қатар, алғашқы

¹⁶⁹ Муснәд, V, 441-б.

мұсылман қауымында соғыс тек қана қорғаныс үшін жасалған. Ешқашан қылышпен, қан төгу жолымен діндерін жайып, оны қабылдануға тырыспаған.

Ықыласы

Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) – бейбітшілік пен сүйіспеншілік пайғамбары. Сол себепті Аллаһтың дінін бейбіт жолмен таратуға атсалысқан. Құран Кәрімнің ақиқаттарын ең оңтайлы тәсілмен халыққа жеткізіп, жүрекке жылы сөзімен халықты дінге шақырған, дұшпандары мен мүшіріктерге қарсы күресін де ең тиімді әдіспен жүргізген. Ұлы Жаратушының **«Раббыңның жолына әсем насихатпен, хикметпен шақыр»**¹⁷⁰ деген әмірін ықыласпен орындаған. Осы әмірді орындау үшін мына дүниенің салтанатына бас имей, өзін толығымен қасиетті ісіне арнаған.

Хақ Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тарата бастаған діні жоғарыда айтылғандай меккеліктердің, әсіресе қаладағы байлардың қарсылығын тудырды. Олар Пайғамбарымыздың өздерінің пұтқа табынушылық дәстүрлеріне қарсы шығуынан қорыққан жоқ, кісі ақысын жеуге тыйым салуынан, зекет дәстүрін орнату барысында күн өткен сайын көпшіліктің көңілінен шыға бастаған әлеуметтік әділеттіліктің орнауынан, сауда-саттықтарының негізгі көзі – өсімқорлық пен жемқорлыққа төнген қауіптен қорқа бастады. Не істерін білмей абдыраған қарсы келушілер: «Қайтсек оның беделін түсіреміз?» – деп бастары қатты. Оған сиқыршы, көзбояушы, есалаң, ауру деген жала жауып көрді. Алайда, жалған жалаларымен халықты сендіре алмады. Болмаған соң немере ағасы Әбу Тәліпке

¹⁷⁰ Нахл сүресі, 125

келіп: «Біз оған қалаған байлығын берейік, Меккенің билігі керек десе, билікті берейік, әйел қаласа, ең сұлу қызымызға үйлендірейік, тек қана біздің ескіден қалыптасып қалған өмір-тіршілігімізді бұзбасын, ата-бабамыздың дініне қарсы шықпасын», – дегенде, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) аузынан алтын әріптермен айшықтауға лайық:

«Уаллаһи, егер менің оң қолыма күнді, сол қолыма айды ұстатса да мен бұл дінімді уағыздаудан бас тартпаймын!»,¹⁷¹ – деген сөздер төгілген.

Ислам дінінің күн өткен сайын кең етек жая түсуінде осы ықыластың үлкен рөлі болған. Аллаһ Тағала да оның бойында осы ықыластың беки түсуі үшін оны демеп отырған. Мысалы, Мекке кезеңінде Пайғамбарымызға қарсы шығып, оны келеке еткен, сонынан ергендерді өлтіруге дейін барған Мекке басшыларына Құранда:

«Мыналардың ешқайсысына мойынсұнба, олар ант ішкіш, ождансыз, өсекші, жақсылыққа төзе алмайтын сотқар, сараң, күнәһар, дәрекі, жамандықпен аты шыққан, дәулеті мен дәулетінің көптігіне масаттанып, Біздің аяттарымыз оқылғанда олар: «Баяғының ертегісі ғой», – деседі»,¹⁷²

«Ғайбат пен өсек айтушыларды қарғыс атсын. Мал жинап, соны бір-бірлеп санағандар дәулетті мәңгілік деп ойлайды. Жоқ, олай емес. Олар, сөз жоқ, Һутәмаға тасталады. Һутәманың не екенінен хабарың бар ма? Ол – Аллаһтың жағылған оты. Жүректерді

¹⁷¹ Ибн Хишам, I, 166-б.

¹⁷² Қалам сүресі, 10-16

күйдіретін шоқ. Олар зор діңгектерге таңылып, сол отқа тасталады»;¹⁷³

«Әбу Лаһабтың екі қолы құрысын! Өзі де құрыды. Мал-мүлкі де, басқалары да оған пайда бермеді. Ол алаулаған отқа кіреді. Әйелі болса оның отынын тасиды. Оның мойнында (пальмадан) есілген мықты арқан бар»;¹⁷⁴

«Біздің аяттарымыз оқылып жатқанда кәпірлердің жүзінен оған сенбегендік (тіпті жалған санаған келеке) көресің. Біздің аяттарымызды оқығандарға тап беріп, таласа кетуге дайын тұрғанын көресің. Сен айт: «Сендерге бұдан да жаманын айтайын ба? Ол – тозақ. Кәпірлерге Аллаһ от азабын бұйырған. Сендердің қайтып баратын орындарың қандай сұмдық!» – де»,¹⁷⁵ – деп сын айтылады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әлгі аяттарды қарсы келген қала басшыларына олардың саны мен күшінің көптігіне, өздерінің аздығына қарамастан беттеріне айтып, оқуы оның ұлы ахлақын көрсетпей ме?! Міне, бұл оның батырлығы және сенген жолында ешкімнен қорықпайтын қайсарлығы еді.

Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құранда тарих қойнауынан шындыққа суарылған сыр шертіліп, Хазіреті Ибраһим, Нұх (а.с.), Мұса (а.с.), Иса (а.с.), т.б. секілді осындай қарсылыққа тап болған пайғамбарлардың хикаялары баяндалады.

Сонымен қатар, Құранда Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

¹⁷³ Һумәзә сүресі, 1-9

¹⁷⁴ Мәсәд сүресі, 1-6

¹⁷⁵ Хажж сүресі, 72

«Оларға ашық түрде аяттарымыз оқылғанда іштерінде Бізбен кездесуді үміт етпегендер: «Бұдан басқа Құран әкел немесе мынаны өзгерт», - деді. Сен айт: «Оны өзгертуге менің күшім жетпейді. Мен тек қана маған уахи етілгендерге бағынамын. Егер мен Раббыма қарсы келсем, онда ұлы бір күннің азабынан қорқамын»;¹⁷⁶

«Әлде оны ойдан шығарды дей ме? Сен айт: Егер мен оны ойдан шығарсам Аллаһтан келетін жазаға қарсы сендердің ешқайсыңның да маған пайдаларың болмайды. Ол сендердің астамшылықтарыңды өте жақсы біледі. Сендер мен менің арамда Оның (Аллаһтың) куә болуы маған жетеді. Ол кешірімді әрі мейірімді»;¹⁷⁷ – делінген.

Осы аяттарда баяндалғандай, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өз міндетін атқару барысында Аллаһтың қойған талабынан аспай, тоқтауы керек жерде шектен шығып кетпеген. Бұл да оның тәрбиелілігін, мінез-құлқының көркемдігін, ықыласы мен міндетінің жай-жапсарын жақсы білгендігін көрсетеді. Ол Аллаһтың өзіне жүктеген жауапкершілігін терең сезініп, мойнына артқан жүгінің мән-мағынасын жете түсініп, нық сеніммен атқарған. «Хазірет Пайғамбарды Аллаһ үшін, Оның діні үшін өзін пида етуге, сол жолда тіпті құрбан болуға риза еткен, ұлылықтың, рухани қуаттың шыңына шығарған, оның көз алдында кедей-кепшік пен байды, тоқ пен ашты, рақат пен қиыншылықты, қуаныш пен қайғыны тең етіп көрсеткен, Аллаһтан басқасының бәрінен қорқу дегенді ұмыттырған, Аллаһ

¹⁷⁶ Жүніс сүресі, 15

¹⁷⁷ Ахқаф сүресі, 8

жолындағы барлық күмәндарды сейілткен, көз алдында атак, даңқ, тектің салтанатын көлеңкелеткен, менмендік пен өзімшілдікті өшірген, оның ақыл-ойы мен сезімдеріне үкімін жүргізген осы сарқылмаған, кең даладай көсілген иманы болатын», – деген И. Дервезе жақсылық атаулының бәрі оның бойында жинақталғанын, дінді тарату барысында олардың нақтылана түскенін айтты.¹⁷⁸

Хақ Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) халықты бір жақсылыққа шақырса, міндетті түрде сол жақсылық оның бойынан табылатын. Жамандықтан тыйса, сол жамандықтың ауылынан Өзі де алыс тұрған. Аллаһтың дініне соншалықты ықыласты болуы айналасындағы адамдарды өзіне магнитше тартқан. Тіпті, осы магниттің тарту күші ғасырлардан асып, өзінің айналасына жақсылыққа жаны құштар жандарды әлі де үйіре тартып келеді.

ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫ ӨНЕГЕ РЕТІНДЕ ҰСЫНУЫ

Дүние жүзінде Ислам дінін қабылдаған адамдардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар. Өмірдің әрбір белесінде, рухани жан-дүниесінде, ой-танымы мен қарым-қатынастарында үлгі боларлық біреуді табу – бәрінің де ортақ арман-тілегі. Осы арман-тілекке жеке тұлға, отбасы, ұлт, үмбет және барша жұртшылық дәрежесінде, әмбебап шеңберде жауап беру, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін Пайғамбарымыздың әрекеттері мен өмір салты «**Усуатун хасәнә**»,¹⁷⁹ яғни

¹⁷⁸ И. Дервезе, Курана гөре Хз. Михаммедін хауаты, II, 76-б, (ауд: М. Йолсу), I-III том, Стамбул, 1995.

¹⁷⁹ Ахзаб сүресі, 21.

әмбебап өмір жолы ретінде Ұлы Жаратушы тарапынан ұсынылған. Демек, Оның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмір сүру салтында барлық өмір шарттары мен түрлеріне қарай Ислам шеңберінде үлгі алуға болатын мәселелер қамтылған. Сахабалар бұл мәселені «Аллаһ Расулының әрекеттерінің міндетті түрде бізге қатысты жағы бар, біз соны үлгі етуіміз керек» деп бар пейілімен қабылдаған. Шын мәнінде барлық адам Аллаһ Елшісінен әйтеуір жанын жақсылыққа бөлейтін, өзіне үлгі болатын көркем жақтарды көре алады. Мұны Құран Кәрім де ерекше атап, тіпті пайғамбарлықтың алғашқы жылдарының өзінде, Мекке кезеңінде Аллаһ Тағала оған:

«Сен керемет көркем мінез-құлыққа иесің...», – деген (Қалам сүресі, 4).

Мекке кезеңінде түскен тағы бір аятта оған қарсы шыққан құрайыш тайпасының көсемдеріне:

«Оларға бір аят келген кезде: «Аллаһтың елшілеріне берілгендер бізге де берілмейінше әсте иман келтірмейміз», – деді. Аллаһ пайғамбарлығын кімге жүктеуді Өзі жақсы біледі...»,¹⁸⁰ – деп айтылған

Бірінші аяттағы «керемет көркем мінез-құлық» деген сипаттама жеке тұлғаға, отбасына, қоғамға және жалпы жұртшылыққа қатысты әдет-дағдыларды, әрекеттерді, мінез-құлықты қамтиды. Демек, аяттың айтпақ болғаны Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы өмірде адамзат үшін үлгі-өнеге, бір жолбасшы екенін көрсету. Екінші аятта болса, Аллаһ тағала Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек қана іс-әрекеті мен мінезі жағынан емес, сонымен қатар ақыл мен парасаты жағынан да пайғамбарлық іске лайық

¹⁸⁰ Өнғам сүресі, 124

екенін білдіреді. Яғни, Әнғам сүресіндегі бұл аят Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көркем мінез-құлқымен қоса адами сезімінің тазалығы, көңілінің пәктігі, көкірек көзінің ұшқырлығы, даналығы жағынан да пайғамбарлық мақамына лайық екенін білдіретін Аллаһтың мөрі.

Пайғамбарымыздың Аллаһқа деген сенімі де қуатты еді:

*«...Себебі ол Аллаһқа иман етеді, мұсылмандарға да сенімі бар. Ол мұсылмандар үшін (Аллаһтың) рақымы».*¹⁸¹

Аллаһ тағала Пайғамбарымызды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мұсылмандар үшін рақымдылықтың қайнар көзі деп, оның жолымен жүруге, соңынан ілесуге, өмірлік ұстанымдарын дәстүрге айналдыруға мұсылман қауымын шақырады.

Құранда хақ Елшінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «усуатун хасәнә», яғни көркем үлгі ретінде көрсетілуін өзі:

«Мен хикмет ордасымын»,¹⁸² – деп баяндайды.

Кемеңгер саясаткер, қолбасшы, ұстаз, басшы, яғни қоғамның әрбір саласындағы адамдар Оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өмірінен өзіне қатысты үлгі-өнегені ала алады. Себебі, осындай қасиеттердің бәрін бір адамның бойына жинақтап, үлгі-өнеге ретінде халыққа ұсыну Ұлы Жаратушы үшін еш қиын емес. Пайғамбарымыздың өмірі – қоғамдық-әлеуметтік негіздердің бәрін қамтитын біртұтас қасиетке ие. Оның сүннеті – мынау алып әлемді мың орап алатындай қазынасы кең, баға жетпес байлық.

¹⁸¹ Тәубе сүресі, 128

¹⁸² Тирмизи, Мәнақиб, 21.

II ТАРАУ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫС- ТІРШІЛІГІНДЕГІ ХАДИС ПЕН СҮННЕТТІҢ РӨЛІ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢ

Қазақ халқының діни өмірінде хадис пен сүннеттің атқарған рөлін анықтау үшін халықтың Ислам дінін қабылдаған кезінен бастап, тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыт аралығын үш кезеңге бөлдік: 1) Қазақ хандығына дейінгі кезең (қазақ даласына Ислам діні келгеннен бастап, қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезең); 2) Қазақ хандығы тұсындағы кезең (XV ғасырдан бастап XX ғасырға дейінгі кезең); 3) Кеңес өкіметі кезеңі. Осылайша кезеңдерге бөліп қарастыру қазақ мәдениеті мен діни өмірінде хадис пен сүннеттің рөлін анықтау ісін біршама жеңілдетеді.

Ислам дінімен түркі халықтары VIII ғасырларда-ақ таныса бастаған. Осы кезеңнен бастап олардың мәдениетіне өз үлесін қосып, діни өмірінде маңызды рөл атқарған Ислам діні моңғол шапқыншылығына дейін Мәуереннәһрде Бухари, Тирмизи, Матуриди, Кәләбази, Түркістан аймағында Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінеки секілді ғұламаларымен алтын дәуірін бастан кешірген. Біз бұл жерде қазақ топырағында туып, ғұмыр кешкен әрі шығармаларын жергілікті халықтың тілінде жазып, олардың рухани өміріне жаңаша бетбұрыс жасаған үш үлкен мұсылман ойшылдың (Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінеки және Ахмет Йасауи) еңбектерінде қолданылған хадистерді анықтауға тырысамыз. Сондай-ақ, сол кезеңде қазақ жерінде өмір сүрген халықтың хадис және сүннет жайлы пікірін баяндаймыз.

Түркі халықтары Ислам дінін қабылдағаннан кейін түркі әдебиетінің жаңа үлгілері туындаған. Біз осы әдеби шығармалардың тек үшеуіне ғана тоқталып өтуді жөн көрдік. Бұлар – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі», Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» және Ахмет Иасауидің «Хикметтері». Бұл үш тұлға да қазақ топырағында өмір сүргендіктен қазақ ұлысын құраған тайпаларға олардың әсерінің көп болғанын айтуға болады. Аталған шығармалардан авторларының діни білімі жоғары болғандығын көре аламыз. Аяттар мен хадистерді жақсы меңгергендіктері және оларды шығармаларында тікелей немесе мағыналай қолданулары – осының айқын бір көрсеткіші.

Кез келген адам қоғамдағы құбылыстарға, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен мәдениетке тәуелді болып, олардың әсерлерінен тыс қалмайтынын ескерсек, бұл үш шығарма олардың өмір сүрген ортасын суреттеп, сол кезеңде қазақ даласында Ислам дінінің ықпалы және халықтың діни ахуалының қандай деңгейде болғанын ұғынуға жол ашады.

Жүсіп Баласағұн және «Құтты білік»

«Құтты білік» – аты айтып тұрғандай, адамдарға екі дүниеде де құтты, пайдалы болу үшін тура жолды көрсету мақсатымен жазылған шығарма. Ал бұл асыл жол – Құран Кәрім және сүннет жолы. Ақын шығармасында осы екі негізгі қайнар көзге аудармашы болып, түркі халықтары түсіне алатын тілмен оларға жеткізбек болған. Мысалы, кітабының хазірет Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мадақ айтқан бөлімінде оның сипаттарын:

Рахымды ием пайғамбарын жіберді,

Кісі ізгісі, ел сарасы жігерлі.

Түнек түнде шамы болды халықтың,

Саған, жұртқа нұрын шашты жарықтың!

Ол құдайдың елшісі, елім, білгейсің,

Сен содан соң тура жолға кіргенсің, – деп көркем тілмен баяндайды. Аллаһ Елшісін (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамзаттың ең ізгісі, ел сарасы деп, пайғамбар етіп жіберілгеннен кейін жатпай-тұрмай үмбетінің тілеу-ін тілегенін, сол үшін басына келген қайғы-бейнеттің бәріне төтеп бергенін айтып, қылығы хош, құлқы түзу, шырайлы, жібек мінезді, ақылды, ақ пейілді, жаны жомарт, қолы ашық, мейірлі, қара жерде де, көкте де әзіз, бастаулардың басы,¹⁸³ пайғамбарлардың соңғысы деп суреттейді.¹⁸⁴ Ақынның бұл өлең шумақтарынан Пайғамбарымызға деген ыстық ықылас пен терең сүйіспеншілікті көруге болады. «Пейіл бұрдым енді оның жолына» деп Аллаһ елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жолы адамдарды бақытқа жетелейтінін, «Сүйдім сөзін, сендім ділі оңына» дей отырып, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистері мен сүннетін ұстануды халыққа уағыздайды. Өйткені сүннет – Ислам дінінің екінші басты тірегі.

Ақынның классикаға айналған осы шығармасын саралағанда тікелей жүзге жуық хадисті қолданғанын көрдік. Сонымен қатар, ақынның кейбір ой-пікір-

¹⁸³ Жүсіп Баласағұн «бастаулардың басы» деп мұсылман халықтардың арасында хадис деп қабылданып, кең тарап кеткен «Аллаһ тағала әлемді жаратпастан бұрын Мұхаммедтің нұрын жаратқан» деген пікірін меңзейді. Алайда, Ажлуни бұл сөйлемнің хадис емес екенін айтады. Қрз: Исмаил ибн Мұхаммад Ажлуни, Кәшфул- Хафа, I,265-266-б.

¹⁸⁴ Ж. Баласағұн, Құтты білік, (ауд. және түс. жазған А. Егеубаев) 53-54-б, 1986.

лері хадистердің мағынасымен үйлесім тауып жатса, кей жерде айтқан ойларының тікелей хадистерден туындағанын байқауға болады. Енді ақынның шығармасында хадистерді қалай қолданғанын, оларды халықтың көкірегіне құйып, «өмір» атты даңғыл жолда дәстүр етіп ұстануын қалай насихаттағанын байқау үшін «Құтты біліктен» үзінділер берейік. Мына өлең жолдарында:

1. «Бай боламын десең жерді еңсеріп,
Көңіліңді байытып ал, ей серім!»¹⁸⁵ – деп Жүсіп Баласағұн Пайғамбарымыздың төмендегі хадисін айтады:

Хадис: *«Шын байлық малдың көптігінде емес, көңілдің байлығында.»*¹⁸⁶

2. «Намазға ұйы жамағатпен, қарағым,
Кедейлерге арна жұма намазын».¹⁸⁷

Бұл шумақ түпнұсқада былай:

«Жемаат биле қыл фариза намаз

Чығайлар хажы қыл адына намаз»,¹⁸⁸ – деп келген.

ген.

Бәйіттің сөзбе-сөз аудармасы:

«Парыз намаздарын жамағатпен оқы,

Кедейдің қажылығы – жұма намазын оқы».

Парыз намаздарын жамағатпен оқуға үгіттеген хадисінде Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деген болатын: *«Бір адамның жамағатпен оқыған намазының*

¹⁸⁵ Құтты білік, 267-б.

¹⁸⁶ Бухари, Рикақ, 15.

¹⁸⁷ Құтты білік, 318-б.

¹⁸⁸ Решит Рахмети Арат, Қутадғу Билиг, I, 3239-бәйіт, Анкара, 1991.

*сауабы үйінде немесе сыртта оқыған намазынан жиырма есе көп».*¹⁸⁹

Ал шумақтың екінші жолында автор «Кедейдің қажылығы – жұма намазы», – деген теңеуімен төмендегі хадисті меңзейді: «*Жұма намазы – кедейлердің қажылығы*».¹⁹⁰

3. «Мұсылман үшін бұл дүние түнек,
Күдер үз, қайырым іздеме жүдеп».¹⁹¹

Хадис: «*Бұл дүние мұсылман үшін түнек, кәпір үшін жаннат*»¹⁹².

4. «Мұсылманға мұсылман, біл, туысқан,
Туысқанмен жұлыспай, жөн, ұғысқан».¹⁹³

Хадис: «*Мұсылман – мұсылманның бауыры, оған зұлымдық жасамайды, оны қатерге тастамайды*».¹⁹⁴

5. «Алыстаса сенен туыс-қарындас,
Ей, бауырым, оларға өзің жақындас.
Егер, күшті күш көрсетіп қинаса –
Кешір оны, діннің жолын сыйласаң».¹⁹⁵

Хадис: «*Сенен алыстағандарға сен жақында, саған бермегендерге сен бер, саған зұлымдық жасағандарды кешір*».¹⁹⁶

6. «Елік айтты: – Шыда Айтолды, сабыр ет,
Кесел-күнәң... алыс саған ақырет».¹⁹⁷

Бұл шумақ түпнұсқада:

¹⁸⁹ Муслим, Мәсажид, 272.

¹⁹⁰ Дәйләми, әл-Фирдәус, II, 116-б.

¹⁹¹ Құтты білік, 446-б.

¹⁹² Муслим, Зухд, 3; Тирмизи, Зухд, 16.

¹⁹³ Құтты білік, 500-б.

¹⁹⁴ Бухари, Мәзалим, 3; Муслим, Бирр, 58.

¹⁹⁵ Құтты білік, 333-б.

¹⁹⁶ Әбу Дәуд, Әдеп, 3.

¹⁹⁷ Құтты білік, 145-б.

«Илиг айды ай толды ивме серин
Иг ол бу йазуқларқа йулғы йарын»,¹⁹⁸ – деп келеді.

Шумақтың сөзбе-сөз аудармасы:

«Әй, Айтолды, асықпа, сабыр ет,
Ауруың ертең күнәларыңа төлем болады».

Хадис: *«Мұсылманның басына келген қиыншылықтар мен аурулардың бәрі оның күнәларына кәффәрәт* болады, тіпті аяғына батқан бір тікенге дейін».*¹⁹⁹

7. «Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана,
Бәрі бізден – дұрыс па, әлде қата ма».²⁰⁰

Хадис: *«Әрбір жаңа туылған нәресте пәк күйінде туылады, кейін ата-анасы оны яһуди, христиан немесе отқа табынушы етіп жібереді».*²⁰¹

8. «Таза Күні – падишасы ғаламның,
Тазалықпен тарар даңқы адамның».²⁰²

Шумақтың түпнұсқадан сөзбе-сөз аудармасы:
«Тәңірі тазалықты жақсы көреді,
Тазалықпен адам жақсы ат алады».²⁰³

Хадис: *«Аллаһ – сұлу, сұлулықты сүйеді; Аллаһ – таза, тазалықты жақсы көреді».*²⁰⁴

9. «Дүниенің үш мәні бар бағарлық:
Бірі – адалдық, шүбә және арамдық.
Адалға – есеп, арамға – азап бұйырап,

¹⁹⁸ Кутадгу Билиг, 1107- бәйіт.

* Кәффәрәт- күнәлардың өтемі.

¹⁹⁹ Бухари, Тыб, 1; Муслим, Бирр, 14.

²⁰⁰ Құтты білік, 175-б.

²⁰¹ Бухари, Жәнаиз, 80.

²⁰² Құтты білік, 287-б.

²⁰³ Кутадгу Билиг, 2856-бәйіт.

²⁰⁴ Тирмизи, Әдеп, 41.

Шүбә болса – сақтан, қарап түйіп ал!»²⁰⁵

Хадис: *«Адал да белгіленіп қойған, харам да белгіленген. Екеуінің арасында адал ма, харам ба екені белгісіз шүбәлі нәрселер де бар. Адамдардың көпшілігі мұны біле бермейді. Шүбәлі нәрселерден сақтанған адам дінін және намысын қорғаған болады»*.²⁰⁶

10. «Сұқкөз көзі тоймас дүние-малға онша,
Аясына топырақ толып болғанша!»²⁰⁷

Хадис: *«Адам баласының екі сай тола дүние-мүлкі болса, үшіншісі тағы болса дейді. Адам баласының көзін топырақтан басқа еш нәрсе толтыра алмайды»*.²⁰⁸

Ақын оқырманын имандылыққа, жан тазалығына тәрбиелеуде құр насихат емес, мұсылмандардың Құраннан кейінгі дәлелі – хадистерді қолдана отырып, Ислам дүниесінің негізгі ой қазығын адамдар санасында жаңартып, жаңғыртып, осылайша халықты мұсылмандықтың ізгі нұрымен сәулелендіре түседі. Әрі ақынның хадистерді қолдану барысында көп жерде «Хазірет Пайғамбар былай деген еді» деп жатпай, тікелей өлең шумақтарының арасына енгізіп жіберуі сол кезеңдегі халықтың бұл хадистерден хабардар екенін көрсетеді.

Ахмет Иүгінеки және «Ақиқат сыйы»

ХІІ ғасырда түркі халықтарының рухани мәдениетінің қазығы болған Түркістан маңында Иүгінек деген қыстақта дүниеге келген Ахмет Иүгінеки араб,

²⁰⁵ Құтты білік, 343-б.

²⁰⁶ Бухари, Иман, 39; Муслим, Мусақат, 20.

²⁰⁷ Құтты білік, 492-б.

²⁰⁸ Бухари, Рикақ, 10.

парсы тілін игерген, өз кезінің білімді адамы саналған.²⁰⁹ Ата-бабадан қалған қазынаға «Атабетул-хақайық», яғни «Ақиқат сыйы» атты гауһардай шығармасымен өз үлесін қосқан ақын дастанының өн бойында мұсылмандықтың асыл қасиеттерін халыққа уағыздайды. Адам сабырмен қиындықтарға төзіп, әділетті ту етіп, өз еңбегімен күн көріп, тіліне сақ болып, басқаны орынсыз тілдемей, айналасындағылармен тату-тәтті ғұмыр кешкені абзал. Себебі, мынау шолақ дүниеде адамдар бір-біріне қонақ, сол үшін өткінші өмірін дүниеқоңызданбай, құлқынның емес, Жаратушының құлы болып өткізгені жөн. Міне, осындай тақырыптарды өз шығармасында уағыздаған ақын Аллах Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «Дін дегеніміз – насихат»²¹⁰ деген дәстүрін ұстанып, халқына имандылық өмір салтын көркем тілмен насихаттап, өзінің мұсылмандық борышын атқарған. Осы кезеңнің басқа да ақындары сияқты Иүгінеки де жыр-шумақтарын хадистермен безендіріп әрі осы хадистерді шығармасында қолдану арқылы өзінің діни білгірлігін танытқан. Ақынның шығармасын парақтағанымызда отызға жуық хадис қолданғанын көрдік. Алайда бұл жерде біздің назарымызға ілікпей қалған хадистер де болуы ықтимал. Енді осы шығармада қолданылған хадистерге мысал келтіре кетейік:

1. «Білімді ізде, жалықпа, хақ Расул айтқан:
«Білімді Қытайда болса да іздеңіз», – деп».²¹¹

²⁰⁹ Х. Сүйіншәлиев, Қазақ әдебиетінің тарихы, 146-б, 1997.

²¹⁰ Муслим, Иман, 95; Әбу Дәуд, Әдеп, 67.

²¹¹ Решит Рахмети Арат, Атабетул-Хақайық, 103-104-бәйіттер, Стамбул, 1951 (А. Иүгнәкидің «Атабетул-хақайық» шығармасы Ә. Құрышжанов пен Б. Сағындықовтардың әзірлеуімен 1985 жылы «Ақиқат сыйы» деген атпен Алматыда қазақша аудармасымен басылып шыққан. Бірақ біз діни терминдерді бойлай отырып аударған Р. Р. Араттың түрікше аудармасын негіз етіп алдық.)

Хадис: *«Білімді Қытайда болса да іздеңіз».*²¹²

2. *«Қолдардың ең құттысы берген қол».*²¹³

Хадис: *«Жоғарғы қол төменгі қолдан жақсы. Жоғарғы қол – берген қол, төменгі қол – алған қол».*²¹⁴

3. *«Ұлымын деп менменсінбе, Тәңірі ғана тек ұлы, «Ұлылық менде, сіз оны иеленбеңіз», – деген Ол».*²¹⁵

Хадис: *«Аллаһ былай деген: «Кибрия (тәкаппарлық) менің ридам (шапаным), ұлылық менің изарым (жейдем). Кім менімен осы жайында таласқысы келсе, оны тозаққа тастаймын».*²¹⁶

4. *«Өзің үшін ойлағандарыңды мұсылман үшін де ойла».*²¹⁷

Хадис: *«Өзің үшін қалағаныңды басқа адамдар үшін де қала».*²¹⁸

5. *«Әй, дос, үлкендерге құрмет көрсет».*²¹⁹

Хадис: *«Кішілерімізге мейірім, үлкендерімізге құрмет көрсетпеген бізден емес».*²²⁰

6. *«Ислам ғаріп еді, қайтадан ғаріп болды».*²²¹

Хадис: *«Ислам ғаріп болып басталды, басталған кезіндегідей ғаріп болып қайта оралады».*²²²

²¹² Әр-Раби б. Хубәйб, әл-Муснәд, 29-б, Бейрут, 1415.

²¹³ Атабегул-хакайык, 251-бәйіт.

²¹⁴ Бухари, Зекет, 18,

²¹⁵ Атабегул-хакайык, 283-284-бәйіттер.

²¹⁶ Ибн Мажә, Зухд, 16.

²¹⁷ Атабегул-хакайык, 326-бәйіт.

²¹⁸ Тирмизи, Зухд, 2.

²¹⁹ Атабегул-хакайык, 345-бәйіт.

²²⁰ Тирмизи, Бирр, 15.

²²¹ Атабегул-хакайык, 397-бәйіт.

²²² Муслим, Иман, 232; Тирмизи, Иман, 13.

7. «Басыңа бір бәле келсе, одан құтылатын күнді сабырмен күт».²²³

Хадис: «*Бәледен құтылатын күнді сабырмен күту – ғибадат*».²²⁴

8. «Тіл сақталса, өзің сақталған боласың,

Расул: «Адамды етбетінен отқа құлататын – тіл», – деген».²²⁵

Хадис: «*Адамдарды етбетінен немесе мұрындарымен жер сүзгізіп отқа тастайтын тілдерінен басқа не бар?*»²²⁶

9. «Сараңдық дәрімен емделмейтін ауру».²²⁷

Хадис: «*Сараңдықтан да жаман ауру бар ма?*»²²⁸

10. «Сыртқы әсемдігін көріп сен дүниеге

Көңіліңмен байлану, біліп қой, қателердің басы ол».²²⁹

Хадис: «*Дүниеге байлану – барлық қателердің басы*».²³⁰

Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистерін оқырман қауымға осылайша жеткізе білген ақын олардың қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ғұрып болып қалыптасуына атсалысып, тарихта халқымызбен бірге жасасып келе жатқан дәстүрлердің дәнегін сол кезеңдерде-ақ еге білген. Халқымыз шын мәнінде сараңдықты емделмейтін ауру деп, одан қашқан, тілі-

²²³ Атабетул-хакайык, 349-350-бәйіттер.

²²⁴ Муснәд, V, 231-б.

²²⁵ Атабетул-хакайык, 158-159-бәйіттер.

²²⁶ Тирмизи, Иман, 8; Ибн Мажә, Фитән, 12.

²²⁷ Атабетул-хакайык, 253-бәйіт.

²²⁸ Бухари, әл-Әдәбул-муфрәд, III, 1309, (ауд: А. Ф. Явуз), (I-III том), Стамбул, 1975.

²²⁹ Атабетул-хакайык, 219-бәйіт.

²³⁰ Бәйхаки, Шуабул-иман, VII, 338-б.

не абай болып, үлкендерге құрмет, кішілерге мейіріммен қарап, біреудің басына іс түскенде «берген қол алған қолдан қайырлы» деп бір-біріне жәрдемдесуден қашпай, басқа келген қиыншылықтарға төтеп беріп, ұлттығы мен ұлылығын осындай дәстүрлер арқылы сақтап қалғаны ақиқат.

Ахмет Йасауи және «Хикметтер»

Қазақ халқының жүрегінде пайғамбарға деген сүйіспеншіліктің бұр жаруына атсалысқан ғұламалардың бірі – Ахмет Йасауи бабамыз. «Диуани хикметінде» Мұхаммед пайғамбарды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кеңінен таныстырған ол ардақты Пайғамбардың отбасын, оның сәби кезінен бастап бүкіл өмірбаянын, үйленуін, уахи алуын, Исламды жаюын, осы жолда көрген қиыншылықтарын, Хақ жолындағы күресін, миражға шыққанын, аш-жалаңаштарды киіндіргенін, жетімдерге қамқор болғанын, қиналғандарға қол ұшын бергенін, бұл өмірде жолын таппай адасып жүрген жандарға тура жолды көрсеткенін, күндіз-түні ғибадат еткенін және өзінің жолымен жүретіндерге ақыретте шапағат ететінін адам жанына нұр себелейтін әсем өлең жолдарымен жырлаған.

Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан Мұхаммед,
Отыз үш мың сахабаға басшы болған Мұхаммед.

Жалаңаштар мен аштарға қанағат болған
Мұхаммед,

Кемтарлық көрген үмбетке шапағат болған
Мұхаммед.

Түнде жатып көз ілмей, тілейтұғын Мұхаммед,
Ғаріп пенен жетімге құрмет қылған Мұхаммед.

Жолдан азған күнәһарға қамқор болған Мұхаммед,

Күні түссе, әркімге пана болған Мұхаммед, – деген ақын шығармасының өн бойында Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әртүрлі сипаттарын атай отырып, халықтың оны жете тануына жол салған. Ахмет Йасауи өз шығармасында Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мынандай сипаттарын ашқан: Нұры Худа (Аллахтың нұры), дост-ы Худа (Аллахтың досы), дүруд-ы Худа (Аллахтың дұғасы, мақтауы, сәлемі), уирд-і Худа (Аллахтың зікірі), сәйидул-мурсәлин (пайғамбарлардың мырзасы), хатәмул-әнбия (пайғамбарлардың соңғысы), рахмәтән лил-аләмин (әлемдерге рақым), фахр-ы аләм (әлемнің мақтанышы), туба-и кабе кәусәйн (каб кәусәйн туба ағашы), камер-і бағ-ы кәунәйн (кәунәйн бақшасының айы), Һади әл-мудиллин (адасқандарға жол көрсетушісі), муқаддәм-і әнбия (пайғамбарлардың алдыңғысы), хабиб-ы Халық (Жаратушының сүйіктісі), хуласа-и халайық (жаратылғандардың негізі), асыл-ы усуд-ы аләм (әлемнің асылы). Ақын өзі Пайғамбарымыздың сүннетін берік ұстанып, оқушыларына да соны үгіттеген. Енді шығармасында қолданған хадистердің кейбіреулеріне мысал келтірейік:

1. «Сүннет емес – кәпір де болса берсе азап».²³¹

²³¹ Хожа Ахмет Йасауи, Хикмет жинақ: Даналық Сыр, 177-б, А., Жалын, 1998. (Мысалдар берген кезде кейде жасалған аударма мағынаны дәл бермегендіктен ақынның хадисті қолданғанын көрсету мақсатымен сол кітаптың ішіндегі түпнұсқаны қатар қолдануға тура келді). (Бұдан кейінгі сілтемелерде қысқаша Хикмет деп береміз).

Хадис: «Кім де кім бір зиммиға (мұсылман елінде тұратын өзге дін өкілдері) қиыншылық көрсететін болса, мен ол адамның дұшпанымын. Ал мен кімнің дұшпаны болсам, онымен ақырет күні жеке есептесемін».²³²

2. «Расул: «Дүние – опасыз (түпнұсқада жифа, аудармасы: өлексе. **ав.**)», – деді, қойдым міне».²³³

Хадис: «Дүние – өлексе, оны қалайтындар – иттер».²³⁴

3. Түпнұсқада: «Ал-хаиа минал-иман» (аудармасы: Ұят – иманнан, **ав.**) деб Расул айтди.

Аудармада: «Ұят барда иман бар», – Расул айтты.²³⁵

Хадис: «Ұят – иманның бір бөлшегі».²³⁶

4. «Кэззаптар – үмбетім емес», – деді Расул сізге.²³⁷

Хадис: «Бізді алдаған бізден емес (яғни, имандылардан емес)».²³⁸

5. «Жалғаншыға жаннат жоқ, олда-білла».²³⁹

Хадис: «Жалғаншы жаннатқа кірмейді».²⁴⁰

6. «Маута Қабла ан тамутаға» амал қылғыл,

Бұл хадисті есіме алып тұрмын міне.²⁴¹

²³² Сююти Жәләлуддин б. Абдуррахман, әл-Жамиус-сағир фи ахадисил-бәшир уан-нәзир, II, 135-б, (I-II том), Мысыр, 1321.

²³³ Хикмет, 232-233-б.

²³⁴ Дәйләми, әл-Фирдәус, I, 142-б.

²³⁵ Хикмет, 276-277-бб.

²³⁶ Бухари, Иман, 3; Муслим, Иман, 57.

²³⁷ Хикмет, 299-б.

²³⁸ Әбу Дәуд, Бую, 50.

²³⁹ Хикмет, 299-б.

²⁴⁰ Хадис ансиклопедиси, XVII, 275-б.

²⁴¹ Хикмет, 251-б.

Хадис: *«Өлместен бұрын өліңіз»*.²⁴²

7. *«Зұлымдар дозақ ішінде күйіп-жанғай,
Иманы бар қалыс болып, қайта шыққай»*.²⁴³

Хадис: *«Жүрегінде зәредей иманы болған адам
тозақтан қайтып шығады»*.²⁴⁴

8. Бұл дүниені момындарға зындан қылар.²⁴⁵

Хадис: *«Бұл дүние кәпірлер үшін – жаннат,
мұсылмандар үшін – зындан»*.²⁴⁶

9. *«Заманақыр болғанда ақыл кеткей,
Адамзат бірін-бірі түтіп жегей»*.²⁴⁷

Хадис: Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):
*«Ақырзаман жақындағанда білім жоғалып, жер
бетін азғындық басады. Адамдарды сараңдық билеп,
олардың арасында толқу көбейеді», – дейді. Сонда са-
хабалар: «Толқу көбейеді дегеніңіздің мағынасы не?» –
деп сұрағанда, «Адамдардың бірін-бірі өлтіруі», – деп
жауап береді»*.²⁴⁸

10. *«Өзін білгені Хақты білгені,
Құдайдан қорқып, ынсапқа келгені»*.²⁴⁹

Хадис: *«Кім өзін таныса, Аллаһты да таниды»*.²⁵⁰

²⁴² Ажлуни, Кәшфул-Хафа, II, 291-б. (А. Йасауи бұл сөзді хадис деп бергенімен, кейбір мұсылман ғалымдар оның әлсіз хадис екенін айтады.)

²⁴³ Хикмет, 251-б.

²⁴⁴ Тирмизи, Сифату жаһаннам, 10.

²⁴⁵ Хикмет, 377-б.

²⁴⁶ Муслим, Зухд, 3; Тирмизи, Зухд, 16.

²⁴⁷ Хикмет, 393-б.

²⁴⁸ Муслим, Фитән, 5143.

²⁴⁹ Хикмет, 435-б.

²⁵⁰ Обу Нуайм Ахмад б. Абдуллаһ әл-Исбахани, Хилятул-Әулия уа табақатул-асфия; X, 208-б, (I-X том), Мысыр, 1932.

Сонымен қатар, Ахмет Йасауи осы шығармасында бұқара халықты Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тура жолына бастап, соған шақырады:

Үмбет болсаң, Мұстапаға ерер болғыл,
Айтқандарын жан-тәніңмен сен де алғыл...

Сүндеттерін бекем тұтып, үмбет болғыл,
Күндіз-түні мадақ айтып, ұлпат бол.²⁵¹

Жоғарыда сөз болған үш ғұламаның еңбектерін зерделегенде қазақ хандығы құрылмай тұрып, қазақ даласында өмір сүрген халықтың осы секілді хадистерді қолданғанын, қолданып қана қоймай, тіршілігінің тірегіне, өмірінің өзегіне айналдырғанын аңғарамыз. Халқымыздың бойына сіңген жанашырлық, шын байлықты көңіл байлығы деп түсіну, бір-бірін мұсылман бауырым деп білу, ағайынмен тату өмір сүру, олар алыстаса да көңілін табуға тырысу, кешірімді болу, сабырлықты мұсылманға жарасар сипат деп мойындау, басқа бәле тілден екенін біліп, аз сөйлеп, көп тыңдау, дүниеге берілу – қателіктің бастауы деп сақтану, кәпір де болса ешбір жанға азап бермеу, «өлімнен ұят күшті» деп ар-намысын сақтау, жас жеткіншектерді ибалылыққа тәрбиелеу сияқты қасиеттер сол заманда-ақ кемелдене түскен. Бұл – олардың Аллаһ тағаланы Жаратушы ием деп мойынсұнып, Пайғамбарға ұқсап бағуының жарқын көрінісі еді.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҮСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢ

Біз бұл бөлімде қазақ хандығы құрылғаннан бастап кеңес өкіметіне дейінгі кезеңде халқымыздың хазірет Мұхаммед пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) де-

²⁵¹ Хикмет, 401-б.

ген сүйіспеншілігі, хадис пен сүннет жайлы түсінігін қарастырамыз. XV ғасырда қазақ хандығы құрыла бастаған кезеңде оның құрамына енген халықтың бәрі мұсылман еді. Одан бұрын моңғол шапқыншылығы тұсында аймақта Ислам дінінің әсері азайғанымен, халқымыз хан-сұлтандарымен бірге өздерін мұсылман санап, Құран оқып, қажылыққа барып, балаларын медреселерге беріп, оразаларын тұтатын, некесіз үйленбейтін.²⁵² Сол кезеңдегі халықтың көшпенді тұрмыс салты, Мауереннәһр хандарымен арада болған қақтығыстар олардың Исламды үйренуін қиындатқан болатын. Сонымен қатар, қалмақтардың шапқыншылықтары жиілеп, қазақ жүздері орыс патшалығының құрамына енгенге дейін халықтың өмірі көбінесе соғыспен өткен-ді. Қожаберген жырау осы тарихи ахуалды:

Дін ордасын былғады кәпір қалмақ,

Оқ атып, жолдағы елді өтті жалмап.

Айнала қазақ елін жаулап алып,

Түсірді мұсылманға ауыр салмақ,²⁵³ – деп баяндайды. Алайда, осыған қарамастан халық шамасы келгенше дінді үйренуге талпынып бақты. Сол кезеңнің зиялы қауымы – атақты ақындарымыз бен жырауларымыздың діни сауаттарының жоғарылығы мұның дәлелі болса керек. Тіпті, кейіннен ақын-жырауларымыздың өлең-жырларын алғаш халық арасынан жинаған орыс миссионерлерін өлең-жырлардағы діни мотивтердің көптігі таңғалдырған.²⁵⁴

²⁵² Д. Молдабаева, Казакларын зухуру ве казак ханлығынын кур - лушу, (маг. дис-я), 52-б, Анкара, 2000.

²⁵³ Үш пайғамбар, құр: А. Нысаналы, 175-б, 1992.

²⁵⁴ С. Малов, Байраш китабы, О татарах, еврея и других инародцах в Россииской империи, (дай: М. Алиш), 17-б, Қазан, 1999.

XVII ғасырдан бастап қазақ халқы Ресей империясының отарына айналды. Ресей Империясының қазақ халқына жүргізген отарлау саясатының нәтижесінде қазақ даласында Ислам дінінің дамуы үш кезеңді басынан өткізді:

1) XVII ғасырдан бастап XIX ғасырдың алғашқы жартысы, яғни патша өкіметінің Ислам дініне қарсы «жұмсақ» саясаты;

2) XIX ғасырдың алғашқы жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі патшалықтың Ислам дініне қарсы миссионерлік саясаты;

3) Кеңес өкіметінің атеистік саясаты.

Бірінші кезеңде Қазан қаласында діни әдебиеттер үшін баспахана ашылып, қазақ ақындарының да кітаптары осында жарық көреді. *Екінші кезеңде* патшалық үкімет Ислам дініне қарсы мысық табан саясатын жүргізе бастайды. Осыған қарамастан халықтың мұсылмандық сенімдері артып, олардың мұқтаж-талабына орай діни шығармалар жазылып, ақын-жыраулардың еңбектеріндегі діни мотивтер бұрынғысынан да көбейіп, ажарлана түседі. Мысалы, белгілі абайтанушы М. Мырзахметов Абай шығармашылығындағы ислами терминдер мен мотивтердің көптігін оны қоршаған ортасы мен тыңдаушыларының діни білім дәрежесі жоғарылығынан, деп атап көрсетеді.²⁵⁵ Осы кезеңде Г.Н. Потаниннің мәлімдегеніндей, қазақ жастары Бұхараға сапар шегіп, арабша, парсыша, фикһ (Ислам құқығы) сабақтарын оқып, үйреніп, елге қайтып, білгендерін былайғы жұртқа жеткізген.²⁵⁶

²⁵⁵ М. Мырзахметов, Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары, 208-209-б, А., 1992.

²⁵⁶ В. Н. Басилов, Ж. Кармышева, Ислам у казахов, 33-б, М., 1997.

Халықтың арасында қажылыққа баратындардың да қатары көбейеді. Сонымен қатар, халықтың камын ойлаған бетке ұстар тұлғалар да Ислам дінін қолдарынан келгенше қорғап, қолдаған. Сондықтан халықтың дінге деген ықыластары жоғары болған.²⁵⁷

Енді ата-бабаларымыздың ой-толғамына, дүниетанымына көз жүгіртетін болсақ, іс-әрекетін, жейтін тағамын, сөйлейтін сөзін, тіпті ойлайтын ойын адал мен арамға, жақсы мен жаманға, алғыс пен қарғысқа, сауап пен күнәға бөлгені белгілі. «Осындағы – адал, жақсы, сауап, алғыс – тыйым салынбағаны, ал арам, жаман, обал, күнә – тыйым салынып, рұқсат етілмегендерін меңзейді. Адал еңбек етіп, адал тағам жеу, жақсы сөйлеу, мәміледе мүләйім болу, сауапты іс істеу, Аллаһтың алғысын алу тәртіптілік деп есептеліп, ізгі адамдардың іс-әрекеті деп саналса, ал оның керісі жамандық. Сондықтан да арам іс-әрекет күнәға, былайша айтқанда тәртіп бұзушылыққа, қылмысқа алып барып соғады. Мұны жақсы түсінген ата-бабаларымыз ұрпақтарын арамнан сақтануға үндеп, оларға тыйым салған. Тыйым салынған іс-әрекеттерді жасаушыларды күнәкар, қылмыскер қатарына жатқызады».²⁵⁸ Халқымыздың күнәлардан бойын аулақ ұстауға тырысқандары соншалық, орыс миссионерлері, саяхатшылар өздері өмір сүрген немесе сапар шеккен уақытында қазақтар арасында бірде-бір ұрлықтың болмағанын, сол үшін үйлері мен дүниелері ешқандай құлыпсыз тұратынын таңдана

²⁵⁷ С. Өтениязұлы, Қазақстанның XIX ғасырдағы хал-ахуалы, Қазақ тарихы, № 1, А., 1994.

²⁵⁸ С. Зиманов, Н. Өсеров, Қазақ әдет-ғұрпы заңдарына шариаттың әсері, 53-б, А., 1998.

жазған.²⁵⁹ Сонымен қатар, халқымыз жезөкшелік, зинақорлық секілді жиіркенішті қылықтардан тіксініп, осындай оқиғалар орын ала қалған жағдайда ауыр қылмыс деп қарап, қоғамда індет ретінде жайылмауы әрі болашақ ұрпақтың рухани тазалығын сақтау үшін қатаң жазалап отырған. Кеңес өкіметінің халықты діннен бездіру саясатының нәтижесінде ел-жұртымызға арақ-шарап ішу кесел болып жабысты. Шындап келгенде атам қазақ мұсылмандығын сақтаған кезеңде еш уақытта арақ-шарап ішпеген. Шарифаттың арамдықпен таңбалаған нәрселеріне жуымаған. Сол секілді құмар да дініміз бойынша арам деп саналғандықтан, қазақтар еш уақытта есті алар құмар ойындарын да бойларына дарытпаған. Халқымыз ру-ру болып, сайын даланы мекендегенімен барлық жерде өсек-аяң, өтірік деген күнәлардан бойын аулақ ұстауға тырысып, ондай адамдарды куәлік беруге қатыстырмаған. Аманатқа қиянат жасамаған. Алым-сатым шараларын да шарифаттың негізі бойынша іске асырған. Ислам құқығы бойынша көпшілік пайдаланатын жерлер жеке меншікке өте алмайтын болса, халқымыз мұсылмандық дәстүрге бойсұнып, жайылымдық жерлерді, өзен, көл, арық, мешіт, мазарлық жерлерді көптің меншігі деп, еш уақытта жеке иелікке айналдырмаған. Ондай жерлерді «Құдайдың қара жері», «Құдайдың қара суы» деп санаған. Міне, осылайша Ислам дәстүрімен өмірін түзуге ұмтылған халқымыздың Пайғамбарымыздың сөздері мен іс-қызметтерін басшылыққа алғаны ақиқат. Бұл еңбекте біз халқымыздың өміріндегі осы ізгіліктерін іздестіріп, жинақтауды мақсат тұттық.

²⁵⁹ Бұл да сонда, 88-б.

Қазақ хандығы құрылғаннан кеңес өкіметіне дейінгі кезеңде халықтың діни өмірінде хадистер мен сүннеттің орны қандай болғандығын көру үшін халқымыздың айнасы болған ақын-жырауларымыздың шығармаларын, ауыз әдебиеті туындыларын қарастырдық. Себебі, көшпенді өмір салтында еліміз ақындарға қоғамдық пікірді таратушылар, замананың жаршысы, жас ұрпақтың ұстаздары деп қараған. Олар халқымыздың зиялы қауымы болатын. Өмірге қоян-қолтық араласып келген дарынды даналардың туындылары – қазақ өмірінің шынайы бейнесі, бізге көшпелілер ортасын, өмір салтын, дүниетанымын, талғам-танымын анықтап, өмір шындығын белгілеп беретін ең маңызды қайнар көз. Сондықтан, біз қазақ халқының өмір салтында, дүниетанымында Ардақты пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қасиетті хадисі мен сүннетінің орнын көру үшін осы қайнар көзді таңдап алдық. Бұл қайнар көз жайлы Ж. Тілепов былай дейді: «...Қазақ әдебиеті – көптеген халықтарда жоқ, ауызша дәстүрді ұстанған, XIV ғасырдан бергі жеке авторлар мұрасы мен кейінгі XIX ғасырдан басталар жазба әдебиеттің өкілдерінен тұратын ерекше құбылысқа ие әдебиет. Ал, оның осыншалық жеті ғасырды қамтыған өмірлі болуының түпкі себебі – сонау орта ғасырлардан бергі тарихи шындықтардың, елеулі оқиғалар көрінісінің жеке авторлар мұрасында сәулеленуімен байланысты. Бұл тұрғыда ол әдебиетінің ғұмырын жазба дәстүрдегі көркем шығармаларымен межелейтін елдер әдебиетінен өзгеше де, оқшау қасиетке ие. Осы оқшау қасиетімен ол қазақ атты халықтың қалыптасу кезеңінің тұсынан бастап бүгінгі заманға дейін жеткен өмірінің жанды суреттерін көз алдыңызға келтіретін, яғни, жеке авто-

рлар мұрасындағы тарихилық – тек көркем әдебиеттің өрелі туындысы ретінде ғана емес, сол халықтың өзінің өткенін жадына түсіріп, қай кезде қандай тірлікті басынан кешкеніне куәлікке жүретін тарихи деректі меншіктенген қастерлі құжаты ретінде де бағалануға лайықты».²⁶⁰

Халқымыздың мұсылман ел ретінде өмір сүру салтында, дүниетанымында Ислам дінінің екінші тірегі болып қабылданатын сүннет пен хадистің орны қаншалықты екенін белгілеу үшін жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере отырып, осы құжатқа жүгіндік. Алайда, теңіздей терең дүниенің басынан аяғына дейін жүзіп өту мүмкін болмағандықтан дария-теңіздің тайыз жағалауына болса да бір сүңгіп шығуды жөн көрдік. Дегенмен, осының өзінде мұсылмандықты ұстанған халқымыздың өмір сүру салты Құранмен қатар хадис және сүннетпен сабақтасып, мөлдір бастау алып жатқанын жан-тәнімізбен сезіне алдық. Ал бұл сабақтастықтың ең негізгі себептерінің бірі – Аллаһ Тағаланың Құранда білдірген: *«Ей, Мұхаммед! (Адамдарға) былай де: «Ей, адамдар! Мен жер мен көктердің билеушісі, одан басқа ешқандай құдай жоқ, өмір беретін және өлтіретін Аллаһтың бәріңізге жіберген елшісімін. Олай болса Аллаһқа иман келтіріңдер. Аллаһқа және сөздеріне иман еткен, оқу-жазу білмейтін пайғамбарына да иман келтіріңдер. Оның соңынан еріңдер, сонда тура жолды тапқан боласыңдар»*,²⁶¹ *«Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер, маған бағыныңдар, сонда Аллаһ та сендерді жақсы көреді және*

²⁶⁰ Ж. Тілепов, Тарих және әдебиет, 7-8-б, Алматы, 2001.

²⁶¹ Аграф сүресі, 158

күнәларыңды кешіреді. Аллаһ өте кешірімді, әрі мейірімді», – деп айт!»,²⁶² «Кім Аллаһқа және елшісіне бағынса, (ақыретте) Аллаһтың нығметтеріне бөленген пайғамбарлар, сыддықтар, шәһидтер мен салиқалы жандармен бірге болады. Олар қандай тамаша достар!»²⁶³ секілді әмірлері мен халқымыздың Пайғамбарымызға деген шынайы сүйіспеншілігінен туындағаны сөзсіз. Сол үшін әуелі осы тақырыпқа тоқталмақпыз.

Халқымыздың Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі

Адамзаттың ардақтысы Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) баға жетпес ахлақы, жібектей жұмсақ, сүттей ақ, судай мөлдір мінез-құлқы, таудай заңғар данышпандығы мен теңіздей терең ақылдылығы он төрт ғасыр бойы үмбетін өзіне тәнті етіп келеді. Оның сәт сайын саны артқан үмбеті Оның өнегелі өмір жолын, мінез-құлқын «қасиетті сүннет» деп ұстануда. Оның жақсылыққа бастайтын темірқазық іспеттес әрбір сүннетін ұстану арқылы Оған деген сүйіспеншіліктерін іс жүзінде дәлелдеуде.

Осы көштің жолында, «Хаққа құл, расулға үмбет әзелден біз», – деп мұсылман екенін мақтан ете отырып, жырға қосқан қазақ халқының да Хақ пайғамбарға деген сүйіспеншіліктері шын жүректен әрі уыздай пәк еді. Мұны Нұржан ақын:

Хақ жолдан орнымыз жоқ тоқтап қалған,

Кәмілміз ықтиқаты нықтап қалған.

Расулға иман келтіріп, Алла бір деп,

²⁶² Әл-и Имран сүресі, 31-32

²⁶³ Ниса сүресі, 69

Үмбетіміз деп сәлемін сақтап қалған,²⁶⁴ – деп жырлайды.

Халқымыздың ғасырлар бойғы жүрек үнін паш еткен өлең-жырларына үңілсек олардың Аллаһ тағаладан хазірет Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер мені үлгі етіп алып, соңымнан еріңдер, сонда Аллаһ та сендерді жақсы көріп күнәларыңды кешіреді. Аллаһ тағала тым кешірімді, әрі аса Рақымды» (де),²⁶⁵ – деу арқылы мұсылмандарға айтқан бұйрығын орындауға тырысқандығын көреміз. Демек, Аллаһты сүю – Пайғамбарды сүйіп, оның салған тура жолымен жүру деген сөз. Оның ізі – Аллаһ Тағаланың разылығына алып баратын ең тура бағыт. Оның ізі – бақыттың жолы.

– Бақыт қайда барасың?

– Үйінде тұрған Құраны,

Расул Алла ұраны,

Тәртіпті үйге барамын, – деп жырға қосқан ақындарымыз халқымызды осы жолға үндеген.

Аллаһ тағала Құранда Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Шындығында сен тұп-тура жолды, Аллаһтың жолын көрсетудесің!»,²⁶⁶ – дейді.

Осы шұғылалы жолмен халқымыз да жүріп, жөн сілтеуші Пайғамбарын шын жүректен шыққан жырларына қосқан.

Расул Алла – ғаламға гауһар шырақ,

²⁶⁴ Нұржан Наушабайұлы, Алаш, 79-б, (құр: А. Шаяхмет), Қостанай, 1997.

²⁶⁵ Әл-и Имран сүресі, 31

²⁶⁶ Шура сүресі, 52-53

Осы сөз өзге сөзден артығырақ,²⁶⁷ – десе, енді бірде:

Расул Алла – ғаламға бір бәйтерек,
Ұзыны көкке жетер сондай биік,²⁶⁸ – деп оны (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) теңдессіз бір бәйтерекке теңеп, адамдарға жол көрсетуші гауһар шырақ деп мақтан етеді.

Құран Кәрімде Аллаһ тағала:

*«Сен үшін түгесілмейтін қазына бар. (Өйткені) Сен керемет көркем мінез-құлыққа иесің»;*²⁶⁹

*«Аллаһ Расулының бойында сендерге үлгі боларлық керемет қасиеттер бар»;*²⁷⁰

*«Ей, адамдар! Сендерге өз араларыңнан бір пайғамбар келді. Сендер бір қиындыққа ұшырасаңдар – оған ауыр тиеді. Сендерді өте жақсы көреді. Мұсылмандардың бәріне тегіс мейірімді, әрі рақымды»;*²⁷¹ – деп Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) керемет көркем мінез-құлық иесі екенін айтады. Міне, осындай асыл қасиеттер тумысынан бойында бар ардақты Пайғамбарға Аллаһ тағала :

*«Біз сені ғаламға рақым етіп жібердік»;*²⁷² – дейді.

Құран Кәрімдегі Аллаһ тағаланың айтқан осы мадағын ақындарымыз рақым Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) деген сүйіспеншіліктерінен туындаған жыр жолдарына негіз еткен:

Жаратты Хабибісін Егем Рахман,

Екі ғалам үстіне Сәруар қылған.

²⁶⁷ Бабалар сөзі, I, 77-б, Астана, 2002.

²⁶⁸ Бабалар сөзі, I, 99-б.

²⁶⁹ Қалам сүресі, 4

²⁷⁰ Ахзаб сүресі, 4

²⁷¹ Тәубе сүресі, 128

²⁷² Әнбия сүресі, 107

«Уа ма арсәлнака илла рахматән лилғаламин»²⁷³ – деп,

Рахметін өзіменен бірдей қылған.²⁷⁴

Осыған ұқсас тағы бір өлең жолдарында:

Әуелі Пайғамбардың нұрын етті,

Он сегіз мың ғаламнан бұрын етті.

Алла Тағала өзіне досты қылып,

Онан соң оған берді көп үмбетті.

Баршадан артық қылып достым деген,

Дос болған соң Құдайға, көп үмбеттің қамын жеген.

Сипаты Рахмату лилғаламин-дүр,

Ләулік ләмма халақатил-әфлак²⁷⁵ тәжін киген.²⁷⁶

Жалпы, Ислам әдебиетінде үмбеттің хазірет Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілігінен, құрметінен туындаған жанрлар көп. Мысалы, сүйікті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) есімдері жайлы «Әсмаун-Нәби», өмірбаянын қамтыған «Сира» кітаптары, туылған күніне арнап шығарылған «Мәулидтер», сондай-ақ өмірінде басынан кешірген әрбір оқиғаның өзі бір-бір жанрды құраған, мәселен: «Мираж-наме» (Пайғамбарымыздың миражға шығуы), «Мужизат Нәби» (Пайғамбарымыздың мұғжизалары), «Ғазауат Нәби» (Пайғамбарымыздың қатысқан жорықтары), «Хижрәтун-Нәби» (Пайғамбарымыздың хижреті),

²⁷³ Жоғарыда айтылған Әнбия сүресі, 107-аяттың арабша балам - сы.

²⁷⁴ Бабалар сөзі, I, 63-б.

²⁷⁵ Аудармасы: «Сен болмасаң әлемдерді жаратпас едім». Халық арасында хадис ретінде білінетін осы сөзді кейбір ғалымдар әлсіз хадис деп, кейбіреулер хадис емес деп айтқан. Қрз: Ажлуни, Кәшфул-хафа, II, 164-б.

²⁷⁶ Бабалар сөзі, I, 99-б.

«Ахлакун-Нәби» (Пайғамбарымыздың мінез-құлқы) және т.б. Сондай көркем жанрлардың бірі – нағыт (на‘т). Нағыттардың тақырыбы – ардақты Елшіге (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мадақ айту. Бұл жанр арабтармен бірге түркі әдебиетінде де кең тараған.²⁷⁷ Біздің қазақ әдебиетінде арнайы жанр ретінде өз алдына дамымағанымен, ақын-жырауларымыздың өлең-жырларында Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айтылған мадақтар көптеп кездеседі. Мысалы, діни қиссаларда міндетті түрде Пайғамбарымызға арналған мадақтар орын алған. Сондай қиссалардың бірі «Қисса-и Салсалда»:

Пайғамбардың әуел асыл түбі – араб,
«Хабибім» деп ат қойған Тәңірім қалап,
Тасбих тартып, намазын тамам қылып,
Фатихасын оқиды қарсы қарап,
Патшалық құрды тақсыр салтанатын,
Тура жолға бастайды тамам халқын.
Дүр-жауһар аузынан сөз шығарып,
Сахабаға айтады насихатын,²⁷⁸– десе, «Мұхаммед пайғамбар» атты қиссада:

Мұхаммед үшін жаратты
Он сегіз мың ғаламды,
Әр ісінен көрсін деп,
Лаух менен Қаламды.
Адам ата, Хауа ана,

²⁷⁷ А. Әділбаев, Қазақ халқында Пайғамбар сүйіспеншілігі, Дала мен қала, 7 мамыр, 2004.

²⁷⁸ Бабалар сөзі, I, 175-б.

Досты үшін бұл һәм жаралды,²⁷⁹ – деп жырлайды. «Қисса-и ан хазіреті Пайғамбардың миғражға қонақ болғаны жайлы» деген қиссада:

Жаһанда Мұстафаның артық сәні,

Екі дүние шырағы, ол сұлтаны.

Бейіште Пырақ ғашық Мұхаммедке

Қалайша шыдар бұған үмбет жаны.²⁸⁰ Немесе:

Бар Құдай Хабибінің сүйер өзін,

Сүйікті қылған жұртқа айтқан сөзін,²⁸¹ – дейді.

Міне, осылайша бір-бірінен асыра отырып, Аллах Елшісіне мадақтарын жеткізуге тырысқан қиссашылардан ақындарымыз да қалыспаған. Мысалы, Сыр сүлейі Қаңлы Жүсіп:

Ісімен ағлам деп Ислам дінін,

Танытты Расул өзі білгірлігін.

Жар салды дүниеге әуелден-ақ,

Баршаның қозғағанда көңіл нұрын.

Білген соң шарифаттың шарапатын,

Түсті жол ақ жолына кетпей қырын,

Күншілдің діні елден аластанды,

Тапты жұрт мұсылмандық адал жолын,²⁸² – десе,

Таутан ақын мен Қабан жырау (Қаблица) арасында өткен айтыста Таутан ақын:

Құдайдың жаратқаны бір бәйтерек,

Төрт бұтақ ол теректе болса керек.

Төрт бұтақта және бір екі бұтақ,

²⁷⁹ Бабалар сөзі, I, 31-32-б.

²⁸⁰ Бабалар сөзі, I, 80-б.

²⁸¹ Бабалар сөзі, I, 80-б.

²⁸² Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы, Сайраған бақта бұлбұлдай, 13-б., (құр: Д. Тынышбек, Ғ. Тұяқбаев).

Қабеке, ақын болсаң тапсаң керек, – деп жұмбақ жасырғанда, Қабан жырау:

Бір бәйтерек дегенің Мұхаммедім,

Үш жасында анадан қалған жетім.

Төрт бұтағы сүйікті төрт жары дүр,

Пайғамбарым қорғайды кеп үмбетін..²⁸³ – деп жауап қатады. Осындай мадақтар халқымыздың Аллаһ Елшісіне (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) деген ыстық лебізінен туындағаны даусыз.

«Аллаһ мінсіз, әуелден пайғамбар хақ, Мүмин болсаң үйреніп, сен де ұқсап бақ», – деп дарқан даланың дана ойшылы Абай атамыз айтқандай, халқымыз өмірінің әрбір сәтінде оған еліктеуге тырысқан. Тіпті, бастарына қиын-қыстау күндер туғанда әрдайым Пайғамбарымызды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өздеріне үлгі тұтып, бір-біріне басу айтқан. Мысалы, біреу қаза болғанда көңіл айтушылар:

Ойлап тұрсам жалғаннан,

Бұрынғылар не көрген!?

Мұхаммед өткен Мұстафа

Кім болмаған бикапа,²⁸⁴ – деп хазірет Мұхаммедті (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өлең-жырларына қосқан. Осылайша үйінде біреуі қайтыс болғандарға Аллаһтың ең сүйікті құлының да бұл дүниені тәрк етіп, о дүниеге аттанғанын, Аллаһтың қойған заңына мойынсұну керектігін ескертіп көңіл айтқан.

Кімдер өлмей тұрады

Бұл дүниенің жүзінде,

²⁸³ Бабалар сөзі–даналық көзі, 109-б., (құр: О. Исмаилов), Алматы, 1996.

²⁸⁴ Шортанбай: Толғаулар, айтыстар, дастан, 43-б., (құр: Қ. Мәдібаева, К. Жүністегі), А., 1993.

Мұхаммед те көніпті

Жетімдікке жасында,²⁸⁵ – деп Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрдайым үлгі тұтқан халқымыз, біреудің ата-анасы қайтыс болғанда оның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмір жолын еске түсіріп, маңдайына жетімдік жазылғандарға басу айтып, көңілін аулаған.

Ақыретте көз салсын

Баратұғын орынға.

Білсін Алла жарлығын,

Алдында өлім барлығын,

Құдай досты Мұхаммед

Оның да алған жалғызын,²⁸⁶ – деп, халқымыз адамның басына келетін ең ауыр қазалардың бірі – бауыр еті баласынан айрылғанда болаттай берік болуға, Пайғамбарымызды еске алып, бір-бірін сабырлыққа шақыра білген. Тіпті басқа түскен әрбір қиыншылықтың өзіндік хикмет-сырлары барын Пайғамарымыздың хадистерінен біліп-үйренген халқымыз былай деген:

Қайғылы пендесіне құдай жақын,

Жылатар пендесінің асыл затын.

Әркімді артық сүйсе – артық қинар,

Достының естиін деп мінәжатын.²⁸⁷ Себебі Аллаһ

Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайында:

«Қиыншылықтарға ең көп душар болатындар: пайғамбарлар, сосын одан кейінгі дәрежедегілер.»²⁸⁸

²⁸⁵ Шортанбай, 43-б.

²⁸⁶ Шортанбай, 37-б.

²⁸⁷ Бес ғасыр жырлайды, I т., 341-б.

²⁸⁸ Тирмизи, Зухд, 57.

«Аллаһ тағала бір қауымды жақсы көрсе, оларды қиыншылықтарға душар етеді,»²⁸⁹ – деп ескерткен болатын.

Жаман әдеттерден аулақ жүру жайлы үгіт-насихаттарында да халқымыздың Пайғамбарымызды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жарқын үлгі етіп алғанын көруге болады. Мысалы, өтірік, ұрлық сияқты жаман қылықтардан тыңдаушыларын жеріту мақсатымен:

Өтірік, ұрлық, зорлық, мекер, қайла,
Бұл үлгі пайғамбардан қалған емес,²⁹⁰ – деген.

Мал-мүлікке құнығу, сол үшін біреудің малына қол созу – бұл да мұсылманға жат қылық. Осыдан жастарымызды тыю үшін:

Бұл дүние имандыға арман емес,
Дүниенің қызығы үшін мал жимаймыз,
Мал, шіркін, ешкімге еріп барған емес.

Бұрынғы пайғамбар мен сахабалар,
Пайда ғып ешкім малын алған емес,²⁹¹ – дейді халқымыз.

«Жарлы деп сөкпе,

Пайғамбарға тілің тиеді.» Адам баласы мекерленіп, еш уақытта менсінбеушілікке салынып бір-бірін кемсітпеуі керек. Кедей болу – ол адамның міні емес, тағдыр ісі. Міне, осындай ғибраты мол ескертулерінде халқымыздың Пайғамбарымызды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) еске түсіріп, оны үлгі тұтуы – өмірдің әр белесінде оның жолымен жүріп, бағыт-бағдарын ұстанғандарының бір айғағы.

²⁸⁹ Тирмизи, Зухд, 57.

²⁹⁰ Бабалар сөзі – даналық көзі, 83-б.

²⁹¹ Бұл да сонда, 83-б.

Иман – жүректің нұры

Иман – сөздікте «бір адамның сөзін растау, айтқанын қабылдау, айтқанына шын жүректен сену, сенім көрсету» деген мағыналарға саяды. Яғни, осы мағынадағы термин ретінде Пайғамбарымыздың Аллаһ Тағаладан алып келген үкімдерін растау, Оның айтқандарын бұлжытпай орындап, ақиқат екеніне шын жүректен сену дегенді білдіреді. Олай болса иманның негізі – жүрекпен сену. Бұл туралы Аллаһ тағала Құран Кәрімде:

«Ей, Пайғамбар! Жүректерімен иман етпей, тек ауыздарымен «сендік» дегендер мен күпірлікке батқан яһудилер сені мұңайтпасын...»,²⁹²

«Аллаһ кімді тура жолға салғысы келсе, сол адамның жүрегін Исламға айқара ашады...»,²⁹³ – дейді.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә салләм) жүректегі иман жайында:

«Жүрегінде зәредей иманы болған адам тозақтан шығады»,²⁹⁴

«Иман етіп, тура жолдан айырылмаған құлдардың бәрі жаннатқа кіреді»,²⁹⁵ – деген.

Осы жоғарыда айтылған аяттар мен хадистердегі мәлімдемелерге сай халқымыз да былай деп сенген:

Жамағат, тіршілікте иман ізде,
Иманды ақыретте кетер озып.²⁹⁶

²⁹² Маида сүресі, 41

²⁹³ Әнғам сүресі, 125

²⁹⁴ Тирмизи, Сыфату жәһәннәм, 10.

²⁹⁵ Хадис анциклопедиси, XVII, 634-б, (дай: И. Жанан), (I-XVIII том), Стамбул, 1993.

²⁹⁶ Бабалар сөзі – даналық көзі, 94-б.

... ..
Иманды құл өлгенде ұрмақ табар.²⁹⁷

... ..
Еркек, әйел – әмбемізге иман парыз,
Жаратқан бір Алланы есіңе алып.
Бір Алла иманыңды нәсіп қылса,
Ішерсің ғаузы гәусар суын қанып.²⁹⁸

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) иман жайлы айтқан бір хадисінде:

*«Кімнің (өлім сәтінде) соңғы сөзі «Лә иләһә иллаллаһ» болса жаннатқа кіреді»,*²⁹⁹– дейді. Өлім алдында адамның «Лә иләһә иллаллаһ» деп айтуы – о дүниеге иманмен аттанғандығының белгісі. Осындай тілек халқымыздың арманына айналып, жырларында былай көрініс табады:

Жігіттер, Алла білер болса мінің,
Иманмен өтсін дей көр ақыр демің.³⁰⁰

... ..
Жарлығы екі болмас хақ құдайым,
Жанында серігі жоқ дақ құдайым,
Жанымды алсаң, құдая, иманмен ал,
Шайтанның қазасынан қақ, құдайым.³⁰¹

Хақ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және бір хадисінде иманның кәміл дәрежеге жетуін:

«Кім Аллаһ үшін жақсы көрсе, Аллаһ үшін жерісе, Аллаһ үшін беріп, Аллаһ үшін тыйым салса – има-

²⁹⁷ Бабалар сөзі, II, 196-б, Астана, 2002.

²⁹⁸ Бабалар сөзі-даналық көзі, 81-б.

²⁹⁹ Әбу Дәуд, Жәнайз, 20.

³⁰⁰ Нұржан, Алаш, 97-б.

³⁰¹ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 136-б., (құр: М. Мағауин, М. Байділд - ев), I-II, А., 1991.

ны кәміл болғаны»,³⁰²— деп сипаттайды. Аллаһ үшін дегеніміз – іште ықылас болып, басқа пиғылдардан жүректің таза болуы. Сондықтан осы ойға орай Нұржан ақын:

Адамнан неше түрлі табылар іс,
Иман кәміл бола алмас тазармай іш,³⁰³ – деген.
Аллаһ Елшісінің иман жайлы келесі тағылымы:

*«Аллаһ пен ақырет күніне иман еткен адам тек қана жақсы нәрсе айтсын немесе үнсіз қалсын».*³⁰⁴ Демек, ауыздан жақсы сөздің шығуы – мұсылманның сипаты.

Иманы бардың белгісі—

Тілінен тамар шырасы,³⁰⁵ – дейді дала ойшылы Шортанбай бұл хадисті жырға айналдырып. Иманды кісінің тағы бір белгісі – ұятты сақтап, арлы болуында. Мұны Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисінде:

«Ұят – иманның бір бөлшегі»,³⁰⁶— деп баяндаған. Осы хадисті өзінің тағылымында қолданған Ыбырай Алтынсарин:

Иманды ер құдайынан ұялады,
Ұялып иесінен сый алады,³⁰⁷ – деп тұжырымдаса,
Қабан жырау:

Ұяттың иман қабы дер,
Имандыда ұят бар,³⁰⁸ – деген. Ал бұл хадисті Шортанбай ақын:

³⁰² Әбу Дәуд, Сүннет, 16.

³⁰³ Нұржан, Алаш, 81-б.

³⁰⁴ Тирмизи, Қиямет, 51.

³⁰⁵ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 276-б.

³⁰⁶ Бухари, Иман, 3; Муслим, Иман, 57.

³⁰⁷ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 13-б.

³⁰⁸ Бабалар сөзі-даналық көзі, 77-б.

Ашты-тоқты болсаң да
Иманың – сақта ұятты,³⁰⁹ – деп, өлеңіне өреді.

Намаз – діннің тірегі

Намаз – тәкбірмен басталып, сәлеммен аяқталатын, ерекше әрекеттер мен сөздерден тұратын ғибадат. Намаз мұсылман қауымға Аллаһ тағала тарапынан әмір етілген парыздардың ішіндегі ең маңыздысы, ең үлкені. Аллаһ тағала Құранның көптеген жерлерінде:

*«(Ей, Мұхаммед!) Саған уахи етілген кітапты оқып, намазды орында. Күдіксіз, намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды»;*³¹⁰

*«Расында намаз белгіленген арнайы уақыттарда парыз етілді»;*³¹¹

*«Алайда олар барлық бұрыс діндерден бойын аулақ ұстап, шынайы түрде Аллаһқа құлшылық етуден, намазды тұп-тура оқудан және зекет беруден өзге нәрсеге әмір етілмеген болатын»;*³¹²

*«Намазды толық оқыңдар...»;*³¹³ – деп оның ерекше құлшылық екенін білдірген.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) да намазға қатты көңіл бөліп, оны:

«Намаз – діннің тірегі»;

*«Адамдардың қиямет күнінде алғаш есепке тартылатын амалы мен іс-әрекеті – намаз»;*³¹⁴

«Үлкен күнә жасамаған адамды бес уақыт намазы мен жұма намазы келесі жұмаға дейінгі жасаған

³⁰⁹ Зар заман, 117-б, А., 1993.

³¹⁰ Әнкабут сүресі, 45

³¹¹ Ниса сүресі, 103

³¹² Бәйина сүресі, 5

³¹³ Хаж сүресі, 78

³¹⁴ Тирмизи, Салат, 118.

күнәларынан арылтады»,³¹⁵— деп үнемі үмбетіне насихат еткен.

«Бір күні хазірет Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларға:

– Сендердің араларыңда бір адамның есігінің алдында өзен ағып, ол сол өзенге күніне бес рет шомылса, ол адамда кір қалатын ба еді? – деп сұрайды.

– Жоқ, қалмайды, – деп жауап қайтарады сахабалар.

*– Бес уақыт намаз да судың кірді тазалайтынын-дай күнәларды тазалайды, – дейді Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)».*³¹⁶

Халқымыз Аллаһ тағаланың әміріне мойынсұнып намазды парыз деп мойындаған, оны уақтылы оқуға қатты көңіл бөлген. Сол үшін атақты Бұқар жырау:

Бесінші тілек тілеңіз:

Бес уақытқы бес намаз

Біреуі қаза қалмасқа, – деп жырға қосқан.

Намазға осыншалық ден қойған бабаларымыз оны өлең-жырларына арқау еткен. Осындай жыр шумақтарында олар кейде сөздерінің дәлелді болуы үшін хадистерге жүгінсе, енді бірде хадистерден үкім шығарып, ойларын өрбіткен. Мысалы, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде намаз жайлы:

«Қаншама намазға тұрғандар бар, бірақ олардың намаздан нәсібі тек қана босқа шаршау»,³¹⁷ – деген. Міне, осы хадисті өлеңінде шебер қолданған ақын Ақмолла:

³¹⁵ Муслим, Таһарат, 14-15; Тирмизи, Мәуақит, 46; Ибн Мажә, Таһарат, 79, 106.

³¹⁶ Бухари, Мәуақит, 6; Муслим, Мәсажид, 283.

³¹⁷ Имам Ғазали, Ихиа, I, 436-б.

Көкірегің қатып қалған тастан жаман,
Ісің көп келіспеген басқа да одан.
Гибадат деп азаптанған құры ғадет
Ақирет пайдасына жарамаған,³¹⁸ – дейді.
Намаз туралы тағы бір хадисте:

*«Намазды әдейі тастаған адамға Аллаһ пен
Пайғамбардың көмегі болмайды»*,³¹⁹ – делінген.

Бұл хадисті Қабан жырау:
Кұдайдың құлшылығын қылмай кетсең,
Жетпейді пайғамбарға айтқан арыз,³²⁰ – деп тілге
тиек етеді.

Пайғамбарымыздан келген хадистердің бірінде:
*«Бес уақыт намазды Аллаһ құлдарына парыз
қылған. Намаздарын кемшіліксіз, тәртібіне сай етіп
оқыған адамды Аллаһ тағала пейішіне қоятынына уәде
еткен»*,³²¹ – деп айтылған. Осы хадистің мағынасын
ақындарымыз:

Сегіз бейіш қызығын көрер, – дейді,
Бес намаз қаза қылмай келген пенде,³²² – деп
жырлаған.

Зекет – Исламның көпірі

«Зекет» сөзінің мағынасы – көбею, өсу, берекеттену. Ал шарифаттағы мағынасы – «нисап» (зекетті парыз ететін байлық мөлшері) көлеміне жететін байлыққа ие мұсылман оның белгілі бір бөлігін жылына бір рет Аллаһ тағаланың разылығы үшін Құранда белгіленген

³¹⁸ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 346-б.

³¹⁹ Бухари, Мәуақит, 15, 34; Нәсаи, Салат, 15

³²⁰ Бабалар сөзі – даналық көзі, 94-б.

³²¹ Ғазали, Ихиа, I, 398-б.

³²² Бабалар сөзі, I, 92-б.

адамдарға үлестіруі. Зекет Құранда айтылған нақты аяттармен ауқатты мұсылмандарға парыз болған. Ол Құран Кәрімде үнемі намазбен қатар айтылады. Бір аятта «намаз оқындар» делінсе, артынан «зекет беріндер» деп әмір етілген. Зекет осы дүниенің материалдық жағын ретке келтіріп, бір жағынан Аллаһ разылығына қол жеткізуге себеп туғызады. Демек, ол – ақырет пен осы дүниені қосып тұрған бір көпір. Сол үшін Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Зекет – Исламның көпірі»*,³²³ – деген. Зекет туралы Құран Кәрімде:

«Намаз оқындар, зекет беріндер...»,³²⁴

«Олардың күнәларынан тазаланып, малдары көбейіп берекеттенуі үшін олардың (мұсылмандардың) малдарынан садақа (зекет) ал...»,³²⁵ – деп айтылған.

Зекет жайлы Хақ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Малдарыңды зекет беру арқылы қорғаңдар»,³²⁶

«Малыңның зекетін төлесең – мойныңдағы қарызыңды төлегенің»,³²⁷

«Малыңның зекетін беру – мұсылмандығыңды толықтырады»,³²⁸ – деген.

Жоғарыдағы аяттар мен хадистердің үйретуі бойынша халқымыз малының зекетін беріп, Аллаһ тағаланың әмірін орындап отырған. Олар зекет бермеудің ақыреттегі кесірінен де хабардар еді. Пайғамбарымыз зекетін бермегендердің ақыреттегі ахуалы туралы:

³²³ Нуриддин Хайсәми, Мәжмауз-зәуаид уа мәнбаул-фәуаид, III, 62-б, (I-X том), Бейрут, 1969.

³²⁴ Бақара сүресі, 34, 83

³²⁵ Тәубе сүресі, 103

³²⁶ Ажлуни, Кәшфул-хафа, I, 361-б.

³²⁷ Хадис ансиклопедиси, VI, 347-б.

³²⁸ Хадис ансиклопедиси, VI, 347-б.

«Аллаһ тағаланың берген байлығының зекетін бермеген адамның байлығы ақырет күні ірі жылан пішініне кіреді. Екі көзінің үстінде (қорқыныштылығының белгісі ретінде) қап-қара екі домалақ дағы бар. Осы жылан қиямет күнінде иесінің мойнына оралады...»;

«Жаһаннамда түйе мойнындай жыландар бар. Олардың аузынан шыққан удың ыстығы қырық жылдық жолдан сезіледі. Және ол жерде есектей шаяндар бар. Олардың да улары қырық жылдық жолдан сезіледі», – дейді. Имам Ғазали бұл жыландар мен шаяндардың осы дүниеде сараңдық еткен адамдарға шабуыл жасайтынын айтады.³²⁹

Осы хадистерге сүйеніп халқымыз зекетсіз малды үнемі жылан мен шаянға теңеген:

Жиған малың зекетсіз

Жылан менен шаян-ды.³³⁰

... ..

Артқы қалған заманға,

Қиямет қайым таянды.

Қайырсыздың көп малы

Жылан менен шаян-ды.³³¹

Бес парыздың бірі – ораза

Оразаның сөздік мағынасы – бір нәрседен алыстау. Шариғат терминінде ниет етіп ораза ұстауға күші жеткен адамның, таңның атуынан күннің батуына дейінгі аралықта оразаны бұзатын нәрселерден сақтануы. Құран Кәрімде Аллаһ тағала ораза жайлы:

³²⁹ Имам Ғазали, Өлим ве өтеси, 378-б., Стамбул, 1995.

³³⁰ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 43-б.

³³¹ Шортанбай, 42-б.

*«Ей, иман еткендер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді»;*³³²

*«Таңнан, қара жіптен ақ жіп (қараңғылықтан сәуле) ажыратылғанға дейін ішіңдер, жеңдер, сосын оразаны кешке дейін ұстаңдар»;*³³³ – дейді.

Ораза туралы Пайғамбарымыздың асыл сөздері былай төгіледі:

*«Ораза перде секілді. Кім ораза ұстаса аузынан жағымсыз сөз шықпасын, айқайласпасын. Біреу оған жағымсыз сөз айтса, яки дау шығарса «Мен ораза-мын», – десін».*³³⁴

*«Кім Аллаһ үшін бір күн ораза ұстаса Аллаһ ол құл мен тозақ отының арасына кеңдігі жер мен көктей шұңқыр орнатады».*³³⁵

*«Аллаһ Тағала былай деген: «Аузы берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлым арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен ғана беремін. Аузы берік адамның аштық пен шөлден шыққан ауыз исі Мен үшін мисктен де тамаша».*³³⁶

Оразаның парыз, уәжіп және нәпіл ораза секілді түрлері бар. Халқымыз тек қана парыз оразаны ұстап қана қоймай, Пайғамбарымыздың соңынан еріп, Аллаһ тағалаға бір қадам болса да жақындай түсу мақсатымен нәпіл оразаларды ұстап отырған. Мысалы, халқымыз ұстаған нәпіл оразалардың бірі шәууәл айындағы

³³² Бақара сүресі, 185

³³³ Бақара сүресі, 187

³³⁴ Бухари, Саум, 2, 9; Муслим, Сиям, 164; Әбу Дәуд, Саум, 25.

³³⁵ Тирмизи, Жиһад, 3.

³³⁶ Хадис ансиклопедиси, IX, 57-б.

6 күндік ораза. Шәууәл – рамазаннан кейінгі ай. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Кімде-кім рамазанды оразамен өткізіп, бұдан кейінгі шәууәл айында алты күн ораза ұстаса, жыл бойы ораза ұстағандай болады»,³³⁷ – деген. Осы оразаның түрі туралы сөз қозғаған ақын Қаңлы Жүсіп:

Рауаят жазған қай бала?

Мағынадан жоқ хабарың.

Шәууалдың алты күнінен

Қаншалық болды залалың...

Шәуалда тұтпақ алты күн,

Хадисы мен сабит дүр,³³⁸ – деп жоғарыдағы хадисті меңзейді.

Неке – салауатты өмірдің шарты

Неке – күллі мұсылман баласы қадірлеп, қастер тұтқан ұстанымның бірі. Ол – Пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қалған сүннет. Бұл туралы Аллаһ Елшісі былай деген:

«Неке – менің сүннетім. Кім менің сүннетім бойынша амал етпесе менен емес. Үйленіңіздер! Себебі, мен басқа үмбеттерден сендердің көптіктеріңмен мақтан етемін. Кімнің шамасы келсе, дереу үйленсін. Кімнің оған шамасы келмесе, ораза ұстасын. Себебі ораза – құмарлық сезімді басады»,³³⁹ – деген. Міне, осы хадисті өлеңінде шебер қолданған бір ақынымыз:

Патша қызын береді оқып некаһ,

Неке қылмақ Пайғамбар сүннеті хақ,³⁴⁰ – дейді.

³³⁷ Ибн Мажә, Сиам, 33.

³³⁸ Сайраған бақта бұлбұлдай, 25-б.

³³⁹ Хадис анциклопедиси, XVII, 187-б.

³⁴⁰ Бабалар сөзі, II, 116-б.

Халқымыз мұсылман болғандықтан Ислам дінінде белгіленген некенің шарттарынан да хабардар болғаны анық. Сондай шарттардың бірі балиғат жасына жеткен қыздың өз ырзашылығынсыз, зорлап үйлендіруге болмайтыны. Бұл туралы Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадисі бар. Бір күні Пайғамбарымыздың жанына бір жас қыз келіп: «Әкем өзінің тұрмысын жақсарту үшін мені бауырының ұлымен үйлендірді, – деп арызданды. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) некені бұзып-бұзбауды қыздың өз ырқына берді. Қыз: «Мен әкемнің шешімімен келісемін, тек қана әкелердің бұлай жасауға құқықтарының жоқ екенін әйелдердің білгенін қаладым», – дейді.»³⁴¹ Осы хадисті басшылыққа алып, мұсылман ғалымдар балиғат жасына жеткен қыздың келісімі болмаған некені жарамсыз деп санаған. Міне, осы хадисті өлеңінде дәлел ретінде ұстанған айтыскер Айқын бұл туралы пікірін:

Ризасыз неке харам деген қайда,
Жоқ па еді оқығаның оны бұрын?³⁴² – деп келтіреді

Пайғамбарымыздың неке жайлы хадистерінің арасында қалыңдық таңдау мәселесінде де өнегелі өсиеттер бар. Мысалы, Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

*«Әрбіріңіз шүкірлік айтатын жүрегі бар, зікір айтатын тілі бар, ақырет істеріңізге жәрдемші болатын мұсылман әйел алсын»,*³⁴³

«Мұсылман ер тақуалықтан кейін ең көп жақсылықты салиқалы әйелде көреді. Мұндай әйелге бұйрық айтса, орындайды. Оған қараса көкірегің

³⁴¹ Хадис ансиклопедиси, XVII, 194-б.

³⁴² Айтыс, 188-б., А., 1988.

³⁴³ Хадис ансиклопедиси, XVII, 189-б.

қуаныш билейді. Ол күйеуіне берген уәдесін орындауға да көмектеседі. Әйелінің жанынан ұзап, алысқа кетсе, әйелі әрі өзінің намысын қорғап, әрі оның мал-мүлкін жұмсауда адалдықтан таймайды»,³⁴⁴ – дейді.

Осы хадистерді ұран етіп ұстанған халқымыз:

Қыз болса, алар едім молла болса,

Іздегені сопылық жолда болса.

Бөтен жанға көңілін аудармайтын,

Құран менен кітап қолда болса,³⁴⁵ – деп көңіліндегі ой-арманының шетін қылтитады.

Ата-ананың қадірі

Ислам дінінде ата-анаға қатты мән беріліп, адамзаттың ішіндегі ең қастерлі де сыйлы жан ретінде құрмет көрсетілген. Құран аяттары мен хадистерде ата-ананы сыйлау, оларға қарсы келмеу, қолғабыс болып, айтқанын екі етпеу, қартайғанда көңілдеріне қаяу түсірмей, қамқорлық көрсету мәселелері жиі айтылған. Мысалы, Құранда Аллаһ тағала:

«Біз адам баласына ата-анасына жақсылық жасауды бұйырдық...»³⁴⁶

«Біз адамдарға ата-анасымен жақсы қарым-қатынаста болуды бұйырдық. Себебі анасы оны қиыншылықтарға төзе отырып құрсағында көтеріп жүрді. Туғаннан кейін екі жыл емізеді. (Ей, Адамдар!) Алдымен Маған, сосын ата-аналарыңа алғыс айтыңдар. Соңында Маған қайта ораласыңдар...»³⁴⁷

³⁴⁴ Хадис анциклопедиси, XVII, 190-б.

³⁴⁵ Бабалар сөзі, II, 113-б.

³⁴⁶ Аһқаф сүресі, 15-16.

³⁴⁷ Локман сүресі, 14-15.

«Ал егер олардың бірі немесе екеуі де қолдарыңда тұрған кезде қартайса, оларға «уһ» деп те айтпа. Сондай-ақ, оларға зекіме және оларға сыпайы сөйле. Мейіріммен құшақ жайып оларға былай деп дұға жаса «О, Раббым! Олар мені кішкентай күнімде қалай мәпелеп өсірген болса, оларды солай мейіріміңе бөлей гөр.»³⁴⁸

Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) иман мәселесінен кейін ең көп тоқталған тақырыптарының бірі – ата-ананың ақысы еді. Ол (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ тағалаға ең жағымды құлшылықтың – ата-ананы қастерлеу екенін айтқан. Хадистерінде ата-ананың ақысын өтеудің мүмкін еместігін ескерткен. Шын мәнінде ата-ананың балаға деген мейірімін, оны өсіру жолында тартқан азаптарын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистерінде үмбетін ата-анаға қарсы келуден сақтандырып, оны үлкен күнәға балайды. Ал мұсылмандарға ата-ананың қадірін көрсету мақсатымен оларға жасалған жақсылықты кейде Аллаһ тағаланың жолында жиһад етумен тең десе, кейде ең үлкен ғибадаттардың бірі – қажылық жасағанмен бірдей дейді.

Осы тұрғыда айтылған хадистерінде Хақ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай деген:

«Кімде-кім ата-анасына сүйіспеншілік пен жылы шырай танытып қараса, сол көзқарасының өзі оны «хажж-мәбрур» жасағандай сауапқа кенелтеді.»³⁴⁹ Хажж-мәбрур дегеніміз адамды анадан жаңа туылғандай пәк, күнәсіз қалыпқа түсіретін, Аллаһ тағаланың ризашылығына сай орындалған қажылық.

³⁴⁸ Исра сүресі, 23-24

³⁴⁹ әл-Мунауи, Фәйзул-Қадир, V т., 483-б.

«Анаңа құрмет көрсетуден кенде қалма. Оның көңілін табудың жолдарын қарастыр. Егер осылай жасасаң қажылыққа да, умраға да барғандай сауап аласың.»³⁵⁰

Адамзаттың ардақтысы хазрет Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осы хадистеріне сүйеніп Шал ақын:

Мекке менен Мәдине жолдың ұшы,

Алыс сапар дейді ғой барған кісі.

Ата менен анаңды құрметтесең,

Мекке болып табылар үйдің іші,³⁵¹ – деп халыққа өсиетін айтса, Шортанбай:

Атаңды сыйла анаңмен

Меккені іздеп таппаққа,³⁵² – деп, ата-ананы сыйлауға үндейді.

Қазақ халқының басына қиын-қыстау күн туғанда қоңыраулы найза қолға алып, дұшпанмен шайқасудан қаймықпаған Ақтамберді жырау да жоғарыдағы хадистерді жырына қосып былай деді:

Әзір Мекке алдында

Пейіліңмен сыйласаң

Атаң менен анаңды.³⁵³

Жыраудың шығармасын зерттеушілер оның ойына қазық болған хадистерден бейхабар болғандықтан, оған басқа қырынан қараған. Мысалы, сондай зерттеулердің бірінде:

«Меккені іздеп нетесің,

Меккеге қашан жетесің?

Әзір Мекке алдында

³⁵⁰ Әт-Табәрани, әл-Мужәмул-Әусат, IV т., 372-б.

³⁵¹ Бес ғасыр жырлайды, I т., 128-б.

³⁵² Бес ғасыр жырлайды, I т., 280-б.

³⁵³ Бес ғасыр жырлайды, I т., 65-б.

Пейіліңмен сыйласаң

Атаң менен ананды! – деп ата-анаңа көрсеткен сый-құрметің құдай жолын қуып, Меккеге барумен пара-пар деген ойды қорытады. Ал бұл пікір ертедегі грек жұртының ұлы ғалымы Платонның «Кімде-кімнің үйінде қартайып отырған әке-шешесі немесе атасы мен енесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол үйіне құдайдың одан артық құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса ата-аналары оның отбасының құты болып табылады», – деген ойымен ұштасып жатыр. Біз әрине Ақтамберді Платонды оқып білді деген пікірден аулақпыз. Қарт ата-ене мен әке-шешені сыйлау қай халықтың болмасын ежелгі тарихи дәстүрі болған.»³⁵⁴ Ал шын мәнінде жырау ата-ананы сыйлау қажылықпен тең деген пікірін жоғарыдағы Пайғамбарымыздың аузынан төгілген асыл хадистерге сүйеніп айтқан.

Бір күні Аллах Расулына (саллаллаһу алейһи уә салләм) бір кісі келіп: «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммәдән абдуһу уә расулуһу» – деп кәлимә шәһәдәтті айтып, былай дейді: «Ей, Аллаһтың Елшісі! Бес уақыт намазымды оқып, зекетімді беріп тұрамын. Рамазан айында оразамды да ұстадым.» Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм): «Кімде-кім сенің айтқан мәселелеріңе иман етіп, соны жасайтын болса қиямет күні пайғамбарлар, сыддықтар мен шәһидтермен бірге болады. Ал ата-анасына қарсы келгендер бұған қол жеткізе алмайды.»³⁵⁵ – дейді. Осы хадиске орайластырып аталарымыз былай деген екен:

Қиямет күні қиындық көрер

³⁵⁴ С.Қалиев, XV-XIX ғасырларақын-жарауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер, 29-30-б., Алматы, 1990.

³⁵⁵ Хәйсами, Мәжмауз-Зәуaid, VIII т., 147-б.

Ата сөзін тұтпаған.³⁵⁶

Пайғамбарымыздың саңлақ сахабасы Әбу Һурәйрә (р.а.) бір күні жолда Әбу Ғассан деген кісіні кездестіріп қалады. Әбу Ғассан алда, ал әкесі оның артында келе жатады. Мұны көрген Әбу Һурәйра (р.а.) Әбу Ғассанға ескерту жасап: «Сен Пайғамбарымыздың сүннетін орындамадың. Жолда жүргенде әкеңнің алдына шығып жүрме, артында немесе оң жағында жүр,»³⁵⁷ – дейді. Осы айтылған сүннетті санасына сіңіріп, әдептілік қағидасына айналдырған халқымыз ата-анасына жол беріп, былай деген:

Ата алдында бала жүрсе болар қате,

Алдымда сіз жүріңіз, ай, жан ата.³⁵⁸

Атам қазақ Аллаһтың әмірін орындап, Пайғамбарға мойынсұнған кезеңде ата-ананы сыйлап, алдарынан кесе-көлденең өтпей, өздерінің перзенттік қарыздарын бір сәтке де естерінен шығармаған. Кәдуілгі үй тіршілігінде киім-кешегін, керек-жарағын алып беріп, астына көрпе-көпшігін төсеп, алдына дастарқан жайып, асын ұсынып, қамшысын қолына ұстатып, атына қолтықтап мінгізіп, сырттан келгенде, түсіріп алып, атын байлап, айтқанын зейін қойып тыңдап, екі еткізбей, қарсы сөзге келмеген. Ал ана көңіліне кірбің келтіру, оның тілін алмау, дауыс көтеру ауыр қылмыс болып есептелген. Мұндайда ананың ақ сүті ұрады деген. Сондықтан ата-бабамыз:

Тоғызыншы тілек тілеңіз

Төреңіз тақтан таймасқа,

³⁵⁶ С. Бақырғани, Бақырғани кітабы, 63-б., Қазан, Мәтбаға-и Кәримия, 1901.

³⁵⁷ Ф. Адил, Кудси ики варлык анне-баба, 121-б., Измир, 2006.

³⁵⁸ М. Жүсіп Көпейұлы, Көп томдық шығармалары, I т., 86-б., А., 2003.

Тоқсандағы қарт баба
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңіткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа,³⁵⁹ – деп ата-ананың тілеуін тілеген.

Хақ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде ақырзаман жақындағанда аналар өздерінің мырзаларын туады деген.³⁶⁰ Яғни перзенттің бойында ата-ананы сыйлау деген қасиет қалмай, керісінше оларға өзінің дегенін істетіп, дөрекілігімен қабақтарына кірбің түсіріп, жандарын жаралайтынын айтады. Міне, осы хадистің сырын терең түсінген ата-бабамыз келешек ұрпаққа мұндай қателікке ұрынбауы үшін:

Сыйлай бергіл көнені,
Сыйламаған күң қылар,
Өзін тапқан енені,³⁶¹ – деп өшпес өсиетін қалдырған.

Дүние-мүлік – қолдың кірі

Халқымыз дүние-мүлікті қолдың кіріне теңеп, маңызы мен мәні жоқ бос нәрсеге балаған. Құран Кәрім дүние-мүлікті:

³⁵⁹ Бұқар жырау Қалқаманұлы, Шығармалары, (жин: М. Жармұхамедұлы) 11-б., А., 1992.

³⁶⁰ Муслим, Иман, 1; Нәсаи, Иман, 6; Әбу Дәуд, Сүннет, 17; Тирм - зи, Иман, 4.

³⁶¹ Бұқар жырау Қалқаманұлы, Шығармалары, 11-б.

«Оларға бұл дүниенің мысалын былай деп түсіндір: ол көктен жауған жаңбыр секілді, соның саясында жердегі шөптер қалың болды, ал бірақ таң атқанша құрап қалған әлгі шөптерді жел олай да, бұлай да ұшырады. Аллаһтың бәріне күші жетеді. Дүние-мүлік пен балашаға бұл өмірдің бір әшекейі ғана. Ал жалғасын тапқан игіліктер сауап пен үміт тұрғысында Аллаһтың алдында одан да қайырлы»,³⁶²

«Жақсылап біліп алыңыздар, бұл дүние ойын, көңіл көтеру, сәндену, бір-біріңе мақтану, дүние-мүлік, балашағаның санын арттыру мәселесінде бір-біріңмен жарыс қана. Мұның бәрі жаңбыр сияқты. Оның арқасында өсіп шыққан шөп кәпірлерге қатты ұнағанымен құрап, сен оны сап-сары болып, тіпті сабанның талишығына айналғанын көресің. Дүниеге алдандандарға ақыретте қатты азап бар. Ақыретті таңдағандарға Аллаһтың кешірімі мен рызасы бар. Бұл өмір адамды алдандырған сағым ғана»,³⁶³ – деп суреттейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тірлігінде мұсылмандардың сағым дүниеге алданып қалмауын:

«Менен кейін сізге дүние нығметтері мен әшекейлері ашылып, соған беріліп кетесіздер ме деп қорқамын».³⁶⁴

«Ақыретпен салыстырғанда бұл дүниенің мәні тек қана саусағыңызды теңізге батырып қайта шығарғанда саусағыңызда қалған су тамшысы секілді. Адам теңізден қаншасын қолымен ала алатынына қарасыншы?»³⁶⁵ – деп ескерткен.

³⁶² Кәһф сүресі, 45-46

³⁶³ Хадид сүресі, 20

³⁶⁴ Муслим, Зухд, 1052.

³⁶⁵ Имам Нәуәуи, Риядус-салихин, I, 419-б., (ауд: И. Өзкес), Стамбул, 1992.

Бір күні Екі Дүние Сәруары (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабаларымен бірге базардың ішінен өтіп бара жатқанда жерде жатқан лақтың өлексесін көреді. Өлексенің құлағынан ұстап көтеріп: «Кім мынаны бір дирхамға алады?» – деп сұрайды. «Ей, Аллаһтың Расулы, одан да арзан берсе алмаймыз, ол біздің қай ісімізге жарайды!» – деп жауап қатады сахабалар. «Тегін берсе алар ма едіңіз?» – деп сұрағанда, бәрі бірауыздан: «Тегін берсе де алмаймыз, оны қайтеміз!» – дейді. Сонда хазірет Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) *«Уаллаһи, мынау (өлексе) сіз үшін қандай түкке тұрғысыз болса, Аллаһ үшін дүние де осы лақтың өлексесінен бетер түкке тұрғысыз»*, – дейді.³⁶⁶ Міне, осылай дүние-мүлікке берілмей, *«Ухуд тауындай алтыным болса, қарызымды төлеуге беретіндерімнен артылғанын үш түн болса да жанымда сақтамас едім»*,³⁶⁷ – деген Пайғамбарымыздан үлгі алған сарбаздары да сол сияқты өмір кешіп, дүние-мүліктің арбауына түспеген. Сахаба Хаббаб б. Әрәт өздерінің осы жайын: «Мусаб бин Умәйр Ухуд соғысында шейіт болған кезде, үстінде сауытынан басқа түгі жоқ еді. Онымен басын жапсақ аяғы, аяғын жапсақ басы ашық қала берді. Расулаллаһ онымен басын жауып, аяғын шөппен жабуымызды әмір етті»,³⁶⁸ – деп мәлімдеген.

Хазірет Пайғамбар мен оның алмас сынды сахабаларының осы асыл қасиетін тілге тиек еткен Қабан жырау:

Бұл дүние имандыға арман емес,
Дүниенің қызығы үшін мал жимаймыз,

³⁶⁶ Муслим, Зухд, 2957.

³⁶⁷ Муслим, Зекет, 991.

³⁶⁸ Муслим, Жәнайз, 940.

Мал, шіркін, ешкімге еріп барған емес.

Бұрынғы пайғамбар мен сахабалар,

Пайда ғып ешкім малын алған емес,³⁶⁹ – деп жырлаған.

Себебі, жандарынан да жақсы көрген Пайғамбарлары оларға: *«Дүниеге беріліп кетуден сақ болыңдар!»*³⁷⁰ – деп ескерткен-ді.

Осы жайды жырға қосқан халқымыз:

Пайғамбар «пәни малды сүймең» деді,

Сахабалар, батырлар тілін алды,³⁷¹ – дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүние-мүлікті өткінші қызық деп бағалаған. Мысалы, Ол бір хадисінде адамдардың өмір бойы теріп жинаған дүние-мүліктерінің оларға қабірге дейін ғана серік болып, одан арғысын оның еш қажетіне жарамайтынын айтқан:

*«Үш нәрсе мәйіттің артынан жүреді: бала-шағасы, дүние-мүлкі және іс-әрекеті. Екеуі кері қайтады, біреуі оның жанында қалады. Бала-шағасы мен дүние-мүлкі кері қайтып, жақсылы-жаманды іс-әрекеті ғана жанында қалады».*³⁷²

Пайғамбарымыздың осы хадисін жырға қосқан Шал ақын:

Жігіттер, жалған дүние бізден қалар,

Бір күні ажал келіп жаныңды алар,

Жан шығып, дүниеден көшкеннен соң,

Мал-мүлкің, қатын-балаң бәрі қалар,³⁷³ – десе,

³⁶⁹ Бабалар сөзі – даналық көзі, 83-б.

³⁷⁰ Тирмизи, Зухд, 2329.

³⁷¹ Бабалар сөзі, II, 367-б.

³⁷² Муслим, Зухд, 2690.

³⁷³ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 148-б.

Шортанбай ақын:
Дүние, малы ермеді
Өлген ердің соңына...
Жалғанда жиған нәрсенің
Пайдасы жоқ қу жанға,³⁷⁴ — дейді.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тағы бір хадисінде:

«Адам баласы дүнием, дүнием дейді. Ей, адам баласы! Жеп бітірген, киіп ескірткен немесе жақсылық жолында жұмсап өзіңнен бұрын (ақыретке) жібергеннен басқа қандай мал-мүлкің бар?»³⁷⁵ — деген.

Осы хадиске сәйкес Шортанбай:

Алтын-күміс абзалаң
Өлгеннен соң не керек?
Өлген малың — иманың,
Тіріде қамын жиғаның.
Аманатын алғанша

Жалғанда бар ма қиғаның,³⁷⁶ — деп жырлаған.
Екі ғасыр куәгері ақиық ақын Жамбыл жоғарыдағы хадистердің мағынасына үйлестіріп:

Дос-жаранға, кемтарға
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?
Дәулетіңнен не пайда
Таусылмайтын көрінген!
Жалғыз мұраң сол болар
Қол қайырым берілген.
Басқа дүние бәрі де

³⁷⁴ Шортанбай. 36, 37-б.

³⁷⁵ Муслим, Зухд, 2959.

³⁷⁶ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 277-б.

Көмілмейді кебінмен,³⁷⁷ – деп ойын ақтарған.

Хақ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы бір хадисінде:

«Жаннат есігінің алдында тұрдым. Ол жерге кіріп жатқандардың көбісі кедейлер еді. Байлар болса есеп беру үшін күтіп тұрған. Сосын олардың ішінде тозаққа баратындар үшін «тозаққа апарылсын» деген әмір берілді»,³⁷⁸ – деп мұсылман үшін маңызды ақырет сырын айтады.

Мал дейді көп дүнияда жиғанменен,

Бәрінің ақыретте азабы бар,³⁷⁹ – деп халқымыз осы хадистен оймақтай ой түйген.

Кісі ақысы – әлеуметке қиянат

Ислам дінінде кісі ақысына қатты мән беріліп, тіпті ширктен (Аллаһқа серік қосу) кейінгі кешірілмейтін күнәлардың қатарына жатқызылған. Себебі, адам ақыретке кісі ақысын арқалап баратын болса, ақысы кеткен адам «мен оны кештім» демейінше әлгі құлды Аллаһтың да кешірмейтіні айтылған. Сол үшін халқымыз ұрпақ тәрбиесінде де осыған мән беріп, ешкімнің ала жібін аттамауды балаларының құлағына құйып өсірген. Кісі ақысының өте үлкен күнә екенін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кім бір қарыс топырақты зорлықпен тартып алса, сол жердің жеті есесі қиямет күні мойнына жүктеледі»,³⁸⁰

³⁷⁷ Ө. Күмісбаев, Жамбыл және Шығыс әдебиеті, ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы, №3 (28), 2004.

³⁷⁸ Муслим, Рикақ, 2736.

³⁷⁹ Бабалар сөзі, II, 118-б.

³⁸⁰ Муслим, Бую, 1612.

*«Кімде-кім бір мұсылманның ақысын жесе, Аллаһ оған тозақты уәжіп, пейішті харам етеді».*³⁸¹

«Мұсылман бауырыңыздың ақысын жеу халал емес...»,³⁸² – деп ескерткен. Осы хадис бойынша Бұқар жырау:

Іштегі сыр Аллаға мәлім,
Сыртыңдағы қулығың
Амал емей немене.
Кісі ақысын көп жеген
Арам емей немене,³⁸³ – дейді.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде:

*«Кімде бір мұсылман бауырының өзіне немесе бір нәрсесіне жасаған қиянаты бар болса, динарлар мен дирхамдар табылмайтын күн (ақырет күні) келмей тұрып, одан кешірім сұрасын. Әйтпесе, егер жақсы амалы бар болса жасаған қиянатының мөлшерінде оның сауабынан алынып жәбірленген адамға беріледі. Егер жақсы амалы жоқ болса жәбірленушінің жаман әрекеттері алынып оның мойнына жүктеледі»*³⁸⁴ – дейді. Осы хадистің мағынасына сәйкес халқымыз былай деген:

Момынның зар жылатып малын жейсің,
Жүресің ақыретте уайым жеп...

Момынның зар жылатып малын жейсің,
Білмейсің иманыңнан төлерінді,³⁸⁵

Қазақ билері де төрелігін сұрап келген халықтың дау-дамайын, келіспеушіліктерін шешер кезде

³⁸¹ Муслим, Иман, 137.

³⁸² Муслим, Хажж, 194; Тирмизи, Фитән, 2; Тәфсир, 2.

³⁸³ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 89-б.

³⁸⁴ Бухари, Мәзалим, 10.

³⁸⁵ Бабалар сөзі–даналық көзі, 94-б.

Пайғамбарымыздың хадистеріне сүйеніп отырған. Мысалы Хақ Елшісінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғарыдағы хадистеріне сүйеніп Орманбет би:

Біреудің ақысына зорлық қылған

Қиянат қияметте жаман деген,³⁸⁶ – десе, атақты Төле би:

Қор болмасты ойласаң

Мүсәпірдің қақын бер,³⁸⁷ – деп төрелігін айтады.

Жалпы халқымыз кісі ақысын жеуден қатты сақтанып, кейінгі ұрпаққа хазірет Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйренгендерін өсиет еткен. Оларға:

Кісінің, менше, балам, хақын жеме,

Түбінде жарамайды жегіш неме;³⁸⁸

... ..

Ешкімнің қақын жемендер,

Артында оның сұрақ бар;³⁸⁹

... ..

Жақсыны алыс, жаманды жақсы деме,

Жақсы атансаң біреудің қақын жеме,

Жақсымын деп біреудің қақын жесе,

Жаман адам сол болар, мақұл деме;³⁹⁰

... ..

Біреудің хақын жеме жалғыз тиын,

Тергеуде де адамның ақы қиын.

Сені жоқтан құдая бар еткізді,

³⁸⁶ Үш пайғамбар, 150-б.

³⁸⁷ Үш пайғамбар, 35-б.

³⁸⁸ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 227-б.

³⁸⁹ Бабалар сөзі—даналық көзі, 77-б.

³⁹⁰ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 124-б.

Ендеше, соған табын, соған сиын;³⁹¹

... ..

Сен өзің Әжібайдан туып едің,

Жасыңнан жамандыққа жуық едің.

Қияметте қайтесің кісі ақысын,

Зар жылатып талайды қуып жедің,³⁹² – деп ескерткен.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде:

«Мұсылманға зиянын тигізген немесе алдаған адам Аллаһтың лағнетіне ұшырайды»,³⁹³ – деген.

Осы хадистің мағынасына орай халқымыз өздерін алдаған молдаларды сынап:

«Арамза, аңқау елге молда» болып,

Амалдан алып жүрсің пұл-зияпат.

Бергені қазағымның зайғы кетпес,

Ықыласы бір құдайға, қылса мехнат.

Өтірік «қожамын» деп алған нәрсең,

Түбінде шаян болып сені шағад,³⁹⁴ – десе, енді бірде:

Алдап алған малыңның

Есебіне жете алмай,

Қалтырарсың, Ешенім,

Қыл көпірден өте алмай,

Жөніңе көш, Ешенім,

Тозакқа қарай бет алмай,³⁹⁵ – деп оларға әділ ескертулер жасаған.

³⁹¹ Ақмолла, 67-б.

³⁹² Ай, заман-ай, заман-ай, I, 314-б.

³⁹³ Тирмизи, Бирр, 27.

³⁹⁴ Сайраған бақта бұлбұлдай, 71-б.

³⁹⁵ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 208-209-б.

Адам ақысының бірі – пара жеу. Бұл туралы Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Уаллаһи, сіздерден біреуіңіз алуға ақысы жоқ бола тұра бір нәрсені (пара) алса, қиямет күні Аллаһтың алдына соны жүктеніп барады»,³⁹⁶ – деген.

Халқымыз:

Қорықсаң ақыреттен жеме пара,
Екеу жоқ ақыретте жүрер дара,
Дүниенің қызығына алданам деп,
Болмаңдар ақыретте жүзі қара;³⁹⁷

... ..

Жолшора, өзің қажы, әкең Анай,
Параны бұрын беріп, жедің талай.
Алдында жеті тамық, сегіз ұрмақ
Қайсысына кірерің екі талай,³⁹⁸ – деп ой түйген.

Екі дүние Сәруары (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Халық ара-сында үкім берген ешкім жоқ, оның мойнынан қиямет күні періште жетектеп алып келмесін. Сосын періште жоғары қарайды. Егер періштеге «оны лақтыр» десе, періште оны жәһаннамның түбіне қарай лақтырады, тіпті ол жәһаннамның түбіне 40 жылда әрең барады,»³⁹⁹* – деген. Хадис кітаптарында Пайғамбарымыздың пара алған және пара берген адамдарға лағнет айтқаны баяндалған.⁴⁰⁰ Сүйікті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тәлімін жақсы меңгерген қазакем:

Өлсең де қабіріңде тек жатпайсың,
Төре беріп біреуден пара жесең...

³⁹⁶ Муслим, Имара, 1832; Муснәд, V, 423-б.

³⁹⁷ Бабалар сөзі–даналық көзі, 94-б.

³⁹⁸ Айтыс, 1-том, 96-б., Алматы, 1964.

³⁹⁹ Хадис анциклопедиси, XVII т., 274-б.

⁴⁰⁰ Тирмизи, Ахкам, 9.

Төре беріп біреуден пара жесең,
Қияметте жоқ дейді биден азған;⁴⁰¹

... ..

Билер пара жемендер,
Жалғанды жолдас демендер,
Ақырет қамын іздендер,
Жанға бетгі кезбендер.
Кісі хақын алмаңдар,
Аузыңа харам салмаңдар,
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрынғы пайғамбар,⁴⁰² – деп жырлайды.

Пайғамбарымыз басшының әділ болуына байланысты: *«Аллаһ егер бір адамға бір қауымды басқаруды беріп, әлгі адам ол қауымға қиянат еткен күйінше қайтыс болса, Аллаһ оған жаннатты харам етеді»*,⁴⁰³ – десе, бұл дәстүрді бойына сіңірген аталарымыз:

Қылышбай, би болыпсың алпыс бесте,
Құданың құдіреті күшті емес пе?!
Төреңді түзу бермей, қисық берсең,
Мақшарда тартыларсың темір іске,⁴⁰⁴ – деп ақыреттегі азаптан сақтануға шақырады.

Бір хадисте: *«Қазылар үшке бөлінеді: екеуі тозаққа, біреуі пейішке кіреді. Біле тұра бұрыс үкім берген қазы тозақтық. Білмесе де үкім берген және осы үкімімен адамдардың хұқығын аяққа таптаған қазы да тозақта. Дұрыс үкім берген қазы ғана пейіште болады»*,⁴⁰⁵ – деп айтылған.

⁴⁰¹ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 117-б.

⁴⁰² Шортанбай, 34-б.

⁴⁰³ Муслим, Имара, 1460.

⁴⁰⁴ Ай, заман-ай, заман-ай, 225-б.

⁴⁰⁵ Ибн Мажә, Ахкам, 3.

Қазақ даласында бір кездері билер қазылардың рөлін атқарған. Сол үшін жоғарыдағы хадистің үкімі билерге де тиесілі. Міне, осыны ескерген ақындарымыз хадистің мәніне терең бойлай түсіп:

Әділдік екі жаһанда бірдей жақсы,
Ұжмақтың көрер деген райысын.
Дүниеде хакім болып, ғәділ болса,
Кешірер деген сөз бар күнәйісін,⁴⁰⁶ – дейді.

Хазірет Пайғамбарымыздың тағы бір хадис шәріфінде:

«Әділетпен істерін жүргізген кісілер Аллаһтың құзырында нұрдан жасалған орындықтарда отырады. Олар үкім берген кезде отбасындағыларға да, қол астындағыларға да әділетпен қарайды»,⁴⁰⁷ – делінген.

Осыған орай өз ойын өрнектей отырып, әділ басшыларды Қаңлы Жүсіп:

Халықтың адал ұлы басшы болса,
Бір Алла жүреді оны желеп-жебеп.

Адамдық – ең керегі барлық жанға,⁴⁰⁸ – деп суреттейді.

Ардақты Елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хазірет Әлиді Йеменге қазы етіп тағайындаған кезінде оған қазылар жұмысының мәні жайлы былай дейді:

«Аллаһ өзі жүрегіңді туралыққа жетелейді, сөздеріңді де дәлелді етеді. Қасыңа бір-біріне қас екі адам келген кезде біріншісін тыңдағаның секілді екіншісін де тыңдамастан үкім берме. Тура үкім беру үшін осылай әрекет етуің қажет»,⁴⁰⁹ – деп ескерткен.

⁴⁰⁶ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 269-б.

⁴⁰⁷ Муслим, Имара, 1827; Муснәд, II, 160-б.

⁴⁰⁸ Сайраған бақта бұлбұлдай, 12-б.

⁴⁰⁹ Тирмизи, Ахкам, 5; Ибн Мажә, Ахкам, 1.

Пайғамбарымыздың осы өсиетін халыққа Әубәкір Кердері ақын:

Би болмас білгені елге жарамаса,
Пақырды, міскінменен жараласа.
Халалдың харамменен шегін ашып,
Несі би, ғаділ тұрып қарамаса,⁴¹⁰ – деп жеткізген.

Жетімдерге қамқорлық

Қазақ жетімін жылатып, жесірін қаңғыртпаған халық. Мұндай жақсы салт – мұсылмандық талапты ұстанудың өміршең белгісі. Құранда жетімдерге пана болу жайында:

*«Сенен жетімдер туралы да сұрайды. Оларға: «Оларды пайдалы және жақсылап жетілдіру қайырлы іс. Егер олармен бірге бір жерде өмір сүрсеңіз олар сіздердің бауырларыңыз. Аллаһ жетімдерге қамқор болмақ болғандар мен (олардың малы мен жағдайынан пайдаланып) насықтық жасағандарды біледі», – деп айт»;*⁴¹¹

*«Шындығында жетімдердің ақысын жеген адамдар қарындарында жанатын бір от жеген секілді. Олар алаулап жанған оттың ішіне (тозаққа) кіреді»,*⁴¹² – деген аяттар бар.

Пайғамбарлар Сұлтаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да бір хадисінде төмендегідей өсиет етеді:

«Адамдарды құртатын жеті нәрседен қашыңыздар. Олар: Аллаһқа серік қосу, сиқыр жасау, бір адамды орынсыз өлтіру, пайыз жеу, жетімнің ақысын жеу, соғыстан қашу және мұсылман әйелге

⁴¹⁰ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 271-б.

⁴¹¹ Бақара сүресі, 220

⁴¹² Ниса сүресі, 10

жсала жсabu». ⁴¹³ Осылайша аяттар мен хадистерден адамды құрдымға итеретін жаман әрекеттердің бірі – жетімнің ақысын жеу екенін біліп-үйренген дана халқымыз ойын былайша төгеді:

Айтайын баяғыдан біраз кеңес,
Жақсы адам жетімнің хақын жемес. ⁴¹⁴

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келесі хадисінде былай дейді: *«Аллаһым! Мен екі әлсіз жанның хақтарының аяқ астына тапталмауын адамдарға қатты ескертемін. Бұл екі әлсіз жан: жетім мен әйел.»* ⁴¹⁵

Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистерін өмірінің өзегіне айналдырған ата-бабаларымыз былай деп ескертеді:

Жатсаң-тұрсаң жақсылар,
Бір Алла болсын тілінде.
Рахым қылып сыйлап жүр
Жетім менен жесірді.
Бұларға қорлық іс қылсаң,
Басыңа солар кесірді. ⁴¹⁶

Мейірім пайғамбары бір хадисінде:

«Жетімге пана болған кісімен мен ақыретте былай боламыз», ⁴¹⁷ – деп сұқ саусағы мен ортанғы саусағын қоса көрсетіп, жетімге пана болғанның ақыретте өзімен жақын болу бақытына қол жеткізетінін айтқан-ды. Дарқан халқымыз да: *«Жетім көрсең жебей жүр»,* – деп, осы хадисті өміршең дәстүрге айналдырды. Қазақ

⁴¹³ Муслим, Иман, 89.

⁴¹⁴ Бабалар сөзі, II, 175-б.

⁴¹⁵ Хадис анциклопедиси, XVII, 489-б.

⁴¹⁶ Бабалар сөзі, I, 31-32-б.

⁴¹⁷ Бухари, Әдәб, 365.

хандығы құрылмай тұрып-ақ қазақ топырағында өмір сүрген бабаларымыз осы жолдың бастауында былай деген болатын:

Болсаң Расулға үмнат
Қылың жетімге шапағат.
Болар саған көп рахмат,
Расул осылай деді-ә.⁴¹⁸

Бабаларымз бастаған даңғыл жолды жалғастырған халқымыз жоғарыда ескертілген Құран аяттары мен хадистерді ұлттық менталитетімізге сай болмысымызбен ұштастыра білген. «Қазақ арасында да жетім-жесірлер болған. Бірақ, олар жаппай бір қатер болмаса, ешқашан тентіреп, ел аралап қайыр сұрамаған. Өйткені, қазақтар өз жетім-жесірлерін өздері қамқорлығына алған, қаңғыртпаған».⁴¹⁹ Мұсылмандық қасиеттерді бойына сіңіре білген халқымыз жетімдерді мойындарына аманат деп біліп, оған қамқор көңілмен қараған. Алайда, бүгінгі таңда елімізде тастанды бала санының күн өткен сайын артуы, әрі олардың мүшкіл халі – бүгінгі ұрпақтың аталарымыздың бойындағы әлгі асыл қасиеттерден алыстағанының белгісі.

Шәһид орны – жұмақта

Аллаһ жолында жанын пида еткен жандар шәһид делінеді. Мұндай адамға неліктен шәһид деп аталғандығы турасында бірнеше көзқарастар бар. Мысалы, бір көзқарас бойынша «шәһид деп аталудың себебі – бұл кісінің жаннатқа кіретініне шәһидтік (куәгерлік) етілген». Басқа бір көзқарас бойынша қайтыс болар

⁴¹⁸ Бақырғани кітабы, 56-б.

⁴¹⁹ Д. Кішібеков, Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең, 86-б, А., 1999.

сәтінде рақым періштелері оны күтіп алуға дайын тұратындықтан солай аталған.⁴²⁰

Шәһидтік – Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетіне тиесілі жоғары бір мәртебе. Құранда бұл жайында:

*«Аллаһ жолында өлгендерге «өлі» деп айтпаңдар, керісінше олар тірі, бірақ сендер мұны сезіне алмайсыңдар»;*⁴²¹

*«Аллаһ жолында қайтыс болғандарды өлді деп ойламаңдар, керісінше олар мәңгілік тірі. Олар Аллаһтың рызықтарына бөленуде»;*⁴²² – делінген.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: *«Шәһид – жаннатта»;*⁴²³ – деген. Осы хадисті «Шәһит орны жұмақта» деп нақыл сөзге айналдырған халқымыз Құранның кәусарымен сусындап, хадистерден нәр алған шынайы жүректерімен шәһидтіктің жоғары мәртебе екендігін мойындап, сондай мәртебеге жетуді тілеген:

Он жетіде құрсанып,

Қылыш ілдім білекке.

Жауға қарай аттандым

Жеткіз деп құдай тілекке,⁴²⁴ – деп онсыз да ба-
тыр әрі қайсар бабаларымыздың кеудесіне шәһид болу арманының ала қанат тырналары қонақтаған соң, қандай да бір дұшпанмен соғысып, елдің азаттығын сақтап қалу жолында аянбай күрескен. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетіне шәһидтік жайлы:

⁴²⁰ Илмихал, I: Иман ве Ибадетлер, 377-б, Стамбул, 2000.

⁴²¹ Бақара сүресі, 154

⁴²² Әл-и Имран сүресі, 169

⁴²³ Әбу Дәуд, Жинад, 25.

⁴²⁴ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 59-б.

«Жаннатқа кірген адам жер жүзіне қайтып оралғысы келмейді, жер жүзіндегі барлық нәрсе онда бар. Тек шәһидтер олай емес. Ол шәһидтіктің дәмін татқандықтан жер жүзіне қайта оралып, он мәрте қайта шәһид болуды қалайды»,⁴²⁵

«Аллаһ жолында өлтірілу – маған бүкіл үйлер мен сарайларда тұрғандарға берілген нәрселерден де сүйкімді»,⁴²⁶ – деп мәлімдеген. Міне, Аллаһ Расулы үшін шәһид болудың орны осындай болатын. Әрдайым Пайғамбардың ізімен жүріп, оны өздеріне үлгі тұтқан асыл сахабалардың да жүректерінің басқаша соғуы мүмкін емес еді. Мұны сахаба хазірет Муғираның (р.а.):

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) Раббымыздың дінін алып келген еді. Сонымен қатар, бізге қайсысымыз Аллаһ жолында өлтірілсек жаннаттық болатынымызды мәлімдеді. Сондықтан біз өлімді сіздің өмірді жақсы көргеніңізден де артық жақсы көрдік»,⁴²⁷ – деп айтқанынан анық көруге болады.

Аллаһ Расулы мен сахабалардың мәңгілік таңдауы осындай еді. Сол себепті шәһид мәртебесіне қол жеткізу мұсылман халқымыз үшін де үлкен дәрежеге қол жеткізумен бірдей болатын. Сондықтан аталарымыз:

Бүгін, сонды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен,⁴²⁸
Немесе:

⁴²⁵ Бухари, Жиһад, 5, 21; Муслим, Имара, 108, 109.

⁴²⁶ Нәсаи, Жиһад, 30,33.

⁴²⁷ Бухари, Жизия, 1; Тәухид, 46.

⁴²⁸ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 34-б.

Тірлікте бұл сұмдықты көрмейін деп,
Шамамша жауға соққы берейін деп,
Дұшпанға ыза кернеп, қарсы шаптым,
Майданда шаһид болып өлейін деп,⁴²⁹ – арман-тілектерін жырға қосқан.

Хақ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде Аллаһ жолында соғысқа қатысқандардың жағдайы туралы:

*«Аллаһ жолында жиһад еткендердің мысалы бейне бір аралықсыз ораза ұстап, намаз оқыған, Аллаһтың аяттарына мойынсұнған және жиһадтан оралғанға дейін намаз бен ораза тұтуда босаңдық көрсетпеген адам секілді»;*⁴³⁰

*«Шәһидтің қарыздан басқа барлық күнәсі кешіріледі»;*⁴³¹ – деген.

Жоғарыда айтылған хадистерді өмірлерінің туы етіп желбіреткен бабаларымыздың:

Көңілің Алла мен дінге болса таза,
Тартқызсаң жау қалмаққа қатаң жаза,
Жұмақтың төрінен орын аларсыңдар,
Кешірілер намазың болған қаза,⁴³² – деген сөзінен кейін бей-жай қалуың екіталай.

Шәһид болғандардың алған жарасы мен сол жарадан аққан қанның өзі ерекше. Хазірет Пайғамбар мұны:

«Аллаһ жолында жараланған адамды (бірақ, кімнің Аллаһ жолында жараланғанын Аллаһ өзі білер) қиямет күні сол қаны аққан күйінше алып келеді. Қаны

⁴²⁹ Үш пайғамбар, 175-б.

⁴³⁰ Бухари, жиһад, 2; Муслим, Имара, 110..

⁴³¹ Муслим, Имара, 118.

⁴³² Үш пайғамбар, 170-б.

қан түсінде, иісі болса жұпардай аңқиды»,⁴³³ – деп баяндайды.

О дүниеде нұр болды шаһид қаны,
Шірімейді шаһидтің және тәні,⁴³⁴ – деген пікір шығарып, халқымыз бұл хадисті де жырына қосқан.

Шапағат

Шапағат (арабша – шафа‘ат) сөздікте адамдардың арасында туындаған келеңсіз оқиғалар мен ренішті жағдайларда кешірім сұрау мағынасына келеді. Діни терминологияда бұл дүние мен ақыретте қолданылу жағынан екі түрлі мағынаға саяды. Бұл дүниеде шапағат ету – адамдардың бір-біріне жәрдемдесуі, көмектесуі, жақсылық жасауы. Ақиық Елшінің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде осы шапағат туралы:

«Шапағат етіп, сауап жинаңдар»,⁴³⁵ – делінген.

Бұл шапағат туралы ғалымдар Құран Кәрімде айтылған күнәлардың тысында барлық мәселеде адамдардың бір-біріне шапағат етіп, жәрдемдесуі мұстахаб, яғни жақсы деген.⁴³⁶ Сондай-ақ, ардақты Елші (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) де шапағат етудің адамдарды сауапқа кенелтетінін айтып, оны адамзат баласына өсиет еткен.

Ал ақыретте шапағат ету Рақым Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ тағаланың рұқсатымен пенделерге жаннатқа кіруіне жәрдем етуін білдіреді. Діни ұғымда шапағат сөзінің осы екінші мағынасы

⁴³³ Бухари, Жиһад, 10; Муслим, Имара, 103, Тирмизи, Фәдаилул-Жиһад, 21, Нәсаи, Жәнаиз, 82.

⁴³⁴ Бабалар сөзі, II, 345-б.

⁴³⁵ Бухари, Әдеп, 37, Салат, 88; Муслим, Бирр, 145; Әбу Дәуд, Әдеп, 126; Тирмизи, Илм, 14; Нәсаи, Зекет, 65.

⁴³⁶ *Хадис ансиклопедиси, IX т, 382-б.*

көп қолданылады. Әһлі сүннет ғалымдарының бәрі бірауыздан ақыретте шапағат етудің хақ екенін мойындаған.

Пайғамбарымыздың (с.а.с) шапағат етуі жайында Құран Кәрім:

«Түннің бір уағында оянып (Құранмен) өзіңе тән нәпіл оқы. Раббыңның сені бір мақтаулы орынға жеткізуінен үміт етіледі»,⁴³⁷ – дейді. Аятта айтылған мақтаулы орын (мақам махмуд) – ақыретте шапағат ету орны.

Пайғамбарымыздың ақыретте шапағат етуі жайлы бірнеше хадистер жеткен. Мысалы, бір хадисте:

«Мен қиямет күні адамзаттың мырзасы боламын. Неліктен бұлай екенін білесіз бе?» – деп Сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ақыретте адамдар бастарына қауіп төнгенде Адам (а.с.) пайғамбардан бастап, барлық үлкен пайғамбарларды жағалап қауға сұрайтынын, алайда олар азаптан құтқара алмайтындықтарын айтып, бір-біріне сілтейтінін, ең соңында Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) пайғамбарға келетіндіктерін, оның Аллаһтан олар үшін кешірім сұрап, Аллаһтың берген рұқсатымен оларға шапағат ететінін, солайша азаптан құтқарып қалатынына айтады.⁴³⁸ Хадистің түсіндірмесін жасаған ғалымдар «Мен қиямет күні адамзаттың мырзасы боламын» деген сөйлемнің мағынасын басқа хадистерге де сүйене отырып: «Барлық пайғамбарлар Мұхаммед Мұстафаның туының жанында жиналады. Себебі, оның орны мақам махмуд, яғни үлкен шапағат орны болады», – деп түсіндіреді.⁴³⁹ Яғни,

⁴³⁷ Исра сүресі, 79

⁴³⁸ Хадис ансиклопедиси, IX т, 382-б.

⁴³⁹ Хадис ансиклопедиси, XIV, 218-219-б.

жоғарыда келтірілген аятта Аллаһ тағала ескерткен мақтаулы орын Пайғамбарымызға тиесілі болып, басқа пайғамбарлар да оның туының жанында жиналады. «Хақ Расул екі жаһан кемеңгері»⁴⁴⁰ – деп халқымыздың жырға қосқанындай Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осылайша ақыретте де адамзатқа қол ұшын беріп, шапағатын тигізіп панасы болады.

Халқымыз Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тек бұл дүниеде ғана жанашыры емес, ақыретте де «үмбетім» деп қолқанат болатынына, Аллаһтан олар үшін бас сауға сұрайтынына сеніп, шапағатынан үміт еткен. Сондықтан дұғаларының да соңын үнемі «Аллаһтан рақмет, Пайғамбардан шапағат болсын» – деп аяқтаған. Шапағаттан үміткер болған халқымыз осы ойын жырларында:

Расул Алла – ғаламның паналары,
Жапырағы сая-дүр, бал татыр миуалары.

Калима шаһадатты жары қылған,
Шапағат үміт қылар жанның бәрі,⁴⁴¹ – деп төгеді.

Осы жырда айтылған шаһадат сөзін, яғни «әшһәду әл-лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мухаммадан абдуһу уә расулуһу» деп айтқан адамдардың бәрі шапағатты үміт етуіне: *«Әрбір пайғамбардың Аллаһ қабыл ететін бір дұғасы бар. Барлық пайғамбар сол дұғасын жасауға асықты. Мен болсам бұл дұғамды қиямет күні үмбетіме шапағатта қолдану үшін ақыретке сақтадым. Иншааллаһ үмбетімнен Аллаһқа шірк қоспай өлгендер одан нәсіпкер болады»*,⁴⁴² – деген хадис дәлел болады.

⁴⁴⁰ Бабалар сөзі, I, 79-б.

⁴⁴¹ Бабалар сөзі, I, 99-б.

⁴⁴² Бухари, Тәухид, 31; Муслим, Иман, 334

Пайғамбарымыз шапағат еткен жандардың жаннатқа кіретініне кәміл сенген ата-бабамыз енді бірде:

Шапағат қылсын Пайғамбар,
Сол кісіге үмбетпіз.
Бір құдайдың құлымыз,
Күтемін сауаптар қылса,
Құдай бір болар күніміз.
Пайғамбар сонда дерғаһы,
Таразыға тартылар,
Күнәміздің көп, азы.
Айналар оңға ісіміз,
Айдаса сират көпірге.
Шапағат етіп Пайғамбар,
Болмасын тоқтау жолымыз.
Ғибрат етіп, жақсылар,
Жаннатқа әбден кірген соң,
Ұстасын оң қолымыз.
Шапағат етсе Пайғамбар,
Жаннатқа неғып кірмейміз,⁴⁴³ – деп жырлайды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ең көп кімге шапағат етеді? Мұны да хадистерден оқып-білген халқымыз:

Атың жақсы, Мұхаммед,
Айналайын атыңнан,
Нұрдан болған затыңнан.
Ғарасаттың күнінде
Үмбетің ерер артыңнан.
Қиямет күн болғанда,
Жан жиылып толғанда

⁴⁴³ Бабалар сөзі, I, 74-б.

Сиратқа айдап барғанда,

Көп үмбетің не болар.

Періштелер ергенде,

Кей адамдар өтеді.

Кей адамдар кетеді.

Күнәсі ауыр адамдар

Қияметте не етеді? – деп хазірет Пайғамбардың Аллаһ тағаладан үмбетінің күнәсінің кешірілуін сұрағанын айтады.⁴⁴⁴ Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) бұл жайында хадисінде:

«Шапағатым үмбетімдегі үлкен күнә жасағандарға»,⁴⁴⁵ – деген.

Көңілге кіріп, жүрекке тікелей жол тапқан осындай жыр жолдары арқылы ақын-жырауларымыз халқымызға дінді насихаттаса, бір жағынан сол қызметтері арқылы Аллаһ тағаланың разылығына, Пайғамбарымыздың шапағатына кенелуді үміт еткен. Сол үшін жазған қисса-дастандарының, жырларының арасына осы тілектерін білдірген өлең жолдарын қосып отырған. Мысалы, «Қисса-и салсалда» жалпы халықтың атынан:

Пайғамбар мекен тұтқан Мәдинада,

«Үмбетім» десін бізді о дүниеде,⁴⁴⁶ – делінсе, XVIII ғасырдың дүлдүлі Қабан жырау өзінің жыр жолдарында:

Құдайдың өз достының үмбетіміз

Түссе екен хақ расулдың нұрлы көзі,⁴⁴⁷ – деп халқымыз үшін шапағат сұрайды.

⁴⁴⁴ Бабалар сөзі, I, 75-б.

⁴⁴⁵ Тирмизи, Қиямет, 12; Әбу Дәуд, Сүннет, 23; Ибн Мажә, Зухд, 37.

⁴⁴⁶ Бабалар сөзі, II, 174-б.

⁴⁴⁷ Бабалар сөзі-даналық көзі, 95-б.

Кейбір шығармаларда авторлар өздері үшін де шапағат сұрайды. Мысалы, «Қисса-и ан хазірет Расулдың мигражға қонақ болғаны» атты қиссаны жырлаушы:

Мұхаммед Тәңірі досы Хақ Мұстафа,
Таңда шапағат қыласың үмбетіңе.
Жан біткеннің ішінде мен күнәһар,
Жылатып сонда мені құр тастама,⁴⁴⁸ – деп тілегін білдірсе, Қожа Жүсіпбек:

Мұхаммед Расул Алла пайғамбарым,
Махшар күні шапағат қыл, бел панаһым,⁴⁴⁹ – дейді.
Атақты Нұржан ақын бұл тілегін жыр шумақтарына:

Мұхамбет-Расул Алла, хақ пайғамбар,
Жәрдем ет шапағатшым сенсің енді.
Мұнда да зәредайдан жарылқанып,
Жұмақтың миуаларын берсем енді, – деп кестелейді.

Ақын-жырауларымыз тек қана шапағат сұрап қоймай, тыңдаушыларына ардақты Пайғамбардың шапағатына лайық болу үшін өздерінің де әрекет ету керектігін шешен тілмен, әрі қызықтыра отырып жеткізеді. Мұның желісінде сол құлшылықтарды жасауға шақыру да бар. Мұсылман ғалымдар Пайғамбарымыздың шапағатына ие болуға жол ашатын құлшылықтардың қатарына оның жолымен жүріп, сүннеттерін орындау, оған көп-көп салауат айту, діннің тірегі болған намазды оқу, күнәларына тәубе ету секілді салиқалы амалдар жататынын айтса, ақындарымыз мұны да өлең жолдарымен халыққа жеткізе білген. Мысалы, намаз немесе жалпы құлшылық жайлы:

⁴⁴⁸ Бабалар сөзі, I, 96-б.

⁴⁴⁹ Бабалар сөзі, II, 108-б

Жамағат, тіршілікте оқы намаз,

Пайғамбар ақыретте алтын қазық, – деп бұл дүниеде ең басты ғибадат болып саналатын намазды оқыған адамдарға хақ Пайғамбардың оларға алтын қазықтай тіреу болатынын айтса, бұл дүниеде құлшылық қылмай, тек қана жайдан-жай қарап отырып, «менің шапағатшым бол» деудің орынсыз екенін:

Құдайдың құлшылығын қылмай кетсең,

Жетпейді пайғамбарға айтқан арыз, – деп ескертеді.

Пайғамбарымыздың сүннетін орындаудың да шапағатқа ілінуге себеп болатынын әсем тілмен жеткізген ақындарымыз:

Уассалауат уассалам Пайғамбарға,

Шапағат қыл сүннетің қылған жанға.

Немесе:

Мол қылар шапағатын махшар күні,

Құлшылық дәйім қылсаң сүннетіне, – деп жырлайды.

Пайғамбарымызға салауат айту да – оның шапағатына кенелуге бір себеп. Ал салауат дегеніміз Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ тағаланың ерекше рақымына бөленіп, дәрежесінің көтеріліп, мерейінің үстем етілуін тілеу. Яғни, үмбетінің пайғамбарына деген ізгі тілегі деуге де болады. Үмбеті оған салауат айтқан сайын оның мақам махмуды, биік дәрежесі одан әрі асқақтап, шапағат ету ауқымы кеңейе түседі.

Хақ елшісі Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисте:

«Қиямет күні адамдардың маған ең жақыны – мына дүниеде маған көп салауат айтқан адам»⁴⁵⁰ – деген. Қиямет күні адамзаттың ардақ тұтар Тұлғасына (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ең жақын адам болу кімнің де болсын арманы. Осы мүмкіндікті қалт жібермеу үшін салауатқа үлкен мән берген ақындарымыз оны:

Құдайым досым деген Хақ Мұхаммед,
Жолыңа, аруағыңа мың салауат.

Шапағат қыл, күнәһар шермендемін,

Салауат қайта-қайта бес жүз қабат, – деп жырға қосады.

Міне, осылайша қазақ халқы да Пайғамбарымыздың ақыретте шапағат етуінің хақ екеніне сеніп, үміт еткен. Жыр жолдарына осы үміттерін арқау еткен, ғасырлар бойы әлгі тілектің арасы үзілмеген, бір буынан екінші буынға аманат етіп қалдырылған.

Жазмыштан озмыш жоқ

Ислам дініндегі иман негіздерінің бір тірегі – тағдырға иман. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) иманға анықтама берген кезде «*Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырдың жақсысы мен жаманына иман*» – деген.⁴⁵¹ «Тағдыр» сөзінің мағынасы – бір нәрсені белгілі бір өлшем, мөлшерге қарай реттеу, жүйелеу, белгілеу дегенді білдіреді. Терминдік мағынасы – жалпы уақыт ұғымынан пәк Ұлы Аллаһтың әу бастан қияметке дейін және қияметтен кейін болатын барлық нәрсені, барлық оқиғаны жаратпастан бұрын шексіз, әзәли ілімі

⁴⁵⁰ Тирмизи, Салат, 357.

⁴⁵¹ Муслим, Иман, 1; Тирмизи, Иман, 4; Нәсаи, Иман, 6; Әбу Дәуд, Сүннет, 17.

арқылы егжей-тегжейіне дейін біліп, белгілі бір өлшем, мөлшерге қарай реттеуі, белгілі бір есеппен жүйелеуі, арнайы бір жобамен тағайындап белгілеуі.⁴⁵² Тағдыр жайлы Құран Кәрімде:

*«Еш күмәнсіз біз барлық нәрсені арнайы есеппен жараттық»;*⁴⁵³

*«...Барлық нәрсені жаратып, әрқайсысына белгілі бір өлшем берді»;*⁴⁵⁴

*«Аллаһтың біз үшін жазып қойғанынан басқасы басымызға келмейді. Біздің досымыз да, қорғаушымыз да Ол, – деп айт. Олай болса мұсылмандар тек қана Аллаһқа тәуекел етсін»;*⁴⁵⁵ – делінген.

Тағдыр жайлы ардақты Елші (саллаллаһу аләйһи уә салләм):

*«Бір құл жақсысы мен жаманымен тағдырға сенбейініе, басына келетін нәрсені бастан өткізетінін, бұйырмаған нәрсеге қол жеткізе алмайтынын білмейініе иман еткен болып саналмайды»;*⁴⁵⁶

*«Аллаһ тағала нені қаласа сол болады. Ал Оның қаламағаны ешқашан жүзеге аспайды»;*⁴⁵⁷ – деген.

Міне, осы тағдырға иман келтірген халқымыз: «Қуған жетпейді, бұйырған кетпейді», – деп тағдыр жазған іске мойынсұна білген. Сонымен қатар оны жырға қосуды еш ұмытпай:

Шағылдан жауған жаңбыр тасқа қонбас,
Сөз айтсаң ақылсызға басқа қонбас,
Пендеңіз нені жазса соны көрер,

⁴⁵² Қ. Жолдыбайұлы, Ақиқат шуағы, 176-б., 2004.

⁴⁵³ Қамар сүресі, 49

⁴⁵⁴ Фурқан сүресі, 2

⁴⁵⁵ Тәубе сүресі, 51

⁴⁵⁶ Тирмизи, Қадәр, 10.

⁴⁵⁷ Әбу Дәуд, Әдеп, 106.

Ешкім де тағдырынан басқа болмас,⁴⁵⁸

... ..

Қыранды қолмен ұстап тұрармысың,

Хақ нәсіп етпегенді қылармысың?

Қаншама бойын балқып, сақтанғанмен,

Хақ тағдыр жеткен күні қалар ісің,⁴⁵⁹ – деп айшықтаған.

Хақ тағала жазған тағдырға ырзашылық таныту қажет. Мұны Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Адам баласының бақытты болуының бір сыры – Аллаһ тағаланың үкімдеріне ырзашылық көрсетуінде. Ал (өмір жолына көңілі толмай) арызданып жүруінің себебі Аллаһ Тағаладан жақсылықты талап етуді доғарып қоюында. Сол сияқты тағзы бір себебі Аллаһтың үкімдеріне ырзашылық танытпауында»,⁴⁶⁰

«Аллаһтың назарында қуатты мұсылман әлсіз мұсылманнан сүйкімді және қайырлы. Негізінде екеуінде де қайыр бар. Өзің үшін пайдалы болған нәрсеге талпын. Аллаһтан жәрдем тіле, әлсіздікке салынба. Басыңа бір қиыншылық келсе: «Егер бұлай жасағанымда басыма бұл келмес пе еді!» – деме. «Аллаһ солай қалаған. Оның қалағаны болады!» – деп айт. Себебі, «егер» деген сөз шайтанның ісіне есік ашады»,⁴⁶¹ – деп баяндайды.

Дана бабаларымыз бұл хадистердің мәнін:

Өзелде солай жазса не істейсің,

⁴⁵⁸ Ақмолла Мұхамедияров, Күндер мен түндер, 88-б., (күр: Б. Ысқаков), А., 1986.

⁴⁵⁹ Нұржан, Алаш, 42-б.

⁴⁶⁰ Тирмизи, Қадәр, 15.

⁴⁶¹ Муслим, Қадәр, 34.

Бұйырса тағдыр қалай бас имейсің.⁴⁶²

... ..

Дүниеге мейман, көңілім,

Мақтансам дауа тілерсің.

Өлшеніп берген өмір бар,

Уақытыңмен жүрерсің,⁴⁶³ – деп жеткізеді.

Халқымыз қара өлеңдерінің бірінде:

Бүгін жаққан опасы ертең кетер,

Құдай сұлу етпесе, бәрі бекер! – дейді. Осы қара өлеңді талдай отырып Халық жазушысы, ақын Мұзафар Әлімбаев адамдардың тағдыр сеніміне: «Бәрі де бір құдайдың бұйыртқанынан! Адам ажары да, асқан ақыл да бір Алладан! Ендеше ақ жүректен Алла тағалаға ризалық білдіруді ұмытпа, тәубене кел. Қара өлең осыны ескеріп отыр. Ойшыл халық өмір болмысын байыптаған»,⁴⁶⁴ – деп баға береді.

Тағдырға байланысты екі дүниенің Падишасынан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тағы мынандай хадис риуаят етілген. Хадисті риуаят етуші сахаба хазірет Әли:

«Біз бір жаназаның мәселесі бойынша Бақиуль-ғарқадта жиналған едік. Жанымызға Расулаллаһ келіп отырды. Біз де айналасын қоршай отыра кеттік. Қолында бір шыбығы бар еді. Шыбығымен жерге бір нәрселер сыза бастады. Сосын: «Сендердің араларыңда тура осы сәтте жұмақ пен тозақтағы орны жазылмаған ешкім жоқ!» – деді. Жамағат: «Ей, Аллаһтың Расулы, олай болса біз туралы жазылып қойғандарға сеніп, арқа сүйесек болмай ма?» – деп сұрақ қойды. «Амал етіңдер, бәрің де өздерің үшін

⁴⁶² Ай, заман-ай, заман-ай, I, 261-б.

⁴⁶³ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 36-б.

⁴⁶⁴ М Әлімбаев, Халық – ғажап тәлімгер, 89-б., А., 1994.

жаратылған нәрсеге қол жеткізесіңдер. Жұмақтық болғандар бақытқа жетелейтін амалдарды орындайды. Шағымданушылар да шағымдануға себеп болған амалдарды орындайды», – деп Аллаһ Расулы: «Кім садақа беріп, күнәдан қашып және діннің ең жақсысын мойындаса біз де оған қолайлық пен жақсылық жолын оңайлатамыз», деген аятты (Ләйл сүресі, 5-7) оқыды»,⁴⁶⁵ – дейді.

Осы хадисті Шортанбай:
Әуелде менің ғұмырым,
Қүдіреттің жазған сызықта.⁴⁶⁶

... ..

Қай пенделер ұжмақта,
Қай пенделер тозақта.
Бұл дүниеден пайда жоқ,
Өлгеніңше дін сақта,⁴⁶⁷ – деп жырлайды.

Адамзаттың ардақтысы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келесі хадисінде тағдырдың жазылып, одан еш нәрсенің кеміп-артпайтынын мәлімдейді. Бұл хадисті риуаят етуші Ибну Амр Ибнил-Ас:

«Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қолына екі кітап ұстаған күйінде қасымызға келді. «Мына екі кітаптың не екенін білесіңдер ме?» – деп сұрады. «Жоқ білмейміз, ей, Аллаһтың Расулы, бірақ бізге білдіруіңді сұраймыз», – дедік. Ол оң қолындағы кітапты көрсетіп: «Бұл Раббул-аләмниннен келген кітап. Ішінде жұмақтық болғандардың есімдері бар, тіпті олардың әкелерінің аты және тайпаларының да аты бар. Бұларға еш нәрсе

⁴⁶⁵ Бухари, Жәнайз, 83; Әдеп, 120; Қадәр, 4; Тәухид, 54; Муслим, Қадәр, 6; Әбу Дәуд, Сүннет, 17.

⁴⁶⁶ Шортанбай, 38-б.

⁴⁶⁷ Шортанбай, 43-б.

қосылмайды, еш нәрсе де кемімейді. Өзгеріссіз мәңгілік солай қалады», – деді...»⁴⁶⁸ – деген. Міне, хадистің осы мәлімдемелерін көңіліне тоқыған халқымыз:

Тағдыр берген нәсібің

Кеміп, артар деймісің.

Есіктегі бағыңды

Төрге тартар деймісің.

Хақтан басқа дертіңе

Дәрмен айтар деймісің,⁴⁶⁹ – деп көрегендік танытады.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә салләм) тағы бір хадисінде:

«...Аллаһтың әмір еткендерін орындап, тыйым салғандарынан сақтансаң Аллаһ та сені сақтайды. Аллаһтың заңдарына бағынсаң Аллаһ әрдайым жаныңда болады. Тілейтін нәрсеңді тек қана Аллаһтан тіле. Көмек сұрасаң, тек қана Одан көмек сұра. Мынаны жадыңнан еш шығарма, адамдар бәрі жиналып саған көмектеспек болса, Аллаһтың саған жазған нәрсесінен басқасына көмектесе алмайды. Адамдардың бәрі жиналып саған зұлымдық жасамақ болса, Аллаһтың сен үшін жазғанынан асып еш нәрсе істей алмайды. Себебі, қаламдар тоқтатылып, парақтар баяғыда кеуіп қалған»,⁴⁷⁰ – деп мәлімдейді. Яғни, Аллаһ тағаланың белгілеген заңдарына бағынсаң, ақыретіңе азық жинаған боласың. Бір нәрсені тілеген кезінде тек қана Аллаһтан тіле. Басқаға қол жайып, езілме. Сенің ісіңді тындыратын тек қана Хақ тағала. Басқалар болса, олар да сен сияқты әлсіз жандар. Сенің барлық тілеуің мен қалауыңды жаратуға күші жететін – Аллаһ. Себебі,

⁴⁶⁸ Тирмизи, Қадәр, 8.

⁴⁶⁹ Ақмолла, Күндер мен түндер, 149-б.

⁴⁷⁰ Тирмизи, Қиямет, 59; Муснәд, I, 293, 303-б.

аспан мен жердің кілті Оның қолында. Барлық адамдар саған қол ұшын беру үшін жарысқа түссе, басыңа келген қиыншылықтан құтқарып алуға тырысса, саған жасайтын жақсылықтары тек қана Аллаһтың алдын ала белгілеген шеңберінде ғана болады. Саған зұлымдық жасағысы келіп, жанталасқандар да Аллаһтың жазғанынан асып еш нәрсе жасай алмайды. Хадистің мәлімдемесі міне осылай. Осыған қалтқысыз сенген халқымыз өлең жолдарына ойын:

Ит үрер жақсыға да, жаманға да,
Қылмағы бірақ залал құдайдан-ды;⁴⁷¹

... ..

Тәңірі берсе бақ-дәулет адамзатқа,
Күндеуменен еш адам кем қыла алмас;⁴⁷²

... ..

Ер жетпес мұратына талпынғанмен,
Әзелде бір тәңірісі қаламаса;⁴⁷³

... ..

Кудая, құдіретіңе сүйеніп нық,
Салмағын қайғыңменен көңілге дық.
Дүниені топан қаптап, сел алса да,
Сен жәрдем болған жерде, хабарым жоқ;⁴⁷⁴

... ..

Мың сайтан, жүз пәлекет қамаса да,
Бір тәңірі қағып шығар сақтарында,⁴⁷⁵ — деп кесте-

леген.

⁴⁷¹ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 14-б.

⁴⁷² Ақмолла, Күндер мен түндер, 66-б.

⁴⁷³ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 271-б.

⁴⁷⁴ Нұржан, Алаш, 101-б.

⁴⁷⁵ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 116-б.

Аллаһ тағаланың жазған тағдыры тек қана адамға ғана байланысты емес, жалпы болмысты, күллі жаратылысты қамтиды. Бір хадисте:

«Аллаһ аспан мен жерді жаратпай тұрып күллі жаратылыстың тағдырын жазған»⁴⁷⁶ – дейді. Осы хадисті ойына арқау еткен Шалкиіз:

Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді –
Телегейдей шайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе Тәңірі етті;
Жағасына қыршын біткен тал еді –
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе Тәңірі етті,⁴⁷⁷ – десе, Шортанбай ақын:
Алақандай ай мен күн –
Ғаламның орта жарығы,
Жаббардың екі болмайды
Әмір қылған жарлығы,⁴⁷⁸ – дейді.

Ажал – даусыз

Сөздікте «алдын ала белгіленген заман және уақыт» деген мағынаны білдіретін ажал сөзі термин ретінде адам өмірі мен басқа да тіршілік иесі үшін белгіленген уақытты және сол уақыттың тамам болуын, яғни өлім сәтін білдіреді. Әрбір жандының ажалы бар. Бұл ажал тек Аллаһ тағаланың белгілеуімен ғана болады. Адамдарды жаратқан, рызықтандырған және өлтіретін Аллаһ тағала болғандықтан ажалды да белгілейтін сол Аллаһ тағала. *«Араңызда өлімді белгілеп, пішіп қойған*

⁴⁷⁶ Муслим, Қадәр, 16.

⁴⁷⁷ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 38-б.

⁴⁷⁸ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 275-б.

бізбіз...»⁴⁷⁹ деген аят осы мәселені нақтылай түседі. Құран аяттарының мәлімдегеніндей, ажалдың уақыты еш өзгермейді:

«Әрбір үмбеттің ажалы бар. Ажалдары келген кезде олар бір қадам алға да баса алмайды, бір қадам кейін де шегіне алмайды».⁴⁸⁰

Ажал – осы өмірде адамның талқаны таусылғанын білдірсе, өлім – ақырет өмірінің басталуын білдіреді. Демек, екеуі бірінен кейін бірі жалғасып жатқан құбылыстар. Құранның көптеген аяттарында өлім мен ажал жайлы:

«Барлық жанды өлімнің дәмін татады. Сіздер амалдарыңыздың сыйлығын қиямет күні аласыздар. Сол кезде кім оттан ұзақтатылып, жаннатқа орналастырылса, міне сол мұратына жеткен болады. Бұл дүние тек қана алдамшы, өткінші бір қызық».⁴⁸¹

«Әлдебіріңе ажал келгенде: «Раббым! Менің ажалымды біраз шегерсең қайтеді? Мен садақа беріп, жақсылардың қатарына қосылар едім», – деп (өкінбеулерің үшін), өздеріңе ризық етілген нәрселерден күні бұрын садақа беріңдер. Ажал уақыты келгенде, Аллаһ оны еш адамнан кейін шегермейді. Ол сендердің не істеп жатқандарыңнан толық хабардар».⁴⁸²

«Сен: «Өздерің қашатын өлім, сөз жоқ, сендердің бастарыңа келеді. Сонан соң сендер осы әлем мен ғайып әлемді білуші Аллаһтың алдына барасыңдар. Сендердің

⁴⁷⁹ Уақиға сүресі, 60

⁴⁸⁰ Ағраф сүресі, 34; Юнус сүресі, 49

⁴⁸¹ Мұнафикун сүресі, 10-11

⁴⁸²

амалдарыңды Ол өзі сендерге мәлімдейді», – деп айт»,⁴⁸³
– деп баяндалған.

Бір күні сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қолына шыбық алып жерге бір төртбұрыш сызды. Сосын оның ортасына және сыртына бір сызық түсірді. Сосын сырттағы сызықтан ортадағы сызыққа барып тірелген кішкентай жолдар сызып:

«Мына сызық – адам. Оның сыртынан сызылған мына төртбұрыш – ажал. Мына сырттағы сызық болса – оның амалы. Мына кішкентай жолақтар – қиыншылықтар. Осы қиыншылық жебелерінің біреуі болмаса, әйтеуір біреуі адамға тиеді. Ол болмаса ажал оғы тиеді»,⁴⁸⁴ – дейді

Ажалдан ешкімнің құтыла алмайтынын Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың хадистерінен білген халқымыз:

Шын ажалым жеткен соң,
Сызықтан мәлім өткен соң,
Айтпасам да жарандар,
Мен де бір күн өлем-ай,⁴⁸⁵

... ..

Жалаңаш болып жауға шап,
Ажалдан бұрын өлер ме?
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де адам жүре ме?,⁴⁸⁶

... ..

Дүниеден кедей де өткен, сұлтан да өткен,
Шарбатын бұл өлімнің әркім күткен.

⁴⁸³ Жұма сүресі, 8

⁴⁸⁴ Бухари, Рикақ, 3; Тирмизи, Қиямет, 23; Ибн Мажә, Зухд, 27.

⁴⁸⁵ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 113-б.

⁴⁸⁶ Шортанбай, 46-б.

Қоймайды ажал сені тығылсаң да,
Аплатон ғалым о да қайда кеткен?!
Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,
Сұңқар бар ма қияғы қайрылмаған.
Қашан да тағдыр – ажал жеткен күні,
Кімдерден кімдер жылап айрылмаған;⁴⁸⁷

... ..

Өлімнен құтылмайсың қашсаңдағы,
Әкеңнен арыстандай ассаңдағы
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы, – деп
жырлаған.

Ардақты Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә салләм) өлімнің ақиқаттығын мойындаған үмбетіне өлместен бұрын өлімнің қамын ойлап, ақырет үшін дайындалуын өсиет етіп:

«Өлместен бұрын өліңіз»,⁴⁸⁸ (Яғни өлместен бұрын о дүниенің қамын жасаңыз) – деген. Пайғамбарымыздың осы хадисін бір ақынымыз:

Өлімнің жанды затқа болмағы хақ,
Өлімге өлшеулі дем арналған шақ.
Тірлікті босқа өткізбей ғапылатпен,
Өлімді ойлау керек осынан-ақ...
Өлімнен бұрын, өлмек қамын ойла,
Санаулы аз өмірді босқа жойма,
Қабірге түлкі ішікпен ешкім кірмес,
Жағасыз ақ көйлекті пішер бойға,⁴⁸⁹ – деп жырына
арау еткен.

⁴⁸⁷ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 262-б.

⁴⁸⁸ Кәшфул-Хафа, II, 291-б.

⁴⁸⁹ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 224-б.

Адам баласы қайтыс болған сәттен бастап оның осы өмірде жасаған сауапты істері мен күнәлары жазылған амал дәптері де жабылады. Бірақ Хақ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына үш жағдайда қайтыс болған адамның амал дәптеріне сауаптардың жазыла беретінін айтады:

*«Адам баласы қайтыс болған кезінде мына үш ізгілік арнасынан басқа сауап жолдарының бәрі жабылады: 1. Сауабы жалғаса беретін садақа (бұған мешіт салдыру, мектеп ашу, көпір салу секілді көпшіліктің игілігіне ұсынылған қайырымдылықтар жатады), 2. Адамдарға пайдалы ғылым-білім, 3. Салиқалы перзент.»*⁴⁹⁰ Осы хадистегі ізгілік арналарын жырға қосқан Шортанбай:

Өлшеулі күнің жеткен соң,
Бұйрық дәмің біткен соң,
Төстіктей қазған бір жерге
Қырыңнан кіріп сыйғаның.
Медресе, мешіт салдырып,
Мүфтиге берсең баланды,
Азан, тәкбір айттырып,
Мешітке қойсаң молдаңды.
Сыраттың желі соққанда,
Ораза, намаз панаң-ды.
Тірлікте есіңе ал

Өлгенде жанға пайданы,⁴⁹¹ – дейді Ақын мешіт, медресе салдырып, артында сауабы жалғаса беретін садақа қалдыр, адамдарға сауат аштыртатын бір молда жалда, баланды салиқалы мұсылман етіп тәрбиеле деп,

⁴⁹⁰ Тирмизи, Ахкам, 36.

⁴⁹¹ Бес ғасыр жырлайды, I, 277-б.

хадисте айтылған үш ізгілік арнасына өзінше түсінік береді.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлім жайлы айтқан бір хадисінде әрбір адамның ақырзаманы оның өлімімен басталатынын:

«Өлім – бір қиямет. Өлген адамның – қияметі басталғаны»,⁴⁹² – деп мәлімдейді. Міне, осы хадистің мағынасын Шөже ақын жырында:

Кім өлсе соған түсер заман ақыр,

Өлмесе жол шетінде неғып жатыр?⁴⁹³ – деп ашады.

Қабір әлемі

Қабір – ақыреттің алғашқы аялдамасы. Бұл жайында Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қабір – ақырет аялдамаларының алғашқысы. Кімде-кім осы аялдамадан аман-есен өтсе, кейінгі аялдамалардан да аман-есен өтеді. Ал өте алмаса кейінгілерді өту одан да қиын болады»,⁴⁹⁴ – деп айтқан.

«Жанашырың құтқарса да жаладан, құтқара алмас моладан» – деп халқымыздың айтқанындай, қабір әлемін бастан кешіру адамдардың бәріне тән құбылыс. Одан ешкім қашып құтыла алмайды. Адам баласы қабірге жерленгеннен кейін «Мункәр» мен «Нәкир» деп аталатын екі періште келіп «Раббың кім? Пайғамбарың кім? Дінің не?» деген сұрақтар қояды. Сұраққа жауап берген адамдар қабірінде жайлы жатады. Сұрақтарға жауап бере алмағандарға қабір азабы басталады. Қабірдегі осы сұрақ жайлы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

⁴⁹² Ғазали, Өлім ве өтеси, 198-б.

⁴⁹³ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 249-б.

⁴⁹⁴ Имам Суюти, Кабир әлемі, 200-б, Стамбул, 2000.

«Құл қабірге жерленіп, ағайын-достары кері қайтқанда мәйіт олардың қадамдарының дыбысына дейін естіп жатады. Сосын оған (Мүнкәр, Нәкир) деп аталатын екі періште келеді. Олар мәйітті отырғызып, сұрақ қоя бастайды...»;

«Құл өлген кезінде қара түсті, жасыл көзді екі періште келеді. Біреуі – Нәкир, екіншісі – Мүнкәр...»,⁴⁹⁵ – деген.

Сондай-ақ тағы бір хадисте:

«Сендердің біреуің өлген уақытта оған таңертең және кешкісін отыратын жері көрсетіледі. Егер жаннаттық болса, жаннат көрсетіледі. Егер тозақтық болса, тозақ көрсетіледі. Сосын оған, міне, Аллаһ сені қиямет күні қайта тірілткенге дейін отыратын жерің осы делінеді»,⁴⁹⁶ – деп баяндалған.

Қабір азабынан мұсылмандар да шет қалмайды. Бірақ, олар үшін қабір азабы осы дүниеде жасаған күнәларын жуу болып табылады. Қабір азабынан кейін де күнәлары қалып жатса, ендігі жерде олардың жағдайы Аллаһтың алдына есеп беруге барған кезде шешіледі. Осы хадистерде айтылған Мүнкәр және Нәкир періштелердің сұраққа алатыны, сұрақтан өте алмағандарға қабір азабының басталатынына сенген халқымыз:

Кім қалар өлшеулі өмір толған күні,

Кім жолдас көрде жалғыз қалған күн.

Білгіш деп қызыл тілім сонда айтармын,

Сайрасаң Мәңкір-Нәңкір сұраған күн,⁴⁹⁷

... ..

⁴⁹⁵ Ғазали, Ихия, IV, 899-б.

⁴⁹⁶ Бухари, Жәнайз, 1379.

⁴⁹⁷ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 277-б.

Бір төбенің басына
Апарып тастап кеткен соң.
Мәңкүр-мүңкір жетеді,
Уақтылы күнің жеткен соң;⁴⁹⁸

... ..

Ел-жұртым жиылып көмді, – дейді,
Құдайым қатты азап берді, – дейді.
Ел жұртым қырық қадам кеткеннен соң,
Басыма екі кісі келді, – дейді;⁴⁹⁹

... ..

Жауабын Мүңкір-Нәңкір бергіз Алла!
Азаптан қабір сақтап, көрсем енді,⁵⁰⁰ – деп өлең
жолдарына өріп, ақиқатты аша түседі.

Қиямет-қайым болғанда

«Қиямет» сөзі сөздікте «орнынан тұру, түрегеліп тұру» деген мағыналарды, ал терминдік мағынасы болса «жаратылыстағы жалпы жүйенің Ұлы Жаратушының бұйрығымен бұзылып, күл-талқаны шыққаннан кейін өлгендердің қайтадан тірілтіліп, махшар алаңына қарай бет алуын» білдіреді. Демек, қиямет дегеніміз – өлгеннен кейін қайта тірілу. Құран Кәрімнің көптеген аяттарында қиямет жайлы баяндалған. Мысалы, бір аятта Аллаһ тағала:

«Олар сенен қияметтің қашан болатынын сұрап жатыр. Оларға айт: Оның қашан болатыны жайлы мәлімет тек қана Раббымның жанында ғана. Оның уақытын Одан басқа ешкім білдіре алмайды. Қиямет көктегіге де, жердегіге де (қиындығы,

⁴⁹⁸ Бабалар сөзі – даналық көзі, 78-б.

⁴⁹⁹ Бабалар сөзі, II, 41-б.

⁵⁰⁰ Нұржан, Алаш, 78-б.

қорқыныштылығы соншалық) ауыр келеді. Қиямет сендерге кенеттен келеді. Сен оны білетіндей олар сенен (қашан болатынын) сұрастырады. Оларға: Қияметтің уақыты жайлы мәлімет тек қана Аллаһтың жанында. Бірақ адамдардың көбісі мұны білмейді деп айт»,⁵⁰¹

«Адам: Қиямет күні қашан екен? – деп сұрайды. Ол көз шағылысып, ай тұтылып, күн мен ай бір жерге келтірілген кезде! Сол күні адам: Қашатын жер қайда бар? – дейді. Жо-жоқ! Қашып құтылатын жер жоқ. Ол күні (адамдардың) барып тұратын жері тек қана Аллаһтың құзыры»,⁵⁰² – дейді.

Қиямет күн кез болса,

Пайдасы болмас қапының, – деп ақындарымыздың айтқанындай, қияметтің қашан, қай кезде болатынын бір Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Ал адамдар өкінішке ұрынбас үшін әрдайым қияметтің болатынына сеніп, Аллаһ тағаланың алдына есеп беруге баратынын ұғынып, үнемі дайындық үстінде жүргені жөн. Хақ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қияметтің қашан болатынын нақты білмесе де, оның кейбір белгілерін айтып кеткен. Мысалы, бір хадисте :

«Ақырзаман жақындағанда білім жоғалып, жер бетін азғындық басады. Адамдардың бір-бірін өлтіруі көбейеді»,⁵⁰³– деген. Халқымыз хадисте айтылған білімнің жоғалуы мен адамдардың азғындықтары артып, бірін-бірі оп-оңай өлтіре салуы көбейген шақты:

Заман ақыр болғанда,

Пір муриттерін іздейді,⁵⁰⁴

⁵⁰¹ Ағраф сүресі, 187

⁵⁰² Қиямет сүресі, 6-12

⁵⁰³ Муслим, Фитән, 18.

⁵⁰⁴ К. Жәрдем, Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі, 18-б, А., 2002.

... ..

Болады бір-бірін көрмей дұшпан,
Адамы, – деген екен, – ақыры уақтың,⁵⁰⁵ – деп суреттейді.

Аллаһ елшісі хадистерінде:

*«Баласы әкесіне қарсы шықпайынша, жаңбыр азаймайынша, жаман адамдар көбейіп, жақсылар азаймайынша, кішілер үлкендерге қарсы келмейінше, жақсылардың қарсысына жамандар шықпайынша қиямет болмайды»;*⁵⁰⁶

*«Қияметтің жақындау белгілері: бұзықтық пен әдепсіздіктің жайылуы; көршілердің жамандық жасалуы; туыстық қатынастардың үзілуі. Опасыздың сенімге ие болып, аманат жүктелген адамның қиянатқа баруы»;*⁵⁰⁷

*«Білімнің жоғалуы (беделінің жоғалуы), сауатсыздықтың төрге шығуы, жезөкшеліктің жер жүзін қаптауы, арақ ішудің күнделікті әдетке айналуы, елу әйелге бір күйеу болатындай дәрежеде еркектердің санының азаюы қиямет белгілеріне жатады»;*⁵⁰⁸ – деген.

Міне, осы хадистерде баяндалған қиямет белгілерін халқымыз:

Атаның тілін ұлы алмас,
Ананың тілін қызы алмас,
Айта беріп қайтейін,
Өлінің тілін тірі алмас.
Жақыннан шыққан жақсыны

⁵⁰⁵ Сайраған бақта бұлбұлдай, 102-б.

⁵⁰⁶ Ғазали, Ихия, II, 486-б.

⁵⁰⁷ Сахих хадистер, 147-б., А., 2002.

⁵⁰⁸ Имам Суюти, Кабир аlemi, 239-б., Стамбул, 2000.

Ағайын жұрты көре алмас.
Заман ақыр белгісі –
Бірге туған бауырың
Тату да болып жүре алмас;⁵⁰⁹

... ..

Ақыр заман адамы аласа туады,
Аласа болса да таласа туады,
Кулық-сұмдықты ойлай туады,
Жамандыққа бойлай туады;⁵¹⁰

... ..

Деседі «асыл тастан, ақыл жастан»,
Өлмей ме жақсы адам жұрттан асқан.
Ұғыл-ата, қыз ананың тілін алмай,
Кез келдік сұм заманға қарсыласқан.⁵¹¹

... ..

Болғанда ақыр заман су тартылар,
Жігітке қарап тұрған қыз артылар,⁵¹² – деп сипат-
тайды. Міне, осы секілді мәліметтерді халқымыздың
хадистерден алып үйренгенін жоғарыдағы өлең жолда-
рынан көруге болады.

Өткінші өмір

Бұл өмір – мәңгілік мекеніне қарай жолаушылап
бара жатқан адам баласының бір аялдамасы ғана. Ис-
лам діні мұсылмандардың осы сапар барысында бұл
өмірге және осы өмірдің ләззаттарына алданып қалмай,
ақыретке және ақыретте оңды жетістікке жетелейтін

⁵⁰⁹ Шортанбай, 35-б.

⁵¹⁰ Нұржан, Алаш, 54-б.

⁵¹¹ Бабалар сөзі, II, 107-б.

⁵¹² Даланың дара ділмарлары, дайындаған: Н. Төрөқұл, 14-15-б., А., 2001.

негіздерге көңіл аударуды бұйырады. Аллаһ тағала Құран Кәрімде:

*«Сіз бұл өмірді қалайсыз, алайда ақырет өмірі одан да жақсы, әрі мәңгі»;*⁵¹³

*«Мына өмір тек қана бір ойын мен көңіл көтеру зана, ал ақырет болса, ол – нағыз өмір»;*⁵¹⁴

*«Аллаһтың уәдесі – хақ. Байқаңдар, бұл өмір сіздерді арбамасын және шайтан да Аллаһтың кешіріміне арқа сүйетін сізді алдап соқпасын»;*⁵¹⁵ – дейді.

Бұл өмірдің жылтырағына алданып қалмау үшін Пайғамбарымыз да (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*«Дүниеден абай болыңыз, себебі ол Харут пен Маруттан да үлкен сиқыршы»;*⁵¹⁶ – деп ескерткен.

Осы өмірдің алдамшы болмысының мәнісін жете түсінген халқымыз ол жайында:

Жалғанда биттей пайда жоқ,

Адамның аз күн арбауы.

Жорға мініп теңселтіп,

Торғын тонын белсентіп,

Мамық төсек салдыртып,

Ыңырантып тұрғызып,

Дүрия көрпе жамылтып,

Дүниенің қалай алдауы?⁵¹⁷

... ..

Дүние қызығамыз несін біліп,

Аз күнгі қызығына есерленіп,

Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой,

⁵¹³ Ағла сүресі, 16

⁵¹⁴ Анкәбут сүресі, 64

⁵¹⁵ Луқман сүресі, 33

⁵¹⁶ Ғазали, Ихия, III, 461-б.

⁵¹⁷ Шортанбай, 24-б.

Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп,⁵¹⁸ – деген.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл өмірді:

«Бұл өмірмен менің арамда ешқандай байланыс жоқ. Себебі, мен бұл өмірде жаз күнінде жолға шыққан бір жолаушы сияқтымын. Жолаушы бел жазып, аяқ суытуы үшін ағаштың көлеңкесінде аздап демалған соң көлеңкеден айрылып жолын жалғастырғаны сияқты, мен де солай жолымды жалғастырамын»,⁵¹⁹ – деп суреттеген.

Осы хадисте Пайғамбарымыздың өзін бір жолаушыға теңеуі үмбетіне де нышан ретінде қалыптасып, өмір жайлы ой толғамдарында үнемі өздерін жолаушы етіп бейнелеу орын алған. Сол әдетті бойына сіңірген аталарымыз:

Кететін керуен ертең біз

Рахлат қылып Дарлы бақаға.⁵²⁰

... ..

Өмірді аңсай туып, асық өскен,

Дүниеге адам қонақ түней көшкен,⁵²¹ – деген екен.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде:

«Дүние – жемтік, оны қалайтындар – иттер»,⁵²²
– деп айтқан.

Осы хадисті өз жырына арқау еткен Дулат ақын:

Күнәм – жойқын, тәубем аз,

Тіршіліктен не таптым,

Дүние – жемтік, мен төбет,

⁵¹⁸ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 147-б.

⁵¹⁹ Ғазали, Ихия, III, 483-б.

⁵²⁰ Сайраған бақта бұлбұлдай, 24-б.

⁵²¹ Мың бір маржан, 129-б., (құр: А. Сейдімбеков), А., 1989.

⁵²² Дәйләми, әл-Фирдәус, I, 142-б.

Соны бақпай, не бақтым?⁵²³ – дейді.

Дұға

«Дұға» сөздікте «шақыру, жәрдем тілеу, талап ету, атымен шақыру, құлшылық» деген мағыналарға саяды. Шарифатта «Аллаһ тағаладан талап етіп, жәрдем тілеу» деген мағынаны береді. Құран Кәрімде дұға жайлы :

«Маған дұға етіңдер, сендерге жауап берейін»,⁵²⁴ – делінген. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) де көптеген хадистерінде дұғаның мәні мен маңызын баяндап, оны насихаттаған. Сондай хадистердің бірнешеуі төмендегідей:

*«Дұға – рахметтің кілті».*⁵²⁵

*«Дұға – жибадаттың негізі».*⁵²⁶

*«Дұға – мұсылманның қаруы, діннің тірегі, жер мен көктің нұры».*⁵²⁷

*«Кімге дұға есігі ашылса сол адамға рақым есігі ашылған болады. Аллаһтан талап етілген нәрселердің ішінде Аллаһқа ең жағымдысы – амандық. Дұға басқа келген, әлі келмеген бүкіл қиыншылықтарда пайдалы. Басқа келейін деп тұрған нәрселерді де тек дұға кері қайтара алады. Олай болса сіздер дұға етулеріңіз керек».*⁵²⁸

Дұға – Аллаһ тағала мен құл арасындағы қуатты байланыс күші. Ол – құлдың Аллаһқа ішкі ой-сырын шертуі. Алдынан шыққан қиыншылықтарда дұғаны қару етіп алған халқымыз оны аузынан тастамай

⁵²³ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 202-б.

⁵²⁴ Ғафир сүресі, 60

⁵²⁵ Хадис ансиклопедиси, V т., 484-б.

⁵²⁶ Тирмизи, Дуа, 1.

⁵²⁷ Хадис ансиклопедиси, V т., 484-б.

⁵²⁸ Тирмизи, Дағауат, 112.

өмірлік жолдас еткен. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде ең күшті дұға «Фатиха» сүресі екенін айтқан.⁵²⁹ Себебі, Құранның барлық мазмұнын бойына жинақтап, Құранда бірінші сүре болып оның төрінен орын алған «Фатиханың» өте көп қасиеттері бар. Пайғамбарымыздың «Фатиха» сүресі жайлы айтқан хадисіне сүйеніп, халқымыз дұға жасағанда «Фатиха» сүресін оқуды әдетке айналдырған. Бертін келе, тіпті, халқымыздың санасында «Фатиха» десе дұға, дұға десе «Фатиха» сүресі еске түсіп, осыдан келіп «бата» сөзі сөздік қорымызға енген. Яғни, «бата» сөзінің дұға ретінде қолданылуы қарап отырсақ халқымыздың Пайғамбар сүннеттерін ұстану ниетінен туындаған екен. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Фатиха» сүресін «Уммул-Китаб», «Уммул-Қуран», яғни «Құранның анасы» деп атаған. Халқымыз осы хадисті мақалға айналдырып: «Бата – Құранның анасы, ердің данасы» деп ойын түйген.

Жоғарыдағы аяттар мен хадистерден нәр алған ата-бабаларымыз әрбір сәтті пайдаланып дұға жасап отырған. Дұға жайлы Айқын ақын:

Әуелі сиынамыз құдіретке,

Сиынсақ медет берер қатты дертке,⁵³⁰ – десе, Шал ақын:

Құдая, құдіретіңмен сақтағайсың,

Хақ деген пендең болса тастамайсың,

Су құйса төгілмейтін боз жорғаның

Аяғын аңдаусызда қақпағайсың.

Құдая, жаманыңмен теңді қылма,

⁵²⁹ Д. Айдуз, Кыса сүрелерин тефсири, 25-б, Стамбул, 2004.

⁵³⁰ Айтыс, 187-б.

Құрбымнан өзім теңді кемді қылма.
Жаратқан барша жанды пәруардігер,
Өзімдей пенделерге пенде қылма,⁵³¹ – деп дұға жасайды. Халқымыздың дұғаларды күйкі тірліктің көлеңкесінде қалдырмай, өмірінің ажырамас серігі етіп алғаны соншалық, ол халық ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде қалыптасқан. Осы бай мұралар ел аузында жүрген баталарды жинақтаған кітаптар арқылы бізге дейін келіп жеткен.

Қонақ – үйдің құты

Тумысынан қонақжай халқымыз Ислам діні келгеннен кейін де бұл қасиетін мұсылмандық сипатымен үйлестіріп, ендігі жерде келген қонақты «құдайы қонақ» деп төрге оздырған. Осылайша қонағын құшақ жая құрақ ұшып сыйлап, асты-үстіне түсіп, қонақ күтуді Аллаһтың әмірі деп бүкіл болмысымен ұғынды. Осы мәселеде де ұлағатты ұстаздары Аллаһ Елшісінің хадистерін өмірлік дәстүр етіп ұстанған. Мысалы, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

*«Аллаһқа және ақырет күніне сенген адам қонағына сый-сыяпат көрсетсін...»*⁵³² – дейді.

Осы хадиске орай халқымыз:

Мейманды күтер болсаң Құдай үшін.

Мейман менен ер күткен қанша сауап,

Сауап қылсаң жаныңа өзің үшін,⁵³³ – деп сенген.

Және бір хадисінде Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

⁵³¹ Ай, заман-ай, заман-ай, I, 116-б.

⁵³² Муслим, Иман, 47.

⁵³³ Бабалар сөзі, II, 119-б.

«Аллаһқа және ақырет күніне сенген адам қонағына қонақасын берсін. Қонақасы – бір күн, бір түн қонағыңды күту»⁵³⁴ – деген. Қазақи салттың өзегі болып қалыптасып кеткен осы «қонақасы» түсінігі бойынша халқымызда әрбір жолаушы адам «кұдайы қонақ» деп қабылданып, оның ас-суын беріп, қондырып, мұқтажын өтеуді міндет деп есептеген. Тіпті ертерек уақытта жолаушы қонақасын жемесе сол елдің биіне барып, арыз айтып, кінәлілерден «ат-тон» айып алатын дәстүр болған екен.⁵³⁵ Осы дәстүрге сәйкес Шортанбай ақын:

Кұдайдан қорыққан мұсылман
Қонаққа сояр лағын,⁵³⁶ – дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қонақпен еріп келетін құт жайлы:

«Жақсылық қонақ күтілген үйге пышақтың түйенің өркешіне жетуінен бұрын жетеді»,⁵³⁷ – деп баяндаған. Хадисте айтылған жақсылық – Аллаһтың берген нәсібі. Қонақ келсе жалғыз атын сойып берген бабаларымыз осы нәсіптен құр қалмауға қам жасап:

Кісіні көрсең есікке,
Жүгіре шық, кешікпе,
Қарсы алмасаң мейманды
Кесір болар нәсіпке!⁵³⁸

... ..

Қонақ келсе үйіңе құрметтеп ал,
Көңілін оның қалдырма, хақтан үял.

⁵³⁴ Риядус-салихин, II, 112-б.

⁵³⁵ Ж. О. Артықбаев, Жеті жарғы, 36-37-б., А., 2003.

⁵³⁶ Шортанбай, 27-б.

⁵³⁷ Хадис ансиклопедиси, XVII т., 443-б.

⁵³⁸ Ай, заман-ай, заман-ай, I т., 74-б.

Пәле кетіп, қонақпен рақмет келер,

Ырза қылып әркімнен бата алып қал,⁵³⁹ – дейді. Пайғамбарымыздың тағылымдарынан нәр алған халқымыз: «Қонақпен еріп құт келеді,» – деп, даналық қорытынды жасаған.

Мұсылман – мұсылманға бауыр

Аллаһ тағала Құран Кәрімде:

«*Мұсылмандар – бауыр*»,⁵⁴⁰ – деген. Хақ Расул (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да өз хадистерінде осыны ескертіп:

«Мұсылман – мұсылманның бауыры. Мұсылман – бауырына қастандық жасамайды, оны дұшпанға тастамайды. Кім мұсылман бауырына жәрдем етсе және оның кем-кетігін толықтырса, Аллаһ та оған жәрдем етеді. Кім бір мұсылман бауырын қиыншылықтан құтқарса, Аллаһ тағала осыған сай қиямет күні оның қиыншылықтарының бірін жояды. Кім мұсылман бауырының бір кемшілігін жасырса, Аллаһ тағала ақыретте оның кемшілігін жауып жібереді», – дейді. Осы ескертуді өмірлік ұстанымға айналдырған халқымыз өзара бөлінуді теріс көріп:

Деді ғой: дін – қарындас бірадармыз,
Лепірме «қожамын» деп бейнаһаят;⁵⁴¹

... ..

Бауырым, сен мені қуантсаң,
Құдайым сені қуантсын,⁵⁴² – деген.

Осы бауырмашылдық жайында Аллаһ Елшісінен

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

⁵³⁹ Ақмолла, Күндер мен түндер, 67-б.

⁵⁴⁰ Хужурат сүресі, 10

⁵⁴¹ Сайраған бақта бұлбұлдай, 67-б.

⁵⁴² М. Әлімбаев, Батаменен ел көгерер, 44-б, А., 1996.

«Сіздерден ешбіріңіз өзі үшін қалаған нәрсесін дін бауыры үшін де қаламаса толық иман еткен болмайды»,⁵⁴³ – деген ғибрат сөз қалған. Осыны кейінгі ұрпаққа қатаң ескерткен халқымыз:

Жан зікірін көп айтсаң, ақ боларсың,

Сабырлық ақырында шат боларсың.

Өзің жетіп, өзгені ойға алмасаң,

Қарындас пен қауымға жат боларсың,⁵⁴⁴ – деген.

Қоғамда бауырластықты нығайта түсетін сиқырлы бір күш бар, ол – бір-біріне жәрдем ету. Жалпы, «жәрдем» деген кезде адам баласының ойына ең бірінші әлсіздер мен жәбірленушілерге көмек қолын созу келеді. Алайда, адамзатқа әмбебап дәстүрлерді ұсынған Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә салләм) ешкімді жәрдемнің аясынан тыс қалдырмай:

«Бауырыңа ол жауыз болса да, жәбірленуші болса да жәрдем ет», – деген. Мұны естіген сахаба таң қалып: «Жәбірленушіге жәрдем етермін, ал жауызға қалай жәрдем етемін?» – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз: «Оған жауыздық іс-әрекетін тыюға көмектесуің – оған сенің жәрдемің болады»,⁵⁴⁵ – деп айтқан. Осы хадисті адамгершілік қағидасына айналдырған халқымыз ой тиегін:

Хал-қадір сөз тыңдатар досы болса,

Араздық екі мумин ісі болса,

Қайтарып ізгі жолға салған дұрыс,

Қалып еткен жауыздықты кісі болса,⁵⁴⁶ – деп ағытады.

⁵⁴³ Бухари, Иман, 9; Муслим, Иман, 71-72.

⁵⁴⁴ Ақмолла, Күндер мен түндер, 80-б.

⁵⁴⁵ Бухари, Мәзалим, 4; Тирмизи, Фитән, 68.

⁵⁴⁶ Нұржан, Алаш, 98-б.

Жомарттық

Мұсылманды кемел кемеңгерлікке жеткізетін асыл қасиеттердің бірі – жомарттық. Құран Кәрім бұл жайлы:

«Мал-мүліктерін күндіз-түні, құпия және ашық түрде игілік үшін сарп еткендер бар емес пе, міне оларға берілетін сый Аллаһтың жанында. Олар үшін қорқу да, қайғы-мұң да жоқ»,⁵⁴⁷ – дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамдардың сыйластығын арттыра түсетін жомарттық жайында:

«Жомарттық – жаннаттағы ағаштардан бір ағаш, бұтақтары осы дүниеге қарай салбырап тұрады. Кім оның бір бұтағын ұстаса, ол бұтақ оны жаннатқа алып барады»,⁵⁴⁸ – деген. Осы хадисті Әбубәкір інжу-маржандай жыр жолдарында:

Сахилық* деген терек-ті,

Ол теректің бұтағы

Ұжмақта болса керек-ті.

Бұтағынан тұтқан құл,

Ұжмаққа бармақ себеп-ті,⁵⁴⁹ – деп кестелейді.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жомарттық пен сараңдықты хадисінде:

«Жомарт адам Аллаһқа жақын, адамдарға жақын, жаннатқа жақын, жәннаннан ұзақ. Сараң адам Аллаһтан ұзақ, адамдардан ұзақ, жаннаттан ұзақ, жәннанға жақын. Аллаһтың алдында жомарт болған бір қараңғы адам сараң болған ғалым адамнан

⁵⁴⁷ Бақара сүресі, 274

⁵⁴⁸ Бәйхаки, Шуабул-Иман, VII, 435-б.

* Сахилық – жомарттық

⁵⁴⁹ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 279-б.

сүйкімдірек. Ең емі қиын дерт – сараңдық дерті»,⁵⁵⁰ – деп суреттейді. Сүннетті өмірлік қағидаларына айналдырған халқымыз:

Сахилық деген тәуір-ді
Қолдан келмек ауыр-ды.
Бахилық* деген тар орын,
Пенделерге жіберді,
Тар лақатқа кіргенде
Раушан қылмас қабірді;

... ..

Сахи байы жәннәт-ті,
Мұхамметке үмбетті,
Дүниенің шарығы

Жөні келсе құрметті,⁵⁵¹ – деп осы хадисте айтылған ақиқаттарды жырға қосқан.

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистерінде жомарт адам мағынасына келетін арабшадағы «Сахи» сөзін қолданған. Мән берерлік жәйт, қазақ ақын-жырауларымыз да өлеңдерінде жомарттық жайын қозғағанда, Пайғамбарымыздың хадисіндегі «Сахи» сөзін қолданған. Осылайша оның сөздік қорымызға енуіне себепкер болған. Осы сөзді Кете Жүсіп те қолданып:

Мырза болсаң сақи бол,⁵⁵² – дейді.

Өркөкіректік

Адамды өзін өрде жүргендей сезіндіретін, алшын мәнінде оны өрге емес, керісінше құрдымға

⁵⁵⁰ Ғазали, Ихия, III, 544-б.

* Бахилық – сараңдық.

⁵⁵¹ Ай, заман-ай, заман-ай, II т., 279-б.

⁵⁵² Бес ғасыр жырлайды, II т., 377-б.

сүйрелейтін жағымсыз қасиеттердің бірі – өркөкіректік. Ол – шайтанға тән сипат. Сол үшін Құран Кәрім өркөкіректікке тыйым салып:

«Жер бетінде көкірек керіп жүрме»,⁵⁵³

«Ақыреттегі жерді жер жүзінде өздерін жоғары санамайтын және бүлік жасауды көздемейтіндерге лайық еттік. Тақуалар ғана жақсы нәтижеге қол жеткізеді»,⁵⁵⁴ – дейді.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде:

«Сізге тозақтықтарды айтайын ба? Олар – дөрекі, сараң және өркөкіректер»,⁵⁵⁵ – деген. Осы хадистің мағынасына сабақтастырып Ыбырай Алтынсарин оқырмандарына:

Бұзбаңыз әділдікті бұл мал үшін,

Жиясыз оны дағы бір жан үшін.

Өз әзіл періштенің бастығы екен,

Не болды тәкаппарлық қылғаны үшін?⁵⁵⁶ – деп ескертеді.

Тағы бір хадисте:

«Жүрегінде зәредей тәкаппарлық болған адам жаннатқа кіре алмайды»,⁵⁵⁷ – делінген. Хадистің үкіміне сүйенген Орынбай ақын:

Қалай-қалай сөйлейсің, Нұркей батыр,

Менменсіген адамға тамұқ жатыр,⁵⁵⁸ – деп қарсыласына ескерту жасайды.

⁵⁵³ Исра сүресі, 37

⁵⁵⁴ Қасас сүресі, 83

⁵⁵⁵ Бухари, Әдеп, 61; Муслим, Жаннат, 46; Тирмизи, Жәһаннам, 13.

⁵⁵⁶ Ай, заман-ай, заман-ай, II, 12-б.

⁵⁵⁷ Муслим, Иман, 107.

⁵⁵⁸ Айтыс, I т., 269-б., А., 1988.

Пайғамбарымыз өркөкірек, тәкаппар адамдар жайлы:

«Бір күні бір адам әдемі киімдерін киіп алып, маңғазданып кетіп бара жатыр еді. Шашын тараған, өз-өзіне көңілі толып, жұртқа өзін көрсеткісі келген әлгі адамды Аллаһ жердің түбіне түсіріп жіберді. Қиямет күніне дейін жердің астында тыпырлаған күйінде қалды»,⁵⁵⁹ – деген. Тәкаппарлықтың абырой әкелмейтінін жақсы білген аталарымыз:

Құдайдың барын білмеген
Айтқан жерге жүрмеген,
Менменсіген зор кеуде
Қисық жүріп кете алмас,
Аспанменен өте алмас,
Алдындағы жолығар
Құдайдың құрған тезіне.⁵⁶⁰

... ..

Менменнің жүрмес тәубесі,
Ақыры көрер қорлықты.
Тәкаппарлық кім қылса,
Сол көреді зорлықты,⁵⁶¹ – деп оны сынайды әрі халықты бұлжаман қылықтан бойды аулақ салуға, ізгілікке, қарапайымдылыққа шақырады. Мұсылмандықты ту еткен халқымыз: «Ұлық болсаң кішік бол», «Кішіпейілдікпен кішіреймейсің» деп, ұрпақты кішіпейіл болуға үндеген.

⁵⁵⁹ Риядус-салихин, II т., 47-б.

⁵⁶⁰ Шортанбай, 26-б.

⁵⁶¹ Бабалар сөзі, I т., 35-б.

Қазақ өлең-жырларында хадистердің мәтіндерімен қолданылуы

Халқымыз Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сүннеттерін ұстануды мойнындағы борышы деп біліп, оны орындауға аса ынталық танытып, ғибадат деп маңыз берген. Халқымыздың осы ұстанымына қосылған ақындарымыз сүннеттердің маңызын жырларында:

Пендеге ықыласпен жүрмек жақсы,
Атқарып парыз, уәжіп, сүннеттерін.
Сұрары екі дүниенің фақыры жаһан
Қор қылмас иншалла үмбеттерін.⁵⁶²

... ..

Парыз, уәжіп, сүннет бар қанша салих,
Зор дәулет тамамдасак біліп анық.
Шарттарды осындайда ада қылмай
Болмайды жәй жүру де мұсылмандық,⁵⁶³ – деп көрсетеді.

Міне, осылайша сүннет пен хадистердің маңызын түсіндіруге тырысқан Нұржан ақын :

Бітіріп он екі пән дәріс етсе,
Кітап жазып дәлелмен хадис етсе,⁵⁶⁴ – десе, оны қостаған Ақмолла ақын:

Жарар еді өзімізді қарасақ біз,
Ғылымның керегіне жарасақ біз.
Ғылымды ғибадатқа ат қылып мініп,

Көбірек тәпсір, хадис қарасақ біз,⁵⁶⁵ – деп хадистерді оқып үйренуді уағыздайды. Уағыздаумен қатар халықтың жанды жерін де жанап өтеді. Себебі,

⁵⁶² Нұржан, Алаш, 29-б.

⁵⁶³ Бұл да сонда, 80.

⁵⁶⁴ Бұл да сонда, 82.

⁵⁶⁵ Б. Кенжебаев, XX ғасыр басындағы әдебиет, 11-б., А., 1993.

халықтың сенім мен ғибадат мәселесінде бидғаттарға (дінде кейіннен пайда болған және Исламның рухына жат қылықтар) түсуі білімсіздіктен бастау алатыны мәлім. Ақынның өмір сүрген тұсында халықтың дінді үйренуге деген талабы артып, дініне беріле түскенімен қарапайым халық Ислами ілімдер тұрғысынан кенжелеп қалған еді. Бұған себеп: орыстардың қазақ даласындағы медреселердің санын азайтып, қалған медреселердің дәріс бағдарламаларын өз бақылауына алуы, алфавитті өзгерту саясатын алға тартқаны және татар молдалар-дың қазақ елді мекендеріне баруына тыйым салуы еді. Жағдай осылай болған соң, қарапайым халық та дұрыс пен бұрысты ажырата алмай, бидғаттарға түсе бастайды. Мысалы, 1800 жылы жарияланған «Туркестанские ведомости» газетінде дүмше молдалардың халықты алдап, ескі, жыртық көйлектерді Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көйлегі деп сатқандарын, ал халықтың шын пейілімен оларды сатып алғанын жазады.⁵⁶⁶ Бұл оқиға таза жүректі халықтың Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) деген ыстық сүйіспеншілігінің қаншалықты жалынды болғанын, Оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ескі, жыртық көйлегін тәбәрік деп көздеріне сүртуге, Одан жеткен түйірдей бір сый үшін жандарын пайда етуге дайын екендерін көрсетеді. Алайда, халықтың осы сәбидей пәк, адал көңілі жоқ жерден пайдаға кенелгісі келген, байлықты көксеген тоғышар жандардың алдауына түсіп жатса, мұны – діни сауатының төмендігінен, білімінің аздығынан деп түйіндеуге болады.

⁵⁶⁶ Г. Андаренко, Между туземцами степного уезда, Туркестанские ведомости, №3, 15 января, 1880.

Осындай кемшіліктің орнын толтыруға тырысқан зиялы ақындарымыз хадистерді өлеңдерінің өзегіне айналдыра бастады. Бұл бір жағынан халықтың хадистерді тікелей үйренуіне жол ашса, екінші жағынан ақындардың айтпақ болған өсиеттерінің ақылға қонымды болуына әсер еткені анық. Сол үшін де ақындарымыз хадистерді еш өзгеріссіз сөзбе-сөз қолданып, ел арасына кең насихаттап, таратып отырған.

Жоғарыда баяндалған тақырыптардың бәрінде халқымыздың хадистер мен сүннеттерді мәтіндерімен емес, өздерінің солардан пайымдаған ойларын, шығарған үкімдерін өз сөздерімен ұсынғандарын немесе хадис және сүннетпен үйлесіп жатқан ой-шумақтарын беруге тырыстық. Алайда, халқымыз хадис пен сүннетті әрдайым өз сөздерімен емес, реті келгенде негізгі мәтінімен, болмаса жолма-жол аудармасымен берген кездері де болған. Бұл халқымыздың хадистерді арабша түпнұсқасынан оқып немесе аудармасын жаттап өскенін көрсетеді. Енді ақындарымыздың мәтінімен қолданып, шуақты жыр жолдарының мәнін арттыра түскен хадистерге тоқтала кетейік:

Мәдіге жеңілдіктен сабыр тиіс,
Тәуелсіз зор ғаламат бек қиын іс.

Пірада, кітапта бар жадыға алсаң,

Ал сабыр мифтах фараж деген хадис.⁵⁶⁷ Нұржан ақынның жыр шумағында арабшасымен берілген хадистің аудармасы былай:

*«Сабыр – рахаттың кілті».*⁵⁶⁸

⁵⁶⁷ Нұржан, Алаш, 27-б.

⁵⁶⁸ Дәйләми, әл-Фирдәус, II, 415-б.

Нұржан ақын тағы бір өлең жолдарында:

Беріңіз шын талапқа көңіліңізді,

Аудармай бөтен жаққа көзімізді.

Хадисте хақ расул көрсетіп тұр

«Мән жадда уажада» деген сөзді,⁵⁶⁹ – деп *«Іздеген табады»*⁵⁷⁰ деген хадистің арабша нұсқасын тікелей қолданады.

Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың ғалымдар жайлы айтқан хадисін де Нұржан ақын жыр шумағына:

«Ғулама уарсатул әнбия», – деп қосады.⁵⁷¹ Хадистің аудармасы былай:

*«Ғұламалар – пайғамбарлардың мұрагерлері».*⁵⁷²

Әйгілі ақын Әбубәкір де өлең жолдарын хадистердің көркем сөздерімен безендіргендердің бірі. Мысалы, ол бір өлеңінде:

Риуаят пайғамбардан болған хадис

«Мән акрам ғалама фақадакрамни»

Қараңыз ғалым хақын қандай айтты,⁵⁷³ – дейді.

Өлеңде айтылған хадистің аудармасы төмендегідей:

*«Кім ғұламаларға құрмет көрсетсе маған құрмет көрсеткендей болады».*⁵⁷⁴

Келесі жыр шумақтарында:

Мұхаммед хақтың досы болған саруар,

Абзалдың дін табибі болған дархар.

⁵⁶⁹ Нұржан, Алаш, 41-б.

⁵⁷⁰ Али әл-Қари, Зайыф хадислері өғренме методу, ауд: А. Сердароғлу, 113-б, Стамбул, 1986.

⁵⁷¹ Нұржан, Алаш, 82-б.

⁵⁷² Әбу Дәуд, Илм, 3641.

⁵⁷³ Әбубәкір Кердері, Қазағым, 157-б., А., 1993.

⁵⁷⁴ Осыған ұқсас мәтіндер: Дәйләми, әл-Фирдәус, I, 76-б; Кәшфул-хафа, I, 196-б; Имам Суюти, әл-Жамиус-сағир, I, 47-б, (I-II том), Мысыр, 1321.

«Лау лак лами халақат илла фалак» деп

Хабарын аятпенен берген паруар,⁵⁷⁵ – дейді. Әбубәкірдің бұл жерде меңзеген хадисі (кейбір хадисшілер оны хадис деп қабылдамаған, кейбіреулері оған әлсіз хадис деп қараған) мұсылман халықтардың арасында кең таралған, қарапайым халық қудси хадис* деп қолданған. Мұхаммед пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) арналып айтылған осы сөздің аудармасы:

*«Сен болмасаң әлемдерді жаратпас едім».*⁵⁷⁶

Қабан жырау Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадисін өлең жолдарына:

Ораза, намаз үшін жанды қина,

Жанды қинап барғанда жанды сыйла.

Пайғамбар ғадысында айтты емес пе,

Ғаламды ғалайсалам, –ал-ғайбат–әш-мінә зайна,⁵⁷⁷
– деп өреді.

Араб тілінде берілген хадистің дұрыс мәтіні: «ал-Ғайбату әшадду минәз-зина» болу керек. Бұл турасында Пайғамбарымыздың айтқан хадисінің толық мәтіні: *«Сіздерге ғайбатты (өсек) ескертемін, шындығында ғайбат зинадан да бетер».*⁵⁷⁸ Осы хадисті Бұқар жырау да өзінің өлең жолдарында қолданып:

Өсек пенен ғайбатты

Зина менен ұрлықтан

Бұрынғы өткен жақсылар

Онан да жаман десіпті,⁵⁷⁹ – дейді.

⁵⁷⁵ Әбубәкір, Қазағым, 87-б.

* Қудси хадис–мағынасы Аллаһтан келген хадис.

⁵⁷⁶ Кәшфул-хафа, II, 164-б.

⁵⁷⁷ Бабалар сөзі – даналық көзі, 93-б.

⁵⁷⁸ Ғазали, Ихиа, III т., 318-б.

⁵⁷⁹ Бұқар жырау Қалақаманұлы, Шығармалары, 11-б.

Діни қиссалардың бірінде:

Патша айтты: – Құдай-ә, тәубе қылдым,

Құдіретің күшті екен, анық білдім,

«Әт-Тақдир лә тәбдил» деген хадис,

Тәубе қылып құдіретіңе, қарар қылдым,⁵⁸⁰ – дейді. Қиссада берілген хадистің аудармасы: «Тағдыр өзгермейді» – деген мағынаға келеді. Бірақ тура жоғарыдағыдай арапша айтылған түрін хадис жинақтарынан кездестіре алмадық. Бұл хадис ретінде тарап кеткен мәшһүр сөз де болуы мүмкін. Әйтсе де, оның мағынасы Ислам дінінің тағдыр түсінігіне толығымен сай келеді.

Айтыстағы хадис пен сүннет

Халық ауыз әдебиетінің маңызды бір саласы – айтыс. Сөз өнерін қадірлейтін халқымыз оны сүйіп тыңдап, айтыскерлерге үйінің төрінен орын берген. Міне, осындай қастерлі өнер туындысы – айтыс арқылы да ата-бабамыз халыққа дінді насихаттауды ұмытпаған. Дін қызметкерлері, әсіресе молдалар Ислам дінінің халық арасында кең өріс жаюы, діни терминдердің халықтың құлағына сіңіп, көкірегінен орын тебуі үшін ақындарды осы мәселелерде сөйлетуге тырысқан.⁵⁸¹ Исі мұсылман айтыскерлеріміз де діни тақырыптарда қалыс қалмай өздерінің тапқырлықтарын байқатып отырған. Мысалы, Болық пен Елентайдың айтысында мұның жарқын көрінісін көруге болады:

Болық:

Ақын жігіт атанған Елентайым,

Өнерпаздың өнерпаз білер жайын

⁵⁸⁰ Бабалар сөзі, XI т., 286-б., Астана, 2005.

⁵⁸¹ С. Мұқанов, Айтыс, 8-б., А., 1941.

Жауап бер бір азырақ сөз сұрайын:
Әуелі не жаратты бір құдайым? – десе,
Елентай оған:

Болық, маған белгілі сенің сырың,
Біздерден артық емес айтқан жырың.

Бұрынғы даналардан есітемін

Жер мен көк жаралды елден бұрын,⁵⁸² – деп жауап береді.

Міне, бұл айтыста әлемнің жаратушысы Аллаһ екені, Оның әлемді жаратуы жайлы тақырып қозғалса, Рысжан мен Әсеттің арасында өткен айтыста Исламның бес шарты баяндалған:

Рысжан:

«Ра», «мем», «нон», «хи» менен «зи» оған ерген,

Бұл бес әріп бес сөздің бесеуінде

Білдің бе мағынасы қайдан келген? – деп жұмбақ етіп жасырғанда, Әсет ақын:

Бір сарай нұрланады Мекке-дүр «мем»,

Хажы – парыз, бай кісіге хақтан келген.

«нон» – намаз, «ра» – руза, «зи» – зекет-дүр,

Парыздың енді бірі – иман білген,

Хажы Исламның бесіншісі «хи» деген сол,⁵⁸³ –деп жұмбағын жаңылмай шешіп береді.

Осындай діни мәліметтер қамтылған айтыстарда айтыскерлеріміздің хадис пен сүннеттерге сүйеніп, сөз сөйлегендерін көруге болады. Мысалы, жоғарыда айтылған Болық пен Елентайдың айтысына қайта оралайық.

⁵⁸² Айтыс, I, 304-б., А., 1998.

⁵⁸³ Сабит Мұқанов, Қазақ қауымы, 203-б., А., 1995.

Болық:

Елентай, жақсы жауап береді екен,
Сұрауға тағы бір сөз келеді екен.
Дүниенің әуелінде жер жаратылса
Қара жерді көтерген немене екен?

Елентай:

Қыз Болық, өлең айт деп қылдың тілек,
Шошымас сұрағанда біздің жүрек.
Жаралған алып болып бір көк өгіз
Тұрады мүйізімен жерді тіреп.

Болық:

Елентай сөйлер сөзге кемел екен,
Сұраса жақсы жауап береді екен.
Қара жерді көтерген өгіз болса,
Көк өгізді көтерген немене екен?

Елентай:

Жаратқан өзі жарлық қылған дейді,
Ешкім күмән қылмайды бұған дейді.
Қара жерді көтерген ол көк өгіз
Табанымен тас болып тұрған дейді.

Болық:

Бұларды ақылменен оңдай ма екен?
Мүйізі ол өгіздің талмай ма екен?
Көк өгізді көтеріп тұрған болса
Қара тастың шамасы қандай екен?

Елентай:

Қазақтың оны білер баласы жоқ,
Ішінде көп оқыған данасы жоқ.
Дүниенің айналасы теңіз дейді
Айтылған қара тастың шамасы жоқ.

Болық:

Елентай, сөйлер сөзге шебер екен.

Бұл сөзіме не жауап берер екен.

Айналасы шамасы алыс болса

Қара тасты көтерген немене екен?

Елентай:

Әр нәрсе де өзінің сыйымында,

Жарамастай нәрсе жоқ қиын мұнда.

Көк өгізді көтерген ол қара тас

Бір балықтың тұрады екен иығында.⁵⁸⁴

Болық пен Елентай айтқан дүниенің жаратылысы жайлы мәліметтерді хадис кітаптарына енген мына хадистен көруге болады:

*«Жер судың үстінде, су бір жартастың үстінде, жартас болса балықтың үстінде, балық болса екі аяғы бос кеңістікте тұрған бір періштенің үстінде».*⁵⁸⁵ Бұл хадис жайлы мұсылман ғалымдар түрлі жорамалдар айтқан. Хадисші Әлбани бұл хадисті ойдан шығарылған деп бағалаған.⁵⁸⁶

Ұлбике мен Күдері қожа арасында өткен айтыста да Ұлбике бұл әлемде алғаш не жаратылған деп сұрағанда, Күдері қожа:

Әуелі Мұхаммедтің нұрын қылған,

Он сегіз мың әлемнен бұрын қылған,⁵⁸⁷ – дейді.

Бұл жерде Күдері қожаның мына хадиске сүйеніп жауап бергенін көруге болады:

⁵⁸⁴ Айтыс, II т., 63-64-бб.

⁵⁸⁵ Хәйсәми, Мәжмәуз-зәуанд, VIII т., 131-б.

⁵⁸⁶ Мұхаммад Насируддин әл-Әлбани, Силсиләтул-әхадисид-даифә уал-мәудуа, 308-б, Бейрут, 1985.

⁵⁸⁷ Айтыс, I т., 79-80-бб.

«Аллаһтың алғаш жаратқаны сенің пайғамбарыңның нұры, ей, Жабир!»⁵⁸⁸

Осы айтыста Ұлбике де есім сұраудың сүннет екенін, өзінің де осы сүннетті ұстанып, қарсыласының аты-жөні кім екенін сұрайтынын айтады. Ұлбикенің ұстанған сүннеті:

«Бір кісі біреумен танысқанда атын, әкесінің атын және кімдерден екенін сұрасын. Себебі, бұл әрекет жақындықты арттырады»,⁵⁸⁹ – деген хадистен шыққаны түсінікті.

Жарылқасын ақын да бір айтыста Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә салләм) хадисіне меңзеп, қарсыласына былай дейді:

Жарқыным, сәлем берсең, сәлемет бол,

Жетеді мұратына өлмеген құл.

Сіз сәлем берсеңіз, біз әлік алдық,

Сүннеті пайғамбардың қазулы жол,⁵⁹⁰ – дейді.

Сонымен қатар, ақын Әбубәкір Кердері бір күні татар ақыны Нұрыммен кездеседі. Нұрым ақын:

Қазағым сен білмесең мен айтайын

Қазақты бір рауаятта «кәпір» деген, – деп оның мысын баспақ болады.

Сонда Әбубәкір дереу оған хадиспен жауап қатып:

Кәпір деп мұсылманды діннен шықтың

Байқасаң мұның түбі бір іс болар,⁵⁹¹ – дейді.

Бұл жерде Әбубәкір Кердері нық сеніммен кесіп айтқан тұжырымын мына хадистен шығарғаны белгілі:

⁵⁸⁸ Кәшфул-Хафа, I т., 265-266-бб.

⁵⁸⁹ Тирмизи, Зухд, 53.

⁵⁹⁰ Айтыс, 183-б.

⁵⁹¹ Әбубәкір, Қазағым, 229-230-б.

*«Бір адам біреуге «кәпір» деген кезде екеуінің біреуі кәпір болады. Егер айтылған адам кәпір болса, әлгі адамның сөзінің рас болғаны. Ал егер олай болмаса, айтушының өзіне айтқан сөзі кері оралады (өзі діннен шыққан болады)».*⁵⁹²

Осылайша айтыс өнерінің майталмандары сөздерінің өтімді, өткір әрі басымдыққа ие болуы үшін хадистерді дәлел ретінде қолдануы, оның халқымыздың діліне сіңісті болып, күнделікті қоңыр тіршілігінде көрініс табуы сүннет жолымен жүріп, хадистерді ту еткендігінің бұлтартпас айғағы болса керек. Пайғамбарымызға (саллаллаһу әләйһи уә салләм) деген сүйіспеншілігін басына тәж еткен халқымыз хадис пен сүннетті кейде тура, кейде жаңылыс қолданса да, оны рухани өміріне арқау еткенін осындай өнер туындыларынан да көруге болады.

Жазба әдебиеттегі хадис пен сүннет

Абайдың «Қара сөздері»

XX ғасырдың басындағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Абай Құнанбаев шығармаларында да хадис пен сүннеттің орны айрықша. Ол:

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

Ынтамызды бұзбастық иманымыз,⁵⁹³ – деп халқымыздың мұсылман екенін мақтанышпен жырға қосады. Х. Сүйіншәлиев кемеңгер ақын жайлы: «Абай қалдырған ұлы мұралар өз дәуірінің алуан түрлі

⁵⁹² Бухари, Әдеп, 73.

⁵⁹³ Абай, Шығармаларының екі томдық толық жинағы, II, том: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер, 113-б, А., 1995.

мәселелерін қамтыды, сол кездегі қазақ елінің шын сырын ашты»,⁵⁹⁴ – дейді. Абай атамыз өзі өмір сүрген кезеңінің ішкі-сыртқы сырларын жете түсініп, қазақ елінің бейнесін айқын көрсете білді. Медреседе білім алып, шығыстың классикалық әдебиетін толық игерген ақын адам баласын имандылық пен инабаттылық жолына тәрбиелеуде Ислам дінінің зор мәні бар екенін мойындап, оны уағыздаудан еш жалықпаған. Ол өзі де Ислами ілімдерді, соның ішінде хадис пен Құран аяттарын жай ғана жаттап қана қоймай, олардың мәніне тереңірек үңіліп, ой-толғамымен жаңа болжамдар ұсынған. Сондықтан болар қара сөздерінде хадистер мен аяттарды молынан қолданып, халқымызды бұл қайнар көзден сусындатқан. Енді дала ділмарының қара сөздерінде қолданылған хадистердің бірнешеуін қарастырайық:

1. «Құдайшылық сонда қалпыңды (*қалып*, арабша қалб – жүрек дегенді білдіреді (**ав.**)) таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, – депті».⁵⁹⁵

Ұлы Абай қолданған хадистің толық мәтіні: *«Шындығында Алла тағала сіздердің бет-бейнелеріңізге және дүние-мүліктеріңізге қарамайды, ең алдымен жүректеріңізге және іс-әрекеттеріңізге қарайды»*.⁵⁹⁶

2. «Пайғамбар салалаһу халайһи уәссәләмнің хадис шарифінде айтыпты: «... *яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ*», – деген».⁵⁹⁷

⁵⁹⁴ Х. Сүйіншәлиев, Қазақ әдебиетінің тарихы, 866-б., А., 1997.

⁵⁹⁵ Абай, Қара сөз, поэмалар, 40-б., А., 1993.

⁵⁹⁶ Ибн Мажә, Зүхд, 9.

⁵⁹⁷ Абай, Қара сөз, поэмалар, 76-б.

Бұл хадис Дәйләмидің кітабында айтылған.⁵⁹⁸

3. «Алла табарака уатагаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тафаккару фи'ал иллаһи» деген хадис шарифтің «инна Аллаху йухуббул муқситин» деген аяттарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргеніміз жоқ».⁵⁹⁹

Бұл жерде қолданылған хадистің арабша толық мәтіні: «Тафаккару фи әлаиллаһи уа лә тафаккару филләһ», аудармасы: *«Аллаһтың болмысын емес, нығметтері жайлы ойланыңыз»*.⁶⁰⁰ Алайда бұл хадисті Суюти әлсіз хадис деп бағалаған.⁶⁰¹

4. «Әддүния мээрэгәтул-ахирет.»⁶⁰² Абай дәлел ретінде алып отырған хадистің қазақша аудармасы: *«Дүние – ақыреттің егістік алқабы»*.⁶⁰³

Хадис ғалымы Алийул-Қари бұл хадистің ойдан шығарылғанын айтқан.⁶⁰⁴

5. «Пайғамбарымыз салла Аллаһу халайһи уәссәлләмнің хадис шарифі «Инна йағмала-ағмал бин нийат» – деген».⁶⁰⁵

Бұл хадистің арабша дұрыс мәтіні: «Иннамал-а' - мал биннийат», аудармасы: *«Амалдар ниеттерге қарай бағаланады»*.⁶⁰⁶

⁵⁹⁸ Дәйләми, әл-Фирдәус, II, 151-б.

⁵⁹⁹ Абай, Қара сөз, поэмалар, 89-б.

⁶⁰⁰ Хәйсәми, Мәжмәуз-зәуәид, I т., 81-б.

⁶⁰¹ Имам Суюти, әл-Жамиус-сағир, I т., 114-б.

⁶⁰² Абай, Қара сөз, поэмалар, 95-б.

⁶⁰³ Кәшфул-хафа, I т., 425-б.

⁶⁰⁴ Али әл-Қари, әл-Әсрауул-мәрфуа фил-әхадисил-мәудуа, 43-б., Стамбул, 1289.

⁶⁰⁵ Абай, Қара сөз, поэмалар, 101-б.

⁶⁰⁶ Бухари, Иман, 23.

6. «...дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадисі, «хайрун-нас мән йанфагун-нас», – деген».⁶⁰⁷

Хадистің аудармасы: *«Адамдардың ең жақсысы адамдарға пайдалы болғаны.»*⁶⁰⁸

7. «...элинсан гэдду лэма жәһилгә».⁶⁰⁹

Абай қолданған хадистің аудармасы: *«Адам білмеген нәрсесіне дұшпан болады.»*⁶¹⁰

Ыбырай Алтынсарин және

«Мұсылманшылықтың тұтқасы»

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар жазушы, ақын, ағартушы педагог Ыбырай Алтынсарин патша үкіметінің халықты діннен бездіру саясаты басталған тұста өмір сүрді. Ол осы саясаттың қыспағында езіліп қалмай, мұсылман халқына қолдау көрсетіп, өлең жолдарымен Ислам дінін насихаттай білді. Ыбырай Алтынсариннің шығармаларын парақтағанымызда кейбір түйінді тұжырымдарының хадистердің өзегінен тамыр тартқанын байқаймыз. Мысалы ардақты Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) *«Бисмиллаһпен басталмаған әрбір істің соңы келте»*,⁶¹¹ – деген хадисіне сүйеніп ақын насихатын былай келтіреді:

Істің болар қайыры,
Бастасаңыз алдалап.⁶¹²

⁶⁰⁷ Абай, Қара сөз, поэмалар, 96-б.

⁶⁰⁸ Кәшфул-хафа, I т., 472-б.

⁶⁰⁹ Абай, Қара сөз, поэмалар, 96-б.

⁶¹⁰ Әбу Нуайм, Хилиәтул-әулия, X т., 242-б.

⁶¹¹ Имам Суюти, әл-Жамиус-сағир, II т., 97-б.

⁶¹² Ай, заман-ай, заман-ай, II т., 6-б.

Еңбекқор Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамдарды әрдайым еңбек етіп, маңдай терімен табыс табуға шақырған. Өзгелерге масыл болып, біреудің арқасында күн көруді еш қолдамаған. Оның (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) маржан сөздерінде бұл турасында былай делінген:

*«Шамаңның келгенінше ешкімнен ешнәрсе сұрама.»*⁶¹³

*«Қажеттіліктеріңді абыроймен табыңдар (яғни басқаларына қарап телмірме), себебі барлық нәрсе Аллаһтың жазуымен болады.»*⁶¹⁴

*«Жоғарғы қол төменгі қолдан жақсы. Жоғарғы қол – берген қол, төменгі қол – алған қол.»*⁶¹⁵

Пайғамбарымыздың осы хадистеріне орай Ыбырай атамыз да былай деген:

Қорек тап, бейнеттен де тәңірің жәрдем,
Телмірме бір адамға мұндықпенен.⁶¹⁶

...

Адамға бір өзіндей көзің сүзбе,
Бір әділ қазынасы кең патшаны ізде.
Қорексіз еш пендесін қалдырмайды,
Жаратқан бір тәңіріңнен күдер үзбе.⁶¹⁷

...

Қолыңнан келсе қыл қайыр,
Кісіден алушы болма.⁶¹⁸

⁶¹³ М. Жан, Пейгамберимизден евренсел өғүтлер, 139-б, Стамбул, 2004.

⁶¹⁴ Бұл да сонда, 36-б.

⁶¹⁵ *Бухари, Зекет, 18,*

⁶¹⁶ Ай, заман-ай, заман-ай, II т., 13-б.

⁶¹⁷ Кәшфул-хафа, I т., 425-б.

⁶¹⁸ Ай, заман-ай, заман-ай, 14-б.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде былай дейді:

*«Ей, адамдар! Раббыңыз бір, аталарыңыз бір. Бәріңіз де Адам пайғамбардан тарағансыздар...»*⁶¹⁹
Ыбырай атамыз осы хадиспен үндестіріп ойын өрбітеді:

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер бір-біріне қарасыңыз.⁶²⁰

Осылайша Құран мен хадистің ұстанымдарына сүйене отырып, мұсылманшылықты дәріптеген тәлімгер ақын Ислам дінін жастардың жете түсінуі үшін «Шариятул-Ислам» немесе «Мұсылманшылықтың тұтқасы» деген кітабын жазады. Кітапта діннің негіздері хадис пен аяттардан дәлелдер келтіріліп түсіндірілген. Осы жерде қолданған хадистердің кейбіреулерін бере кетейік:

1. «Тәкаппаршылық дүниеде өткен жақсылықтарыңды жойып кететін мінез. Хатта пайғамбарымыз алайһиссалам айтыпты: «адамның көңілінде бір мысқалдай тәкаппаршылық болса да ұрмаққа кіре алмас» -деп».⁶²¹

Хадис: *«Жүрегінде зәредей тәкаппарлық болған адам жаннатқа кірмейді»*.⁶²²

2. «Пайғамбарымыз алайһиссалам айтыпты: (ал-харису ла йадхулу ал жанната уал-хусуру йақулу л- хасаната кама йақулу н-нару л-хатаба), яғни күншіл кісі

⁶¹⁹ Муснәд, V, 441-б.

⁶²⁰ Ай, заман-ай, заман-ай, 11-б.

⁶²¹ Ы. Алтынсарин, Мұсылманшылықтың тұтқасы, 53-б., А., 1991.

⁶²² Муслим, Иман, 148-149, 185.

жаннатқа кірмес, күншілдік от отынды жойған ғәуішті күлшылығыңды жояды деген сөз».⁶²³

Хадис: *«Күншілдік ету – оттың отынды жегені секілді жақсылықтарды жеп бітіреді»*.⁶²⁴

3. «Мұның хақында (бидғат туралы, **ав.**) Пайғамбарымыз алайһиссалам айтыпты (ла йақбалу Аллаһу тағала ли сахибил-бидағата сауман уа ла хажжан уа ла ғумрат уа ла жаһадан уа ла сарфан уа ла адлан уа йахружу мин ал-ислами кама йахружу аш-шағри мин ал-ажин), яғни Құдай тағала қасында бидағат иесі адамдардың оразасы, қажы, дінге дұшпан халықтарға қарсы соғысқа барулары, зекет-садақалары, әділдіктері болса да мұсылманшылықтан олар шығарылар бейне камыр ішінен қыл алып шығарып тастаған рәуішті деген сөз».⁶²⁵

Хадис: *«Аллаһ бидғатқа түскен адамның оразасын, намазын, қажсылығын, ұмрасын, жиһадын, сол жолда сарп еткендерін, сөзін қабылдамайды, ол қылдың майдан суырып алынғаны секілді оңайлықта Исламнан шығады»*.⁶²⁶

4. «Пайғамбарымыз айтыпты: «хаслатани ла йажтамиғани фил-мумининил-бухлу уа суул-хулқи» яғни екі нәрсе шын мумин пенденің көңіліне қонбас: біреуі – сараңдық, біреуі – бұзықтық деп».⁶²⁷

Хадис: *«Мына екі сипат мұсылманның бойында болмайды: сараңдық пен жаман мінез»*.⁶²⁸

⁶²³ Мұсылманшылықтың тұтқасы, 53-б.

⁶²⁴ Ибн Мажә, Зухд, 420.

⁶²⁵ Мұсылманшылықтың тұтқасы, 52-б.

⁶²⁶ Ибн Мажә, Муқаддимә, 48.

⁶²⁷ Мұсылманшылықтың тұтқасы, 54-б.

⁶²⁸ Тирмизи, Бирр, 41.

5. «Пайғамбарымыз айтқан: «Ғибадат қылсаң құдай тағаланы көріп тұрғандай құлшылық ет, сен бұл уақытта құдай тағаланы көрмесең де құдай сені көріп тұрушы» деп».⁶²⁹

*Хадис: «Аллаһтың алдында Оны көріп тұрғаныңдай құлшылық қыл, сен Оны көрмесең де Ол сені көріп тұрады».*⁶³⁰

6. «Пайғамбарымыз айтқан: «ман кана фи ғауни ахиһи ал-муслими уа ла манфағатуһу фалаһу сауабал-мужаһидин фи сабили аллаһи» яғни біреу мұсылман қарындасты аз нәрсемен ғана пайдаландырса, яки жәрдем берсе, ол адамдарға азат соғысқандардың сауабын беру».⁶³¹

Ы. Алтынсариннің арабша мәтінмен берген бұл хадисін хадис кітаптарынан таба алмадық, алайда сол мағынадағы хадистердің бар екенін көрдік:

*«Кім мұсылман бауырына жәрдем берсе, Аллаһ та оған жәрдем етер».*⁶³²

*«Кім мұсылман бауырының қажетін өтесе, Аллаһ та оның қажетін өтеуге жәрдем етеді».*⁶³³

7. «Пайғамбарымыз алайһиссалам айтқан: «Ас-саху шажаратун фил-жаннати фа ман кана сахийан ахаза буғуани минһа фа лам йушрак залика хатта йадхулаһул-жаннати» яғни кім де кім сахи мырза болса, ол мырзалық – ұжмақта бір ағаш, мырза адам ол ағаштың

⁶²⁹ Мұсылманшылық тұтқасы, 55-б.

⁶³⁰ Бухари, Бәдул-Уахи, 48.

⁶³¹ Мұсылманшылықтың тұтқасы, 55-б.

⁶³² Тирмизи, Худуд, 3; Әбу Дәуд, Әдеп, 60.

⁶³³ Тирмизи, Худуд, 3.

бір бұтағынан ұстағанға мысал һәм ол бұтақпен ол мырза кісі ұжмаққа кірмей қалмас деген сөз».⁶³⁴

Хадис: *«Жомарттық – жаннаттағы ағаштардан бір ағаш, бұтақтары осы дүниеге қарай салбырап тұрады. Кім оның бір бұтағын ұстаса, ол бұтақ оны жаннатқа алып барады»*.⁶³⁵

Ы. Алтынсарин хадистерді негізгі арапша мәтінімен бере отырып, олардың мағынасын халыққа қазақ тілінде жеткізіп отырған. Бұл оның арабша және хадис бойынша сауаттылығын көрсетеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы және «Мұсылмандық шарты»

Шығармаларын хадис және сүннетпен безендірген қазақ ойшылдарының бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ақынның өлеңдеріне терең бойлаған сайын даналық пайымдауларында хадистерді ойына қазық, тіліне тиек еткенін аңғарамыз. Мысалы ақын:

Біреудің мінін кешірсең,

Саған да құдай кешеді,⁶³⁶ – деп, ой түйеді. Ал ақынның осы ойына қазық болған мына хадис екені белгілі:

*«Кішіпейіл, кешірімді болсаңдар Аллаһ та сендерге кішіпейіл, кешірімді болады.»*⁶³⁷

Тәңірің таза, болып бақ сен де кірсіз,⁶³⁸ – деп, оқырманын жан мен тән тазалығына үндейді. Ал бұл жерде насихатына арқау болған мына хадис екенінде күмән жоқ:

⁶³⁴ Мұсылманшылық тұтқасы, 56-б.

⁶³⁵ Бәйхаки, Шуабул-Иман, VII т., 435-б.

⁶³⁶ Шәкәрім, Иманым, 87-б., Алматы, 2000.

⁶³⁷ әл-Жамиус-сағир, 1038.

⁶³⁸ Шәкәрім, Иманым, 213-б.

*«Аллаһ – сұлу, сұлулықты сүйеді; Аллаһ – таза, тазалықты жақсы көреді».*⁶³⁹

Шәкәрім Құдайбердіұлы халықтың Ислам дінін терең үйренуі үшін «Мұсылмандық шарты» деген кітабын жазған. Еңбек 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шыққан. Автор кітапты жазудағы мақсатын: «Олай да болса біздің қазақ халқының өз тіліменен жазылған кітап жоқ болған соң араб, парсы кітапты білмек түгіл, ноғай тіліменен жазылған кітаптарды да анықтап ұғып алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман ғибадат турасын шамам келгенше қазақ тіліменен жазайын деп ойландым»,⁶⁴⁰ – деп баяндайды.

1993 жылы жарық көрген кітапқа алғы сөз жазған М. Мырзахметов Ы. Алтынсариннің «Мұсылманшылықтың тұтқасы» мен Ш. Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты» кітаптарының жазылуын орыстардың халықты шоқындыру саясатына қарсы жасалған шара деп бағалайды.⁶⁴¹ Яғни, олар орыстардың халықты Ислам дінінен алшақтату үшін жүргізіп жатқан іс-әрекеттерінің нәтижесінде туындауы мүмкін қауіптің алдын алу мақсатымен осындай кітаптарды жазуды қолға алған. Себебі, халықтың сол кезеңге дейін дінін үйрену үшін қолданып жүрген кітаптары арабша яки татарша болатын. Алайда қазақ халқының арасында Ислам дінінің әсерін әлсірету мақсатымен патша үкіметі медреселер мен мектептердегі бұл екі тілге де тыйым салып, қазақ жастары үшін үлкен бір қауіп төндірген еді.

⁶³⁹ Тирмизи, Әдеп, 41.

⁶⁴⁰ Ш. Құдайбердіұлы, Мұсылмандық шарты, 7-б., А., 1993.

⁶⁴¹ Мұсылмандық шарты, 4-б.

«Мұсылмандық шарты» – ғылымхал түрінде жазылған. Тіпті оны қазақ тілінде жазылған алғашқы ғылымхал деуге де болады. Мұсылман халықтарында қалыптасқан ғылымхал үлгілеріндегі тақырыптарды қамтыған. Бұл тақырыптар: иман, мұсылмандық ахлақ, дәрет, намаз, ораза, зекет, қажылық, құрбан шалу, аң аулау, неке, сауда-саттық, қарыз алу, аманат, адам және хайуан хақтары. Осы тақырыптарды ашу барысында автор дәлел ретінде аяттар мен хадистерді қолданған. Кей жерлерінде басқа шығармаларға да сілтемелер жасаған жазушы өз ізденісінің тереңдігін көрсетеді. Шәкәрімнің еңбегіндегі хадистерді анықтау арқылы біз халқымыздың өмір салтына, психологиясына әсер еткен хадистерді көре аламыз. Енді кітаптағы хадистерге тоқтала кетейік:

1. «(Хазірет Пайғамбар) «Алфухр фахри», яғни мақтаным кедейлігім деп көбінесе фахрлар мен жетімдерді құрметтеуші еді».⁶⁴²

Ш. Құдайбердіұлының кітабында арабша баламасымен берілген «*Пақырлық – мақтанышым*» деген сөз мұсылмандар арасында хадис ретінде қабылданып, әсіресе сопылардың мал-мүлікті, дүниені қолдың кірі деп осы сөзді өздеріне үлгі етіп алғандығы белгілі. Шәкәрім де бұл сөзді хадис деп біліп, кітабына дәлел ретінде келтірген. Алайда, Ибн Хажар бұл сөздің хадис еместігін айтқан.⁶⁴³

2. «Бақсы, балгер туралы пайғамбардың хадисі мынау: «Кімде кім бір нәрсені харам қылса, яки харам қылдырса, яки бал ашса, сиқыр қылса, яки сиқыр

⁶⁴² Мұсылмандық шарты, 14-б.

⁶⁴³ Али әл-Қари, әл-Әсрауль-Мәрфуа фил-әхадисил-мәудуа, 57-б.

қылдырса олар менің үмбетім емес. Және біреу бір бақсыға бал ашқызып соның айтқанына нанса, анық кәпір болды, Құранға нанбағаны үшін».⁶⁴⁴

Табәранидің хадис жинағында осы тектес хадистің мәтіні былай: *«Бал аштырған және бал ашқан, сиқыр жасаған немесе сиқыр жасатқан, болашағын болжатқан немесе болашақты болжаған бізден емес»*.⁶⁴⁵

3. «Бірақ оқып-білген дәрігерге емдетпек сауап, обал емес. Пайғамбарымыздың хадисі: «Ей, Алланың құлдары, ауруларыңызды емдетіңіз. Алла Тағала дауасыз еш бір науқас жаратқан жоқ. Жалғыз кәрілік, ажалдан басқа».⁶⁴⁶

Хадис: *«Ауруларыңызды емдетіңіздер. Аллаһ егер бір ауру жіберсе міндетті түрде оның емін де жібереді. Тек қана кәріліктің емі жоқ»*.⁶⁴⁷

4. «Ол хадис: «яғни садақа бермек, ауруының халін сұрап, туысқандарын зиярат қылмақ ғұмырдың артылмағына себеп болар, – деген».⁶⁴⁸

Хадис: *«Туысқандарды зиярат ету өмірдің ұзаруына себеп болады»*.⁶⁴⁹

5. «Және пайғамбарымыз бір кісі көлігін байламай түгел қылдым дегенде айтқан...: «Көлігіңді байлап қой да, сонан соң түгел қыл», – деген».⁶⁵⁰

⁶⁴⁴ Мұсылмандық шарты, 22-б.

⁶⁴⁵ Табәрани, әл-Мужәмул-Кәбир, XVIII т., 162-б, (I-XXV том), Бағдат, 1978.

⁶⁴⁶ Мұсылмандық шарты, 22-23-б.

⁶⁴⁷ Имам Суюти, әл-Жамиус-сахих, I, 112-б

⁶⁴⁸ Мұсылмандық шарты, 24-б.

⁶⁴⁹ Имам Суюти, әл-Жамиус-Сағир, II т., 38-б.

⁶⁵⁰ Мұсылмандық шарты, 24-б.

Хадис: *«Алдымен түйеңді байла, сосын тәуекел ет»*.⁶⁵¹

6. «Сол себептен пайғамбарымыз айтқан: «...пенде өзін анық білсе, Аллаһ тағаланы да анық білер»,– деген».⁶⁵²

Хадис: *«Кім өзін таныса, Аллаһты да танымақ»*.⁶⁵³

7. «Сол себептен пайғамбарымыз айтқан: «Өзің не нәрсені жақсы көрсең, өзгелерге де соны қыл», – деген».⁶⁵⁴

Хадис: *«Сіздерден ешбіріңіз өзі үшін қалаған нәрсесін дін бауыры үшін де қаламаса толық иман еткен болмайды»*.⁶⁵⁵

8. «Пайғамбарымыз айтқан: «Барша мақлұқ Алла тағаланың мақлұғы, оның ішіндегі Алла тағалаға сүйіктісі мақлұқтарына пайдасы тигені»,– деген».⁶⁵⁶

Хадис: *«Адамдардың ең жақсысы – адамдарға пайдалы болғаны»*.⁶⁵⁷

9. «Және бір хадис: *«Анығында мұсылман жақсы мінезімен күндіз ораза болып, түнде намаз оқығандардың дәрежесіне жетеді»*, – деген».⁶⁵⁸

Дәл осы мәтіндегі хадис Әбу Дәудтің «Сүнән» атты хадис жинағында бар.⁶⁵⁹

10. «Және бір хадис: *«Халықтың жүретұғын жолындағы бір тікенді құдай үшін алып тастаған*

⁶⁵¹ Бәйхаки, Шуабул-Иман, II т., 80-б.

⁶⁵² Мұсылмандық шарты, 24-б.

⁶⁵³ Әбу Нуайм, Хилятул-Әулия; X т., 208-б.

⁶⁵⁴ Мұсылмандық шарты, 28-б.

⁶⁵⁵ Бухари, Иман, 9; Муслим, Иман, 71-72.

⁶⁵⁶ Мұсылмандық шарты, 29-30-б.

⁶⁵⁷ Кәшфул-хафа, I, 472-б.

⁶⁵⁸ Мұсылмандық шарты, 30-б.

⁶⁵⁹ Әбу Дәуд, Әдеп, 7.

кісінің Алла Тағала бұрынғы-соңғы күнәсін кешеді», – деген». ⁶⁶⁰ Бұл хадис Муслимнің кітабында айтылған. ⁶⁶¹

11. «Және бір хадис: «Адал уәдесін бұзбаған иманның белгісі», – деген». ⁶⁶²

Хадис: «Уәдені орындау – иманның белгісі». ⁶⁶³

12. «Және хадис: «Сіздер адамдарды малменен өзіңізге қаратып ала алмассыз, бірақ жылы жүз, жақсы мінезбен қаратып аларсыз», – деген». ⁶⁶⁴

Осы хадис Әбу Нуаймның кітабында айтылған. ⁶⁶⁵

13. «Пайғамбарымыз «Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ», – деген». ⁶⁶⁶

Бұл хадис Дәйләмидің кітабында бар. ⁶⁶⁷

14. «Және бір хадисте: «Жеңіз, ішіңіз, садақа қылыңыз, бірақ тәкаппарланып сәнденбеңіз», – деген». ⁶⁶⁸

Хадис: «Ысырап пен тәкәппарлық етпестен ішіңіз, жеңіз және садақа беріңіз». ⁶⁶⁹

15. «Және бір хадис: «Кімде-кім адал ырзық іздеп шаршап келіп жатса күнәсі кешіріліп көзі ұйқыға барар», – деген». ⁶⁷⁰ Бұл хадис те хадис жинақтарында бар. ⁶⁷¹

⁶⁶⁰ Мұсылмандық шарты, 30-б.

⁶⁶¹ Муслим, Бирр, 3.

⁶⁶² Мұсылмандық шарты, 30-б.

⁶⁶³ Бухари, Әдеп, 23; Тирмизи, Бирр, 70.

⁶⁶⁴ Мұсылмандық шарты, 30-б.

⁶⁶⁵ Әбу Нуайм, Хилятул-Әулия, VII т., 389-б.

⁶⁶⁶ Мұсылмандық шарты, 31-б.

⁶⁶⁷ Дәйләми, әл-Фирдәус, II т., 151-б.

⁶⁶⁸ Мұсылмандық шарты, 31-б.

⁶⁶⁹ Бухари, Китабул-Либас, 1.

⁶⁷⁰ Мұсылмандық шарты, 31-б.

⁶⁷¹ Имам Суюти, әл-Жамиус-сағир, II т., 142-б.

16. «Және бір хадис: «Сіздердің ең жақсыларыңыз ақыретін дүние үшін тастамай және дүниесін де тастамай екеуін де адалдықпен алып жүргендер һәм өзгелердің мойнына жүк болмай өзі мал тапқандар», – деген».⁶⁷²

Хадис: «Сіздердің ең жақсыларыңыз дүние үшін ақыретін, ақырет үшін дүниесін тастамағандарыңыз. Адамдарға масыл болмаңыздар».⁶⁷³

17. «Және бір хадис: «Іздеңіз ғылымды қытай жұртынан болса да», – деген».⁶⁷⁴

Бұл мәтін халық арасында хадис деп білінетін сөздерді жинақтаған Ажлунидің кітабында берілген.⁶⁷⁵

18. «...Бір хадис: «Ғылымның қадірі пайдасы маған ғибадат нафілден артық көрінеді. Діннің ең жақсысы тақуалық, яғни сақтану деген. Тақуалық ғылымды толық білмекпен табылады. Сол себептен нәфіл ғибадаттан ғылым артық», – деген».⁶⁷⁶

Хадис: «Аз ғылымның өзі көп ғибадаттан (нәпіл) артық».⁶⁷⁷

19. «Пайғамбарымыз: «Дүние ақыреттің егіні, мұнда не шашсаң, онда соны орасың», – деген ғой.»⁶⁷⁸ Хадис Ажлунидің кітабында айтылған.⁶⁷⁹

20. «...Сол үшін пайғамбарымыз айтқан: «Біреу төсекке жатқанда қолында тамақ иісіменен қолын жұмай жатып бір бәлеге ұшыраса, оны өзінен басқа

⁶⁷² Мұсылмандық шарты, 31-б.

⁶⁷³ Дәйләми, әл-Фирдәус, III, 409-б.

⁶⁷⁴ Мұсылмандық шарты, 31-б.

⁶⁷⁵ Кәшфул-хафа, I т., 397-б.

⁶⁷⁶ Мұсылмандық шарты, 31-б.

⁶⁷⁷ Бәйхаки, Шуабул-Иман, II, 265-б.

⁶⁷⁸ Мұсылмандық шарты, 31-б.

⁶⁷⁹ Кәшфул-хафа, I т., 425-б.

*ешкімнен көрмесін», – деген».*⁶⁸⁰ Бұл хадисті Тирмизи кітабына енгізген.⁶⁸¹

21. «Және бір хадисінде: «Алла тағала көркем, көркемдікті ұнатады. Таза Алла тағала тазалықты ұнатады. Көше, қораларыңызды да таза қылыңыз. Жаһиттерге ұқсап кір-кір болмаңыз, – деген».⁶⁸²

Хадис: «Аллаһ – сұлу, сұлулықты сүйеді; таза, тазалықты жақсы көреді; жомарт, жомарттықты ұнатады. Айналаңызды таза ұстаңыз. Яһудилерге ұқсамаңыз».⁶⁸³

22. «...және пайғамбарымыз айтқан: «Сенің өзің де, малың да әкең үшін», – деген».⁶⁸⁴ Осы хадис Ахмад ибн Ханбалдың кітабында бар.⁶⁸⁵

23. «Пайғамбармыз айтқан: «Алла тағала айтты мен екі серік бір-біріне қиянат қылмай жүрсе, үшінші болып жәрдем қылармын. Егерде қиянат қылса олардан безермін», – деген».⁶⁸⁶ Бұл хадис те хадис жинақтарында бар.⁶⁸⁷

24. «Пайғамбарымыз айтқан: «Егер хайуанға орынсыз қылған істеріңіз кешірілсе, талай көп күнәңізден құтылар едіңіз», – деген».⁶⁸⁸ Хадис Ахмад ибн Ханбалдың жинағында бар.⁶⁸⁹

⁶⁸⁰ Мұсылмандық шарты, 33-б.

⁶⁸¹ Тирмизи, Әтима, 1860.

⁶⁸² Мұсылмандық шарты, 33-б.

⁶⁸³ Муслим, Зекет, 65; Тирмизи, Әдеп, 41.

⁶⁸⁴ Мұсылмандық шарты, 67-б.

⁶⁸⁵ Муснәд, II, 204-б.

⁶⁸⁶ Мұсылмандық шарты, 68-б.

⁶⁸⁷ Әбу Дәуд, Бую, 26.

⁶⁸⁸ Мұсылмандық шарты, 26-б.

⁶⁸⁹ Муснәд, VI т., 441-б.

25. «Және пайғамбарымыздың бір хадисі: «Үш түрлі істі қылған пенденің Алла тағала нысабын жеңіл қылып бейішке кіргізеді. Сені біреу құры қойса да сен оны құры қойма. Біреу саған залымдық қылса да, сен оған залымдық қылма. Біреу саған келмей сені көрмей қойса да, сен оған бар», – деген».⁶⁹⁰

Хадис: *«Мына үш жағдай кімде болса, Аллаһ оның ақыретте есебін жеңілдетіп, мейірімімен жанна-тына кіргізеді: сені мақұрым еткенге сен бер, саған зұлымдық жасағанды кешір, сенімен қарым-қатынас жасаспай қойғанды сен зиярат ет»*.⁶⁹¹

Үш автордың да жазба әдебиеттерін зерттеп қарағанымызда пікірлерінің ұғынықты, дәлелді болуы үшін хадистерді көптеп қолданғандарын көреміз. Демек, үш дана ойшылдың қолданған хадистері қазақ даласын нұрландырған даналықтың өзегі болған. Өткен ғасырдағы рухани күретамырымыздың лүпіліндей болған үш шығармадағы хадистер халықтық танымталғамдардың нәр алған бастаулары екенінде күмән жоқ. Олар халықпен бірге жасасып, оның көсегесін көгертіп, еңсесін биіктетіп, ат үстіндегі бабаның адал сертіне, ақ жаулықты ананың ақ сүтіне айналды. Дана ойшылдардың еңбектерінде хадистерді қолдануы осының көрсеткіші.

Мақал-мәтелдердегі хадистер

Ислам дінін қабылдағаннан кейін қазақ халқының мәдени өмірі жаңа бетбұрыстарға толы еді. Халық ауыз әдебиетінің бір саласы – мақал-мәтелдерде діни уәждердің орын алуы осының айқын дәлелі.

⁶⁹⁰ Мұсылмандық шарты, 29-б.

⁶⁹¹ Дәйләми, әл-Фирдәус, II, 83-б.

Мақал-мәтелдер – халықтың моральдық кодексі, тәрбие қағидасы, ата-бабамыздың болашақ ұрпаққа қалдырған өнегелі өсиеті. Мақал-мәтелдерді халық педагогикасы деп те атауға болады. Осы халық педагогикасын толқын-толқын ұрпақтардың халықтың рухани мәдениетіне қосқан шығармашылық үлесінің нәтижесі деп айтсақ жаңылмаймыз. Олай болса халықтың төл шығармасы – мақал-мәтелдердегі хадис пен сүннеттің әсерін анықтау – халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде хадис пен сүннеттің рөлін қандай болғандығын үйренуге жол ашары анық. Ислам мәдениетінің бөлінбес бөлшегі – хадистер мен сүннеттер аяқ жеткен жердің бәрінде мұсылмандықты қабылдаған жандарды баурап, бақытты өмірге жетелеп, іс-әрекеттерін, жүріс-тұрыстарын реттеп, жөнге салып отырған. Тәрбиеші, мұғалім ретінде адамзатқа жіберілген хазірет Пайғамбардың сөздері мен іс-әрекеттері мұсылман халқымыздың талғам-танымына, дүние-тіршілік қалпына айналып, халық педагогикасын, ұлт психологиясын, қазақы болмысты жинақтаған мақал-мәтелдердің өн бойынан көрініс тапты. Осы мақсатпен, қазақ мақал-мәтелдерін жинақтаған Ө. Тұрманжановтың «Қазақ мақал-мәтелдері» (Алматы, 1997), Ж. Дәуренбековтың «Қазақ мақал-мәтелдері» (Алматы, 2001), М. Әлімбаевтың «Халық ғажап тәлімгер» (Алматы, 1994), Жәрдем Кейкіннің «Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі» (Алматы, 2002) және т.б. кітаптарды қолға алып, көңіл сүзгісінен өткіздік. Осы кітаптарды парақтағанымызда көптеген мақал-мәтелдер мен хадистердің арасында бір үйлесімділіктің барын, кейбір хадистердің халқымыздың мақал-мәтеліне айналғанын көрдік.

Жоғарыда аталған жинақтардың ішінде кейбір мақал-мәтелдерде хадис мәтіндерінің сол қалпында сақталғанын, ал кей жағдайда халқымыздың хадистерден түйген ойларын мақал-мәтелге айналдырып жібергенін байқадық. Осы тұрғыдан хадистер мен мақал-мәтелдердің өзара байланысын екі тақырыпқа бөліп қарастыруға болады.

Мақал-мәтелге айналған хадистер

Халық ауыз әдебиетінің бір тармағын құрайтын мақал-мәтелдердің кейбіреуі әрі тілдік жағынан, әрі мағына жағынан хадис мәтіндерімен бірдей. Мұндай мақал-мәтелдердің халық жадына сіңіп, қанатты сөзге айналған хадистер екенінде күмән жоқ. Мысалы, Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә салләм): *«Әр дерттің дауасы бар. Дерттің дауасы табылып қолданылғанда Аллаһ тағаланың рұқсатымен (көмегімен) ауру адам жазылады.»*⁶⁹² – деп мәлімдеген. Міне, осы хадистің бірінші сөйлемі қысқа әрі нұсқа түрде халқымыздың тілінде «Әр дерттің дауасы бар» деген мақалға айналған. Әрі мақалдағы «дауа» деген арапша сөздің сол күйінше алынуы, бұл мақалдың халық арасында қанатты сөзге айналған хадис екенін көрсетеді.

Дерттің алдын алу тазалықпен байланысты. Ислам діні тазалыққа қатты мән берген бірден-бір дін. Себебі адам баласының таза болуы – оның денсаулығы, жүзінің шырайлылығы, тұла бойының сәнділігі, айналасындағыларға тартымды да сүйкімділігі деген сөз. Ал ішкі жан дүниеге тән тазалық – ақ жүрек, адал ниет, пәк көңіл мен кіршіксіз ой дегенді білдіреді. Мұсылман үшін ең маңызды нәрсе иман болатын бол-

⁶⁹² Муслим, Сәлем, 69.

са, тазалықты жаны сүйген Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «Тазалық – иманның жартысы»⁶⁹³ – деп, иманды құлды жан тазалығы мен тән тазалығына шақырған. Мұсылман қазақ Аллаһ Елшісінің тәліміміне мойынсұнып, тұрмыс-тіршілігінде тазалыққа ерекше мән берген. Осыдан ауыз әдебиетімізде «Тазалық – иманның жартысы» деген мақал пайда болған.

Иманды ердің тағы бір ерекшелігі – ар-ұятын сақтай білуі. Хақ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ол жайында былай дейді: «Ұят – иманнан».⁶⁹⁴ Арапша айтылған хадистің мәтінін халқымыз «Ұят – иманның қабы» деп, мақалға айналдырған.

Мұсылман адам иманының арқасында жаманшылыққа жуымай, ешкімге қиянат жасамай, күнәлардан бойын аулақ ұстайды. Ізгілікке талпынып, ар-ұятын сақтайды. Мұның бәрі Аллаһ тағаланы жаратушы ием деп, Ол барлық жерде, әрбір сәтте мені көріп, не істеп жатқанымды біліп тұрады деген сенімінен туындаған. Мұсылман құл арғы дүниеде әрбір ісінің есебін беретінін біліп, соған қарай әрекет етеді. Мұндай адамды халқымыз «иман жүзді» деп, оған үнемі сеніммен қараған. Ал ар-ұяттан ада, азғын, ождансыз адамды имансыз деп қарап, Дулат ақын:

Құдай жақсы көре ме,
Шариғатты бұзған соң,
Имансызға бейіш жоқ, – десе, Ақмолла ақын
әдепсіздікті имансыздыққа теңеп:

Күпірлік әдептіде тұрмағандай,

⁶⁹³ Муслим, Таһара, 1.

⁶⁹⁴ Бухари, Иман, 16; Муслим, Иман, 57-59.

Әдепсізде иман тұру ғажап деген, – дейді. Халқымыз осы орайда пайғамбарлар Сұлтанының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Аллаһтан қорықпағаннан қорық»,⁶⁹⁵ – деген даналық ескертуін ойына түйіп, өскелең ұрпаққа мақал ретінде қалдырған.

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тек қана дін мәселесінде емес, өмірдің әр саласында үмбетіне үлгі-өнеге болған. Мысалы, әлеуметтік салаға қатысты Хақ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір өсиетінде былай дейді: «Үйден бұрын көрші тап, жолға шықпай тұрып жолдас тап».⁶⁹⁶ Халқымыз осы хадисті нақылға айналдырып:

«Сапарға шықпас бұрын серігінді сайла, үй салмас бұрын көршінді ойла» – деген.

Халқымыз мұсылмандықты қабылдағаннан кейін діни ұғымдар табиғи түрде сөздік қорымызға еніп, дүниетанымымызға сіңісіп кетті. Осының бірі – шайтан ұғымы. Құранда айтылған шайтан сөзі өзгеріссіз түрде сөздік қорымызға еніп, халқымыздың түсінігінде Ислам дінінің үйреткені бойынша адам баласының өмірінің соңына дейін күресіп өтетін қас жауы ретінде қалыптасқан. Адам баласында да шайтанға тән зұлымдық қасиеттер бар. Әсіресе кейде әйел затының шайтанның сөзіне еріп жасайтын қулық-сұмдығы шайтандыкінен асып кетпесе, кем түспейді. Шайтанның айтқанына еріп, айдауына тез түсетіндер әлі ақыл-ес тоқтатпаған жастар мен жаратылысынан нәзік әйел қауымы екені рас. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осыны бір хадисінде қозғап, былай дейді: «Жастық

⁶⁹⁵ Кәшфул-хафа, II т., 276-б

⁶⁹⁶ Әбу Абдуллаһ Мухаммед Кизаи, Муснәдуш-Шихаб, I т., 412-б, Бейрут, 1985.

– *жындылықтың бір тармағы, қыз – шайтанның тұзағы*». ⁶⁹⁷ Халқымыз да өмірлік тәжірибесінде әйел баласының осындай қулық-сұмдығын көрген кезде Пайғамбарымыздың хадисін еске алып: «Қыз – шайтан» деген. Осылайша хадистен алынған үзінді халық аузында мақал ретінде қалыптасып кеткен. Шайтан жайын сөз еткен келесі хадисінде Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «*Асықпау – Рахманнан (Аллаһтан), асығу – шайтаннан,*» ⁶⁹⁸ – деген. Осы хадистің де екінші бөлімін мақалға айналдырған халқымыз: «Асыққан шайтанның ісі» деп, асығыстыққа ұрынудан сақтандырған.

Халық ауыз әдебиетіне мақал болып енген Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келесі хадисі: «*Кеңес қылған ел азбайды*». ⁶⁹⁹ Негізінен кеңес мәселесі Құран Кәрімде айтылып, Аллаһ тағала әу баста мұсылмандарға кеңес етуді бұйырған болатын. Аллаһ тағаланың бұйрығын қалт жібермеген Хақ Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кеңесті әкімшілік істерінің өзегіне айналдырып, әскери болсын, әлеуметтік болсын, барлық істерінде сахабаларын жинап кеңес өткізіп отырған. Осылайша үмбетіне бұл істе де үлгі-өнеге болған. Хадистерінде кеңестің пайдаларын баяндаған. Жоғарыдағы хадис осы мақсатта айтылған хадистердің бірі. Осы хадисті халқымыз да өмірінің өзегіне айналдырып, бертін келе мақал ретінде айтылып, тіпті қасына ұйқасын келтіріп былай деген: «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас.»

⁶⁹⁷ Юсуф ән-Нәбәхани, әл-Фәтхул-кәбир фи заммиз-зиядә иләл-ж - миис-сағир, II т., 181-б, (I-III том), Бейрут, 1351.

⁶⁹⁸ Тирмизи, Бирр, 66.

⁶⁹⁹ Бухари, Икраһ, 3; Муслим, Никаһ, 64.

Аллаһ Елшісін (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үлгі-өнеге тұтқан халқымыз оның аузынан төгілген інжу-маржандарды бағалы қазынаға балап, оны жаттап, тұрмыс-тіршілігінде қалпын бұзбай қолданып отырған. Сондықтан кейбір хадистер мақал-мәтел ретінде құйылып, өмірлік, адамгершілік қағидаға айналған. Осылайша хадистер қазақ даласында халықтық нақыл ретінде өмір сүрген.

Хадистердің ойынан туындаған мақал-мәтелдер

Мақал-мәтелдерді зерттеп қарағанымызда кейбір мақал-мәтелдердің хадистердегі ойлардан туындағанын көрдік. Оларды хадистердегі ойдан туындаған деп кесіп айтуымыздың себебі – бұл мақал-мәтелдердің діни мотивтерді қамтуы және шарифат үкімдерімен үндесуі. Сондықтан мұндай мақал-мәтелдерді хадистердегі ойдан, хадистерден шығатын үкімдерден туындаған деп сенімді түрде айта аламыз. Мысалы, Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде: *«Өтіріктен сақтан. Себебі өтірік пен иман бір жерде болмайды,»*⁷⁰⁰– деген. Осы хадисті атам қазақ: *«Өтірікшіде иман жоқ»* деп мақалға айналдырып, өскелең ұрпағына өтіріктен бойын аулақ ұстауды ескерткен.

Қоғамға кеселін тигізіп, ауызбіршілікті бұзатын кесірлі мінез-құлықтың бірі – тәкаппарлық. Пайғамбарымыз бұл жайында: *«Тәкаппарлығынан киімінің етегін жерге сүйретіп жүргендерге Аллаһ қиямет күні назарын да салмас,»*⁷⁰¹– деген. Ал халқымыз осы хадистен оймақтай ой түйіп: *«Тәкаппарды Тәңірі сүймес»* – деген мақалын айтқан.

⁷⁰⁰ Муснәд, I, 16-б.

⁷⁰¹ Муслим, Либас, 2087; Имам Малик, Мууатта, II, 914-б.

Өзінің маржан сөздерінде әлеуметтік өмірдің қырсырын толық қамтыған Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл салаға қатысты кейбір үкімдерді хадистерінде баяндап өтеді. Мысалы, ол: *«Аллаһ Тағала үмбетімнен қате, жаңылыс және мәжбүрлікпен жасағандардың жазасын кешірген»*⁷⁰²– деп, үш мәселеде жаза берілмейтінін баяндаған. Осы хадистің пікіріне сүйенген халқымыз: *«Жаңылысқанға жаза жоқ»* деп, кейінгі ұрпаққа мақал қалдырған. Үмбеттің ардақты Ұстазы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әлеуметтік қарым-қатынас жайлы хадистерінде былай дейді: *«Егер біреуіңіз қонаққа шақырылса барсын»*.⁷⁰³ *«Шақырылған жерге бармаған адам Аллаһқа және Оның Расулына қарсы келген болады»*.⁷⁰⁴ Осы хадистерден шығатын үкімді мақал-мәтелге айналдырған халқымыз былай деген: *«Шақырған жерден қалма, шақырмаған жерге барма»*. Ал енді жолдастық қарым-қатынас жайлы Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деп өсиет еткен: *«Жақсы мен жаман жолдас әтірші мен от жағушыға ұқсайды. Әтіршінің қасында болсаң жақсы иісті иіскейсің немесе жақсы иіс үстіңе жұғады, от жағушының жанына барсаң не көйлегің жанады, иә болмаса жаман иісті жұтып қайтасың»*.⁷⁰⁵ Осы хадисті халқымыз мақалдатып, қысқа да нұсқа: *«Жақсымен жолдас болсаң нәсібі жұғар, жаманмен жолдас болсаң кесірі жұғар»* деген.

Әлеуметтің қамын жеген адамзаттың Ардақтысы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көршілер жайын да ұмытпай, бір хадисінде былай деген болатын: *«Кім Аллаһқа және*

⁷⁰² Ибн Мажә, Талак, 2035.

⁷⁰³ Муслим, Неке, 97-98.

⁷⁰⁴ Муслим, Неке, 110; Әбу Дәуд, Әтима, 1.

⁷⁰⁵ Бухари, Зәбаих, 3; Муслим, Бирр, 146.

*ақырет күніне сенсе, көршісіне жақсылық жасасын».*⁷⁰⁶

Мұсылман халқымыз да Құран мен Пайғамбардың үйреткендерінен қия баспай, басқа біреудің ала жібін аттамауға барын салып, көрші ақысы жайлы : «Көрші хақысы – Тәңір ақысы» деп, Хақ Елшісінен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйренген сабағын мақалға өрген.

Қайырымдылықтың нышаны іспеттес болған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетін де әрдайым қайырымды болуға шақырған. Себебі қайырымдылық адамды үнемі жақсылыққа қарай қанаттандырады. Бойындағы ізгілік сезімдерін оятады. Басқаларға телміріп, қол жаю болса, керісінше адамды тоғышарлыққа қарай құлдыратып, абыройын төгіп, жалқаулыққа ұрындырады. Сол үшін Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Үстіңгі қол (яғни, берген қол) төменгі қолдан (яғни, алған қолдан) жақсы»*⁷⁰⁷ – деген. Пайғамбарымыздың осы уәжін ту еткен халқымыз «Сұрағаннан берген артық» деп, бұл хадисті мақалға айналдырған.

Мұсылманның ең маңызды қасиеттерінің бірі – сөзінде тұруы. Сондықтан ол алған қарызын да уақытында өтеуге талпынады. Ал осы сипатты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Сіздердің ең қайырлыларыңыз қарызын төлеген адам»*⁷⁰⁸ – деп, хадисінде баяндаса, мұсылман халқымыз оны өмірлік қағидаға айналдырып: «Қарыз, қарызды беру – парыз» – деген. Қарызбен қатар айтылатын бір борыш – аманатқа қиянат жасамау. Адамдардың өзара сенімін арттыратын осы қасиет жайлы Аллаһ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

⁷⁰⁶ Бухари, Әдеп, 31, 85; Муслим, Иман, 74; Әбу Дәуд, Әдеп, 132.

⁷⁰⁷ Муслим, Зекет, 97; Тирмизи, Зухд, 32.

⁷⁰⁸ Тирмизи, Бую, 73; Нәсаи, Бую, 64.

былай деп сабақ берген: *«Саған бір нәрсені аманат еткенде аманатын (өз күйінде) кері қайтар.»*⁷⁰⁹ Аллах Елшісінің сабағын зердесіне нақыштаған халқымыз: «Біреуден алған аманат, берсең жақсы – саламат», деп ұрпағына аманатқа қиянат етпеуді хадистен түйген ойымен үндеген.

Мұсылмандық өмір-салтының ең көркем тұстарының бірі, жоғарыда да айтылғандай, көрші ақысы, достық қарым-қатынас, өзара жәрдем, бір-бірінің көңіліне кірбің түсірмеу үшін қарызды қайтару, аманатқа қиянат жасамау секілді адамдар арасындағы қарым-қатынасты өте шеберлікпен реттей білуінде. Мұның бәрі қоғам тыныштығын, бақытын қамтамасыз ететін шаралар. Сонымен қатар Ислам діні қоғамның кіші бөлшегі болып саналатын отбасының да бақытын ұмытқан емес. Сол үшін Құранда және хадистерде ата-ана ақысы, бала тәрбиесі, отбасы мүшелері арасындағы туысқандық қарым-қатынас, өзара сыйластық, т.б. мәселелердің бәрі жан-жақты қарастырылған. Соның бір айғағы: отбасының бір мүшесі – ата-әжелерге қатысты айтылған насихаттар. Қартайып, қауқары қалмаған қариялар сырттан қарағанда отбасының басқа мүшелеріне жүк секілді көрінеді. Егер бойымызда мұсылмандық қасиетіміз болмаса, бәріміз де осы жүкті арқалаудан қашар едік. Алайда Құранда Аллах тағала ата-анаға жақсылық жасауды бұйырса, Оның Елшісі (саллаллаһу алейһи уә салләм) де ата-ананың ақысын ұмытқан перзенттің ақыреттегі күйін ескертіп, оларға жасалған жақсылықтың Аллах тағаланың ризалығына, әрі қарай Оның мәңгілік қонағы болатындай пейішке жетелей-

⁷⁰⁹ Әбу Дәуд, Бую, 81.

тінін айтып, көңілдерге қуаныш ұялатады. Осы Құран аяттары мен хадистерді оқығанымызда көз алдымызда ешнәрсеге қауқары қалмаған, мойнымызға масыл секілді көрінетін ата-аналарымыз, ата-әжелеріміз бірден үйіміздің берекетін кіргізетін нұрлы жүзді жандарға, қазынамызға, пейішке жетелейтін пырағымызға, отбасымыздағы ең қадірлі де қастерлі кісілерге айналады. Міне, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ата-аналар, ата-әжелер жайлы кейбір хадистерінде былай дейді: *«Кімде-кім ғұмыр жасы ұзақ, рызығының мол және берекетті болуын қаласа ата-анасына жақсылық жасасын, туған-туыстарының да қамын ойласын.»*⁷¹⁰ *«Белі бүгілген қарттарың болмағанда бәле-бәтерлер бастарыңа селдей ағып келер еді.»*⁷¹¹ Осы хадистердің тағылымын көкіректеріне құя білген халқымыз: «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп ойын түйіндеген. Туысқандық сыйластықты арттыру мақсатымен Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): *«Кішілерге мейірім, үлкендерге құрмет көрсетпеген бізден емес»,*⁷¹² – деп айтқан. Бұл хадиспен мақалын ұштастырған халқымыз: «Үлкендерге – құрмет, кішілерге – ізет», – деген.

Жеке тұлғаның қадір-қасиеті жайлы Аллаһ Елшісінің айтқан хадистері де адам баласының бақытына негізделген. Өзінің өмір сүрген кезеңін Аллаһ тағаланың үйретуімен «Аср са'адәт», яғни бақыт ғасырына айналдырған Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамзатты бақытқа қарай жетелейтін маржан сөздерінде былай дейді: *«Аллаһ сендердің түр-тұлғаларың мен бет-әлпеттеріңе қарамайды,*

⁷¹⁰ Ахмед ибн Ханбәл, әл-Муснәд, III т., 156-б.

⁷¹¹ Мәжмауз-зәуаид, X т., 227-б.

⁷¹² Тирмизи, Бирр, 15.

жүректерің мен іс-әрекеттеріңе қарайды». ⁷¹³ Осы хадиске байланысты қазақтың айтқан мақалы: «Тәні сұлу – сұлу емес, жаны сұлу – сұлу».

«Амалдар ниеттерге (пейілге) қарап бағаланады. Барлық адамға ниет еткеніне қарай беріледі». ⁷¹⁴ Хадисті қысқаша мақал-мәтел ретінде халқымыз былай деп айтқан: «Пейіліңе қарай пейішің».

«...Аллаһтың әмір еткендерін орындап, тыйым салғандарынан сақтансаң, Аллаһ та сені сақтайды. Аллаһтың заңдарына бағынсаң, Аллаһ әрдайым жаныңда болады». ⁷¹⁵ Бұл хадис те халық арасында кең қолданылып, «Сақтансаң сақтаймын деген», «Сақтанғанды құдай да сақтайды» деп өмірлік қағидаға айналған.

«Жүзі жақсыдан жақсылық күтіңдер.» ⁷¹⁶ Мұндай адамдарды «иман жүзді», «жылы жүзді» деп суреттеген халқымыз жоғарыдағы хадистің мағынасына сәйкестендіріп: «Түсі игіден түңілме» деген мақал айтқан. Мінез-құлқы жақсы адамдар жайлы халқымыз сенімі бойынша үйренгендерін былай деп мақалға төккен: «Жақсының жаны жаннатта». Халқымыздың бұл мәліметті мына хадистен алғаны белгілі: бір күні Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Жаннатқа баруға ең күшті себеп не?» – деп сұрақ қойылғанда, Ол:

⁷¹³ Ибн Мажә, Зүхд, 9.

⁷¹⁴ Бухари, Бәдул-уахи, 1; Мәнакибул-әнсар, 45; Никаһ, 5; Муслим, Имара, 155; Әбу Дәуд, Талақ, 11; Тирмизи, Фәдаилул-жихад, 16; Нәсаи, Таһара, 60.

⁷¹⁵ Тирмизи, Қиямет, 59; Муснәд, I, 293, 303-б.

⁷¹⁶ М. Жан, Пейгамберимизден еврэнсел өгүтлер, 136-б.

«Аллаһтан қорқу және жақсы мінез», – деп жауап берген.⁷¹⁷

Қонақты күте білу әдептіліктің, мәдениеттіліктің нышаны. Ал әдептілікті Аллаһ тағаланың әдебінен үйренген, «*Раббым мені Өзі тәрбиеледі және тәрбие болғанда да ең керемет үлгіде,*» – деп айтқан Пайғамбарлар Сұлтан (саллаллаһу алейһи уә салләм) қонақ жайлы хадистерінде былай деп сабақ береді: «*Қонақ – үш күн*». ⁷¹⁸ Осы хадистің үкіміне сүйенген халқымыздың тілінде мына мақал орын алған: «Үш күнге дейін қонақ құт». Келесі хадисте: «*Жақсылық қонақ келген үйге пышақтың түйенің өркешіне жетуінен бұрын жетеді*». ⁷¹⁹ Осы хадистен мағыналы ой түйген халқымыз былай деген: «Қонақ несібесімен келеді», «Қонақпен еріп құт келеді.»

Пайғамбарымыз әдепті Аллаһ тағаладан үйреніп, үмбетін де әдепке баулыған. Мұсылманның өмірі бастан-аяқ әдептен тұрады. Күнделікті қарапайым тірлігінде, құлшылықтарында, адамдар арасы қарым-қатынастарында, яғни тал бесіктен жер бесікке дейін дініміздің үйреткен өзіндік әдептері бар. Сондай әдептердің бірі үйге кіруге байланысты. Пайғамбарымыз сахабаларына үйге кірерде рұқсат сұрап кіруді, рұқсат берілмеген жағдайда кері қайтуды үйреткен. Сондықтан үйге кірерде рұқсат сұрау Пайғамбарымыздың сүннеті болып саналады.⁷²⁰ Ал осы сүннетті мақалмен жеткізген халқымыз былай дейді: «Үйге кірерде дыбыс қыл, ентелемей дұрыс кір.»

⁷¹⁷ Муснад, II, 291-б.

⁷¹⁸ Бухари, Әдеп, 31.

⁷¹⁹ Хадис анциклопедиси, XVII т., 443-б.

⁷²⁰ Әбу Дәуд, Әдеп, 137.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «*Аллаһтың қолы (жәрдемі) жасағатпен (яғни көпшілікпен) бірге,*»⁷²¹ – деген. Құранда да осы мәселе айтылып: «*Аллаһтың қолы олардың қолдарының үстінде*» делінген. Міне осы діни уәждерден ауызбіршілікке ден қойған халқымыз ойын қорытып: «Көп қайда болса, Құдай сонда» деген.

Өмірлік жолда жол көрсетушіміз, бағыт-бағдар сілтеушіміз болған Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «*Жолаушылық – азаптың бір бөлшегі,*»⁷²² – деген. Халқымыз да жолаушылықты азапқа теңеп: «*Жол азабы – көр азабы*» деп айтқан.

Көріп отырғанымыздай, жоғарыдағы мақал-мәтелдердің мәндері хадистердің ойларымен үндесіп, әрқайсысынан хадистегі ойлар ұшқындайды. Ендеше бұл мақал-мәтелдерді хадистердің өзегінен тамыр тартқан деп айта аламыз. Халқымыз хадистерден үйренген сабақтарын өмірлік тәжірибеде қолданып, өскелең ұрпағына өсиет ретінде қалдырып отырған. Уақыт өте келе бұл өсиеттер мақал-мәтелдерге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халық ауыз әдебиетінің төрінен орын алған.

Наным-сенім, әдет-ғұрыптағы ізгілік

Халқымыздың бойында ғасырлар бойы жинақталған қасиеттердің айнасы іспеттес болған наным-сенімдер мен әдет-ғұрыптар – бір бүтіннің бірін-бірі толықтырып тұратын екі жартысы секілді. Әдет-ғұрып – халықтың өмір салтына сай әрекет-амалы болса, наным-сенім – халықтың ойлау жүйесін құрайды. Бірақ, наным-сенім елдің тұрмыс-тіршілігін бір ретке келті-

⁷²¹ Хадис ансиклопедиси, V, 412-б.

⁷²² Бухари, Умрә, 19; Муслим, Имарә, 179.

ретін күш-қуат ретінде әрдайым іс-әрекеттің алдында тұрады.

Халқымыз Ислам дінін қабылдағаннан кейін ондағы адамның жаратылысына тән құндылықтар салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз бен наным-сенімдеріміздің негізіне айнала бастады. Бұл әдет-ғұрыптар мен сенімдердің негізгі қайнар көзі – Құран аяттарынан бастау алып жатса, олардың көбі Исламның екінші негізі болып саналатын хадистер мен сүннеттерден туындады. Пайғамбарымыздың кезеңінен бастап бүгінгі күнімізге дейінгі мұсылмандар Аллаһ елшісінің әрбір сүннетін қалт жібермей, іздестіріп, сұрастырып, Оның әрекеттеріне қарай өздерінің іс-қимылдарын белгілеп отырады. Тіпті, қарапайым деп саналатын әдеттерде де Оның (саллаллаһу алейһи уә салләм) әрекеттерін қайталаған. Мысалы, үйден шыққанда оң аяқпен шығу, малдас құрып отыру, жатқан кезде оң жағына қарап бір қырымен жату, тіпті әжетханаға кірерде сол аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу секілді амалдардың бәрі сол Пайғамбарымыздың сүннетінен туындап, үмбеттің өмірінде күнделікті тұрмыстың бір ережесі болып қалыптасып қалған. Ұрпақтан-ұрпаққа осы ережелер бұлжытпай беріліп, тіпті осындай қарапайым әрекеттердің өзіне арнайы кітаптар жазылып, «Аллаһ Елшісі жаңа айды көргенде не дейтін еді?», «Аллаһ Расулының киімі», «Аллаһ Расулының сәлемдесуі» деген сияқты әрқайсысы бір-бір тақырып ретінде кейінгі ұрпаққа өзгеріссіз жеткен. Дүние жүзінде Аллаһқа құлшылығынан бастап, мінез-құлқы, адамгершілік қасиеттері, саясаты, әкімшілік басқару істері, тәлім-тәрбиесі, әлеуметтік жұмыстары, әскери шаралары секілді әмбебап іс-әрекеттері мен жеке басына қатысты

қарапайым амалдарына дейін үлгі ретінде ұсынылып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әрбір іс-әрекетіне дейін қайталанып келе жатқан Мұхаммед пайғамбардан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) басқа ешқандай жан жоқ.

Біздің қазіргі әдет-ғұрып деп ұстанып жүрген ата-баба мұраларының көпшілігін бабаларымыз сол кезеңдерде «сүннетті ұстану» ниетімен қалыптастырған. Бұған дәлел – көптеген әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдеріміздің хадис және сүннеттермен үндесіп жатуында. Енді осы үндестіктердің кейбіреулеріне тоқтала кетейік:

1. Әрбір істің бастауында «Бисмилла» сөзінің айтылуы. Бұл әдет мына хадистен туындаған:

*«Бисмиллаһпен басталмаған әрбір істің соңы келте».*⁷²³

2. Тағамды оң қолмен жеу және әркімнің өз алдынан жеуі. Бұл әдет халқымыздың тәрбие шарттарына сіңіп, ұрпақтан-ұрпаққа үйретіліп отырған. Бұл да – Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сүннеті.

Сахаба Амр б. Әби Сәләмә былай дейді: «Бала кезімде Расулаллаһтың бөлмесінде отырған едім. Тамақ жеген кезде қолымды табақтың әр жеріне жүгіртетінмін. Сонда Расулаллаһ маған: *«Балам, тамақты «бисмиллаһпен» баста және оң қолыңмен өз алдыңнан ғана же»*, – деді. Бұдан кейін мен тамақты тек қана солай жейтін болдым.»⁷²⁴ Осыған байланысты Аллаһ Елшісінің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

⁷²³ Имам Суюти, әл-Жамиус-сағир, II т., 97-б.

⁷²⁴ Бухари, Әт‘имә, 2; Муслим, Әшрибә, 108.

«Тамақ жеген кезде оң қолыңызбен жеңіз, су ішкен кезінде де оң қолмен алып ішіңіз. Себебі, шайтан сол қолымен жеп, сол қолымен ішеді»,⁷²⁵ – деген хадисі бар.

3. Тамақты және шайді үрлеп ішпеу.⁷²⁶ Бұл әрекеттің де сүннеттен бастау алғанын:

«Расулаллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тамақты және ішетін нәрселеріңізді үрлеп ішуге тыйым салды». ⁷²⁷ – деген хадистен көреміз.

4. Түнде тағамдардың бетін ашық қалдырмау. Тіпті, халық сенімінде түнде беті ашық қалып кеткен тағамды жеуге болмайды, себебі оған шайтанның аузы тиген деген пікір қалыптасқан. Бұл туралы Хақ Елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қараңғы түсе бастаған кезде балаларыңызды сыртқа шығармаңыздар. Себебі, сол кезде шайтандар шыға бастайды. Түн болған кезде сыртта жүрген балаларыңызды үйге кіргізіп, «бисмиллаһ» деп есіктеріңізді жабыңыздар. Себебі, шайтандар жабық есіктерден кіре алмайды. «Бисмиллаһ» деп табақтарыңыздың үстін де жабыңыздар. Шырақтарыңызды сөндіріңіздер»,⁷²⁸ – деген.

5. Тамақтан кейін бата қайыру. Халқымыз «бата» (Құранның бірінші сүресі Фатихадан шыққан) сөзін дұғаның орнына қолданған. Ардақты Пайғамбарымыз да тамақ жеп болған соң үнемі Аллаһқа мадақ айтып, шүкірлігін білдірген.⁷²⁹

⁷²⁵ Муслим, Әшрибә, 105, 106.

⁷²⁶ А. Құралұлы, Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 31-б., А., 1998.

⁷²⁷ Тирмизи, Әшрибә, 15.

⁷²⁸ Муслим, Әшрибә, 97.

⁷²⁹ Бухари, Әт'имә, 54.

6. Бата жасағанда екі алақанды жаю. Халқымыз бата қайырғанда екі алақанын жайып бата жасайды. Олар бұл әрекеттерімен өздерінің Аллаһ Елшісінің: *«Аллаһқа дұға еткенде алақандарыңды ашып дұға ет, қолыңды теріс қаратып дұға жасама. Дұғаны бітіргенде алақаныңмен бетіңді сипа»*,⁷³⁰ – деген сүннетін ұстанғандарын көрсетеді.

7. Батадан кейін «әумин» деу. Пайғамбарымыз: *«Адамдар бір жерге жиналғанда біреуі дұға жасап, қалғандары «амин» десе, Аллаһ оларға міндетті түрде жауап береді (дұғаларын қабыл етеді)»*,⁷³¹ – деген.

8. Жатып тамақ жемеу. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Мен бір жағымға қисайып жатып тамақ жемеймін»,⁷³² – деп айтқан хадисі бар.

9. Нанды жерге тастамау, оны құрметтеу, жерге түскен нанды алу, нанның қиқымын баспау, нанды бір қолмен бөлмеу. Халқымыздың нанды құрметтеуі, жерге түскен қиқымды да баспай, жоғары көтеріп қоюы Пайғамбарымыздың:

«Нанды құрметтеңіздер. Себебі, ол жер мен көктің берекеті»,⁷³³ – деген өсиетінен туындағаны анық.

10. Ыдысқа құйылған тамақты тауысу. Халқымыз тамағын жартылай тастағандарға *«Жаманнан жарты қасық ас артылады»* деп ескерту жасап жатады. Ал бұл түсінік Пайғамбарымыздың:

⁷³⁰ Хадис ансиклопедиси, XVII т., 443-б.

⁷³¹ Хадис ансиклопедиси, VII т., 544-б.

⁷³² Бухари, Әт‘има, 13; Тирмизи, Әт‘има, 28; Әбу Дәуд, Әт‘има, 17; Ибн Мажә, Әт‘има, 6.

⁷³³ Табәрани, әл-Мужамул-кәбир, XXII т., 335-б.

«Сендер тамақтың қай жерінде берекет бар екенін біле алмайсыңдар. Олай болса бір бөлішегі жерге түсіп қалса, оны да алып, тазалап жеңдер, қалғанын шайтанға тастамаңдар...»,⁷³⁴ – деген сүннетінен екені мәлім

11. Дастарқан басынан ас жиналмай жатып тұрып кетпеу. Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай дейді:

«Дастарқан жайылып, тамақтар әжелінсе, дастарқан жиналғанға дейін ешкім дастарқан басынан тұрып кетпесін...»⁷³⁵

12. Тамақтан бұрын және кейін қол жуу. Аллаһ Ра-сулы:

«Тамақтың берекеті – алдында және кейін қол жууда»,⁷³⁶ – деген

13. Шелек сияқты үлкен ыдыстарға аузын батырып су ішпеу.

Имам Бухари жинақтаған хадистердің бірінде: «Хазірет Пайғамбар шелек және бөшке сияқты нәрселерге аузын батырып су ішуге тыйым салды»,⁷³⁷ – делінген.

14. Көз тию. Халқымыздың наным-сенімдерінің ішінде көз тию, көз тиген адамның ауыратыны, көз тиюмен ауырған адамды оқыту секілді сенімдер бар. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Көз тию – ақиқат нәрсе»,⁷³⁸ – деген. Аллаһ Елшісі мұндай жағдайда кейбір дұғалардың оқылуын насихат еткен.⁷³⁹

⁷³⁴ Муслим, Әшрибә, 136; Тирмизи, Әт‘има, 11.

⁷³⁵ Хадис Ансиклопедиси, XVII т., 430-б.

⁷³⁶ Әбу Дәуд, Әт‘има, 12; Тирмизи, Әт‘има, 39.

⁷³⁷ Бухари, Әшрибә, 24.

⁷³⁸ Бухари, Тыб, 36; Муслим, Сәлем, 41.

⁷³⁹ Муслим, Сәлем, 56.

15. Сәби дүниеге келгенде құлағына азан шақырып, ат қою. Тіпті, осы дәстүрден келіп тілімізде «азан шақырып қойған аты» деген сөз тіркесі де қалыптасқан. Халқымыздың бұл әрекеті Пайғамбарымыздың тәрбиелік мәні зор сүннеттерінің бірі екені айқын. Ол өзінің немересі хазірет Хасан туылғанда құлағына азан шақырып, атын қойған.⁷⁴⁰

16. Баланы сүндетке отырғызу. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сүндетке отырғызуға өте мән беріп, «жаратылыстың талабы» деп бағалаған.⁷⁴¹

17. Үлкендерге құрмет көрсету. «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деген аталы сөзге бас ұрған мұсылман халқымыз дініміздің берген тәрбиесі бойынша үнемі үлкендерге құрмет көрсетіп, олардың сөзіне жағаласпай, алдын кесіп өтпей, үйге кіргенде орнынан тұрып сәлемдесуді жөн санаған. Бұл әрекеттер де сүннеттен бастау алған амалдар екені даусыз. Себебі, Расулаллаһ:

*«Үлкендеріңіз үшін орындарыңыздан тұрыңыздар»;*⁷⁴²

*«Кішілерге мейірім, үлкендерге құрмет көрсетпеген бізден емес»;*⁷⁴³ – деп айтқан.

18. Киім мен аяқкиім кигенде оң жақтан бастап кию.⁷⁴⁴ Бұл туралы Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Аяқкиім киетін кезде оң жақтан бастап, шешетін кезде сол жақтан бастасын. Оң аяқ – бірінші

⁷⁴⁰ Әбу Дәуд, Әдеп, 116; Тирмизи, Әдахи, 17.

⁷⁴¹ Хадис ансиклопедиси, I т., 312-б.

⁷⁴² Бухари, 'Итқ, 17.

⁷⁴³ Тирмизи, Бирр, 15.

⁷⁴⁴ Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 25-б.

килетін және соңғы шығарылатын болсын»,⁷⁴⁵ – деген

Пайғамбарымыздың ардақты жұбайларының бірі Хафса анамыз (р.а.): *«Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оң қолын ішуге, жеуге және киінуге, сол қолын мұның тысындағыларға арнайтын»*,⁷⁴⁶ – деп сипаттаған.

19. Сәлемдесу. «Сәлем – сөздің анасы» дейді дана халқымыз. Сәлемдесудің Пайғамбар сүннеті екенін айтыскер ақындар көбінесе өлең шумақтарына қосып, «Сәлем бердім Пайғамбар сүннеті деп», – жырлағандары бар. Пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір күні «Қандай амал ең қайырлы?» – деп сұрағанда: *«Адамдарға тамақ беру және таныған, танымағандардың бәрімен амандасу»*, – деген.⁷⁴⁷

Халқымыз сәлемдескенде де үнемі Пайғамбарымыздың үмбетіне үйреткеніндей «Ассәләмуғәлейкүм» деп сәлем берген. Сәлемге жауап берген адам да «Уағәлейкүмүссәләм» деген. Осылай сәлем беру керектігін бір күні Пайғамбарымыз өзіне «‘Аләйкас-сәләм» деп сәлем берген бір сахабаға былай деп үйретеді:

«‘Аләйкас-сәләм» деме, себебі «‘аләйкас-сәләм» деп айтылған сәлем қайтыс болған адамдардың сәлемі. Сәлем берген кезіңде «Ассәләму ‘аләйкә» (мағынасы: Аллаһтың сәлемі сізге болсын. Көпше түрде: ассәләму‘ аләйкүм. -ав.) де. Саған жауап қатқан адам да «Уа ‘аләйкәс-сәләм» (мағынасы: саған да Аллаһтың сәлемі

⁷⁴⁵ Муслим, Либас, 67.

⁷⁴⁶ Әбу Дәуд, Таһарә, 18.

⁷⁴⁷ Әбу Дәуд, Әдеп, 142.

болсын. *Көпше түрде: Уа 'аләйкүмүс-сәләм.) дейді»,⁷⁴⁸*
– деп үйреткен.

20. Үйге кіргенде сәлем беру.⁷⁴⁹ Аллаһ Елшісі
(саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

*«...Үйіңе кіргенде үй ішіңе сәлем бер. Бұл саған
және отбасыңа берекет алып келеді»,⁷⁵⁰* – деген.

21. Қонақты есікке дейін шығарып салу.
Халқымыздың қонақ күту әдептерінің бірі – келген
қонақты есікке дейін шығарып салу. Бұл – оның қонағын
құрметтегенін, қонақжайлылығын көрсететін бір
әрекет. Міне, осы әдеп Пайғамбарымыздың сүннетінен
туындап, жалпы мұсылман халықтарда әдет ретінде
қалыптасқан:

*«Кісінің қонағын есікке дейін шығарып салуы –
сүннет».⁷⁵¹*

22. Түшкірген адамға «Йархамукаллаһ» деп айту.
Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл жайында:

*«Біреу түшкіріп, артынан Аллаһқа хамд етіп
«Әлхамдулиллаһ» десе оны естіген әр мұсылман
«Йархамукаллаһ» (мағынасы: Аллаһ саған мейірімін
төксін. ав.) деп айту керек»,⁷⁵²* – деген. Алайда, бұл
сөздің арабшасына тілі келмеген халқымыз, сонда да
осы сүннетті тастамай түшкірген адамға «Жәреқумалла»
деп айтқан.

23. Есінеген кезде ауызды жауып есінеу.
Пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде:

⁷⁴⁸ Әбу Дәуд, Либас, 28; Әдеп, 151.

⁷⁴⁹ Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 12-б.

⁷⁵⁰ Тирмизи, Истизан, 10.

⁷⁵¹ Хадис ансиклопедиси, XVII т., 444-б.

⁷⁵² Бухари, Әдеп, 125.

«Есінеген кезде аузыңызды қолыңызбен жабыңыз. Себебі, шайтан осы сәтте адамның ішіне кіреді»,⁷⁵³ – делінген.

24. Күнмен таласып ұйықтамау. Үлкендеріміз үнемі жастарға күнмен таласып, күн шығарда немесе күн батарда ұйықтауға болмайтындығын ескертіп жатады. Бұл жайында Аллаһ Елшісі мұсылмандарға:

*«Күн шығарда ұйықтау – мең-зеңдік, ортасында ұйықтау – әдеп, күн батарда ұйықтау – ақымақтық»,*⁷⁵⁴ – деп қатаң ескерту жасаған.

25. Дәретке отырғанда құбыла жақты бетке алмау. Тіпті халқымыз әжетханаларын салғанда да осы мәселені үнемі ескеріп отырған. Бұл жайында сахаба Сәлман (р.а.):

*«Расулаллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге үлкен дәрет пен кіші дәретте құбыланы бетке алуға тыйым салды»,*⁷⁵⁵ – дейді.

26. Қолды жуғаннан кейін сілкілемей.⁷⁵⁶ Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолын жуғаннан кейін қалай кептіргені жайында сахаба Қайс б. Са‘д былай дейді:

*«Расулаллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біздің үйімізге келді. Тамақтан соң қолын жуу үшін су әкелінді. Пайғамбарымыз қолын жуған соң оған орамал ұсынылды. Ол орамалды алып қолын сүртті».*⁷⁵⁷ Мұсылман ғалымдар осы хадисті негізге ала отырып,

⁷⁵³ Мұслим, Зухд, 57-59.

⁷⁵⁴ Бухари, әл-Әдәбул-муфрәд, II т., 602-б, (ауд: А. Ф. Явуз), Ста - бул, 1975.

⁷⁵⁵ Тирмизи, Таһарә, 12.

⁷⁵⁶ Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 6-б.

⁷⁵⁷ Әбу Дәуд, Әдеп, 128.

қол жуып болған соң қолды сілкіу мәкрүһ деген.⁷⁵⁸ Хазірет Пайғамбардың сүннетін қалт жібермеуге тырысқан үмбет қол жуғаннан кейін сілкілемей, орамалмен, сүлгімен сүртіп, құрғатуды жөн көрген.

27. Ақ шашты жұлмау. Халқымыз шаштың арасында пайда болған ақ шашты жұлуды дұрыс көрмеген. Ал бұл жайында Пайғамбарымыздың бір хадисінде:

«Хазіреті Пайғамбар мұрт, сақал және шаштағы ақ қылдарды жұлуга тыйым салды»,⁷⁵⁹ – делінген.

28. Қайтыс болған адамдардың жамандықтарын сөз етпеу.⁷⁶⁰

Бұл мәселеде ардақты Елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Өлген адамдарыңыздың жақсылықтарын еске алыңыздар, жамандықтарын айтудан қашыңыздар»,⁷⁶¹ – деп тыйым салған.

29. Қолды жерге тіреп отырмау.⁷⁶² Сахаба Шәрид б. Сууәйд:

«Мен сол қолымды арқа жағым алып, алақаныммен жерге тіреп отырған кезімде Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жаным келіп: «Аллаһтың лағнетіне ұшырағандардың (яһудилердің) отырысындай етіп отырсың ба?» – деді»,⁷⁶³ – деген. Сондықтан үлкендеріміз жастарға үнемі «жерді таянба» – деп ескерту жасап отырған.

30. Біреу әңгіме айтып тұрғанда түшкіру – оның әңгімесінің өтірік емес екеніне дәлел. Халқымызда кең

⁷⁵⁸ Ж. Иылдырым, Каунақларыйла Ахкам Хадислери, I т., 265-б, Кония, 1986.

⁷⁵⁹ Муснәд, VI, 20-б.

⁷⁶⁰ Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 52-б.

⁷⁶¹ Әбу Дәуд, Әдеп, 50.

⁷⁶² Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 5-б.

⁷⁶³ Әбу Дәуд, Әдеп, 22.

тараған осы пікір мұсылман халықтардың арасында көп қолданылған. *«Бір сөз айтылып жатқан кезде біреу түшкіріп қалса, сол сөз ең дұрыс сөз болғаны»*,⁷⁶⁴ – деген сөз хадис жинақтарына еніп, мұсылман халықтардың арасында хадис ретінде кең тараған. Алайда хадисші Әлбани бұл сөздің хадис емес екенін айтады.⁷⁶⁵

31. Есек шайтанды көрген кезде ақырады деп сену.⁷⁶⁶ Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Есек аңыраған кезде шайтанның керінен Аллаһқа сыйыныңыз. Себебі, есек шайтанды көргендіктен ақырады»,⁷⁶⁷ – деген.

32. Жұма күні қайтыс болғандардың пейішке баратынына сену.⁷⁶⁸ Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл жайында:

«Жұма күні қайтыс болғандарға шәһидтің сауабы жазылып, қабір азабы болмайды»,⁷⁶⁹ – деп айтқан.

33. Жаңа ай туылғанда «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп дұға ету. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жаңа туылған айды көрген кезде:

*«Аллаһым, оны бізге сенім мен иман, тыныштық пен Исламның айы ет! Менің раббым да, сенің раббың да Аллаһ. Қайырлы, құтты бол!»*⁷⁷⁰ – деп дұға еткен. Осы дұғаның мағынасына сәйкес халқымыздың «Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деуі осы сүннеттен бастау алғандығының бір белгісі.

⁷⁶⁴ әл-Әлбани, Силсиләтул-әхадисид-да'ифә уәл-мәуду'а, 169-б.

⁷⁶⁵ Бұл да сонда.

⁷⁶⁶ Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 40-б.

⁷⁶⁷ Бухари, Бәдул-халқ, 15.

⁷⁶⁸ Қазақы тыйымдар мен ырымдар, 53-б.

⁷⁶⁹ Тирмизи, Жәнайз, 72.

⁷⁷⁰ Тирмизи, Дағауат, 52.

34. Бала тәрбиесінде қолданылатын тыйымдардың да сүннеттен туындайтынын көруге болады. Халқымызда қалыптасқан бала тәрбиесі жайлы Д. Кішібеков былай дейді: «Қазақ халқы бала тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берген. Баланы оның тек ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелеген. Ертедегі қазақ халқының тұрмысы қазіргідей болмағаны белгілі. Қолы бос ақсақалдар ойнап жүрген баланы сырттай шамалап, байқап отырған. Олар балаға ақыл айтқанда: «көкті жұлма», «құстардың ұясын бұзба», «құдыққа түкірме», «ант ішпе», «малды теппе», «басына ұрма», «жұрт ішінде абайлап сөйле», «қарқылдап күлме», «үйге қарай жүгірме», «түнде тырнағыңды алма», «алыптай болсаң да әлсіз құмырсқаға күш көрсетпе», «қиянат жасама», «үлкен кісінің жолын кеспе, сөзін бөлме», «аз сөйлеп, көп тында» деп үйреткен».⁷⁷¹ Бұл айтылған тыйымдардың баланы тәрбиелеуде маңызы зор. Себебі, бала жеке тұлға болып кемелденіп, жетілуі үшін адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, әлеуметтік өмірдің қыры мен сырынан хабардар болып, қоғаммен тығыз қарым-қатынаста өсуі қажет. Баланы дұрыс тәрбиелеудегі әдептерге оның жан-жануарлармен танысуы да жатады. Жануарлардың адамзат өмірінде ерекше маңызы бар. Оларды біз азық үшін ғана емес, сонымен қатар бала жастан адам бойында мейірім, рақым, сүйіспеншілік қасиеттердің қалыптасуына да әсері бар екенін көреміз. Балаларға жан-жануарларды қорғап, бағып-қағып, оларға жаны ашып, мейіріммен қарау керек екенін айтып үйретсе, бұл олардың бойында осы қасиеттердің жетіле түсуіне себін тигізеді. Сол үшін жер бетіне тәрбиеші етіп жіберілген Пайғамбарымыз

⁷⁷¹ Д. Кішібеков, Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең, 75-б.

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жануарларды ұрып-соғуға, жаралауға қатаң түрде тыйым салған. Мысалы, халқымыз «малды теппе» десе, бұл жайында Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Егер хайуанға орынсыз қылған істеріңіз кешірілсе, талай көп күнәңізден құтылар едіңіз»,⁷⁷² – деген. Хазірет Омардың ұлы Абдуллаһ (Аллаһ екеуіне де разы болсын) жануарларға азап көрсеткендерге Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) лағнет айтқанын мәлімдеген.⁷⁷³ Пайғамбарымыздың жасаған дұғасының да, лағнетінің де қабыл болатынын білген халқымыз жас балаларға да мұны қатты ескертіп, жағымсыз әрекеттерге тыйым салып отырған. Мысалы, құстың ұясын бұзбау, жұмыртқалары мен балапандарын ұясынан алып кетпеді де Пайғамбарымыз қатаң ескерткен. Тіпті, соғыс кезінде жануарларды өлтірмеуді бұйырып, үмбетіне: *«Бостан-босқа бір торғай немесе одан да бір кішкентай жануарды өлтірсеңіз, Аллаһ сізден оның есебін сұрайды»,⁷⁷⁴* – деген. Әлгі айтылған «Алыптай болсаң да әлсіз құмырсқаға күш көрсетпе», – деп үлкендеріміз ескерткендей, біздің көзімізге олар маңызсыз сияқты көрінгенімен, мына хадистен олардың да Аллаһтың құлы екенін көреміз:

«Бір пайғамбарды құмырсқа шағып алады. Бұған ашуланған әлгі пайғамбар құмырсқаның илеуін толығымен өртелуін бұйырады. Сонда Аллаһ ол пайғамбарға былай деп уахи етеді: «Сені тістеп алған бір құмырсқаға бола тәсбих айтатын бір үмбетті

⁷⁷² Муснәд, VI, 441-б.

⁷⁷³ Хадис ансиклопедиси, VI т., 306-б.

⁷⁷⁴ Хадис ансиклопедиси, VI т., 308-б.

өртедің». ⁷⁷⁵ Айналамызды қоршаған жанды-жансыз барлық жаратылыс Аллаһтың туындысы, әрі олар өздеріне тән тілмен Аллаһты зікір етеді. Мұны Құран Кәрім:

«Жеті қабат аспан, жер және осындағы барлық нәрселер Оны (Аллаһты) пәктеп ұлықтайды. Оған хамд (шүкіршілік) айтып, ұлықтамайтын ешнәрсе жоқ, алайда сендер олардың ұлықтап пәктеулерін түсіне алмайсыңдар...», ⁷⁷⁶ – деп баяндайды.

Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә салләм) адамдарға да, жануарларға да мейірім нұрын төккен. Бір күні сүйікті жары Айша анамызға бір түйені беріп: «Ей, Айша, мынаны ал және (оған) мейірімді бол. Себебі, мейірім бір адамның жүрегіне ұяласа міндетті түрде оның көркін арттырады, ал егер жүрегінен ұшса міндетті түрде оны көріксіз етеді», – дейді. ⁷⁷⁷ Сол үшін халқымыз өскелең ұрпақтың бойына қатігездік сияқты жаман қасиеттердің сіңіп қалмауы үшін осындай тыйымдарды ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп қалдырып отырған.

36. Пайғамбарымыздан қалған, халқымыз ұстанатын тағы бір сүннет бар, ол ит пен мысыққа байланысты. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) иттердің нәжіс екенін, оның сілекейі тиген сумен дәрет алуға болмайтындығын, егер бір ыдысқа аузы тисе әлгі ыдысты әуелі топырақпен, сосын алты мәрте сумен жуу керектігін айтқан. ⁷⁷⁸ Ал мысықтардың нәжіске жатпайтынын, оның еш нәрсені кірлетпейтінін айтып, мысықтарды үйде ұстауға рұқсат берген. ⁷⁷⁹

⁷⁷⁵ Бухари, Жихад, 152; Муслим, Сәлем, 148; Әбу Дәуд, Әдеп, 176.

⁷⁷⁶ Исра сүресі, 44

⁷⁷⁷ Хадис ансиклопедиси, VI т., 306-б.

⁷⁷⁸ Хадис ансиклопедиси, IX т., 546-б.

⁷⁷⁹ Муслим, Бирр, 151.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) осы сүннеттеріне халқымыз мойынсұнып, үйде ит ұстағанда оны аулаға байлап, үйдің ішіне кіріп кетпеуін қадағалаған, ал мысықтарға еркін түрде үйге кіріп-шығуына жағдай жасаған.

37. Қарқылдап күлмеу. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) еш уақытта қарқылдап күлмеген, тек қана күлімсіреген. Жақсыға жаны құштар халқымыз осыны ұл-қыздарына ескертіп, әсіресе қыз баланың қарқылдап күлуін әдепсіздікке балаған. *«Раббым мені Өзі тәрбиеледі және тәрбие болғанда да ең керемет үлгіде»*, – деп Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) айтқандай Оның бойындағы әдеп – әдептердің ең ғажабы еді. Ал мұндай әдеппен әдептену кімнің болса да арманы. Сол үшін халқымыз әрбір әрекетінде Оған ұқсауға тырысып, балаларын да сондай жақсы әдепке баулыған.

38. Аталарымыз ұстанған тыйымдардың бірі – тірі жандардың суретін салдырмау еді. Тек кеңес дәуірінде кілемдерге адам бейнесін салып, оның аты-жөнін жазу орын алған.⁷⁸⁰ Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жанды нәрселердің суреті жайлы айтқан бірнеше хадисі бар. Мысалы, бір хадисінде тірі жандылардың суреті ілінген үйге періштелердің кірмейтінін айтса,⁷⁸¹ енді бір хадисінде тірі жандылардың суретін салғандарға ақыретте азап берілетіні, себебі олардың Аллаһтың жаратушылық сипатына еліктегенін, алайда Ұлы Жаратушы секілді оларға рух бере алмайтындарын айтқан.⁷⁸²

⁷⁸⁰ Д. Кішібеков, Қазақ менталитеті, 114-б.

⁷⁸¹ Бухари, Либас, 92, 88; Муслим, Либас, 102; Әбу Дәуд, Либас, 48; Тирмизи, Әдеп, 44; Нәсаи, Зинет, 112; Ибн Мажә, Либас, 44.

⁷⁸² Бухари, Табир, 45; Тирмизи, Либас, 19; Нәсаи, Зинет, 114.

Осы хадистердің айтылу мақсаттарын жорамалдауда ғалымдар әртүрлі пікірге келген. Кейбіреулер ниеттің маңызды екенін ескеріп (табыну, сыйыну мақсатында болмау), Пайғамбарымыздың әлгі хадистерінің сурет салуға немесе намазға тұрған адамның құбыла жағының тысында басқа қабырғаларға сурет ілуге рұқсат бар екенін айтса, кейбір ғалымдар хадистерді басқаша жорамалдап сурет салудың да, салдырудың да харам екенін айтқан. Дегенмен, кейбір ғалымдардың рұқсат бар дегеніне қарамастан халқымыз сақтықпен әрекет етіп, жанды нәрсенің, әсіресе адамның суретін салуға немесе салдыруға ұзақ уақыт жоламаған.

39. Атам қазақ еш уақытта антынан таймаған. Берген уәдесіне берік болып, ер адам сөзінде тұру керек деп түйген. Бұл да оның мұсылмандық қасиетінің бірі. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Уәдесін бұзған әрбір адамға ақырет күнінде белгі қойылады, бұл пәленшенің опасыздығының белгісі деп айтылады»,⁷⁸³ – деген.

40. Ант еткенде қазақтар «Оллаһи, биллаһи» (Олда-бiлдә) деп айтқан. Ант етудің жолын мұсылман қауымға үйреткен Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

«Аллаһтан басқасына ант еткен, уәде берген адам күпірлік жасаған немесе Аллаһқа шірк келтірген болады».⁷⁸⁴ – деген. Яғни, ант бергенде «Аллаһтың атымен ант етемін» деген мағынада «уаллаһи» немесе «биллаһи» деп айту керек.

41. Қазақ қоғамында қанды кек дәстүрінің орындалу тәртібі де Құранның аяттары мен Пайғамбарымыздың

⁷⁸³ Муслим, Иман, 58.

⁷⁸⁴ Муснәд, II, 34-б.

сүннеті бойынша қалыптасқан. Қоғам өмірінің ішкі тыныштығын сақтау, адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне қатты мән беріліп, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысында» «қанға – қан, жанға – жан» дәстүрі ерекше орын алған. Құранда бұл дәстүр:

«Ей, иман еткендер! Өлтірілген жақындарың үшін қысас (қанды кек алу) сендерге дәстүр етіп белгіленді. Азат адамдар үшін азат адамнан, әйел үшін әйелден, құл үшін құлдан кек қайтарыңдар! Дегенмен, өлген адамның туысы өлтірушіге кешірім жасауына да болады. Онда өлтірушіден лайықты құн талап ету керек те, қылмыскер адам оны жақсылықпен төлеуі керек. Міне, бұл Жаратқанның жеңілдігі, әрі зор қайырымы. Егер осыдан кейін де (яғни, құн төленгеннен кейін) кек қайтаратындар табылса, ол жан түршігер азапқа душар болады. Ей, ақыл иелері! Қысаста сендер үшін өмір тынысы бар. Мүмкін ақылға салып ойланарсыңдар»,⁷⁸⁵
– деп белгіленген.

«Қанға – қан, жанға – жан» дәстүрі сырттай қарағанда қаталдықтан туындаған қатігездік сияқты көрінгенімен, қоғамның тыныштығы мен бақыты үшін аса қажет бір келелі тәртіптің бастауы. Осы дәстүрдің арқасында қоғамда қылмыс азайып, қоғам мүшелері өзін сенім мен тыныштықтың аясында бақытты сезіне-рі сөзсіз. Сондықтан әлгі аятта осы дәстүрді «Қысаста (яғни, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда қанға – қан, жанға – жан алуда) сендер үшін өмір тынысы бар», – деп сипаттаған. «Қанға – қан, жанға – жан» дәстүрі

⁷⁸⁵ Бақара сүресі, 178-179

қолданылатын қылмыстың бір түрі – қасақана адам өлтіру. Алайда, қылмыскер ұсталып, қылмысы мойнына қойылғаннан кейін өлген адамның туыстары қылмыскердің жазалануын талап етуі немесе оны кешіруі, яки одан құн талап етуі мүмкін. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл жайлы:

«Кім қасақана адам өлтірсе, марқұмның туыстары мына үшеуінен біреуін таңдай алады: қысас талап етеді, яки кешіреді немесе құн алады...»,⁷⁸⁶ – деген.

Жоғарыда айтылған ата заңдарымызда да осы мәселе қарастырылып, «Жарғы бойынша өлген адамның туыстары қанішерді өлтіруге хақы бар, егер дене мүшелерінің бірі жазым болған жағдайда: (мысалы, аяғы, мұрны) қылмыскердің аталған дене мүшелеріне зақым келтіруге қанды кек тәртібі рұқсат береді. Егер талапкер жақ келіссе, билердің ұйғарымы бойынша жаза жеңілдетілетін де жағдай болады. Онда қанды кектің орнына талапкер жақ қылмыскерден алынған төлеммен қанағаттанады. Кісі өлтірушінің өмірін сақтау үшін руластары төлейтін төлемді «құн» деп атайды».⁷⁸⁷ «Жеті жарғы» мәтінінен алынған осы бір мәселенің өзінде қазақы әдет-ғұрыптардың Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадис және сүннеттерімен қаншалықты тамырлас екенін көруге болады. Мысалы, жоғарыдағы мәтінде «...егер дене мүшелерінің бірі жазым болған жағдайда қылмыскердің аталған дене мүшелеріне зақым келтіруге қанды кек тәртібі рұқсат береді» – деген жолды алып қарайтын болсақ, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһ тағаладан келген әмір бойын-

⁷⁸⁶ Әбу Дәуд, Диат, 3, 4; Тирмизи, Диат, 13.

⁷⁸⁷ Ж. О. Артықбаев, Жеті жарғы, 120-б., А., 2003.

ша (Маида сүресі, 45), егер қылмыскер бір адамның бір дене мүшесін жаралаған болса, қарсы жақ та кешірім бермесе, онда қылмыскердің де сол мүшесіне зақым берілуіне әмір берген.⁷⁸⁸ Бірақ рақым Пайғамбары (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) адамдарды кешірімді болуға үйретіп, осындай қысастарды құн төлеуге айналдырып отырған.⁷⁸⁹ Әлгі мәтіндегі «егер талапкер жақ келіссе, билердің ұйғарымы бойынша жұмсартылатын жағдай болады» – деуінің өзі халқымыздың Аллаһ Елшісінің осындай нұрлы сүннетімен жүргендігін көрсетеді. Егер талапкер жақ келіссе, онда қылмыскер жағы құн төлейді. Бірақ, Пайғамбарымыздың ескертуі бойынша құн алынғаннан кейін қылмыскер қайтып жазаланбайды. Аллаһ Расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм):

*«Құн алғаннан кейін қылмыскерді өлтірген адамды еш кешірмеймін»,*⁷⁹⁰ – деген. Осы хадис бойынша аталарымыз да «алынған төлеммен қанағаттанады» деп үкім шығарған. Құнның мөлшері де хадистерде Пайғамбарымыз белгілеген мөлшерлермен бірдей болып келеді. Мысалы, ер кісі үшін 2000 қойдың төленуі, әйел үшін соның жартысының төленуі сияқты. Міне, осы секілді «Жеті жарғы» тармақтарының әрбірінде отбасына, мұрагерлікке, меншікке, сауда-айырбас, т.б. қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық салаларына қатысты айтылған үкімдерінде атам қазақтың Құранмен қатар Пайғамбарымыздың сүннеттерін де басшылыққа алғанын байқаймыз.

42. Сүннеттен туындап, өзегі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бір салт – тасаттық.

⁷⁸⁸ Хадис анциклопедиси, XIII т., 547-548-б.

⁷⁸⁹ Бұл да сонда, 524-525-б.

⁷⁹⁰ Әбу Дәуд, Диат, 5.

Тасаттық арапшадағы «тасаддук» – садақа беру деген сөзден шыққан. Ол Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сүннетінің салтқа айналған көрінісі. Хижреттің алтыншы жылында Мәдина қаласында жаңбыр жаумай, халық құрғақшылық зардабын шеге бастайды. Сонда Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) халықты қала сыртына бір жерге жинап, көпшіліктің алдында Аллаһ тағаладан жаңбыр сұрап дұға жасайды. Жиналған жұртшылық та оның дұғасына қосылады. Сол сәтте аспан күркіреп, бірден жаңбыр жауа бастайды.⁷⁹¹ Екі жиһан Сәруарының (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жақсылық ниеттен туындаған осы іс-әрекеті кейінгі үмметіне де үлгі болып, жаңбыр жаумай, құрғақшылық бас көтере бастағанда мұсылмандар топтасып, ауыл сыртына шығып, Пайғамбарымыздың дұғаларын қайталап, Аллаһтан жаңбыр тілеген. Халқымыз да сол сүннетті басшылыққа алып, тасаттық беріп, мейірі мол Аллаһ тағаладан шапағат тілеп, жердің бетін жайнатып, шөппен егін өсіруін, су беруін өтінген. Тасаттық ауылдан шалғайлау таза жерде өткен. Тасаттық асын беру үшін белгіленген жерге қазан-ошақ орнатылып, ішіп-жем мол әзірленген. Бұған ауылдың қариялары, жастары, тіпті балалар да қатыстырылған. Қолдарын жайып, Аллаһтан тілеу тілеп, дұға оқыған. Тілектерінің қабыл болуы үшін садақа беріп, құрбандық шалған. Соңында қариялар:

О, Тәңірім, талқыға салма,
Сая бол өзің талыққан жанға!
Көгіңнен тамдыр тамшыңды,
Үмітті үзбей, арасын жалға!
Жерге қаулап шөп өнсін,

⁷⁹¹ Әбу Дәуд, Салат, 260.

Егін солмай, көп өнсін!
Бере гөр, Тәңір, тілеуді,
Мейірінді төгерсің!
Тілеуді қабыл ете гөр,
Күнәлі болсақ, кеше гөр!.. – деп, Пайғамбары-
мыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дұғасына сәйкестендіріп
бата қайырған.

43. Халқымыз мұсылмандық дәстүрін сақтап, алды-
на бас иіп, кешірім сұрап келгендерді, ердің құны болса
да кешірген. Себебі ерге тән қасиеттің шыңына шыққан
абзал Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үмбетіне осы-
ны бұйырған болатын:

*«Кісі жазықты болса да, жазықсыз болса да алды-
на кешірім сұрап келген мұсылман бауырының кінәсін
кешсін. Егер олай етпесе (ақыретте) Менің қасыма
келе алмайды.»⁷⁹²*

Осы дәстүрді уағыздаған Асан қайғы:

Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң
Аса кеш те қоя бер,⁷⁹³ – десе, Жанақ ақын:
Әдейілеп алдына келгенінде

Ердің құны болса да кешкен атаң,⁷⁹⁴ – деп, ата-
бабамыздың сүннет жолын ұстанғандығын паш етеді.

44. «Садақа–пәле-жаладан аман сақтайды» деп сену.
Жалпы, мұсылмандардың садақа беруі Құран Кәрімде
бірнеше мәрте баяндалған. Сондықтан мұсылман қазақ
халқы бұл әмірді өздеріне дәстүр етіп, әрдайым садақа
беріп, бір-біріне жәрдем еткен. Рақымды Жаратушының

⁷⁹² әл-Жамиус-сағир, 5443.

⁷⁹³ Бес ғасыр жырлайды, I т., 26-б.

⁷⁹⁴ Бес ғасыр жырлайды, I т., 155-б.

әрбір әмірінің төңірегінде адамдардың пайдасына шешілетін хикмет-сырлар бар. Сондай-ақ, садақаның да біз білетін-білмейтін көптеген пайдалары бары анық. Сондай пайдаларының бірін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): *«Садақа беруге асығыңыз. Себебі, басқа келетін бәле садақадан оза алмайды»*,⁷⁹⁵ – деп үйреткен Яғни, садақа басқа келейін деп тұрған бәле-қатердің жолына тосқауыл болады. Міне, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйреткен тағылымымен халқымыз садақаның осындай қасиетіне сеніп, Аллаһ жолында адамдарға садақа беруде еш аянбаған.

45. Болашақтан сөз қозғағанда «Құдай қаласа» деп қосып айту. Бұл жайында Д.Кішібеков: «Қазақ еш уақытта пәлен жұмыс істеймін, не анда барамын немесе келемін деп айтпаған. Оны да «Құдай қаласа» үйтемін, барамын, не келемін деген»,⁷⁹⁶ – дейді. «Құдай қаласа» сөзінің арабша баламасы – «иншааллаһ». Бір күні Ислам дінін қабылдамаған мүшріктер келіп Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Зұлқарнайын мен рух жайлы және тағы басқа сұрақтар қояды. Пайғамбарымыз «иншааллаһ» сөзін айтпай сұрақтарының жауабын ертең беретінін мәлімдейді. Сонда Аллаһ тағаладан: *«Бір нәрсе жайында «иншааллаһ» деп айтпай тұрып «мынаны ертең жасаймын» демендер»*,⁷⁹⁷ – деген аят келіп, ескерту жасалады. Осы ескертуден кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аузынан «иншааллаһ» сөзін тастамайды. Бұл әдет үмбетке де сіңіп, жалпы мұсылман қауымның бір әдебіне айналады.

⁷⁹⁵ Хадис ансиклопедиси, IX т., 243-б.

⁷⁹⁶ Д. Кішібеков, Қазақ менталитеті, 101-б.

⁷⁹⁷ Кәһф сүресі, 23-24

46. «Пайғамбар да күйеу баласын сыйлапты», – деп халқымыздың күйеу баласына сый-құрмет көрсетуі, «Пайғамбар қызын ұзатқан, бикем, Ақ жаулық жауып басына, бикем» немесе «Пайғамбар қызын ұзатқан, Соның бір салған жол ғана», – деп ұзатылып жатқан қыздарына басу айтуы, алпысынан асқан қариялардың «Пайғамбар жасына жеттім, енді өлсем де арман жоқ», – деген жұбаныш сөздері – халқымыздың Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі мен сүннетке деген ыстық ықыласының бір белгісі.

47. Халқымыздың әйел баласын қабырғаға теңеуі де сүннеттен бастау алған. Себебі Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистерінде Хауа ананың Адам атаның қабырғасынан жаратылғанын айтқан.⁷⁹⁸ Әйел қауымының әу баста еркектің қабырғасынан жаратылғанын Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистері арқылы дүниетанымына енгізген халқымыз маңызды шаруаларда отбасының ұйытқысы – ақ жаулықты, аяулы жарды меңзеп «қабырғаңмен кеңес» дейтін болған.

48. Қазақтың киім-кешегінде шапан мен тақияның орны ерекше. Халқымыз қысы-жазы күннің ыстық-суығына сай ішік-шапан тіктіріп, оны үстінен тастамай, ұлттық киіміне айналдырған. Жалпы шапан мен тақия барлық мұсылман халықтарында бар киім үлгісі. Бұл киім үлгісі олардың мұсылмандықтарын бейнелеп тұратын айшықты рәмізге айналған десек те болады. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шапаны мен бас киімі⁷⁹⁹ үмбетінің де негізгі киім үлгілеріне айналғанын осыдан-ақ көруге болады.

⁷⁹⁸ Бухари, Никаһ, 79; Әдеп, 31; Тирмизи, Талақ, 12.

⁷⁹⁹ Хадис анциклопедиси, XVII т., 473-479-б.

49. Киім-кешек мәселесінде халқымыздың ұстанған тағы бір сүннеті – киімнің тазалығына мән беруі. Себебі, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мұсылмандардың мұнтаздай таза киініп, жыртығын жамап жүрулерін өсиет еткен. Алба-жұлба киінгендерді ұнатпаған. «Аллаһ – таза, тазалықты жақсы көреді» деп үйреткен Пайғамбарымыз өзі де киімдері қарапайым болғанымен тап-таза киініп, тіпті үстінен гүлдің хош иісі шығып тұрған. Жыртылған киімдерін өзі жамап, киім киісінде оғаштыққа жол бермеген. Тіпті, нәжіс (адамның кіші, үлкен дәреті, қан, етін жеуге болмайтын хайуандардың тезектері мен сілекейлері, т.с.с.)⁸⁰⁰ тиген киімдермен намазға тұруға болмайтынын, кір, лас, қыржымдалған, жыртық киіммен намаз оқудың Аллаһқа құрметсіздік екенін ескерткен. Сондықтан көшпелі мұсылман халқымыз мал шаруашылығымен айналысып, судың тапшылығын көріп күнелтсе де тазалыққа қатты мән берген. Тіпті, қазақ жерін аралаған христиан саяхатшылар қазақтардың осындай тазалығына тәнті болған.⁸⁰¹

50. Киім демекші, халқымыздың біреудің жаңа киім кигенін көргенде «үстіңде тозсын», «тозып қалсын», «киімнің тозсын, өмірің озсын» деуінің өзі сүннеттен бастау алған. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмбетіне жаңа киім кигендерге осылай дұға етуді үйреткен.⁸⁰²

Жоғарыда аталған салт-дәстүрлер, наным-сенімдер халқымыздың өміріне етене еніп, ұлттық дәстүрге айналған сүннеттердің бір-бір тамшысы десек артық айтқанымыз емес. Себебі, мұсылман ел болғандықтан

⁸⁰⁰ Қрз: М. Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы, Ислам ғылымхалы, 46-47-б.

⁸⁰¹ Прошлое Казахстана в источниках и материалах, (дай: С. Д. Асфендияров, П. А. Кунте), 197-б., М., 1935.

⁸⁰² Хадис ансиклопедиси, XVII т., 62-65-б.

әрбір тыныс-тіршілігінде Құран мен сүннетті негізгі өлшем етіп алған халқымыздың ғасырлар бойы жалғасқан өмір жолында бұл қазына жыл өткен сайын толығы түскен. Адамгершілік қағидалары, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастары, тіпті күнделікті өміріндегі отырып-тұруы, сөз тындап, сөйлеу әдебі, тамақ жеуі, киім киюі т.с.с. қарапайым әрекеттеріне дейін сүннетті негіз етіп алуы – халқымыздың бойындағы мұсылмандықтың шынайы көрінісі.

Қазақ ақын-жырауларының, айтыскерлердің өлең жолдарын хадистермен көркемдеп, ой-пікірлерін соның айналасында өрбітуі, мақал-мәтелдердің хадис пен сүннетпен үндесуі, жазба әдебиетте де басты дәлел болып хадистердің ұсынылуы, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың хадис пен сүннеттерден бастау алуы – халқымыздың Аллаһ елшісінің жолымен жүргендігінің бұлтартпас дәлелі болса керек.

КЕҢЕС ӨКІМЕТІ КЕЗЕҢІ

Кеңес өкіметінің сойқан саясаты мен содыр идеологиясы атеизмге негізделіп, қарамағындағы халықтарды діндерінен бездіру көзделген болатын. Бұл саясаттан өкіметтің қол астындағы барлық мұсылман түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы да өз «еншісін» алды. Мұсылман халықтарды діннен бездіру үшін Кеңес өкіметі алдымен Исламды дін емес деп, осы жалған тезистерін дәлелдеуге тырысып бақты. Себебі, Исламның дін емес, ол тек қана арабтардың ойдан шығарған сенімдері екеніне қол астындағы мұсылмандарды сендіре алса, олардың діннен шығуы оңайырақ болатынын ойластырды. Осы бағытта 1931 жылы орыс зерттеушісі Л. Климович «Существовал ли Мухаммед?» деген мақала

жариялап, Мұхаммед пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тарихи тұлға емес, деп «дәлелдеді». Сонымен қатар, басқа да шығармаларда Ислам дінінің сауда-саттықтан туындаған қажеттілік үшін немесе Мұхаммед пайғамбар бұл дінді өзі ойдан шығарды деген теориясымақ жалған ой-пікірлер халық арасына таратылды.⁸⁰³

Сондай-ақ, өкіметтің діни білім алуға тыйым салуы, дін ғұламалары мен діни сауаттыларды қоғамнан аластатуы, мекеме қызметкерлерін діннен бас тартуға зорлауы уақыт өте келе өз нәтижесін бере бастады. Осындай іс-әрекеттердің кесірінен қазақ халқы да Ислам дінінің негіздерін ұмыта бастап, кейінгі ұрпақ атеизм атты аждаһаның арбауынан дін атаулыға, соның ішінде Исламға өгей болып өсті.

Осы кезеңде діни басқармадағы қызметкерлерді де өкімет өзі тағайындағандықтан, олар да осы саясаттың сойылын соққан болатын. Олар өздерінің уағыздарында үнемі Кеңес үкіметін жақтаған пікірлерін «тұздық» ретінде қосып отыратын. Мысалы, бұл жайында К. Тәжікова:

«Алайда исламдық «әлеуметтік теңдік» принципін осылайша түсіндіргеніне қарамастан, дін жаңғыртушылары адамдардың теңдігі мен бауырластығы жөніндегі социалистік және мұсылмандық принциптердің «бірдей тәртіп екендігі» жөнінде діндарларды сендіре алып отыр. Қазақстандық дінге сенуші Әлімхан Түркменоғлы «Советтік Шығыс Мұсылмандары» журналының тілшісімен сұхбаты кезінде былай дейді: «Біздің қасиетті дініміздің заңдары мен қасиеттерін білетін мен діни және социа-

⁸⁰³ О. Гулиев, Советская исламоведения о генецизе и социальных функциях ислама, (канд. дис-я), 59-60-б, М., 1983.

лизм принциптері арасында көптеген ұқсастықтардың барлығына көзім жетті. Бұл жағдай менің діндар бауырларыммен бірге социализм құрылысына белсене қатысуыма мүмкіндік туғызды»,⁸⁰⁴ – деп баяндайды.

Сонымен қатар, дін қызметкерлері Ислам дінінің негіздері бойынша жаңа үкімдер айта бастады. Мысалы, қажылыққа барудың материалдық шығынымен қоса жол ұзақтығына байланысты туындайтын қиыншылықтарды алға тартып, оның орнына халық арасында қасиетті деп қабылданатын жерлерді зиярат етуді «кіші қажылыққа» теңеп, соның өзін әлем мұсылмандарының орталығы – Меккеден шалғай жатқан қазақ жұртшылығы үшін жеткілікті екеніне халықты сендіруге тырысты. Құдайсыздар елес коммунизмге жету үшін небір тәсілді қолданып, шық бермес Шығайбайдың әрекетін істеп бақты. Мәселен, ысырапты болдырмау керектігін үгіттеген дін қызметкерлері құрбан шалу мал шаруашылығын шығынға ұшыратады деп, бұл міндеттің халқымыздың мойнынан түсетіндігін түсіндірді. Тіпті, Құранның тек қайтыс болған адамдардың артынан ғана оқылатындығын, сондықтан басқа адамдардың оны тыңдауы аса қажет емес деп соқты.

Қазақ халқының Ислам дінін алғаш қабылдауы жайындағы ғылыми жұмыстарда халықты діннен суытатын көптеген негізсіз пікірлер айтылды. Кеңес дәуірінен бұрын елде әлеуметтік теңсіздік пен мүлік теңсіздігі болғандықтан қанаушы тап өкілдері, яғни байлар халықты уысында ұстап тұру үшін жаңа күшке мұқтаж еді. Осындай күш – Ислам діні идеологиясы бо-

⁸⁰⁴ К. Тәжікова, Ислам: дүниетаным, идеология, саясат, 43-б., А., 1989.

латын. Қазақ байларының талабына толық жауап бере алатын дін – Ислам діні еді деген жалған қорытынды жасалып, бұл жаңсақ пікір елге таратылды.⁸⁰⁵

Сонымен қатар, кеңес өкіметінің идеологиясы бойынша қоғамға Ислам дінінің «зардаптары» жайлы кең түрде үгіт-насихат жұмыстары қолға алынды. Мысалы, осы саясатпен жазылған шығармалардың бірінде бұл «зардаптар» былай көрсетілді: «Атап айтқанда аса маңызды, кезек күттірмейтін жыл сайын болып тұратын егін-пішен жинау сияқты науқандарда дінге сенушілер отыз күн оразамын деп ауыз бекітсе, үш-төрт күн айттап тағы жұмыстан қалса, әрине бұл қоғам тұрмысына елеулі зиян келтіретіні түсінікті... Олардың еңбек табысы азаяды, оның үстіне құрбандық шаламын деп материалдық шығынға ұшырайды. Садақа, пітір және бар...

Жылма-жыл болған құрбан айты күні ертемен айт намазына /Алматыдағы мешітке/ көптеген адам келеді. Олардың басым көпшілігі әйелдер мен қарттар болады, арасында жастар да кездеседі. Бұл факті біздегі дінге қарсы жүргізіліп тұратын үгіт-насихат жұмыстарының әлі де өз дәрежесінде емес екенін көрсетіп отыр. Сондықтан ораза және құрбан айттарының зиянын ашып, халыққа қажырлы түсіндіре беру керек.

Ғылымға сүйене отырып, шеберлікпен үздіксіз жүргізілген үгіт-насихат жақсы нәтижеге жеткізеді. Бара-бара ораза, құрбан айттары біздің Отанымызда іс жүзінде жойылатынына күмән жоқ.»⁸⁰⁶

⁸⁰⁵ Х. З. Ақназаров, Қазақстандағы ислам дінінің таралу ерекшелі - тері, 9-б., А., 1986.

⁸⁰⁶ А. З. Құрманғалиев, Қазіргі ислам діні әдет-ғұрыптарының зияны, 10-б., А., 1985.

Осы дәуірде басылған энциклопедияларда хадис пен сүннетке сол кезеңнің саяси көзқарасына сай анықтамалар берілді. Мысалы «хадис» сөзін: «Хадис – Мұхаммед пайғамбардың тірі кезінде айтқан сөздері, жарлықтары және іс-әрекеттері мен әдеттері туралы «қасиетті» аңыз-әңгімелер. Үстем тап хадисті идеологиялық құрал ретінде халықтың санасын уландыру үшін пайдаланды. Хадис жинағы «сунна» деп аталады»,⁸⁰⁷ – деген ойға оралымсыз ойларын жөнсіз тықпалап, халықты діни сенімінен жаңылдыруға барын салды.

Осындай идеологияның нәтижесінде кеңес дәуірінің тәрбиесімен жетілген ұрпақ Ардақты пайғамбарды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) аңыздардағы жай бір мифологиялық кейіпкер ретінде таныды. Мысалы, қазақтың атақты ақыны Фариза Оңғарсынова хазірет Пайғамбар жайлы шетелдік әдебиеттерді оқығанға дейін өзін осы идеологияның құрбаны болып, Мұхаммед пайғамбарды және Ислам тарихында аты әлемге танылған басқа тұлғаларды бұрынғының батырлары деп білгенін тілге тиек етеді.⁸⁰⁸ Сондай-ақ, осы кезеңнің солақай саясаты жайлы халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев ағамыздың былай дегені бар еді: «Өзгені былай қойғанда баламызды сүндетке отырғызуға ниет етсек те, бастауыш партия ұйымы бюросында «бұйраланып» шыға келуші едік қой онда... зобалаңды заманның зорлық қылышы ерте қиған аяулы ағалар мен әкелерімізге ас бермек түгілі,

⁸⁰⁷ Қазақ Совет Энциклопедиясы, XI т., 557-б., А., 1977. Ф. Оңғарсынова, Мұхаммед пайғамбар. Өмірі мен қызметі, 8-9-б., А., 1991.

⁸⁰⁸ Ф. Оңғарсынова, Мұхаммед пайғамбар. Өмірі мен қызметі, 8-9-б., А., 1991.

бейіттеріне барып, дұға оқи алмай, құран шығарта да алмай, мысымыз құрыды емес пе?»⁸⁰⁹

Алайда орыстардың қазақ халқының көкірегінен Ислам дінін түпкілікті жою саясаты толығымен жетістікке жете алмады. Ата жолынан әлі толығымен адаса қоймаған халқымыздың ішкі сезімі буырқанып айбынды ақын Мұқағалидің жыр шумақтарында:

Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,

Өлмейтін, өшпейтұғын күнін білем.

Таппайтын күнде тыным, түнде тыным

Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін.

Мұхаммедтің үмбеті мұсылманмын

Пайғамбарым қолдайды қысылған күн.

Алсын тағалам ант етем, ант етемін

Алла есімін есімнен шығарған күн,⁸¹⁰ – деп селдей ақтарылып жатты.

Қорытынды

Түркі тектес ұлыстар Ислам дінімен VIII ғасырдың басында танысып, бұл дін қысқа уақыттың ішінде олардың дүниетанымы, өмір салты, мәдениеті мен тәлім-тәрбиесінің бағыт-бағдарын анықтайтын серпінді күшке айналды. Аумақта түпкілікті орныға алмаған христиан, яһуди, будда сияқты діндердің Ислам дініне қарсы тұруға қауқары жетпеді. Каспий теңізінен бастап Қытай шекарасына дейін созылып жатқан кең далада өмір сүрген түркі тектес халықтар Ислам дінін қабылдағаннан кейін Ислам мәдениетін жоғары деңгейде көрсетіп, мұсылман әлемінің ғылым мен мәдениет орталықтарының біріне айналды. Ислам діні

⁸⁰⁹ М. Әлімбаев, Халық – ғажап тәлімгер, 78-б., А., 1994.

⁸¹⁰ Әділғазы Қайырбеков, Қазақ жырының қара бурасы, Қазақ әдебиеті газеті, 27 шілде, А., 2001.

орныққаннан бастап, Қарахан, Ғазнауи, Селжүк, Хорезмшах, Алтын Орда сияқты мемлекеттерде ресми дін болып жарияланды.

Алайда тарихтың көне парақтарына көз жүгіртсек, түркі тектес халықтардың кара қытайлықтар, моңғолдар, жоңғарлар мен орыстардың қыспағын бастарынан өткізгенін көреміз. Алдымен Бұхара, Самарқанд, Хорезм, Термез, кейіннен Ясы, Исфиджаб, Отырар, Баршынкент, Сауран, Баласағұн сияқты қалаларымен даңқы артқан мұсылман түркі халықтары XIII ғасырдан бастап Моңғол шапқыншылығына ұшырайды. Одан кейін жиі-жиі жасалған Жоңғар шапқыншылықтары қазақ халқын әбден титықтатып, ең соңында оларды орыстардың қарамағына кіруге мәжбүр етті. Осылайша Қазақстанның кең байтақ аймағына орыс патшалығының үстемдігі орнай бастады. Бұл үстемдік үш ғасырға созылды.

Халқымыз осындай күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылған дүрбелең кезеңдерді басынан қанша өткізсе де өзінің мұсылмандық мәдениетін, дінін сақтап қалуға барын салды. Ислам діні халқымызға өзінің ұлттық болмысын сақтап қалуға көмектесе, халқымыз туа біткен қайсарлығы мен өжеттігінің арқасында басқа діннің жетегінде кетпей өз ділі мен дінінен айнымады. Қазақ хандығы құрылғанға дейін осы аймақта Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Ахмет Иасауи, Бақырғани секілді алып тұлғалар Ислам дінінің халық арасында кең қанат жаюына атсалысса, Қазақ хандығы құрылғаннан кейін бабаларымыз қалдырған осы аманатты шешендер, жыраулар мен төкпе ақындар бірлесе көтеріп, межесіне жеткізуді өздеріне борыш санады. Қарапайым халық оларға әрдайым баталарымен тілеулес, ықыластарымен жәрдемші болып отырды.

Халқымыз мұсылман болғандықтан оның діни өмірінің ең басты қайнар көзі – Аллаһ тағаланың сөзі Құран Кәрім екені даусыз. Ал сол Құран Кәрімнің өмірдегі тәпсірі – Аллаһ Елшісінің хадистері мен сүннеттері. Халқымыз осы кәусәр бұлақтан қанып ішкен сайын Құранның ішіне бойлай түскені анық. Міне, осы тұжырымдарды негізге ала отырып, халқымыздың ішкі дүниесіне, мәдениетіне үңіле түскенімізде, діни түсініктері мен дүниетанымының, іс-әрекеттері мен тұрмыс-салтының Құран аяттарымен қатар хадис және сүннеттермен үндесіп, солардан бастау алып жатқанына көз жеткіздік.

Қазақ мәдениетінің төл туындысы – мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, саналы да, салмақты жыраулар қалдырған терең ойлы толғаулар мен арнаулар, термелер, қиссалар, дастандар, жыраулардың дәстүрін жалғастырған төкпе ақындардың поэзиясы. Халық даналығынан шыққан бұл шығармалар елдің басынан өткен қилы кезеңдерді, заман жайын, тұрмыс-күйді танытып, оның ой қазынасынан сыр шертіп, жан дүниесінің куәгері болды. Қазақ қоғамының табиғи айнасы болған осы шығармаларды қарастырғанымызда әрқайсысында Адамзаттың ардақтысы Мұхаммед пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадистері мен сүннеттерінің нұрлы сәулесін көрдік. Мұсылман елі болғандықтан халқымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі бұл құбылыс өте орынды да. Себебі, Ислам дінінің негізгі тірегі Құран Кәрім болса, екінші тірегі Аллаһ Елшісінің сөздері мен іс-әрекетін қамтитын хадистер мен сүннеттер. Пайғамбарымыз бір хадисінде:

«Мен сізге екі аманат қалдырып бара жатырмын. Кім бұларды тұтынса ешуақытта тура жол»

дан адаспайды. Бұлар: Аллаһтың кітабы және менің сүннетім»,⁸¹¹ – деген.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хадисінде айтқанындай, одан келген хадистер мен сүннеттердің де маңызы ерекше. Хадис пен сүннет мұсылман қоғамының іргетасын қалап, мұсылман қауымға бұл өмірде бағыт-бағдар көрсетуде темірқазық болған. Бейнелеп айтар болсақ, екеуі күн мен ай іспеттес. Аллаһтың кітабы Құран – күн секілді барлық ғаламға нұр сәулесін төгіп, жарық шуағына бөлесе, хадис пен сүннет бейне бір ай секілді, қараңғы әлемге жағылған шырақ ретінде адамзат жүрегіне күміс сәулесін себезгілейді. Алайда, айдың күннің жарығымен шағылысқаннан кейін ғана түн қараңғылығын сейілтіп, жер жүзіне нұр шашары анық.

Қазақ халқының рухани жан дүниесінде, тұрмыс-салтында, әдет-ғұрыптарында хадис пен сүннеттің жарқын көрінісінің тұнып тұрғанын, олардың бір-бірімен үндесіп, әдемі үйлесім тапқандығын, дана халқымыздың пәк көңілі мен таза жүрегінен шыққан шығармалары мен ата-бабаларымыздан жеткен жәдігерлердің бір шетін ғана парақтағанның өзінде мол қазынаға жолығып, көзіміз жете түсті. Олай болса, бұл саф алтындай қымбат қазынаның хадис пен сүннеттен туындап мұсылман халқымыздың ар-ожданы мен иманы үшін рухани азық болғанын және бола беретінін айтуымыз абзал.

⁸¹¹ Муатта, Қадар, 3

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құран Кәрім
2. *Абай*, Шығармаларының екі томдық толық жинағы, II том: **Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер**, Алматы, 1995.
3. *Абай, Қара сөз, поэмалар*, Алматы, 1993.
4. *Адил Ф., Кудси ики варлық анне-баба*, Измир, 2006.
5. *Ажлуни Исмаил б. Мұхамад, Кәшфул-хафа уа музилул-илбас аммаштәһәрә минәл-әхадиси алә әлсинәтин-нас*, I-II том, Каир, 1324.
6. **Ай, заман-ай, заман-ай** (Бес ғасыр жырлайды), құр: М. Мағауин; М. Байділдаев, I-II том, Алматы, 1991.
7. *Айдүз Д., Қыса сүрелерин тефсири*, Станбул, 2004.
8. **Айтыс**, көп томдық, Алматы, 1964.
9. **Айтыс**, Алматы, 1988.
10. *Ақназаров Х. З., Қазақстандағы ислам дінінің таралу ерекшеліктері*, Алматы, 1986.
11. *Али әл-Қари Нуриддин б. Султан, әл-Әсрарул-мәрфуа фил-әхадисил-мәудуа*, Станбул, 1289.
12. *Али әл-Қари Нуриддин б. Султан, Зайыф хадислері өғренме методу*, ауд: А. Сердароғлу, Станбул, 1986.
13. *Алтынсарин БІ., Мұсылманшылықтың тұтқасы*, Алматы, 1991.
14. *әл-Амиди Сәйфуддин, әл-Ихкам фи усулил-ахкам*, I-IV том, Каир, 1914.
15. *Андаренко Г., Между туземцами степного уезда*, Туркестанские ведомости, №3, 15 января, 1880.
16. *Арат Решит Рахмети, Атабетул-Хакайык*, Станбул, 1951
17. *Арат Решит Рахмети, Кутадгу Билиг*, I-II том, Анкара, 1991.
18. *Артықбаев Ж. О., Жеті жарғы*, Алматы, 2003.
19. *Ахмад б. Ханбал, Муснәд*, I-VI том, Мысыр, 1313.
20. *Афзалур-Рахман, Сирет Ансиклопедиси*, I-VI том, Станбул, 1988-1996.

21. *Әбу Абдуллаһ Мухаммед Кизаи, Муснәдуш-Шихаб*, Бейрут, 1985.
22. *Әбу Дәуд Сүләймән б. Әшаси әс-Сижистани, әс-Сүнән*, I-IV том, Бәйрут, т-сіз.
23. *Әбу Нуайм Ахмад б. Абдуллаһ әл-Исбахани, Хилятул-Әулия уа табақатул-асфия*, I-X том, Мысыр, 1932.
24. *Әбу Убәйд әл-Қасым б. Сәллам, Китабул-Әмуал*, Каир, 1353.
25. *Әділбаев, А., Қазақ халқында Пайғамбар сүйіспеншілігі*, Дала мен қала газеті, 7 мамыр, 2004.
26. *әл-Әлбани Мұхаммад Насируддин, Силсиләтул-әхадисид-даифә уал-мәудуа*, Бейрут, 1985.
27. *Әлімбаев М., Батаменен ел көгерер*, Алматы, 1996.
28. *Әлімбаев М., Халық – ғажап тәлімгер*, Алматы, 1994.
29. *Бабалар сөзі*, I-XI т., (жүз томдық) Астана, 2002-2005.
30. *Бабалар сөзі–даналық көзі*, құр: О. Исмаилов, Алматы, 1996.
31. *Бақырғани С., Бақырғани кітабы*, Қазан, Мәтбаға-и Кәримия, 1901.
32. *Баласағұн Ж., Құтты білік*, ауд. және түс. жазған А. Егеубаев, Алматы, Жазушы, 1986.
33. *Басилов В.Н.; Ж. Кармышева, Ислам у казахов*, Москва, 1997.
34. *Бес ғасыр жырлайды*, I-II том, Алматы, 1989.
35. *Бухари Мұхаммад б. Исмаил, әл-Жамиус-сахих*, I-VIII том, Станбул, 1315.
36. *Бухари Мұхаммад б. Исмаил, әл-Әдәбул-муфрәд*, ауд: А. Ф. Явуз, I-III том, Станбул, 1975.
37. *Бухари Мұхаммад б. Исмаил, Сахих-и Бухари ве тержүмеси*, ауд: М. Софуоғлу, I-XVI том, Станбул, 1989.
38. *Гулиев О., Советская исламоведения о генецизе и социальных функциях ислама*, (канд. дис-я) Москва, 1983.
39. *Ғазали Әбу Хамид Мухаммад б. Мухаммад, Ихия улумиддин*, ауд: А. Сердароғлу, I-IV том, Станбул, т-сіз.
40. *Ғазали Әбу Хамид Мухаммад б. Мухаммад, Өлим ве өтеси*, Станбул, 1995.

41. Даланың дара ділмарлары, дай: Н. Төрөкүл, Алматы, 2001.
42. *Дәйләми Әбу Ширавәйх б. Шәхрәдар, әл-Фирдәус би мәсурил-хитаб*, I-V том, Бәйрут, 1986.
43. *Дервезе И., Курана гөре Хз. Мухаммедин хаяты*, ауд: М Йолжу, I-III том, Станбул, 1995.
44. *Ерул Б., Сахабенин сүннет анлайышы*, Анкара, 2000.
45. *Жан М., Пейгамберимизден евренсел өгүтлер*, Станбул, 2004.
46. *Жәрдем К., Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі*, Алматы, 2002.
47. *Жолдыбайұлы Қ., Ақиқат шуағы*, Алматы, 2004.
48. *Зар-заман*, құр: С. Дәуітұлы, Алматы, 1993.
49. *Зәбиди Зейнуддин Ахмад, Сахих-и Бухари мухтасары ве тежрид-и сарих тержемеси*, ауд: К. Мирас; А. Наим, I-XII том, Станбул, 1936.
50. *Зиманов С., Өсеров Н., Қазақ әдет-ғұрпы заңдарына шариаттың әсері*, Алматы, 1998.
51. *Ибн Мажә Мұхаммад б. Язид, әс-Сүнән*, I-II том, Каир, т-сіз.
52. *Ибн Сад Мұхаммад б. Сад, әт-Табакатул-Кубра*, I-VIII том, Бейрут, 1958-1960.
53. *Ибн Хажәр әл-Асқалани, әл-Исабә фи тәмиизис-сахаба*, I-VIII том, Каир, т-сіз.
54. *Ибн Хажәр әл-Асқалани, Тәхзибут-тәхзиб*, I-XII том, Хайдарабад, 1325.
55. *Ибн Хишам Әбу Мухаммад Абдулмалик, әс-Сиратун-нәбәуния*, I-IV том, Бәйрут, 1391/1971.
56. *Илмихал*, I: Иман ве Ибадетлер, I-II том, Станбул, 2000.
57. *Исаұлы М., Жолдыбайұлы Қ., Ислам ғылымхалы*, 2- басылым, Алматы, 2005.
58. *Иылдырым Ж., Каунақларыйла ахкам хадислери*, I-II том, Кония, 1986.
59. *Кенжебаев Б., XX ғасыр басындағы әдебиет*, Алматы, 1993.
60. *Кердері Ә., Қазағым*, Алматы, 1993.

61. *Кішібеков Д., Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең*, Алматы, 1999.
62. *Кочийигит Т., Хадис усулү*, Анкара, 1993.
63. *Көпейұлы, М. Ж., Көп томдық шығармалары*, Іт., Алматы, 2003.
64. *Күмісбаев, Жамбыл және Шығыс әдебиеті*, ҚазҰУ хабаршысы, Шығыстану сериясы, №3 (28), 2004.
65. *Қадірбергенұлы Қ. Ж., Сайраған бақта бұлбұлдай*, күр: Д. Тынышбек; Ф. Тұяқбаев, Алматы, 1994.
66. *Қазақ Совет Энциклопедиясы*, XI-том, Алматы, 1977.
67. *Қады Ияд Әбул-Фадл б. Муса, эш-Шифа би тарифи хуқукил-Мустафа*, I-II том, Станбул, 1325.
68. *Қайырбеков Ә., Қазақ жырының қара бурасы*, Қазақ әдебиеті газеті, 27 шілде, Алматы, 2001.
69. *Қалиев С., XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер*, Алматы, 1990.
70. *Қалқаманұлы Бұқар жырау, Шығармалары*, жин: М. Жармұхамедұлы, Алматы, 1992.
71. *Құдайбердіұлы Ш., Мұсылмандық шарты*, Алматы, 1993.
72. *Құдайбердіұлы Ш., Иманым*, Алматы, 2000.
73. *Құралұлы А., Қазақы тыйымдар мен ырымдар*, Алматы, 1998.
74. *Құрманғалиев А.З., Қазіргі ислам діні әдет-ғұрыптарының зияны*, Алматы, 1985.
75. *Малик б. Әнәс, Муатта*, I-II том, Мысыр, 1318.
76. *Малов С., Байраш кітабы, О татарлах, евреялх и других инародцах в Россинской империи*, дай: М. Алиш, Қазан, 1999.
77. *Молдабаева Д., Казакларын зухуру ве казакханлығынын курулушу*, (маг. дис-я) Анкара, 2000.
78. *Мырзахметов М., Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары*, Алматы, 1992.
79. *әл-Мунауи Шәйх Абдуррауф, Фәйзул-қадир шәрхул-жаминис-сағир*, I-VI т., Бәйрут, 1988.

80. *Муслим б. Хажжжаж әл-Кушәйри, әл-Жамиус-сахих*, I-VIII том Станбул, 1329-1333.
81. *Муслим б. Хажжжаж әл-Кушәйри, Сахих-и Муслим ве тержемеси*, ауд: М. Софуоғлу, I-VIII том, Станбул, 1967.
82. *Мұқанов С., Айтыс*, Алматы, 1941.
83. *Мұқанов С., Қазақ қауымы*, Алматы, 1995.
84. *Мұхамедияров А., Күндер мен түндер*, құр: Б. Ысқақов, Алматы, 1986.
85. *Мың бір маржан*, құр: А. Сейдімбеков, Алматы, 1989.
86. *Наушабайұлы Н., Алаш*, құр: А. Шаяхмет, Қостанай, 1997.
87. *ән-Нәбәхани Юсуф, әл-Фәтхул-кәбир фи заммиз-зиядә иләл-жамиис-сағир*, I-III том, Бейрут, 1351.
88. *Нәуәуи Әбу Зәкәрия б. Шәрәф, Риязус-салихин*, ауд: И. Өзкес, Станбул, 1992.
89. *Оңғарсынова Ф., Мұхаммед пайғамбар. Өмірі мен қызметі*, Алматы, 1991.
90. *Өзсой Ө., Сүннетуллаһ, бір Куран ифадесинин каврам-лашмасы*, Анкара, 1994.
91. *Өтениязұлы С., Қазақстанның ХІХ ғасырдағы хал-ахуалы*, Қазақ тарихы, № 1, Алматы, 1994.
92. *Прошлое Казахстана в источниках и материалах*, дай: С. Д. Асфендияров; П. А. Кунте, Москва, 1935.
93. *Әр-Раби б. Хубәйб, әл-Муснәд*, Бейрут, 1415.
94. *Сахих хадистер*, Алматы, 2002.
95. *Сәйид Кутуб, Фи Зыллалил-Куран*, ауд: С. Учан; В Инже; М. Иолжу, I-X том, Станбул, 1991.
96. *ас-Сибәи Мустафа, әс-Сунна уа мәкәнатуһа фит-тәшри'ил-Ислам*, Бәйрут, 1396/1976.
97. *Субхи ас-Салих, ән-Низамул-Исламия*, Бейрут, 1968.
98. *Субхи ас-Салих, Хадис илимлери ве хадис ыстылахлары*, ауд: Й. Кандемир, Анкара, 1981.
99. *Суюти Жәләлуддин б. Абдурахман, әл-Жамиус-сағир фи әхадисил-бәшир уан-нәзир*, I-II том, Мысыр, 1321.
100. *Суюти Жәләлуддин б. Абдурахман, Кабир әлемі*, ауд: А. Айдын, Станбул, 2000.

101. *Сүйінішәлиев Х., Қазақ әдебиетінің тарихы*, Алматы, 1997.
102. *Табәрани Әбул-Қасым Суләйман б. Ахмад, әл-Мужәмул-Кәбир*, I-XXV том, Бағдат, 1978;
103. *Табәрани Әбул-Қасым Суләйман б. Ахмад, әл-Мужәмул-Әусат*, I-X, Каир, 1415.
104. *Табәри, Әбу Жафәр Мұхаммед б. Жәрир, әл-Жамиул-Бәйан*, I-XXX том, Мысыр, 1373-1377.
105. *Тәжікова К., Ислам: дүниетаным, идеология, саясат*, Алматы, 1989.
106. *Тирмизи Әбу Муса Мұхаммад б. Сәурә, әл-Жамиус-Сахих*, I-V том, Каир, 1935-1975.
107. *Тілепов Ж., Тарих және әдебиет*, Алматы, 2001.
108. *Уғур М., Хадис илимлери едебиаты*, Анкара, 1996.
109. *Уғур М., Хижди биринжи асырда Ислам торлumu*, Станбул, 1980.
110. *Үш пайғамбар*, құр: А. Нысаналы, Алматы, 1992.
111. *Хадис ансиклопедиси*, дай: И. Жанан, I-XVIII том, Станбул, 1993.
112. *Хәйсәми Нуриддин, Мәжмауз-зәуаид уа мәнбаул-фәуаид*, I-X том, Бейрут, 1969.
113. *Хамидуллаһ М., Ислам Пейгамбери*, ауд: С. Туғ, I-II том, Станбул, 1993.
114. *әл-Хәйсәми Нуруд-Дин, Мәжмауз-Зәуаид уа Мәнбаул-Фәуаид*, I-X том, Бейрут, 1969.
115. *Хизметли С., Ислам тарихи*, Анкара, 1995.
116. *Хожә Ахмет Йасауи, Хикмет жинақ: Даналық Сыр*, Алматы, Жалын, 1998.
117. *әш-Шәуқани Мұхаммад Әли, Иршадул-фухул ила тахқиқил-хаққ мин илмил-усуул*, Мысыр, 1327.
118. *Шортанбай: Толғаулар, айтыстар, дастан*, құр: К. Мәдібаева; К. Жүністегі, Алматы, 1993.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Автордан	9
Кіріспе. Хадис және сүннет деген не?	13
<i>Хадис пен сүннеттің сөздік мағынасы</i>	13
<i>Хадис және сүннет сөздерінің терминдік мағынасы</i>	14
<i>Хадис пен сүннеттің Ислам дініндегі орны</i>	25

І ТАРАУ

ХАДИС ПЕН СҮННЕТТІҢ МҰСЫЛМАНДАР ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Пайғамбарымыздың жасаған түбегейлі өзгерістері	30
<i>Жеке тұлғаларға қатысты</i>	30
<i>Отбасына қатысты</i>	34
<i>Қоғамға қатысты</i>	37
<i>Қоғамның қайта қалыптасуы</i>	38
<i>Ислам қоғамының ерекшеліктері</i>	39
<i>Тайпалық дәстүрден діни өмірге бетбұрыс</i>	39
<i>Тәлім-тәрбиедегі реформалары</i>	47
<i>Суффа және басқа мектептер</i>	48
<i>Ілім мәжілістері</i>	50
<i>Әкімшілік басқару жүйесінде</i>	51
<i>Құқық саласында</i>	54
<i>Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат</i>	57
<i>Экономика саласында</i>	59
<i>Сауда</i>	59
<i>Өсімқорлықтың жойылуы</i>	62
<i>Әлеуметтік салада</i>	64
<i>Зекет</i>	64
<i>Садақа</i>	66
<i>Өзара жәрдем</i>	67
Ардақты елшінің теңдессіз мінез-құлқы	69
<i>Сабыр</i>	71
<i>Туралық</i>	73
<i>Кішіпейілділік</i>	75
<i>Баршаны бауырына басқан мейірім</i>	76
<i>Құлшылығы мен тақуалығы</i>	81
<i>Пайғамбарымыздың отағасылық сипаты</i>	82

<i>Пайғамбарымыздың басылық қасиеті</i>	<i>87</i>
<i>Біқыласы.....</i>	<i>90</i>
Құран Кәрімнің Пайғамбарымызды өнеге ретінде ұсынуы	94

II ТАРАУ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІНДЕГІ ХАДИС ПЕН СҮННЕТТІҢ РӨЛІ

Қазақ хандығына дейінгі кезең.....	98
<i>Жүсіп Баласағұн және «Құтты білік».....</i>	<i>99</i>
<i>Ахмет Іүгінекі және «Аққат сыйы».....</i>	<i>104</i>
<i>Ахмет Йасауи және «Хикметтер».....</i>	<i>108</i>
Қазақ хандығы тұсындағы кезең	112
<i>Халқымыздың Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілігі ...</i>	<i>119</i>
<i>Иман – жүректің нұры.....</i>	<i>128</i>
<i>Намаз – діннің тірегі</i>	<i>131</i>
<i>Зекет – Исламның көпірі.....</i>	<i>133</i>
<i>Бес парыздың бірі – ораза</i>	<i>135</i>
<i>Неке – салауатты өмірдің шарты.....</i>	<i>137</i>
<i>Ата-ананың қадірі.....</i>	<i>139</i>
<i>Дүние-мүлік – қолдың кірі.....</i>	<i>144</i>
<i>Кісі ақысы – әлеуметке қиянат.....</i>	<i>149</i>
<i>Жетімдерге қамқорлық</i>	<i>156</i>
<i>Шәһид орны – жұмақта</i>	<i>158</i>
<i>Шапағат</i>	<i>162</i>
<i>Жазмыштан озмыш жоқ</i>	<i>169</i>
<i>Ажал – даусыз</i>	<i>176</i>
<i>Қабір әлемі</i>	<i>181</i>
<i>Қиямет-қайым болғанда</i>	<i>183</i>
<i>Өткініші өмір</i>	<i>186</i>
<i>Дұға</i>	<i>189</i>
<i>Қонақ – үйдің құты.....</i>	<i>191</i>
<i>Мұсылман – мұсылманға бауыр.....</i>	<i>193</i>
<i>Жомарттық</i>	<i>195</i>
<i>Өркөкіректік.....</i>	<i>196</i>
<i>Қазақ өлең-жырларында хадистердің мәтіндерімен қолданылуы</i>	<i>199</i>
<i>Айтыстағы хадис пен сүннет</i>	<i>204</i>

<i>Жазба әдебиеттегі хадис пен сүннет</i>	209
<i>Абайдың «Қара сөздері»</i>	209
<i>Ыбырай Алтынсарин және «Мұсылманишылықтың тұтқасы»</i>	212
<i>Шәкәрім Құдайбердіұлы және «Мұсылмандық шарты»</i>	217
<i>Мақал-мәтелдердегі хадистер</i>	225
<i>Мақал-мәтелге айналған хадистер</i>	227
<i>Хадистердің ойынан туындаған мақал-мәтелдер</i>	231
<i>Наным-сенім, әдет-ғұрыптағы ізгілік</i>	238
Кеңес өкіметі кезеңі	263
Қорытынды	268
Пайдаланылған әдебиеттер	272

Шәмшат Әділбаева

ХАДИС – ҒҰРПЫМЫЗ, СҮННЕТ – САЛТЫМЫЗ

Редакциялаған: Бағашар Құдайберді
Көркемдеуші дизайнер: Бекболат Алтынбекұлы